

## Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 қарашада № 19617 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.**

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Тарифтерді қалыптастыру қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
  - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрілігі

Р. Даленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология, геология

және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 19 қарашадағы  
№ 90 бұйрығымен  
бекітілді

## **Тарифтерді қалыптастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тарифтерді қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және:

1) табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеу әдістері ескерілген тарифті есептеу тетігін;

2) уақытша өтемдік тарифті бекіту қағидаларын;

3) тарифті саралау қағидаларын;

4) тарифті оңайлатылған қағидалармен бекіту қағидасын;

5) инвестициялық бағдарламаны және оның өзгерісін бекіту қағидасын;

6) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау қағидаларын;

7) уақытша төмендету коэффициентін бекіту қағидаларын;

8) реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларын;

9) сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу бойынша реттеліп көрсетілетін қызмет құнын қайта есептеу қағидаларын;

10) табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидаларын;

11) уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту қағидаларын;

12) тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесін, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу қағидаларын;

13) тарифті индекстеу қағидаларын;

14) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес тариф, тарифтік смета, инвестициялық бағдарлама жобаларының, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептердің нысандарын;

15) магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін есептеудің және оларды жыл сайынғы түзетудің тетігін;

16) магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін қолдану қағидаларын;

17) тарифтің болжамды индексін есептеу және қолдану қағидаларын айқындайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

2. Осы Қағидалар аэронавигация, әуежайлар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілеріне (бұдан әрі – субъект) кабельдік кәріздерді мүліктік жалға (жалдауға) немесе пайдалануға беру бойынша қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абсорбирленген өндірістік шығындар – реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша жалпы өндірістік шығындарының жиынтығы; магистральдық темір жол желілерінің қызметтері саласында – қызметтің бір түрінің қызметтерін ұсыну үшін қажетті бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының жалпы өндірістік шығындарының жиынтығы;

2) активтердің қолданысқа енгізілген коэффициенті – табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру және ұсыну кезінде Субъектінің негізгі құралдарын, олардың технологиялық қуатына қарай нақты пайдалануды (қолданысқа енгізілгендігін) сипаттайтын проценттік көріністегі көрсеткіш;

3) активтер санының өзгеру индексі – Субъект қызметінің реттеліп көрсетілетін түрлерін жүзеге асыру үшін қажет активтердің орташа жылдық санынан бақыланатын шығындарға байланысты есептеу мақсатында тарифтерді белгілеу кезінде қолданылатын активтердің орташа жылдық санының өзгеру индексі;

4) алғаш рет құрылған субъект – тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын не ұсынуды жоспарлайтын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

5) алғашқы реттелетін кезең басталғанға дейін инвестицияланған инвестициялық капиталдың қалдық құны – уәкілетті органның ведомствосы Субъектілер үшін алғашқы реттелетін кезеңнің басына белгілеген инвестицияланған капиталдың құны;

6) алынатын экономикалық негізділігін ескере отырып тарифте есепке шығындардың түрлері мен мөлшерлерін шектеу – шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігін есептеу негізінде тарифте ескерілетін шығындар деңгейінің, сондай-ақ

тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде есептелген нормативтік техникалық ысыраптар (олар болған кезде) деңгейінің шегін белгілеу;

7) амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатсыз пайдалану – бекітілген тарифте және (немесе) бекітілген тарифтік сметада көзделген қаражатты амортизациялық аударымдар есебінен реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге капитал салымдарына және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруға байланысты емес мақсаттарға бағыттау;

8) арна – су ресурстарын басқару, су тұтынушыларға су беру, сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жасанды гидротехникалық құрылыс;

9) аумақтық орган – өз құзыреті шегінде Табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық органы;

10) бақыланатын шығындардың базалық деңгейі – реттелетін реттеу кезеңіне арналған шығыстарды жоспарлау үшін Субъект пайдаланатын бақыланатын шығындардың деңгейі;

11) балластық сулар – теңізде жүзуге арналған кемең қауіпсіз шөгуін қамтамасыз ету үшін кемең бункерін толтыруға пайдаланылатын теңіз суы;

12) бас жүктер – теңіз кемелерінде жинақталған партиялармен тасымалданатын кез келген ыдыстағы және дана жүктер;

13) бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту – іс-шараларды қосу, алып тастау, іс-шаралар сомасын (құнын) және көлемін түзету, іс-шараларды орындау мерзімдерін ауыстыру;

14) бекітілген тарифтің, тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның қолданылуының есепті кезеңі – тариф, тарифтік смета және инвестициялық бағдарлама бекітілген уақыт кезеңі;

15) биік бойлер – желілік суды  $2,5 \text{ кг/см}^2$  жоғары қысым буымен (бұдан әрі – ТБ);

16) бизнес-процесс – шығындар баптарының элементтері бойынша өндірістік шығындарды калькуляциялау баптары;

17) бөлу базасы – шығындар мен активтердің тартылу дәрежесін қызметтер түрлеріне бөлу үшін пайдаланылатын сандық көрсеткіш (көрсеткіштер);

18) бөлу коэффициенті – жылу және электр энергиясын құрамдастырылған өндіруді жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілері үшін қызметтер арасында шығындар мен активтерді бөлу үшін бөлу базасын қолдану нәтижесінде алынған жанама, бірлескен немесе жалпы шығындар немесе активтер үлесі – электр энергиясын өндіруге арналған отын шығысының құрамдастырылған өндіріс отынының жалпы шығысына қатынасы;

19) бөлек есепке алу – реттеліп көрсетілетін қызмет түрлерінің өзіндік құнын, тарифтік сметаны талдау және қызметтерге тарифтерді есептеу мақсатында субъектінің қызмет түрлері, қызметтері, операциялары бойынша бөлек шығындар, кірістер, тартылған активтер мен өндірістік көрсеткіштер туралы ақпаратты жинау және қорыту жүйесі;

20) брутто-регистрлік тоннаж – кемеңің сыйымдылығын (көлемін) сипаттайтын шама;

21) бу түрлендіргіш құрылғы – жоғары өлшемшартты бу жылуының есебінен тиісті өлшемшартты бұды алуға арналған жылу алмастырғыш;

22) бірлескен шығындар – бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан бөлу базалары негізінде бөлінеді;

23) бірлесіп тартылған активтер – бірнеше қызметті (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, бірақ қызметтер көрсетуде олардың іске қосылу дәрежесі бөлу базасының негізінде айқындалған тартылған активтер;

24) бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталығы – өнім өндірумен, жұмыстарды орындаумен және тұтынушыларға қызмет көрсетумен тікелей айналысатын жауапкершілік орталығы;

25) бірінші реттелетін кезең басталғаннан кейін инвестицияланған инвестициялық капиталдың бастапқы құны – инвестицияланған капитал базасында ескерілетін негізгі құралдар мен басқа да активтердің бастапқы баланстық құнын білдіретін және субъектілердің инвестицияланған капиталды қайтару шамасын айқындау мақсаттары үшін пайдаланылатын бірінші реттелетін кезең басталғаннан кейін инвестицияланған капиталдың құны;

26) бірінші реттелетін кезең басталғаннан кейін инвестицияланған капиталдың қалдық құны – инвестицияланған капиталдың жинақталған қайтарылуын шегергендегі инвестицияланған капиталдың бастапқы құны және субъектілер инвестициялаған капиталға кірістің шамасын айқындау мақсаттары үшін пайдаланылады;

27) есептік кезең – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға ақы төлеу үшін ұсынылатын уақыт кезеңі;

28) жалпы активтер – қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ активтер, сондықтан қызметтерді ұсынуда олардың тартылу дәрежесі бөлу базасының негізінде айқындалады;

29) жалпы шығындар – қызметтердің барлық түрлерін ұсынуға байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан бөлу базасының негізінде бөлінеді;

30) жанама операциялар – қызмет түрлерінің көрсетілетін қызметтерінің өзіндік құнына енгізілетін бірнеше негізгі операцияларды жүзеге асыру үшін орындалатын операциялар;

31) жауапкершілік орталығы – субъектінің дербес құрылымдық бөлімшесі. Жауапкершілік орталықтары субъектінің салалық және географиялық сегменттері мен ұйымдық деңгейлері бойынша топтастырылады;

32) жеке X-фактор – уәкілетті орган бекіткен, реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге жұмсалатын субъекті шығыстарының бірдей немесе нашар құрылымдық параметрлері кезінде реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға уәкілетті орган айқындаған ең төменгі шығыстарға қатысын сипаттайтын субъекті қызметінің тиімділік көрсеткіші;

33) желіге беру – барлық энергия өндіруші ұйымдардың энергия беруші ұйымдардың желілеріне босататын электр энергиясының және тұтынылатын импортталатын электр энергиясының жиыны;

34) желіге беруді және электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлендіру – жүйелік оператордың Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесіндегі электр энергиясын өндіру мен тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру жөнінде көрсететін қызметі;

35) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

36) жүк айналымы (вагон айналымы) – белгілі бір кезеңдегі тасымалдау қашықтығын ескере отырып, магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін жүктерді (жолаушыларды) жеткізу жөніндегі тасымалдау жұмысымен қамтамасыз ету көлемі;

37) жүк айналымы (жолаушылар айналымы) – тасымалдау арақашықтығын ескере отырып жүктерді (жолаушыларды) жеткізу бойынша орындалған тасымалдау жұмысының көлемі;

38) жүк партиясы – тасымалдауға бір құжат бойынша қабылданған және бір межелі пунктке баратын, кемнің жүкке арналған үй-жайларының бір бөлігін алатын белгілі бір жүк саны;

39) жүктерді ауыстырып тиеу – жүкті көліктің бір түрінен екінші түріне порттың қоймасы арқылы немесе тікелей бір көлік құралынан екіншісіне (теміржол вагондарынан, өзен кемелерінен, автомобиль көлігінен теңіз кемесіне және керісінше) ауыстырып тиеу;

- 40) жылу жүктемесі – уақыт бірлігі ішінде жылу тұтынатын қондырғы қабылдайтын жылу энергиясының мөлшері;
- 41) жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттелетін қызмет – жасалған шарттарға сәйкес субъектілер көрсететін өндірілген және (немесе) сатып алынған жылу энергиясын тұтынушыларға сату жөніндегі қызмет;
- 42) жылу энергиясының шығысын есепке алу нүктесі – коммерциялық есепке алу аспабының көмегімен немесе ол болмаған кезде есептеу әдісімен жылу энергиясының шығысы айқындалатын жылумен жабдықтау схемасының нүктесі;
- 43) жылытуға арналған жылу энергиясын тұтынудың есептік нормасы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 15 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10313 тіркелген) Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларына (бұдан әрі – Үлгі қағидалар) сәйкес уәкілетті органның ведомствосымен келісу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары есептеген және бекіткен жылыту кезеңінде пәтер алаңының бір шаршы метрін жылытуға жылу энергиясын тұтыну нормасы ( $\text{Гкал}/\text{м}^2$ );
- 44) инвестицияланған капитал базасы – уәкілетті органның ведомствосы реттелетін кезеңнің тиісті жылына айқындайтын инвестицияланған капиталдың шамасы, оның негізінде тарифтерді белгілеу кезінде инвестицияланған капиталға кірістің шамасы айқындалады;
- 45) инвестицияланған капиталға кіріс – тарифті есептеу үшін пайдаланылатын және инвестицияланған капиталдың құнына қайта есептелген инвестицияланған капиталға кірістілік нормасы ретінде айқындалатын реттелетін ұйымның қажетті жалпы түсіміне енгізілетін шама;
- 46) инвестицияланған капиталды қайтару – тарифті есептеу үшін пайдаланылатын және инвестицияланған капиталды қайтару мерзіміне бөлінген инвестицияланған капиталдың құны ретінде айқындалатын реттелетін ұйымның қажетті жалпы түсіміне енгізілетін шама;
- 47) инвестицияланған капиталды қайтару мерзімі – пайдалануға берілген активтерді құруға инвестицияланған капитал Субъектіге толық көлемде қайтарылатын мерзім;
- 48) инвестицияланған капитал – реттелетін кезең ішінде реттеліп көрсетілетін қызметті жүзеге асыру үшін қажет өз қаражаты есебінен де, қарыз қаражаты есебінен де қаржыландырылған Субъектінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтері;
- 49) инвестициялық бағдарлама – инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді немесе Субъект қызметінің көрсеткіштерін қазіргі деңгейде сақтауды білдіретін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық

әсер алу мақсатында субъектінің қолда бар активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, ұстап-тұруға және жаңа активтерін жасауға бағытталатын қаражатты салу және қайтару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

50) инфляцияның болжамды мәндері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті күнтізбелік жылдың соңғы күніне белгілеген инфляцияның мәні. Инфляцияның жоғарғы және төменгі деңгейі белгіленген жағдайда инфляция деңгейі ауқымының орташа мәні пайдаланылады;

51) индекстеу әдісі – қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің бекітілген тарифтерді жыл сайын индекстеуі арқылы тарифтерді қалыптастыру;

52) капиталдық салымдар – бұл қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, қолдауға және жаңа активтерді құруға, реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын негізгі құралдарды сатып алуға бағытталған қаражат;

53) капиталдың құны – табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті жүзеге асыруымен байланысты инвестициялық тәуекелдерді бейнелейтін қарыз және меншікті капиталдың табыстылығы мөлшерлемесін сипаттаушы шама;

54) конденсатор – жылу алмастырғыш, турбинада пайдаланылған буды конденсациялау үшін қызмет етеді;

55) көрсетілетін қызметті тұтынудың нақты көлемі – мәлімделген кезеңге ұқсас өткен жыл кезеңі үшін тұтынушының қызметтерді тұтыну көлемі;

56) көрсетілетін қызметті тұтынудың мәлімделген көлемі – тұтынушының немесе субъектінің уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған өтінімінде көрсетілген қызметті тұтыну көлемі;

57) қарыз капиталы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін құру немесе реконструкциялау үшін қарыздар (кредиттер алу, облигациялар шығару және сату, ақшалай міндеттемелердің басқа да түрлері бойынша қаражат алу) есебінен пайда болған капитал;

**58) алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59) қосылған шығыстар – өңірлік, желілік және корпоративтік деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының және орталықтандырылған жабдықтаудың бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының жалпы және әкімшілік шығыстарын, сондай-ақ орталықтандырылған жабдықтаудың бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының өндірістік шығындарын қамтитын шығыстар;

60) қуаттылығы аз субъект – реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъект:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Екінші абзац 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Премьер-Министрінің**



**орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 бұйрығымен (мәтін алып тасталды).**

көлемі жылына бес жүз мың текше метрге дейін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру;

көлемі жылына отыз миллион текше метрге дейін суару үшін су беру бойынша; бәсекелес кірме жол болмаған кезде көлемі жылына елу мың вагон/км, вагон/сағат дейін кірме жолдар;

көлемі жылына жиырма бес миллион килоВатт-сағатқа (бұдан әрі – кВт.сағ.) дейінгі электр энергиясын беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъект.

Қуаттылығы аз субъектіге кірісі күнтізбелік бір жылда субъектінің барлық реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түскен кірістің бес пайызынан аспайтын реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша субъект те жатады. Бұл ретте қалған реттелетін қызметтер бойынша субъект қуаттылығы аз субъектіге жатпайды.

61) құзыретті орган – энергетика, темір жол көлігі, газ өндіру, тасымалдау (тасымалдау), сақтау және көтерме өткізу, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және тұтыну, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік органдар немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары;

62) құрамдастырылған өндіріс (өндіру) – жылу электр орталығы бу турбиналарын іріктеуден немесе қысымға қарсы басудан алынатын электр және жылу энергиясын бірлесіп өндіру процесі;

63) құрылымдық параметрлер – субъекті қызметінің тиімділігіне және шығыстарына елеулі әсер ететін субъектінің сандық көрсеткіштері, олардың тізбесін жеке X-факторларды бағалау мақсатында реттеліп көрсетілетін қызмет бөлінісінде уәкілетті органның ведомствосы айқындайды;

64) кіріктірілген бума – желілік немесе қоректік суды жылытуға арналған ірі жылуландыру турбиналарының конденсаторларындағы жылу алмасудың қосымша беті ;

65) қызмет бағыттары – қызметтер көрсетуге дербес те, сол сияқты бір-бірімен өзара іс-қимыл жасауға қатысатын қызметтерді өндірудің белгілі бір процестерінің жиынтығы;

66) қызмет бағытының элементтері – кейіннен реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлеріне және жалпы реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөле отырып, олардың құнын және олармен байланысты шығындарды бағалау және бөлу үшін біріктірілген қызметтерді, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын негізгі құралдар топтары;

67) қызмет көрсету процестері – нәтижесі өндірістік процестер мен менеджмент процестеріне қызмет көрсету болып табылатын қызметтерді өндіру процестері;

68) қызмет түрі – пайда табу мақсатында қызметтер кешенін көрсетуге, жұмыстарды орындауға және тауарлар өндіруге байланысты операциялық қызмет;

69) қызметтерге жанама тартылған активтер – бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдарлық байланысы бар тартылған активтер және сондықтан олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ олардың белгілі бір қызметтерді көрсетуде тартылу дәрежесі осы себеп-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізінде айқындалады;

70) қызметтерге жанама шығындар – бірнеше қызметпен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдарлық байланысы бар және сондықтан олар белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ шығындардың туындау себептерін көрсететін бөлу базалары негізінде қызметтерге бөлінген шығындар;

71) қызметтерге тікелей тартылған активтер – белгілі бір қызметті ұсынумен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар қолданысқа енгізілген активтер, сондықтан белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылған;

72) қызметтерге тікелей шығындар – белгілі бір қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар және сондықтан белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылған шығындар;

73) қызметтерді өндіру процестері – қызметтер көрсетудің түпкілікті мақсаты бар газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымының қызметіндегі белгілі бір іс-қимылдардың дәйектілігі. Көрсетілетін қызметтерді өндіру процестерінің мынадай топтар бар: Өндірістік процестер, қызмет көрсету процестері мен менеджмент процестері;

74) қызметтерді сыртқы пайдаланушылар – газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымының сыртқы қызметтерін пайдаланушылар. Қызметтердің сыртқы пайдаланушыларына қызметтерді сыртқы соңғы емес, сыртқы соңғы, сыртқы өзге пайдаланушылар жатады;

75) қызметтерді сыртқы соңғы емес тұтынушылар – басқа да газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында газ өткізуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар;

76) қызметтерді сыртқы соңғы пайдаланушылар – Қазақстан Республикасының аумағында газды тұтынушылар болып табылатын жеке және заңды тұлғалар;

77) қызметтердің басқа сыртқы пайдаланушылары – газ транзиті және экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдары көрсететін өзге де қызметтерді тұтынушылар;

78) Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі – жылдық пайыз ретінде көрсетілетін проценттерді есептеу кезеңінің бірінші күніне құны бойынша (немесе проценттерды төлеу күніне құны бойынша проценттерды есептеудің бастапқы кезеңі

жағдайында не проценттерды есептеудің осындай кезеңі күні, не проценттік есептеудің алдындағы күні) алты айлық бір валюталық депозиттер бойынша Лондон банкаралық нарығындағы ұсыныс мөлшерлемесі;

79) магистральдық құбыр – өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;

80) мәлімделген вагон айналымы – тұтынушының және (немесе) концессионердің уақытша төмендету бекітуге арналған өтінімінде көрсетілген жоспарланған вагон айналымы;

81) мәлімделген жүк айналымы (жолаушылар айналымы) – тұтынушының және (немесе) концессионердің уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған өтінімінде көрсетілген жоспарланған жүк айналымы (жолаушылар айналымы);

82) мәлімделген кезең – тұтынушының немесе субъектінің уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінімінде көрсетілген кезең;

83) менеджмент процестері – кәсіпорын қызметін талдауды, бүкіл кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-қимылдарды үйлестіруді қамтитын қызметтерді өндіру процестері;

84) меншікті капитал – қатысушылардың немесе Субъекті акционерлерінің меншігіне жататын және қатысушыларға немесе Субъектінің акционерлеріне белгілі бір табыс алуға құқық беретін үлестердің немесе акциялардың белгілі бір санынан тұратын, сондай-ақ жинақталған бөлінбеген пайда капиталын және резервтік капиталды, есепті кезеңге Субъектінің баланстық деректері бойынша анықталатын қосымша төленген және қосымша төленбеген капиталды қамтитын капитал;

85) меншікті қаражат – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін құру немесе реконструкциялау үшін пайдаланылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессия субъектісінің ақшалай қаражаты (акционерлік (жарғылық) капитал, бөлінбеген пайдасы (таза кірісі) немесе амортизациялық аударымдары);

86) мерзімі өткен кредиторлық берешек – шартқа сәйкес белгіленген мерзімде орындалмаған тұтынушының құбыр желісі ұйымы алдындағы қаржылық міндеттемелерінің, ақшалай борыштарының сомасы;

87) нақты тонна – оның шамадан тыс артық тиеуден өткен нұсқаларының санына қарамастан шамадан тыс артық тиелген жүктің жалпы көлемі;

88) негізгі бойлер – желілік суды  $2,5 \text{ кг/см}^2$  дейінгі қысым буымен жылытуға арналған жерүсті типті жылу алмастырғыш (бұдан әрі – ОБ);

89) негізделмеген кіріс – уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті асырып көрсету, оның ішінде көрсетілетін қызметтерді есепке алу аспабының көрсеткіштері, тұтыну көлемі, шамасы және нормалары бойынша құқыққа сыйымсыз есепке жазу

және (немесе) тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатсыз пайдалану, уәкілетті органның ведомствосы бекіткен мөлшердің бес пайызынан астамға тарифтік смета шығындарының баптарын орындамау, инвестициялық бағдарламаларды орындауға тарифтік сметада көзделген қаражатты игермеу немесе мақсатсыз пайдалану нәтижесінде субъект алған қосымша кіріс;

90) негізгі құралдар объектілері – ғимараттардың, құрылыстардың, машиналар мен жабдықтардың, өлшеу және реттеуші аспаптар мен құрылғылардың, есептеу техникасының, көлік құралдарының, құрал-саймандардың, өндірістік және шаруашылық мүкәммал мен керек-жарақтардың; шаруашылық ішіндегі жолдардың және реттелетін қызметке тартылған және инвестицияланған капитал базасына енгізілген субъектінің негізгі құралдарының өзге де тиісті объектілерінің объектілері;

91) операциялық қызмет – субъектінің табыс алу жөніндегі негізгі қызметі және инвестициялық және қаржылық қызметтен өзгеше өзге де қызмет;

92) отын үлесі – жылу электр орталығындағы отынның жиынтық шығысына жатқызылған энергияның, будың немесе ыстық судың қандай да бір түрін өндіруге жұмсалған шартты отын шығысы;

93) өтеу кестесі – тұтынушының труба құбыры ұйымының алдындағы, тұтынушының және труба құбыры ұйымы басшысының қолдарымен расталған мерзімі өткен кредиторлық берешегін өтеу кестесі;

94) өндірістік процестер – өндіріске және қызметтер көрсетуге тікелей бағытталған процестер;

95) өтінім – субъектінің уәкілетті органның ведомствосына тарифті бекіту туралы өтініші;

96) "ПР" типті бу турбинасы – реттелетін өндірістік іріктеуі бар конденсаторсыз тотығуға қарсы турбина;

97) "ПТ" типті бу турбинасы – екі реттелетін іріктегіші бар конденсациялық турбина: П – өндірістік ( $7-15 \text{ кг/см}^2$ ) және т – жылуландыру ( $0,4-2,5 \text{ кг/см}^2$ ));

98) пайданың жол берілетін деңгейі – табиғи монополия субъектісінің (бұдан әрі – субъект) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша тиімді жұмыс істеуі үшін алу құқығына ие, тарифтің құрамына кіретін және реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде тартылған активтерінің баланстық немесе қайта бағаланған құнын және бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті пайда мөлшерлемесі ескеріле отырып айқындалатын және Тарифтерді қалыптастыру осы Қағидаларына сәйкес Субъект пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидаларына сәйкес есептелетін пайда (таза кіріс);

99) пайдалы жылу энергиясына есептік үлестік қажеттілік – ғимарат үй-ажайының жалпы жылытылатын алаңының бірлігіне жатқызылған, есепті жылыту кезеңі үшін жылу энергиясының саны, 1 шаршы метрге Гигакалорий (бұдан әрі –  $\text{Гкал/м}^2$ );

100) "P" типті бу турбинасы – пайдаланылған будың атмосфералық қысымнан (1,2-18 кг/см<sup>2</sup>) артық қысымы бар және жылу тұтынушыға жіберілуі мүмкін конденсаторсыз тотығуға қарсы турбина және жылу тұтынушыға жіберіледі;

101) рейд – өзінің көлемдерімен, тереңдігімен және теңіз түбінде топырақ қабаттарын ұстайтын күшімен корабльдер мен кемелердің зәкірлік тұрағын қамтамасыз ететін жағалау акваториясы;

102) реттеліп көрсетілетін қызметтер – табиғи монополиялар салаларындағы субъектілер ұсынатын және уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне жататын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

103) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштері – тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну процесінің технологиялық және өзге де объективті параметрлерін қамтитын реттеліп көрсетілетін қызметтерді бағалау, оның ішінде тәуелсіз сыртқы бағалауға жататын өлшемшарттарының жиынтығы;

104) субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштері – субъект қызметі нәтижелері мен тарифті қалыптастыру кезінде ескерілетін оның экономикалық, басқарушылық, өндірістік шығындарының арақатынасы;

105) салалық X-фактор – Әдістемеге сәйкес тиісті салаға жатқызылған есептеу формуласында табиғи монополия саласындағы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу формуласында ескеру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы бекіткен экономиканың факторлық өнімділігіне қатысты саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқынын сипаттайтын саланың тиімділік көрсеткіші;

106) салалық мемлекеттік орган – уәкілетті және құзыретті органдарды қоспағанда, тұтынушы қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

107) саланың факторлық өнімділігі – қолданыстағы өндіріс факторларын (еңбекті, капиталды) тиімді пайдалану (қосымша кеңейтусіз) арқылы қол жеткізілген саланың өнімділігі;

108) стандартты ауытқу – Әдістемеге сәйкес уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі айқынған орташа мәнге қатысты деректердің шашыраңқылығын сипаттайтын статистикалық шама;

109) су берудің механикаландырылған тәсілі – су көздерінен су көтеру (сорғылар) немесе машиналық (механикалық көтеру) механизмдер арқылы су берілетін тәсіл;

110) су берудің өзағар тәсілі – су көтеру (сорғыларды) немесе машиналық механизмдерін (механикалық көтеру) қолданусыз, гравитациялық күштерді пайдалану негізінде су алу мен таратуға мүмкіндік беретін жүйелер бойынша су беру;

- 111) суармалау нормалары – вегетациялық кезеңде суармалау алаңының гектарына берілетін су көлемі (текше метр/га);
- 112) су беру тәсілі – өзағар, механикаландырылған;
- 113) субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтері – белгілі бір тауарды тұтынушыға беру түрінде көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларын қоса алғанда, табиғи монополия саласындағы және уәкілетті органның ведомствосының мемлекеттік реттелуіне жататын мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі ұсынатын қызметтер;
- 114) сыртқы қызметтер – газ тасымалдау және (немесе) газ тарату ұйымдарының қызметтері, оның ішінде сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын реттеліп көрсетілмейтін қызметтер немесе мұнай тасымалдаушы ұйымдардың қызметтері, оның ішінде сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын реттеліп көрсетілмейтін қызметтер;
- 115) сыртқы рейд – гидротехникалық құрылыстармен қорғалмаған рейдтер;
- 116) стратегиялық тауарлар:  
субъектілер жылу энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланатын көмір, газ, мазут және дизель отыны;  
электр энергиясы – электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сондай-ақ жылу энергиясын беру және бөлу салаларындағы субъектілер үшін;  
жылу энергиясы – жылу энергиясын өткізу саласындағы субъектілер үшін және жылу энергиясын беру және бөлу саласындағы нормативтік шығындар үшін;  
газ – тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ жалғастырушы газ құбырлары арқылы шикі газды тасымалдау салаларындағы субъектілердің өз мұқтаждары мен шығындары үшін;  
су – сумен жабдықтау, жылу энергиясын өндіру салаларындағы субъектілер үшін;
- 117) "Т" типті бу турбины – Т – жылуландыру ( $0,4-2,5 \text{ кг / см}^2$ );
- 118) "Тп" типті бу турбины – реттелмейтін өндірістік іріктеумен және реттелетін жылуландыру іріктеумен ( $0,4-2,5 \text{ кг/см}^2$ ) реттелетін жылу конденсациялық турбина;
- 119) табиғи монополия – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрін өндіру мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осы түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайлар жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйі;
- 120) табиғи монополия саласының тарифтік реттеу әдісі – тарифті қалыптастыру кезінде қолданылатын әдіс;
- 121) табиғи монополия субъектісі – тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

122) таза жылу энергиясында саналған үлесті қажеттілігі – жалпы ғимарат үй-жайының жылыту алаңының өлшем бірлігіне жататын саналған жылыту кезеңіндегі жылу энергиясының саны, шаршы метрге Гигакалорий (бұдан әрі - Гкал/м<sup>2</sup>);

123) тариф – реттеліп көрсетілетін қызмет құнының ақшалай мәні;

124) тарифке немесе оның шекті деңгейіне енгізілетін пайданы шектеу – инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты ескере отырып, белгіленген осы Қағидаларда айқындалған пайда шамасының шегін белгілеу;

125) тарифті саралау – тұтынудың, оның ішінде тұтынушылар тобының шарттарына қарай тарифтің әртүрлі деңгейін белгілеу;

126) тарифтік кіріс – субъектінің уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуден алған кірісі;

127) тарифтік реттеудің шығындық әдісі – субъектінің баптар бойынша айқындалған, экономикалық негізделген шығындарына және пайдасына қарай тарифті қалыптастыру әдісі;

128) тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті талдау – бұл субъектінің есепті кезең үшін негіздеуші материалдар мен растайтын құжаттарды тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы түзеткен мәндермен бірге тарифтік сметаның орындалуы туралы есепте ұсынған шығындар баптарының, пайданың, көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемінің, тариф мөлшерінің нақты мәндерін бекітілген тарифтік сметада ұсынылған шығындардың, пайда баптарының, көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызмет көлемінің, тариф мөлшерінің көрсеткіштерімен талдауды, бекітілген тарифтік сметаның шығындар баптарының орындалмауының нақты себептерін, оның ішінде шығындарды үнемдеу (болған кезде), уәкілетті органның ведомствосы есепке енгізетін өзгерістер мен нақтылауды негіздеуді (болған кезде) көздейтін процесс, уақытша өтемдік тарифті енгізу үшін негіздердің болуы немесе болмауы туралы тұжырымдар;

129) тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін сақтауға және субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізілуіне қарай тарифті қалыптастыру әдісі;

130) тарифтік учаске – шекарасында тұтынушылардың бір тобының шегінде суды беруге арналған бірыңғай тариф бекітілетін және қолданылатын магистральдық құбыржолының және (немесе) арнаның учаскесі;

131) тарифтің шығын бөлігі – тарифті айқындау кезінде ескерілетін, субъектінің көрсетілетін қызметтер ұсынуына байланысты шығындар жиынтығы. Осы шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтің өзіндік құнынан және кезең шығыстарынан (жалпы және әкімшілік шығыстар, сату жөніндегі шығыстар, сыйақылар төлеу жөніндегі шығыстар) тұрады;

132) тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін шығын түрлерін шектеу – тарифті және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілмейтін шығыстар тізбесін белгілеу;

133) тарифтің ең жоғары деңгейі – тарифтік бақылау кезеңінде уәкілетті органның ведомствосы бекіткен магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге индекстің ең жоғары шамасы;

134) тарифтің ең төмен деңгейі – тарифтік бақылау кезеңінде уәкілетті органның ведомствосы бекіткен магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге индекстің ең төмен шамасы;

135) тарифтің болжамды индексі – тарифтің болжамды деңгейін оның болжамын есептеу жолымен айқындайтын көрсеткіш;

136) тартылған активтер – негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қамтитын қызметтер (қызметтер) ұсыну үшін пайдаланылатын субъектінің активтері;

137) тартылған активтердің реттелетін базасы – Субъектінің жеке меншігіндегі және (немесе) Субъект табыс алуға құқығы бар қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және ұсынған кезде пайдаланатын активтердің реттелетін құны;

138) тез әрекет ететін редуциялық-салқындатқыш құрылғы (редуциялық-салқындатқыш құрылғы) – тез әрекет ететін редуциялық-салқындатқыш құрылғы, бу өлшемшарттарын төмендету үшін қызмет етеді;

139) температуралық кесте – энергия беруші ұйым жасаған және жергілікті атқарушы орган келіскен тұтынушының есепке алу торабында сыртқы ауаның температурасына қарай жылу тасымалдағыш температурасының өзгеру кестесі;

140) тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган – энергетика, теміржол көлігі, газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және көтерме саудада өткізу, сондай-ақ тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және тұтыну, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік органдар;

141) тонна-операция – шамадан тыс артық тиелген нақты тоннадағы жүк санының қайта тиеу нұсқаларынан өткен санына көбейтіндісімен өлшенеді;

142) тұтынушы – реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

143) тұтынушылар топтары – тұтыну мақсатына және (немесе) тәсіліне байланысты топтастырылған субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынушылар;

144) тұрғын үй ғимарат (пәтер) – тұрғын үй ғимараттардың тұрғын алаңын да, тұрғын емес алаңын да қоса алғанда, тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын жеке үй ғимарат;

145) тұрғын емес үй-жай – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қоспағанда, көппәтерлі тұрғын үйдегі құрылыс, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндетті нормалар мен қағидаларға сәйкес келетін, жоба сатысында көзделген, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шекаралары



қабырғалардың, еденнің және төбенің (қабатаралық жабындылардың) ішкі беттері болып табылатын, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарда (офис, дүкен, дәмхана, қонақүй, хостел және халыққа қызмет көрсету саласының басқа да объектілері) пайдаланылатын және дара (бөлек) меншіктегі жеке ішкі кеңістік;

146) уақытша өтемдік тариф – тұтынушыларға қаражатты қайтару мақсатында уәкілетті орган ведомствосы белгілі бір мерзімге бекітетін тариф;

147) уақытша төмендету коэффициенті – тұтынушылар мен субъектінің мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган ведомствосы бекіткен және тарифке қолданылатын шама;

148) уәкілетті орган – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

149) уәкілетті органның ведомствосы – аэронавигацияның, әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсынатын субъектілерді қоспағанда, субъектілердің кабельдік кәріздерді мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе пайдалануға беру жөніндегі қызметін реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы және (немесе) оның аумақтық органы;

150) ұлттық электр желісі – кіші станциялардың, тарату құрылғыларының, кернеуі 220 киловольт және одан жоғары өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілерінің және электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр беру желілерінің жиынтығы, олар жекешелендіруге жатпайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және шарттарда ұлттық компанияға беріледі;

151) ұлттық электр желісі арқылы электр энергиясын беру қызметтерін тұтынушы – Жүйелік оператор қызметтерін жасалған шарттарға сәйкес пайдаланатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

152) физикалық әдіс – ыстық су және бу түрінде электр энергиясы мен жылу өндіруге бара жатқан будың энергетикалық құндылығын (әлеуетін) ескермейтін, жылу және электр энергиясына олардың құрамдастырылған өндірісі кезінде отын шығындарын бөлудің баланстық әдісі;

153) халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздары – қарыз шарты негізінде не вексельдер, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және халықаралық қаржы ұйымдарының өзге де ақшалай міндеттемелері түрінде халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар;

154) шартты-ауспалы шығындар – шартты-ауыспалы санатқа енгізілмеген, электр және жылу энергиясын құрамдастырылған өндіруге арналған шығындар;

155) шартты-ауыспалы шығындар құрамдастырылған өндіру кезіндегі – оларды құрамдастырылған өндіру кезінде электр және жылу энергиясын өндіру көлеміне

тікелей байланысты шығындар, оның ішінде технологиялық отынға, су, химиялық реагенттер мен сүзгілеу материалдарын сатып алуға, экологиялық төлемдерге арналған шығындар;

156) шартты отын – органикалық отынның әртүрлі түрлерінің жылу құндылығын салыстыру үшін қызмет ететін техникалық-экономикалық есептеулер кезінде қабылданған бірлік;

157) шығыс мөлшерлемесі – өндірістік операциялар өлшеуішінің бірлігіне келетін шығындар шамасы;

158) шығыстар бабы (шығындардың түрлері) – жекелеген қызметтер, бір немесе бірнеше біртекті өндірістік операциялар бойынша ескерілетін шығындар;

159) ыстық су – температурасы 50 градус Цельсийден (бұдан әрі – $0^{\circ}\text{C}$ ) төмен емес су ;

160) ішкі қызметтер – субъект қызметінің бір бағыттарымен жүргізілетін және одан әрі сыртқы қызметті осы субъект қызметінің басқа бағыттарымен көрсету мақсатында тұтынылатын қызметтер;

161) ішкі рейд – гидротехникалық құрылыстармен қорғалған рейдтер;

162) экономикалық негізделген шығындар – осы Қағидаларға сәйкес айқындалған реттелетін қызметті ұсынуға байланысты шығындар;

163) экономиканың факторлық өнімділігі – қолданыстағы өндіріс факторларын ( еңбекті, капиталды) пайдалану (қосымша кеңейтусіз) арқылы қол жеткізілген экономиканың өнімділігі;

164) экономикалық ресурстар – өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын, табиғи (шикізат, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), күрделі (физикалық капитал – негізгі құралдар), айналым қаражаты (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы ( ақша капиталы) ресурстары болып бөлінетін көздердің, құралдардың жиынтығы;

165) эксергия – қоршаған ортамен тепе-теңдікке дейін белгілі бір жылу күйінен өткен кезде жүйе жасауға қабілетті ең көп пайдалы жұмыс (техникалық жұмыс қабілеттілігі);

166) эксергиялық әдіс – жылу және электр энергиясына отын шығындарын оларды құрамдастырылған өндіру кезінде бөлудің термодинамикалық әдісі электр және жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын будың энергетикалық әлеуетін есепке алуға мүмкіндік беретін термодинамикалық циклдің энергетикалық талдауына негізделеді;

167) электр энергиясының транзиті – электр энергиясын басқа елдің энергия жүйесінен беру үшін бір немесе бірнеше шектес елдердің электр желілерін пайдалану жөніндегі қызметтер;

168) энергия үлесі – өндірілген электр энергиясының келтірілген жиынтық энергияға (жылу және электр энергиясының сомасына) қатынасы;

169) энтальпия (үлестік энтальпия) – дененің термодинамикалық жай-күйімен анықталатын және дене салмағының бірлігіне жатқызылатын ағындағы жұмыс

денесінің толық энергиясы. Энтальпия су мен су буының термодинамикалық қасиеттерінің кестесі бойынша айқындалады;

170) энтропия – өзгеруі тепе-теңдік процестердегі жылу нысанында энергия алмасудың белгісі болып табылатын физикалық шама оқшауланған жүйеде өтетін процестің қайтымсыз өлшемі болып табылады. Энтропия су мен су буының термодинамикалық қасиеттерінің кестесі бойынша айқындалады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

4. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тариф бес және одан көп жылғы мерзімге белгіленеді. Тариф тарифтің бүкіл қолданылу кезеңіне немесе әрбір жылға бекітіледі.

5. Тариф реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша шығындардың орнын толтыруды және субъектіні дамытуға және оның тиімді жұмыс істеуіне және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарға бағытталатын пайда алуды қамтамасыз етеді.

6. Тарифтің және тарифтік сметаның жобасын қалыптастыру осы Қағидалардың қосымшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **1-параграф. Тарифтер қалыптастыру қағидалары**

### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

7. Тарифті қалыптастыру кезінде табиғи монополиялар салаларының мынадай тарифтік реттеу әдістері қолданылады:

- 1) шығындық;
- 2) ынталандырушы;
- 3) индекстеу;

4) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау.

8. Табиғи монополия саласын тарифтік реттеу әдісі жиынтығында мынадай шарттары сақталған:

1) табиғи монополия саласын тарифтік реттеудің тиісті әдісін қолдануға субъектінің экономикалық және технологиялық әзірлігі болған;

2) субъекті мен тұтынушыларға олар орындай алмайтын міндеттерді жүктеуге жол берілмеген жағдайда қолданылады.

9. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолдана отырып тарифті қалыптастыру:

1) экономикалық негізділігін ескеріле отырып, тарифте есепке алынатын шығындардың түрлері мен мөлшерлерін шектеуді;

2) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде айқындалған, олар болған жағдайда шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, нормативтік техникалық ысыраптарды, персоналдың нормативтік санын қолдануды;

3) жылдарға бөле отырып тарифтік сметаны бекітуді;

4) тозуды есепке жазудың тікелей әдісін қолдануды;

5) Заңның 23-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 14 тамызда № 19242 болып тіркелген) (бұдан әрі – қызметті жүзеге асыру Қағидасы) сәйкес субъектінің сатып алуды жүргізуі;

6) субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде тартылған активтерінің баланстық немесе қайта бағаланған құнын және осы Қағидаларға сәйкес Табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидаларына сәйкес есептелген пайда мөлшерлемесін және бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражат көлемін ескере отырып, пайданың жол берілетін деңгейін айқындауды;

7) инвестициялық бағдарламаны бекітуді;

8) бекітілген тарифтік смета шығындарының баптарын орындамағаны, амортизациялық аударымдардың және бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының қаражатын мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін уақытша өтемдік тарифті бекітуді көздейді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті қалыптастыру мыналарды:

1) шығындардың экономикалық негізділігін ескере отырып, олардың тарифте ескерілетін түрлері мен мөлшерлерін шектеуді;

2) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде айқындалған, олар болған жағдайда шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, нормативтік техникалық ысыраптарды, персоналдың нормативтік санын қолдану.

Осы тармақшаның күші тарифтік реттеудің шығындық әдісінен тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне өткен жағдайда тарифті бекіту кезінде қолданылады.

3) бақыланатын және бақыланбайтын шығындарды айқындауды;

4) бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті және бақыланбайтын шығындарды бекітуді;

5) инвестицияланған капиталды қайтаруды және инвестицияланған капиталдың кірістілік нормасын, сондай-ақ субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде қолданысқа енгізілген активтерінің теңгерімдік құнын және осы Қағидаларға сәйкес есептелген пайда мөлшерлемесін ескере отырып пайданы айқындауды;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін айқындауды;

7) субъектілер қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін айқындауды;

8) тозуды есепке жазудың тікелей әдісін қолдануды;

9) инвестициялық бағдарламаны бекітуді;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**10) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10) электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) жабдықтау, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтер көрсететін субъектілер үшін тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісі бойынша тарифті айқындау ерекшеліктерін көздейді.

Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) жабдықтау, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілерді тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифтерді қалыптастыру және бекіту осы Қағидалардың 2-тарауының 3-1-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

11) жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға (техникалық қайта жаратандыруға) және кеңейтуге, оң экономикалық және технологиялық әсер алу мақсатында заманауи инфрақұрылымды құруға және дамытуға бағытталған реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде инновацияларды енгізу.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.12.2023 № 182 (01.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Ұлттық**

экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Индекстеу әдісін қолдана отырып тарифті қалыптастыру:

1) осы Қағидаларға сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын деңгейден аспайтын бекітілген тарифті индекстеу жолымен қуаттылығы аз табиғи монополия субъектінің жыл сайынғы тарифті белгілеуі;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму параметрлері ескеріле отырып, жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей айқындалатын тарифті индекстеу деңгейін қолдануды көздейді.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты, бекітілген инвестициялық бағдарлама негізінде тарифті айқындау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

13. Тарифтерді қалыптастыру тәсілдері:

1) субъект тарифтік реттеудің шығындық немесе ынталандырушы тәсілімен тарифті бекітуге өтінім берген кезде уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асыратын тарифті бекітуі;

2) тарифті индекстеу әдісімен есептеген кезде қуаттылығы аз табиғи монополия субъект жүзеге асыратын субъектінің тарифті белгілеуі;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде уәкілетті органның ведомствосы өзінің бастамасы бойынша немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде табиғи монополия саласындағы концессия субъектісінің өтініші негізінде жүзеге асыратын концессия шарты негізінде тарифті айқындау.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-бөлім. Өтінімді ұсыну және қабылдау**

14. Уәкілетті орган ведомствосы тарифті бекіту үшін субъект "Монополист" базасы " веб-порталы арқылы электрондық нысанда өтінім ұсынады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) тарифтің (не салалық ерекшеліктері ескеріле ала отырып прејскуранттың) жобасы;

2) негіздейтін материалдар уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қоса тіркеле отырып, тарифтік сметаның жобасы, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес

3) тарифті бекіту қажеттігі туралы анықтама-негіздеме;

4) инвестициялық бағдарламаның жобасы немесе бекітілген инвестициялық бағдарлама;

4-1) осы Қағидаларға 142-қосымшаға сәйкес инвестициялық бағдарламалар шеңберінде нысаналы көрсеткіштері бар субъектілердің жөндеу картасы;

5) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеуге бағытталған шығындар сметасы;

6) алдыңғы күнтізбелік екі жыл үшін қаржылық есептілік;

7) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының

8) тармақшасына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша:

қаржы-шаруашылық қызмет туралы, инвестициялық қызмет туралы;

негізгі қорлардың жай-күйі туралы, алдыңғы күнтізбелік екі жылғы еңбек бойынша жалақының құрылымы мен бөлінуі туралы;

8) шығыстардың баптар бойынша есептеулері;

9) пайданың есептеулері;

10) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал санының, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің және техникалық ысыраптардың есептеулері;

11) алдыңғы күнтізбелік жыл үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялар шешімдерінің көшірмелері;

12) бекітілген инвестициялық бағдарлама іске асырылғанға дейін пайдаланылатын және жылдарға бөле отырып, ұзақ мерзімді кезеңде бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезінде пайдалануға берілетін негізгі құралдарға амортизациялық аударымдардың есептеулері;

13) қарыз ресурстарын қаржыландыру және өтеу шарттары туралы растайтын құжаттар;

14) субъектінің жобалық қуаты және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректер;

14-1) Заңның 25-бабының 6-2-тармақшасына сәйкес ақпараттандыру объектілерінен алынған табиғи монополия субъектісінің қуатын нақты пайдалану туралы деректер;

15) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемін растайтын құжаттар (реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынудың нақты көлемдері көрсетілген шарттардың тізілімі, реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің төмендегенін растайтын құжаттар, жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті және субъектінің мүмкіндіктері, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеу негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің есептемелері және бар болған жағдайда тұтынушылық сұранысты маркетингтік зерттеу материалдары);

16) өтінім ұсынудың алдындағы төрт тоқсан үшін және алдыңғы күнтізбелік жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің шығындары туралы және көлемдері туралы нақты деректерді растайтын құжаттар (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизациясын көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі) қоса беріледі.

Заңның 20-бабының 5-тармағында көзделген жағдайда, Заңның 20-бабының 1-тармағында көрсетілген субъектілер үшін шығындық әдісті қолдана отырып тарифті бекіту кезінде алдыңғы күнтізбелік бір жыл үшін осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттар олар болған жағдайда және осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген құжаттар қоса беріледі.

Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде өтінімге осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3), 4), 6), 7), 9), 10), 13), 14) және 15) тармақшаларында көзделген құжаттар, сондай-ақ негіздейтін материалдарды қоса тіркей отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің және субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің жобалары қоса беріледі.

Уәкілетті орган Заңның 15-бабының 8-тармағына сәйкес бекітетін тізбеге енгізілген субъектілер үшін тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифтерді бекіту жағдайларын қоспағанда, субъект уәкілетті органның ведомствосына бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып тарифті бекітуге өтінім ұсынады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2023 № 129 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.01.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**



16. Топтар бойынша сараланған тұтынушылар санының азаюына байланысты ұсынылған көрсетілген қызметтер көлемі өзгерген кезде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді бекітуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидалардың 15-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар;

2) өтінім ұсынудың алдындағы төрт тоқсан немесе алдыңғы күнтізбелік жыл үшін тұтынушылар топтары бөлінісінде (оның ішінде тұрғындар, бюджеттік ұйымдар, жылу энергетикасы саласындағы кәсіпорындар, басқа заңды тұлғалар) текше метрде (бұдан әрі – м<sup>3</sup>) суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат;

3) суды есепке алудың жеке аспабы жоқ абоненттер үшін – әрбір абонент бойынша өтінім берудің алдындағы төрт тоқсандағы немесе алдыңғы күнтізбелік жыл үшін текше метрмен (м<sup>3</sup>) суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат;

4) суды есепке алудың жеке аспабы бар абоненттер үшін – әрбір абонент бойынша өтінім берудің алдындағы төрт тоқсандағы немесе алдыңғы күнтізбелік жыл үшін текше метрмен (м<sup>3</sup>) суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат қоса беріледі.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар санының азаюына байланысты ұсынылған қызметтер көлемінің өзгеруі кезінде субъект жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты, оның ішінде осы Қағидаларға сәйкес бекітілген тарифті өзгертпей, сараланған тарифтерді бекітуге өтінімді мына негіздейтін келесі материалдарды қоса береді:

1) есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба, оның ішінде осы Қағидаларға сәйкес бекітілген тарифті өзгертусіз;

2) есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтердің есептеуі;

3) негіздейтін материалдарды (субъект жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, ниет хаттамаларымен және жалпыға ортақ сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне тарифтердің деңгейін қолдау немесе тарифтердің деңгейін өсіру мақсатында көлемді төмендетуге жол бермеуді негізге ала отырып жасалған есептеулермен) қоса бере отырып, халықтың тобына жататын тұтынушылардың, оның ішінде үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және аспаптары жоқ (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй ғимараттардың, барак үлгісіндегі үйлерде тұрып

жатқан халық тобына жататын жеке тұлға тұтынушыларды қоспағанда) тұтынушыларды бөліп көрсете отырып, жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

4) негіздейтін материалдарды (субъект жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, ниет хаттамалармен және субъектінің жалпыға ортақ сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтердің деңгейін қолдау немесе тарифтердің деңгейін өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол берілмеуін негізге ала отырып, жасалған есептеулермен) өзге де және бюджеттік тұтынушылардың, оның ішінде үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және аспаптары жоқ (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде орналасқан халық тобына жататын жеке тұлға тұтынушыларды қоспағанда) тұтынушыларды көрсете отырып, жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

5) үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй ғимараттарда, барак үлгісіндегі үйлерде тұрып жатқан немесе орналасқан тұтынушылардың (оның ішінде жеке тұлғалар, бюджеттік және өзге де тұтынушылар бойынша бөліп көрсете отырып) жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі туралы ақпарат;

6) үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық үй-жайлардың, барак үлгісіндегі үйлердің тізбесі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Субъект осы Қағидалардың 15, 16 және 17-тармақтарына сәйкес өтінімге қоса берілетін есептеулерді және негіздейтін материалдарды реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.

19. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей қоса берілетін есептеулердің және негіздейтін материалдардың толықтығын және осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкестігіне тексереді және субъектіге өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып, оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы жазбаша түрде хабарлайды.

20. Уәкілетті органның өтінімді қараудан бас тартуына мыналар:

1) субъектінің осы Қағидалардың 15, 16 немесе 17-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес келмеуі;

3) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу.

21. Егер өтінімді қараған кезде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны субъектіден кемінде бес жұмыс күн мерзімін белгілей отырып, жазбаша түрде сұратады.

22. Өтінімдер Заңның 25-бабының 7-тармағында белгіленген талаптар ескеріле отырып, электрондық жеткізгіште ұсынылған қоса берілген құжаттармен уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

22-1. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органды міндетті түрде хабардар ете отырып, төтенше жағдайлардың немесе авариялардың алдын алу үшін шұғыл жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында бекітілген тарифтік сметадағы шығындар баптарын дербес қайта бөледі.

**Ескерту. Қағидалар 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-бөлім. Тарифті бекіту**

23. Уәкілетті органның ведомствосы ұзақ мерзімді кезеңге тариф бекітілген кезде өтінімді ұсынылған күнінен бастап тоқсан жұмыс күнінен аспайтын мерзімде және Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес тариф бекітілген кезде күнтізбелік отыз күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23-1. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 16 және 17-тармақтарына сәйкес ұсынылған өтінімді жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Сараланған тарифтерді бекітуге арналған өтінім осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес ұсынылған тарифті бекітуге арналған өтініммен бір мезгілде ұсынылған жағдайда, сараланған тарифтерді бекітуге арналған өтінім осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген мерзімде қаралады.

**Ескерту. 1-тарау 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Уәкілетті органның ведомствосы субъект ұсынатын тариф және тарифтік смета жобаларын жария тыңдаулар өткізу кезде талқылауға шығарады.

Жария тыңдауларды уәкілетті орган тарифті бекіту кезінде – тариф бекітілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіту кезінде, сондай-ақ тарифті Заңның 20-бабының 5-тармағына сәйкес бекіткен кезде және Заңның 22-бабының 1-тармағының 4), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тариф бекітілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей өткізеді.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтің және тарифтік сметаның жобасын субъект ұсынған қоса берілетін негіздеуші құжаттармен және есептеулермен бірге талдау жүргізу арқылы қарайды және шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 24-нысан бойынша субъект тарифінің және тарифтік сметасының жобасын қараудың нәтижелері туралы қорытынды қалыптастырады.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Уәкілетті органның ведомствосы субъект тарифінің және тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде оның қолданылу мерзімін көрсете отырып тарифті бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Субъект тарифінің және тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытындыны уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын қалыптастырады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Құзыреті Заңның 8, 9 және 10-баптарында көзделген уәкілетті орган ведомствосының, өзге мемлекеттік органның не жергілікті атқарушы органның Инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту қағидаларына сәйкес қабылдаған инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы шешімі тарифті бекітуден бас тартуға шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

28. Уәкілетті орган ведомствосының тарифті бекіту туралы немесе тарифті бекітуден бас тарту туралы шешімі уәкілетті орган ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы субъектіге оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жібереді.

Тарифті бекіту туралы шешіммен бірге субъекті өтінімімен қоса ұсынған шығындар, пайда және бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының баптарына өзгерістер мен нақтылаулардың негіздемесі жіберіледі.

29. Бекітілген тарифтер мен тарифтік сметаларды уәкілетті органның ведомствосы өзінің интернет-ресурсында оларды бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырады.

30. Тариф, Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, тариф бекітілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

31. Субъект тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді және күнтізбелік бес күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына тұтынушыларды тарифтің енгізілгені туралы хабарландыру фактісі туралы ақпарат ұсынады.

Субъект жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты сараланған тарифтерді, оның ішінде осы Қағидаларға сәйкес бекітілген тарифті өзгертпестен енгізу туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей, субъект өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты орналастыру жолымен тұтынушының назарына жеткізеді.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Егер субъект осы Заңда белгіленген мерзімдерде тұтынушыға тарифтің енгізілетіні туралы хабарламаса, онда көрсетілген тариф уәкілетті орган ведомствосының шешімінде көрсетілген күннен бастап енгізілмейді. Бекітілген тарифті енгізу тариф бекітілген айдан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

#### **4-бөлім. Тарифті көтерместен тарифтік сметаны өзгерту**

33. Бекітілген тарифтік сметаны тарифті жоғарылатпай өзгерту үшін субъект ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде қағаз немесе "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда уәкілетті органның ведомствосына бекітілген тарифтік сметаны тарифті жоғарылатпай өзгерту туралы өтінішпен жүгінеді.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Тарифті жоғарылатпай бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішке тарифті жоғарылатпай енгізілетін өзгерістер ескерілген тарифтік сметаның жобасы және өзгерістер енгізудің қажеттілігін негіздейтін және растайтын материалдар (шарттардың, орындалған жұмыстар/қабылдап алу-беру актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, теңгерімдік және қалдық құнды, жұмыс істеу мерзімін, жылдық амортизацияны, есептемелерді көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі) қоса беріледі.

Тарифті жоғарылатпай бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін есептемелерді және негіздейтін материалдарды субъект

реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды және уәкілетті органның ведомствосына береді.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Уәкілетті органның ведомствосы тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындардың талаптарын және осы Қағидаларға сәйкес тарифте ескерілетін шығындардың мөлшерін шектеуді ескере отырып, оны ұсынған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде тарифті көтермей бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішті қарайды.

36. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаның жобасын субъект ұсынған қоса берілетін негіздеуші құжаттармен және есептеулермен бірге талдау жүргізу арқылы қарайды және шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 24-нысан бойынша субъектінің тарифтік сметасының жобасын қараудың нәтижелері туралы қорытынды қалыптастырады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізу туралы немесе бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Субъект тарифінің және тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытындыны уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын қалыптастырады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Уәкілетті органның ведомствосы егер мұндай өзгерту субъектінің тарифін жоғарылатуға әкеп соққан жағдайда, бекітілген тарифтік сметаны өзгертуден бас тартады.

**39. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаға оның сомасын азайту жағына қарай өзгерістер енгізген жағдайда, тарифтік смета мен тарифке оның сомасын төмендету жағына қарай өзгерістер енгізеді.

41. Шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігі ескеріле отырып, айқындалған тарифтік сметада көзделген шығындар баптарын өзгерту еңсерілмейтін күш

мән-жайларын және төтенше жағдайларды қоспағанда, аталған шығыстардан асып түскен жағдайда не шығыс нормаларын бес проценттен астам төмендеткен жағдайда жүзеге асырылады.

## **2-параграф. Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті ұсыну және оған талдау жүргізу**

42. Тарифтің қолданылу кезеңінде субъект жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады.

Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде субъект жыл сайын уәкілетті органның ведомствосына, мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға есепті жылы нақты қол жеткізілген кірістер, шығыстар, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектілер қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді ұсынады.

Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып есеп реттеу жыл аяқталғанға дейін екі ай бұрын ұсынылады.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдарды субъект реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке:

1) орындалмау себептері түсіндіріле отырып, тарифтік сметаның орындалуы туралы түсіндірме жазба;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 15384 болып тіркелген) жария мүдделі ұйымдардың жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік тізбесіне сәйкес нысан бойынша субъектінің пайдасы мен шығындары туралы есебі;

3) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, жөндеуге бағытталған шығындар сметаларының іске асырылуы туралы мәліметтер;

4) тарифтік смета бойынша субъектінің нақты шығындарын растайтын материалдар (шарттардың, орындалған жұмыстар/қабылдау-тапсыру актілерінің, жүкқұжаттардың,

шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі, есептеулер).

5) көрсетілген үнемдеудің іс-жүзінде пайдаланылған және (немесе) көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерінің қысқарғанын растайтын материалдарды қоса бере отырып, шығындарды баптар бойынша үнемдеуді растайтын материалдар:

мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын енгізуі туралы ақпараты бар хаты;

конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;

көлемдер мен төлеуге арналған сомаларды көрсете отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемінің тізілімі ұсынылатын табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, тұтынушылар ұсынған реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін салыстырып тексеру актілері мен төлеуге берілген шот-фактуралар;

мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемдері туралы ақпараты бар хаты:

б) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес нысандар бойынша есептілік;

7) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу қорытындылары бойынша тұжырым.

44. Субъектінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебіне талдауды уәкілетті органның ведомствосы келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде жасайды.

Егер субъектінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебін қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болса, уәкілетті органның ведомствосы бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілей отырып, жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы субъектінің есебіне талдау жасау мерзімі субъектіні бұл туралы хабардар ете отырып, қажетті ақпарат алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

**Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

45. Уәкілетті орган ведомствосы субъектінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есебін талдау жүргізу жолымен қарайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға



сәйкес 24-нысан бойынша тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау нәтижелері туралы қорытындыны қалыптастырады.

46. Уәкілетті орган ведомствосы Заңның 33-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда субъектінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есебін қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде уақытша өтемдік тарифті енгізу туралы шешім қабылдайды.

## **2-тарау. Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеу әдістері ескерілген тарифті есептеу тетігі**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

47. Тарифті есептеу тетігі табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну жөніндегі шығындарды өтеуді және субъектінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарға бағытталатын пайда алуды қамтамасыз етуге тиіс.

48. Осы Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеу әдістері ескерілген тарифті есептеу тетігі:

табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің шығындық әдісі ескерілген тарифті есептеуді;

табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеуді;

электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен өткізу, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеуді;

индекстеу әдісін қолдану ескерілген тарифті есептеуді;

жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау әдісін қолдану ескерілген тарифті есептеуді айқындайды.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.12.2023 № 182 (01.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

## 2-параграф. Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің шығындық әдісі ескерілген тарифті есептеу тетігі

### 1-бөлім. Тарифті есептеу тәртібі

49. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, тарифтерді есептеу реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің есебін және табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің шығындық әдісін ескере отырып, табиғи монополиялардың жекелеген салаларының ерекшелігіне байланысты тарифті есептеу ерекшеліктерін айқындайды.

50. Тарифтік реттеудің шығындық әдісі қолданылатын тарифті уәкілетті органның ведомствосы экономикалық негізделген шығындар мен пайданы айқындау жолымен бекітеді.

51. Тарифті бекіткен кезде тариф мынадай формула бойынша анықталады:

$$T = \frac{TД}{ПОУ},$$

мұндағы:

ТД – тарифтік кіріс, теңге;

ПОУ – заттай мәнде реттеліп көрсетілетін қызметтің жоспарланатын көлемі.

52. Тарифтік кіріс мынадай формула бойынша анықталады:

$$TД = Z + ДУП,$$

мұндағы:

Z – экономикалық негізделген шығындар, теңге;

ДУП – пайданың жол берілетін деңгейі, теңге.

53. Тариф барлық қолданылу кезеңіне (5 және одан астам жыл) бекітілген кезде ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$T = \frac{\sum_{i=1}^n TД_i}{\sum_{i=1}^n ПОУ_i},$$

мұндағы:

i – тарифтің қолданылу кезеңінің жылы;

n – тарифтің қолданылу кезеңі.

$\sum TД_i$  – тарифтің қолданылу кезеңінің барлық жылына тарифтік кірістердің сомасы, теңге;

$\sum ПОУ_i$  – тарифтің қолданылу кезеңінің барлық жылдарына реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемдерінің заттай мәндегі сомасы.

54. Тариф оның қолданылу кезеңіне әр жылына бекітілген кезде тариф мынадай формула бойынша анықталады:

$$T = \frac{TД_i}{ПОУ_i},$$

мұндағы:

$TД_i$  – тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір  $i$  жылына тарифтік кіріс, теңге;

$ПОУ_i$  – заттай мәнде тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің заттай мәндегі жоспарлы көлемі.

55. Тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір  $i$  жылына тарифтік кіріс мынадай формула бойынша анықталады:

$$TД_i = Z_i + ДУП_i$$

мұндағы:

$Z_i$  –  $i$  жылы экономикалық негізделген шығындар, теңге;

$ДУП_i$  –  $i$  жылы пайданың жол берілетін деңгейі, теңге.

56. Реттеліп көрсетілетін қызметтің жоспарланатын көлемі ретінде өткен күнтізбелік жыл немесе соңғы төрт тоқсан, оның ішінде тарифтің қолданылу кезеңінің (бес және одан астам) бірінші жылы үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемдері және реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемдері – Қазақстан Республикасының даму басымдықтарын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып кейінгі жоспарланатын жылдарға қабылданады.

Тарифтерді есептеу кезінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемдерін төмендеткен кезде жоспарланатын көлемдер субъекті ұсынған, осы төмендеуді негіздейтін және растайтын материалдардың негізінде қабылданады.

Субъекті жоспарланатын көлемді нақты көлемдерден жоғары ұсынған жағдайда (тарифтер деңгейін ұстау немесе өсуі үшін көлемдердің төмендеуіне жол бермеу мақсатында) тарифтерді есептеу кезінде жоспарланатын көлемдерді қабылдайды.

Заңның 20-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген субъектілер үшін тарифтерді есептеу кезінде жоспарланатын көлемдер қабылданады.

56-1. Заңның 22-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында көзделген жағдайларда уәкілетті орган бекіткен тариф оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерген кезде тарифтер бекітілген тарифтің қалған қолданылу кезеңінің әрбір жылына жеке бекітіледі, бұл ретте орташа өлшемделген бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі

аяқталғанға дейін оның өзгеруі нәтижесінде қалыптасқан толық алынбаған немесе үстеме алынған кіріс сомасы тарифті жылдар бойынша есептеу кезінде ескеріледі.

**Ескерту. 56-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.04.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-бөлім. Магистральдық құбыржолдары және (немесе) арналар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті есептеу ерекшеліктері**

57. Магистральдық құбыржолдар және (немесе) арналар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті есептеу бекітілген шарттарға сәйкес гидротехникалық құрылыстар кешенінің және (немесе) жасанды гидротехникалық құрылыстардың көмегімен магистральдық құбыржол және (немесе) арна арқылы суды тарту түрінде ұсынатын субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерге қолданылады.

58. Магистральдық құбыржолдар және (немесе) каналдар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф осы параграфтың 1-бөліміне сәйкес тарифті есептеу тәртібіне сәйкес есептеледі және судың 1 текше метрі үшін теңгемен өлшенеді.

Егер суды каналдар арқылы беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде көрсетілетін қызметтер бірнеше облыстың аумағында ұсынылған жағдайда, тариф және тарифтік смета суды каналдар арқылы беру тәсіліне қарай тұтынушылардың топтары бойынша саралауды қолдана отырып тұтастай алғанда көрсетілетін қызметке есептеледі.

Егер суды магистральдық құбыржолдар арқылы беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде магистральдық құбыржолдар жүйесінде тарифтер жекелеген учаскелерге бекітілген болса және көрсетілетін қызметтер екі және одан астам облыстың аумағында ұсынылса, бірыңғай тариф және тарифтік смета тұтастай бүкіл жүйеге есептеледі.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59. Экономикалық негізделген шығындар егер субъект көрсетілетін қызметтерді бірнеше облыстардың немесе учаскелердің аумағында ұсынса, егер субъект көрсетілетін қызметтерді облыс/қала/аудан аумағында ұсынса, субъектінің аумақтық филиалдарының шығындарынан қалыптасады (болған жағдайда).

Субъектінің құрамында екіден астам өндірістік аумақтық филиал болған жағдайда, жиынтық шығындар мына формула бойынша есептеледі:

$$Z_{\text{жалп}} = Z_{\text{фил}} + Z_{\text{центр}},$$

мұндағы:

$Z_{жалп}$  – субъектінің жалпы экономикалық негізделген шығындары, теңге;

$Z_{фил}$  – көрсетілетін қызметтердің көлеміне есептелген, субъектінің аумақтық филиалдарының жиынтық экономикалық негізделген шығындары, теңге;

$Z_{орт}$  – Субъектінің орталық аппаратының шығыстары, теңге.

60. Суды магистральдық құбыржолдары арқылы және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерге арналған Тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_n = \frac{Z_n + ДУП_n}{V_n},$$

мұндағы:

$n$ -тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе бүкіл кезеңге);

$T_{n-1}$  текше метр үшін тарифтің қолданылу кезеңіне магистральдық құбыржолдары арқылы және (немесе) арналар арқылы су беру жөніндегі қызметтерге арналған тариф, теңге;

$Z_n$ -осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып қабылданған тарифтің қолданылу кезеңіне арналған экономикалық негізделген шығындар, мың теңге;

ДУП $_n$ -тарифтің әрекет ету кезеңіне салық салынғанға дейінгі пайданың рұқсат етілген деңгейі, мың теңге;

$V_n$ -тарифтің әрекет ету кезеңінде көрсетілетін қызметтер көлемі, мың текше метр.

**61. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-бөлім. Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктері**

**Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62. Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті есептеу тетігі меншік нысанына қарамастан, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілеріне.

63. Жылу энергиясымен өткізу у жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті мынадай формула бойынша анықталады:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1) тармақшаның бірінші абзацының қолданысы 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады**

және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жиынтығында тарифті бекіту кезінде, тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = (Z_{ппрс} + P_{ппрс}) / Q, \text{ мұндағы:}$$

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1) тармақшаның үшінші абзацының қолданысы 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Зөбтж – жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған субъектінің экономикалық негізделген шығындары, теңге;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1) тармақшаның төртінші абзацының қолданысы 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Рөбтж – жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді тиімді, түрде ұсынуға қажетті пайданың жол берілетін деңгейі, теңге;

Q – тұтынушылардың (үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ) жылу энергиясымен өткізу жөніндегі қызметтерді тұтынушылармен жасалған шарттармен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктерін, тарифтер деңгейін қолдау немесе өсіру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуді негізге ала отырып есептермен расталған жылу энергиясын тұтынудың жоспарланған жылдық көлемі, Гигакалорий (бұдан әрі – Гкал);

2) жылу энергиясын беру, тарату және онымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жиынтығында тариф бекітілген жағдайда, тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = T_{өнд} + (Z_{прс} + P_{прс}) / Q, \text{ мұндағы:}$$

Tөнд – жылу энергиясын өндіруге арналған тариф, 1 гигакалория үшін теңге (бұдан әрі - теңге/Гкал);

Zпрс – жылу энергиясын беру, тарату және онымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған субъектінің экономикалық негізделген шығындары, теңге;

Рпрс – жылу энергиясын беру, тарату және онымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді тиімді түрде ұсынуға қажетті пайданың жол берілетін деңгейі, теңге;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақшаның бірінші абзацының қолданысы 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тариф бекітілген кезде немесе субъект үшін жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер әрбір көрсетілетін қызмет бойынша жеке бекітілген кезде:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақшаның екінші абзацының қолданысы 01.07.2025 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

$T = T_{\text{өнд}} + T_{\text{беру}} + (Z_{\text{жабд}} + P_{\text{жабд}}) / Q$ , мұндағы:

$T_{\text{өнд}}$  – жылу энергиясын өндіруге арналған тариф;

$T_{\text{беру}}$  – жылу энергиясын беру мен таратуға арналған тариф;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақшаның бесінші және алтыншы 01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 бұйрығымен (мәтін алып тасталды).

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-бөлім. Электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беру, электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласындағы электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктері**

64. Электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беру, ұлттық электр желісін пайдалану, электр энергиясын желіге беру және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру

саласындағы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігі тұтынушылар – электр энергиясы нарық субъектілері үшін жасалған шарттарға сәйкес қолданылады.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 129 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

65. Электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф электр энергиясының экспорты мен импортын жүзеге асыратын, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарының, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың, осы ұйымдар құрамына кіретін объектілер үшін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын тұтынушылар үшін қолданылады және осы тараудың 1-бөліміне сәйкес тарифті есептеу тәртібіне сәйкес есептеледі.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 129 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

66. Электр энергиясын желіге беру және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетика жүйесінде электр энергиясын өндіру мен тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару жолымен жүйелі оператор көрсетеді.

67. Электр энергиясын желіге беру және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тариф мынадай формула бойынша есептеледі.

$$T_{m \partial} = \frac{Z+P}{W_{omn}+W_{umn}}, \text{ (1 килоВатт-сағат үшін теңге (бұдан әрі – теңге/кВт.с))}$$

мұндағы:

$Z$  – электр энергиясын желіге беру және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған Жүйелік оператордың экономикалық негізделген жалпы шығындары, теңге;

$P$  – электр энергиясын желіге беру және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті тиімді ұсыну үшін қажетті пайданың жол берілетін деңгейі, теңге;

$W$  беру – осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары кернеудің барлық сыныптарының желілері бойынша желіге босататын, субъектінің желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктерін негізге ала отырып есептермен расталған, Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын электр энергиясының



көлемі, тарифтердің деңгейін қолдау немесе өсіру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеу, кВт.сағ.

Вимп – осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының шекарасында алынатын, Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, субъектінің электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттарымен, жалпы сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктерін, тарифтер деңгейін қолдау немесе өсіру мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол берілмейтіндігін негізге ала отырып, ниет хаттамаларымен және есептермен расталған электр энергиясының көлемі, кВт.сағ.

68. Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф энергия өндіруші ұйымдардың шиналарынан босатылған шамаға және электр энергиясының жиынтық саны қабылданатын көтерме және бөлшек нарықтарда тұтынылған:

1) ведомствалық тиесілілігіне қарамастан, Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары шиналарынан босатылған;

2) энергия беруші ұйымдардың энергия беруші ұйымдар желілеріндегі және энергия беруші ұйымдардың шаруашылық мұқтаждарының электр энергиясының технологиялық шығысын өтеу үшін алған;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарынан, оның ішінде өзінің тұтынушылары үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден алған;

4) тұтынушылардың электр энергиясының көтерме сауда нарығынан, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден алған, сондай-ақ өнеркәсіп кешендерінің, осы кешендердің құрамына кіретін кәсіпорындар мен бірлестіктердің энергиямен жабдықтаушы ұйымдары тұтынған электр энергиясының шамасына қатысты қолданылады.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 129 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

69. Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_{\text{теңг}} = \frac{Z_{\text{теңг}} + P}{W_{\text{болж}} + W_{\text{БТ}}}, \text{ мұндағы:}$$

$T_{\text{теңг}}$  – электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф, теңге/килоВатт-сағ;

Зтеңг – желілік оператордың электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметті жүзеге асыруға қажетті экономикалық негізделген шығыстары, теңге.

Зтеңг құрамында электр қуатын реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар ескеріледі.

Р – электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тиімді ұсынуға қажетті пайданың жол берілетін деңгейі;

Wболж – жүйелік оператор электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған энергия өндіруші ұйымдардың шиналарынан босатылған электр энергиясының жоспарланған жиынтық көлемі, кВт.сағ.;

Wпп – көтерме және бөлшек сауда нарықтарында тұтынылған, жүйелік оператор электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттармен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған электр энергиясының жоспарланған жиынтық көлемі, кВт.сағ.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 129 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

70. Электр энергиясын беру саласындағы көрсетілетін қызметтерге тарифтер:

1) электр энергиясын беру саласында мынадай формула бойынша есептелетін тариф қолданылады:

$$T_{\text{ҰЭЖ бойынша беру саласында}} = \frac{Z_{\text{ЭЭ беру саласында}} + P_{\text{ЭЭ беру саласында}}}{W_{\text{ЭЭ беру саласында}}}, \text{ мұндағы:}$$

TҰЭЖ бойынша беру саласында – ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру саласындағы көрсетілетін қызметтер тарифі, теңге/кВт.сағ.;

ZЭЭ беру саласында – электр энергиясын беру саласындағы көрсетілетін қызметтерге жүйелік оператордың экономикалық негізделген шығындары, теңге;

PЭЭ беру саласында – осы Қағидаларға сәйкес есептелетін, электр энергиясын беру саласында қызметтерді тиімді көрсету үшін қажетті қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына жол берілетін пайда деңгейі, теңге;

WЭЭ беру саласында – субъектінің электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша берілетін көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттарымен,

субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын тұтынушыларға беру саласындағы жоспарланатын жылдық көлем, кВт.сағ.

2) электр энергиясының экспортын және импортын жүзеге асыратын тұтынушылар, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдар мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс сатып алу-сатуды жүзеге асыратын жаппай сатып алу нарығы субъектісі үшін қолданылатын электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметке мынадай формула бойынша есептелетін тариф қолданылады:

$$T_{\text{ҰЭЖ бойынша беру}} = \frac{D_{\text{ҰЭЖ бойынша беру}} * K_{\text{ҰЭЖ}}}{W_{\text{ҰЭЖ бойынша беру}}}, \quad \text{мұндағы:}$$

ТҰЭЖ бойынша беру – ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер тарифі, теңге/кВт.сағ.;

WҰЭЖ бойынша беру – электр энергиясының экспортын және импортын жүзеге асыратын тұтынушыларға, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс сатып алу-сатуды жүзеге асыратын жаппай сатып алу нарығы субъектілер үшін, субъектінің электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша берілетін көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жасасқан шарттарымен, субъектінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктеріне, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдерді төмендетуге жол бермеуге негізделген ниет хаттамаларымен және есептеулермен расталған ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын берудің жоспарланған жылдық көлем, кВт.сағ.

КҰЭЖ – тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі жоспарланатын жылдық көлемдердің электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлеміне арақатынасы.

3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушылар мен тұлғалар топтарының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, олардың "Электр

энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу және

теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыруы кезінде жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісіне ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі көрсететін қызметі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_{\text{ҰЭЖ пайдалану}} = \frac{D_{\text{ЭЭ беру саласында}} * (1 - k_{\text{ҰЭЖ}})}{W_{\text{ҰЭЖ пайдалану}}}, \text{ мұндағы:}$$

$T_{\text{ҰЭЖ пайдалану}}$  – ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметке тариф, теңге / кВт.сағ.;

$k_{\text{ҰЭЖ}}$  – тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша жоспарланатын жылдық көлемдердің электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлеміне арақатынасы.

$D_{\text{ЭЭ беру саласында}}$  – электр энергиясын беру саласында қызметтер көрсету үшін қажетті  $Z_{\text{Жүйелік оператор қаражатының жиынтық деңгейі}}$  мынадай формула бойынша айқындалады:

$D_{\text{ЭЭ беру саласында}} = Z_{\text{ЭЭ беру саласында}} + P_{\text{ЭЭ беру саласында}}$ , мұндағы

$W_{\text{ҰЭЖ пайдалану}}$  – электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушылар мен тұлғалар топтарының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, олардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу және теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыруы кезінде жүйелік оператордың электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісіне ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі көрсететін қызметтер көлемі.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 129 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5-бөлім. Жерасты газ қоймаларында тауарлық газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктері**

71. Тауарлық газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді меншігінде заңды негізде жерасты газ қоймалары бар тауарлық газды сақтау жөніндегі субъектілер (газ қоры сақталатын, магистральдық газ құбырлары жүйесінің бір бөлігі болып табылатын, жер асты жабдығы кешеніндегі жер асты құрылыстары және газ сақтау

жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған басқа да құрылыстары) осы қызмет түріне арналған лицензиясы негізінде.

72. Тауарлық газды сақтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф буферлік газға (жобалық режимде пайдалану үшін оңтайлы жағдайларды ұстап тұру мақсатында тұрақты болуы қажет газ көлемі) және газдың белсенді көлеміне (пайдалану жобасында айқындалған, сақтау үшін буферлік газдың көлемінен тыс айдалатын газ көлемі) қатысты қолданылад

73. Тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметке арналған тариф. Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданылатын геологиялық және технологиялық айырмашылықтарға сүйене отырып, әрбір жерасты газ қоймалары үшін айына 1000 текше метр үшін жеке есептеледі.

74. Айына 1000 текшеметр үшін тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = \frac{TД}{V},$$

мұндағы:

T – тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

TД – субъектінің газ сақтау тарифтік кірісі;

V – газды айдау және сұрыптау көлемдерін ескере отырып, газды ай сайын сақтаудың жиынтық көлемі.

75. Тарифтік кіріс мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TД = 3 + ДУП,$$

мұндағы:

TД – субъектінің газ сақтау жоспарланған тарифтік кірісі;

3 – газды айдау және сұрыптау көлемдерін қоса алғанда тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға байланысты газ сақтау ұйымы шығындарының жоспарлы сомасы;

ДУП – субъектінің газ сақтау пайдасының (таза кірісінің) жол берілетін деңгейі.

76. Газ сақтау субъектінің тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға газды сұрыптау мен айдауға байланысты өндірістік шығындары қызметтің осы түрлеріне тікелей тиесілілігі бойынша айқындалады.

77. Газды айдау және іріктеу көлемдерін ескере отырып, тауарлық газды ай сайын сақтаудың жиынтық көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V = \sum V_{xp}^i = \sum (V_{ост}^i + V_3^i / 2 - V_0^i / 2),$$

мұндағы:

$V_{xp}^i$  – i-айында газды сұрыптау мен айдау көлемін ескере отырып тауарлық газды сақтаудың айлық көлемі;

$V_{осм}^i$  – i-айының басындағы белсенді газдың қалдығы;

$V_3^i$  – i-айында айдалған газдың көлемі;

$V_0^i$  – i-айында сұрыпталған газдың көлемі.

**6-бөлім. Тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі, оның ішінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеудің ерекшеліктері**

**Ескерту. 6-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

78. Субъект ұсынатын тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тариф, тариф техникалық мүмкіндіктер шегінде Қазақстан Республикасының аумағында 100 км үшін газдың 1000 текше метрі болып белгіленетін "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Келісім) шеңберінде ұсынылатын тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметті қоспағанда, техникалық мүмкіндіктер шегінде Қазақстан Республикасының аумағында газ құбырларының ұзындығына қарамастан газдың әрбір 1000 текше метрі үшін белгіленеді.

**Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

79. Қазақстан Республикасының аумағында тұтынуға арналған тауарлық газды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау (бұдан әрі – ішкі тасымалдау) бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті бекіту кезінде тариф 1000 текше метр тауарлық газды тасымалдау үшін мына формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{ВН}} = \frac{T_{\text{Д}}^{\text{ВН}}}{V_{\text{ВН}}},$$

мұндағы:

$T_{\text{ВН}}$  – 1000 текше метр газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдауға арналған тариф;

$T_{\text{Д}}^{\text{ВН}}$  – ішкі тасымалдаудан түсетін тарифтік кіріс;

$V_{\text{ВН}}$  – газды ішкі тасымалдаудың жылдық көлемі.

80. Келісім шеңберінде тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау бойынша реттеліп қызметке арналған тарифті бекіткен кезде 100 километр ішкі тасымалдауға арналған 1000 текше метр, тариф мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{ВН}} = \frac{T_{\text{Д}}^{\text{ВН}}}{TTP_{\text{ВН}}},$$

мұндағы:

$T_{\text{ВН}}$  – магистральдық газ құбырлары арқылы 100 километр 1000 текше метр ішкі тасымалдауға арналған;

$T_{\text{Д}}^{\text{ВН}}$  – газды ішкі тасымалдаудан түсетін тарифтік кіріс;

$TTP_{\text{ВН}}$  – магистральдық газ құбырлары арқылы газды ішкі тасымалдау жөніндегі тауар-көлік жұмысының жоспарланатын жылдық көлемі.

81. Экспорт мақсатында газды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге және транзитті газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған, Қазақстан Республикасының аумағында тұтыну үшін газ тасымалдауға арналған Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Бірінші учаске бойынша бірыңғай тариф жөніндегі Келісім шеңберінде тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті бекіткен кезде 100 километрге 1000 текше метр ішкі тасымалдауға арналған тариф мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{общ}} = \frac{T_{\text{Добщ}}}{TTP_{\text{общ}}},$$

мұндағы:

$T_{\text{общ}}$  – 100 километрге 1000 текше метр газды тасымалдауға арналған бірыңғай тариф;

$TД_{\text{общ}}$  – газ-көлік ұйымының жалпы тарифтік кірісі;

$TТР_{\text{общ}}$  – газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі тауар-көлік жұмысының жалпы жоспарланатын жылдық көлемі.

82. Газды халықаралық тасымалдаудан түсетін кірісті есепке алмағанда, ішкі тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді іске асырудан түскен газ-көлік ұйымының тарифтік кірісі мынадай формула бойынша анықталады:

$$TД_{\text{вн}} = Z_{\text{вн}} + ДУП_{\text{вн}},$$

мұндағы:

$TД_{\text{вн}}$  – ішкі тасымалдаудан түсетін тарифтік кіріс;

$Z_{\text{вн}}$  – ішкі тасымалдауға жатқызылатын, газ-көлік ұйымының экономикалық негізделген жиынтық шығындары;

$ДУП_{\text{вн}}$  – пайданың ішкі тасымалдауға арналған жол берілетін деңгейі.

83. Газ-көлік ұйымының жалпы жоспарланатын тарифтік кірісі мынадай формула бойынша анықталады:

$$TД_{\text{общ}} = Z_{\text{общ}} + ДУП_{\text{общ}},$$

мұндағы:

$TД_{\text{общ}}$  – газ-көлік ұйымының жалпы жоспарлы тарифтік кірісі;

$Z_{\text{общ}}$  – газ-көлік ұйымының көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген, экономикалық негізделген жоспарлы жиынтық шығындары;

$ДУП_{\text{общ}}$  – пайданың жол берілетін деңгейі;

84. Ішкі тасымалдауға жатқызылатын, газ-көлік ұйымының экономикалық негізделген жоспарлы жиынтық шығыстары мынадай формула бойынша есептеледі

$$Z^{\text{вн}} = Z^{\text{вн}}_{\text{фил}} + Z^{\text{вн}}_{\text{центр}},$$

мұндағы:

$Z_{\text{фил}}$  – барлық филиалдардың газын ішкі тасымалдауға арналған шығындар;

$Z_{\text{центр}}$  – ішкі тасымалдау болып табылатын орталық аппарат шығындары.

85. Газ-көлік ұйымының құрамында өндірістік аумақтық филиалдар болған кезде жиынтық шығыстар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z_{\text{общ}} = Z_{\text{фил}} + Z_{\text{центр}},$$

мұндағы:

$Z_{\text{фил}}$  – көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген, филиалдардың экономикалық негізделген жоспарлы жиынтық шығындары;



$Z_{\text{центр}}$  – газ-көлік ұйымы орталық аппаратының жоспарлы шығыстары.

86. Шығындарды жоспарлау газ-көлік ұйымдарының әр филиалдары бойынша олардың есепті кезеңдегі қаржы-шаруашылық қызметін және жоспарланатын кезеңдегі жұмыстарының бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

87.  $i$ -филиалдың газды тасымалдауға арналған шығындары мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z_{\text{фил}}^i = Z_{\text{пр}}^i + Z_{\text{пер}}^i,$$

мұндағы:

$i$  – филиалдың реттік нөмірі;

$Z_{\text{пр}}^i$  –  $i$ -филиалдың жалпы өндірістік және пайдалану шығыстары;

$Z_{\text{пер}}^i$  –  $i$ -филиалдың кезеңдік шығыстары.

88.  $i$ -филиалдың газды ішкі тасымалдауға арналған шығыстары мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z_{\text{фил}}^{\text{ВН.}i} = Z_{\text{фил}}^i \times d_{\text{тмп}}^{\text{ВН.}i},$$

мұндағы:

$$Z_{\text{фил}}^{\text{ВН.}i}$$

–  $i$ -филиалдың газды ішкі тасымалдауға арналған шығындары;

$$d_{\text{тмп}}^{\text{ВН.}i}$$

–  $i$ -филиал бойынша жоспарлы кезеңге арналған тауар-көлік жұмыстарының жалпы көлеміндегі ішкі тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының үлес салмағы.

89. Газ-көлік ұйымының ішкі тасымалдау бойынша жоспарлы шығындары әрбір филиал бойынша газды ішкі тасымалдауға арналған жоспарлы шығындардың сомасы ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$Z_{\text{фил}}^{\text{ВН}} = \sum_i^N Z_{\text{фил}}^{\text{ВН.}i},$$

мұндағы:

$Z_{\text{фил}}^{\text{ВН}}$ 

– барлық филиалдардың ішкі тасымалдауға арналған жоспарлы шығындары;

 $Z_{\text{фил}}^{\text{ВН.}i}$ 

– *i*-филиалдың газды ішкі тасымалдауға арналған жоспарлы шығындары;

*N* – филиалдар саны.

90. Жекелеген филиалдардың жоспарлы шығындары газ-көлік ұйымының өндірістік шығындарының жалпы көлеміндегі әрбір филиалдың өндірістік шығындарына барабар есептелетін орталық аппарат бойынша шығындар үлесін ескере отырып мынадай формула бойынша анықталады:

$$Z_{\text{центр}}^i = Z_{\text{центр}} \times \left( \frac{Z_{\text{фил}}^i}{\sum Z_{\text{фил}}^i} \right),$$

мұндағы:

$Z_{\text{центр}}^i$  – орталық аппараттың шығындарын жекелеген филиалдар бойынша бөлуді ескере отырып *i*-филиалдың жоспарлы шығындарының құрамдас бөлігі.

91. Газ-көлік тасымалдау субъектінің қызметі өндірістік сипаттағы жұмыстарды жүзеге асырумен байланысты газ тасымалдауды тікелей жүзеге асырмайтын филиалдар болған кезде тарифтің қолданылу кезеңінде көзделген олардың шығындары осы Қағидалардың 89-тармағында айқындалған қағидалармен өндірістік филиалдар бойынша қайта бөлінеді.

92. Газ-көлік ұйымының газды ішкі тасымалдауға жатқызылатын жоспарлы шығындары әрбір филиал және орталық аппарат бойынша осы филиалдың тауар-көлік жұмыстарының үлесіне көбейтілген ішкі тасымалдауға арналған жоспарлы шығындардың сомасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z^{\text{ВН}} = \sum_{i=1}^N (Z_{\text{фил}}^i + Z_{\text{центр}}^i) \times d_{\text{ттр}}^{\text{ВН.}i},$$

93. Газды магистральдық газ құбырлары арқылы ішкі тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмысының жоспарлы жылдық көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{ТТР}_{\text{ВН}} = \sum_1^n \sum_1^m \frac{L_{\text{ин}} \times V_{i \text{ВН}}}{100},$$

$n$  – ішкі тасымалдау үшін газ беру нүктелерінің саны;

$m$  – ішкі тасымалдау үшін газ сұрыптау нүктелерінің саны;

$L_i$  – ішкі тасымалдау үшін газды беру нүктесінен сұрыптау нүктесіне дейін газ құбырының ұзындығы;

$V_i$  вн – магистральдық газ құбыры учаскелері бойынша газды ішкі тасымалдаудың жылдық көлемі ( $L_i$ ).

94. Газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының жалпы жоспарлы жылдық көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$TTP_{\text{общ}} = \sum_1^n \sum_1^m \frac{L_{inm} \times V_{i \text{ общ } nm}}{100},$$

$n$  – газ беру нүктелерінің саны;

$m$  – газ сұрыптау нүктелерінің саны;

$L_i$  – беру нүктесінен сұрыптау нүктесіне дейінгі газ құбырының ұзындығы;

$V_{i \text{ общ}}$  – магистральдық газ құбырының учаскелері бойынша газды тасымалдаудың жылдық көлемі ( $L_i$ ).

#### **7-бөлім. Мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктері**

95. Мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау бойынша қызметке тарифті бекіткен кезде, 1 тоннаны 1000 километрге қайта айдауға арналған тариф мынадай формула бойынша анықталады:

$$UT = \frac{D}{\Gamma},$$

мұндағы:

УТ – үлестік тариф, мың тонна километр/теңге;

Д – кіріс, теңге;

Г – мұнай тасымалдау кезіндегі жүк айналымы (осы бағыт бойынша тасымалдау көлеміне көбейтілген тасымалдау бағытының ұзақтығы), мың тонна километр.

96. Мұнайды магистральдың құбырлар жолдарды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді іске асырудан түсетін кіріс мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D = 3 + ДУП,$$

мұндағы:

Д – кіріс;

3 – тарифті есептеу кезінде ескерілетін мәлімделген көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көлемі кезіндегі шығындар сомасы;

ДУП – пайданың жол берілетін деңгейі.

97. Жеке учаске бойынша бір тонна мұнайды қайта айдауға арналған тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$T_{уч} = УТ * L,$$

мұндағы:

Туч– жеке учаске бойынша бір тонна мұнайды қайта айдауға арналған тариф, теңге/тонна;

L – учаскенің ұзақтығы, мың километр.

Тарифтің деңгейін есептеу кезінде экспорт бағыттары мен транзиттік мұнайды тасымалдау есебінен ішкі нарық бағыттарын субсидиялауға жол беріледі.

98. Темір жол цистерналарынан мұнайды құйып алу, темір жол цистерналарына мұнайды құю, танкерлерге мұнайды құйып алу, автоцистерналардан мұнай құйып алу, мұнайды автоцистерналарға құю, мұнайды сақтау, мұнайды ауыстырып тиеу, мұнайды араластыру, мұнай құбыры ұйымдары ұсынатын бірыңғай бағыттау жөніндегі операторлық қызмет қызмет жөніндегі тарифтерді есептеу көрсетілетін қызметтерге арналған көрсетілетін қызметтің әрбір түрі үшін мынадай формула бойынша жеке жүргізіледі:

$$t ДУ_i = \frac{ДДУ_i}{ОДУ_i}$$

мұндағы:

t ДУ<sub>i</sub> – i-көрсетілетін қызметтің 1 тоннасы үшін тариф, теңге/тонна;

ДДУ<sub>i</sub> – i- көрсетілетін қызметтен түсетін кіріс, теңге;

ОДУ<sub>i</sub> – i- көрсетілетін қызметті ұсыну көлемі, тонна.

### **9-бөлім. Бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерді есептеудің ерекшеліктері**

99. Бәсекелес кірме жол болмаған кезде жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлемі жылжымалы құрамды жолдардан өткізу санымен және өткізу ұзақтығымен сипатталады. Бәсекелес кірме жол болмаған кезде жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлеміне өзінің тұтынуы үшін, сондай-ақ сыртқы

клиенттерге ұсынылатын көрсетілетін қызмет көлемдері де енгізіледі. Көрсетілетін қызмет көлемі жылжымалы құрамның кірме жол арқылы жалпы жүрісімен вагон-километрде өлшенеді және мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_1 = N_1 * L_1,$$

мұндағы:

$Q_1$  – жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды (кірме жолдарын) ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызмет көлемі (кірме жолдармен бойынша өткізетін вагон-км);

$N_1$  – есепті кезеңде кірме жолмен (кірме жолдармен) жүріп өткен (бару және кері қайту) вагондар саны (вагон);

$L_1$  – тармақ иесінің жылжымалы құрамның өтуі үшін пайдаланатын тармақ иесінің кірме жолының кірме жолының (кірме жолдарының) ұзындығы.

Локомотив пен басқа да жылжымалы бірліктер темір жол жүрісінде жылжымалы бірлік осьтар санын төртке бөлу арқылы әмбебап вагондарға айналады.

100. Маневрлі жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін сондай –ақ бәсекелес иірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларда көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемі жолда тұрған жылжымалы құрамның санымен және оны қайта өңдеу уақыт сипатталады. Көрсетілетін қызмет көлемі кірме жолды технологиялық операцияларға пайдалануға арналған жалпы уақытпен технологиялық операциялардың вагон-сағатпен өлшенеді және мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_2 = N_2 * T_2,$$

мұндағы:

$Q_2$  – маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемі (технологиялық операциялардың вагон-сағаттары);

$N_2$  – есепті кезеңдегі кірме жолда технологиялық операцияларда нақты тұрған вагондар саны (вагон);

$T_2$  – бір жылжымалы бірліктің кірме жолда вагондармен технологиялық операцияларда тұрған уақыты (сағат).

Технологиялық операцияларда тұрған бір жылжымалы бірліктің орташа уақытын есептеу үшін деректер болмаған жағдайларда технологиялық операциялардың ұзақтығын тұруы үшін қабылданған жылжымалы бірлікті ескерместен, кірме жолдардағы жылжымалы құрамның орташа уақытының айырмашылығы ретінде бағалау ұсынылады.

101. Жылжымалы құрамның тұруы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің көлемі жолда тұрған жылжымалы құрамның санымен және оның тұру уақытымен сипатталады. Көлем тұрақ кезіндегі жылжымалы құрамға берілген кірме жолды пайдаланудың жалпы уақытымен тұрақтың вагон-сағаттарында өлшенеді және мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_3 = N_3 * T_3,$$

мұндағы:

$Q_3$  – жылжымалы құрамның тұруына арналған кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемі (тұрақтың вагон-сағаттары);

$N_3$  – есепті кезеңде кірме жолда тұрған вагондар саны;

$T_3$  – әрбір вагонның кірме жолдағы тұрағының уақыты (сағат).

102. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеу кезінде осы көрсетілетін қызметтердің тұтынушылармен жасалған шарттарымен расталатын субъектінің кірме жолдарының жалпы санын пайдалануға ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің жоспарланған көлемі негізге алынады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі өзгерген жағдайда өтінім берудің алдында аяқталған төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі база ретінде алынады. Бұл ретте, кірме жол бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі болмаған жағдайда, кірме жолдың көлемі өтінім берудің алдындағы аяқталған төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін кірме жол бойынша берілген вагондар саны деңгейінде ескеріледі.

**Ескерту. 102-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

103. Көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі төмендеген жағдайда тармақ иесі негіздейтін және растайтын материалдарды (шарттар, ниет хаттамалары) ұсынуға тиіс.

104. Пайдалануға ұсыну жөніндегі кірме жолдың қызметтері бойынша тарифтік кіріс мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D = Z + P,$$

мұндағы:

$D$  – кірме жолдың қызметтері бойынша пайдалануға ұсыну жөніндегі тарифтік кіріс ;

$Z$  – кірме жолдардың көрсетілетін қызметіне келетін шығындар (теңге);

$P$  – кірме жолдардың көрсетілетін қызметіне келетін пайданың жол берілетін деңгейі (теңге).

105. Тарифтердің шығын бөлігін қалыптастыру қағидалары үш кезеңнен тұрады:

бірінші кезеңде тармақ иесінің өндірістік шығындары айқындалады;

екінші кезеңде – кезең шығыстары;

үшінші кезеңде – кірме жолдардың көрсетілетін қызметтеріне жатқызылған шығыстар қызмет түрлері бойынша бөлінеді.

106. Бірінші кезеңде өндірістік шығындар айқындалады. Кірме жолды ұстау жөніндегі өндірістік шығындар кірме жолға диспетчерлік қызмет көрсету, кірме жолды ағымдағы ұстау шығындарынан, кірме жолды және бағыттамалы бұрмаларды жөндеуге, кірме жолдардың және бағыттамалы бұрмалардың амортизациясына арналған шығыстардан, кірме жолға қызмет көрсету үшін іске қосылған көлік құралдары мен жабдықты ұстауға арналған және басқа да шығындардан тұрады.

Кірме жолдардың қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін шығындар олардың экономикалық мазмұнына сәйкес мынадай элементтер бойынша топтастырылады: материалдық шығындар, еңбекақы төлеуге арналған шығындар, еңбекақы төлеу қорынан аударымдар, негізгі құралдардың амортизациясы, жөндеу, тарифтің, тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есептердің жобасында ескерілетін өзге де шығындар осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы.

Тарифтің шығын бөлігіне кіретін материалдық ресурстар тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтерден аспайтын (олар болған кезде) өнімнің, тауарлар (көрсетілетін қызметтер, тауарлар, жұмыстар) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын (бұдан әрі – материалдық ресурстар) қажеттілігін есептеуден шыға отырып, нақты көрсеткіштерден, бірақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтерден аспайтын (болған жағдайда) Заңның 23-бабында белгіленген қағидалармен тарифті бекітуге өтінім берген күні жүргізілген тендерлік (конкурстық) сатып алудың іс жүзіндегі нәтижелері бойынша айқындалған материалдық ресурстар бағаларынан шыға отырып айқындалады.

Отын шығыстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстары нормаларының негізінде айқындалады.

Электр энергиясына арналған шығындар кірме жолды, өндірістік ғимараттарды жарықтандыруға, орталықтандырылған электр жетектерін қоректендіру үшін электр энергиясының шығыс нормаларына сүйене отырып және тарифтерді ескере отырып айқындалады.

Өндірістік және әкімшілік персоналдың еңбекақысын төлеуге арналған шығындар осы Қағидаларға сәйкес айқындалады.

Көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығындарына клиенттермен есеп айырысулармен, негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету және

қорғаумен айналысатын персоналдың (тауар кассирлері, өндірістік үй-жайлардың сыпырушылары, күзетшілер, жүргізушілер, машинистер, матаушы еңбегіне ақы төлеу шығындар жатады.

Еңбекақы төлеу шығындарын қалыптастыру кезінде негізгі құралдар құнының өсуіне әкелетін күрделі жөндеумен айналысатын персоналдың саны есепке алынбайды.

Аударымдар өндірістік, көмекші, және қызмет көрсетуші персоналдың еңбекақы қорынан төлеуге арналған шығындар Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген қағидаларда, мөлшерлемелерге сәйкес айқындалады.

Негізгі құралдардың амортизациясы біркелкі (тікелей) есептен шығару әдісі бойынша олардың теңгерімдік (бастапқы) құнына сүйене отырып есептеледі.

**106-1. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

107. Кірме жолдар тарифтерінің шығын бөлігін қалыптастырудың екінші кезеңінде осы Қағидаларға сәйкес, тарифте ескерілетін Шығындардың мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес, Тарифте ескерілетін және ескерілетін шығындар тізбесіне сәйкес шығын бөлігіне қосылатын кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жатқызылатын субъектінің кезең шығыстары айқындалады.

Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызмет көрсетілетін түрлеріне тікелей жатқызуға болмайтын кезең шығыстары мына көрсеткіштерге:

әкімшілік шығыстар – субъекті өндірістік персоналының еңбекақы төлеу қорына тепе-тең;

жалпы шаруашылық шығыстар – субъекті көрсететін қызметтердің әрбір түрі бойынша өндірістік шығындарға тепе-тең;

салықтар мен алымдар (негізгі құралдарға байланысты), сыйақы төлеуге арналған шығыстар – субъекті ұсынатын көрсететін қызметтердің әрбір түріне жатқызылған активтердің қалдық құнына тепе-тең бөлінеді.

108. Кірме жолдары негізгі қызметке қызмет көрсететін және олар кәсіпорынның ( өнеркәсіптік, тау-кен-химиялық, металлургиялық кешендер) қосалқы қызметі болып табылатын субъектілердің тарифтеріне қосылатын тартылған активтердің шығындары мен мөлшерлерін есептеген кезде мынадайларға жол беріледі:

өзінің мұқтаждары үшін де, тұтынушыларға қызмет көрсету үшін де пайдаланылатын кірме жолдар инфрақұрылымының сипаттамалары біртекті деп саналады;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын кірме жолдардың шекаралары өзінің мұқтаждары үшін де, тұтынушыларға қызмет көрсету үшін де пайдаланылатын кірме жолдардың жалпы бөлігінің ұзақтығымен айқындалады;

тарифтердің кіріс бөлігін есептеу үшін тартылған активтердің мөлшері кірме жолдардың жалпы бөлігі активтерінің қалдық құнымен айқындалады.



109. Үшінші кезеңде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша тарифтердің шығын бөлігі айқындалады. Шығындар кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің арасында көлемдердің үлес салмағы, кірістер, өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары бойынша және кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін кірме жолдардың ұзақтығы бойынша тепе-тең бөлінеді.

110. Субъектінің кірме жолдары көрсететін қызметтеріне арналған тарифке енгізілетін жиынтық пайда осы Қағидаларға сәйкес Субъекті пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидаларына сәйкес тартылған активтер құнының және тартылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің негізінде айқындалады.

111. Тарифке қосылатын пайданың деңгейі қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, инвестициялық бағдарламаны және амортизациялық аударымдарды іске асыру үшін қажетті қаражатты есепке ала отырып шектеледі.

**Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

112. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің түрлері бойынша жалпы пайда барлық кірме жолдар үшін реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша пайданы қосу арқылы айқындалады.

113. Тарифтерді әрбір кірме жолға жеке немесе реттеліп көрсетілетін қызметке тұтастай бекітуге жол беріледі.

114. Субъект қызметтеріне тариф бекітілген кірме жолдардың ажырамас бөлігі болып табылмайтын кірме жолдарды сатып алған (салған) жағдайда осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес оңайлатылған тәртіппен жеке тариф бекітіледі.

115. Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда кірме жолдар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T = D/Q,$$

мұндағы:

T – кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф (теңге);

D – кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызмет түрінің тарифтік кірісі (теңге);

Q – кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің болжамды (іс жүзіндегі) көлемі.

116. Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметке арналған тариф 1 вагон-км-ге белгіленеді және ұсынылатын көрсетілетін қызметтен түсетін тарифтік кіріс қызмет көлемінің тарифке көбейтіндісі ретінде анықталады:

$$S_1 = T_1 * Q_1,$$

мұндағы:

$S_1$  – бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілген қызметтің тарифтік кірісі;

$T_1$  – 1 вагон-км келетін тариф;

$Q_1$  – осы Қағидалардың 99-тармағына сәйкес есептелген, бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызмет көлемі (кірме жолдар бойынша өткізілетін вагон-км).

Маневрлі жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілген қызметтен түсетін тарифтік кіріс былайша есептеледі:

$$S_2 = T_2 * Q_2,$$

мұндағы:

$S_2$  – маневрлі жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілген қызметтен түсетін тарифтік кіріс (технологиялық операциялардың вагон-сағаттары);

$T_2$  – 1 вагон-сағ үшін тариф;

$Q_2$  – осы Қағидалардың 100-тармағына сәйкес есептелген маневрлі жұмыстар, тиеу-түсіру мен тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемі (технологиялық операциялардың вагон-сағаттары).

Кірме жолды жылжымалы құрамның тұруы үшін ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілген қызметтен түсетін тарифтік кіріс былайша есептеледі:

$$S_3 = T_3 * Q_3,$$

мұндағы:

$S_3$  – кірме жолды жылжымалы құрамның тұруы үшін ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілген қызметтен түсетін тарифтік кіріс (вагон-сағаттар);

$T_3$  – 1 вагон-сағ үшін тариф;

$Q_3$  – осы Қағидалардың 101-тармағына сәйкес есептелген кірме жолды жылжымалы құрамның тұруы үшін ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемі (вагон-сағаттар).

**10-бөлім. Кейіннен порттан шығып танкерге/танкерден құбыржолдар арқылы мұнайды және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу үшін кеменің теңіз портына кіргені үшін (кеменің кіруі) реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу ерекшеліктері**

117. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган айқындайтын Кейіннен порттан шығып танкерге/танкерден құбыржолдар арқылы мұнайды және

мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу үшін кеменің теңіз портына кіргені үшін (кеменің кіруі) реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігі Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 602 бұйрығымен бекітілген теңіз портының міндетті қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19199 тіркелді):

- 1) корабельдік – кемеге теңіз портына кіруді және одан шығуды ұсыну;
- 2) навигациялық – кеменің порт айдынына кіруі/шығу кезінде кемелер қозғалысын басқару жүйесі не жағалаулық радиолокациялық жүйе арқылы навигация және байланыс құралдарымен навигациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;
- 3) арнамен өту үшін – кеменің айлаққа өтуі үшін арнаны, оның ішінде навигациялық жағдай құралдарымен жабдықталған арнаны ұсыну;
- 4) айлақтық – кемелерге айлақты жүк және көмекші операцияларды жүзеге асыру үшін ұсыну;
- 5) зәкірлік – кемелерге рейдте және/немесе айлақ қасынан зәкірлік тұрақ ұсыну;
- 6) арқандап байлау – кеменің арқандап байлау ұштарын тарату, айлақтан жылжу, кемелерді көшіру және қайта арқандап байлау;
- 7) табиғат қорғау іс-шаралары саласында – кемеден портта тұрған уақытта болған ластанудың барлық түрлерін (балласт сулардан басқа) қандай да бір шектеусіз қабылдау;
- 8) карантиндік – санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің және қамтамасыз ету жөніндегі теңіз порты көрсететін қызметтер:

карантиндік жұқпалы ауруларды және жұқпалы ауруды таратуы мүмкін деген адамдарды уақытша оқшаулау үшін үй-жай ұсыну;

теңіз портының аумағы мен объектілерін тиісті санитариялық жай-күйде ұстау;

көлік кемелерінде, порт объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың күшімен кеміргіштер мен жәндіктерді алдын-ала жою.

118. Теңіз порттарының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің бірлігіне арналған тарифтер осы параграфтың 2-бөліміне сәйкес тарифтің есебіне сәйкес қалыптастырылады.

Кеме көрсететін қызметтерге арналған тариф портқа әр кірген және шыққан кезде есептеледі және кеменің әрбір брутто-тіркелген тоннасына белгіленеді.

Навигациялық көрсетілетін қызметтерге арналған тариф кеменің бір кіргені үшін есептелуі және кеменің әрбір брутто-тіркелген тоннасы үшін белгіленеді.

Арна арқылы өткені үшін тариф арнаның бір жағына қарай әрбір өтуі кезінде есептеледі және кеменің әрбір брутто-тіркелген тоннасына белгіленеді.

Айлақ көрсететін қызметке арналған тариф жүк және қосалқы операциялармен кеменің айлақтағы тұрағы үшін есептеледі және кеменің әрбір брутто-тіркелген

тоннасына белгіленеді және айлақта (рейдтік айлақты қоспағанда) тұрған кемелерден алынады.

Егер операция кеме-кеме нұсқасы бойынша жүзеге асырылған жағдайда, айлақ көрсететін қызмет үшін елу процент тариф алынады.

Айлақта алдымен немесе артымен арқандалып, екінші кемеге тіркеліп тұрған кемелерден айлақ көрсететін қызмет үшін елу процент тариф алынады. Жүк операцияларынан тыс айлақ көрсететін қызмет үшін тариф кеменің айлақта тұрған әрбір тәулігі үшін алынады.

Жүк операцияларынан тыс айлақ көрсететін қызметке арналған тариф кеменің әрбір брутто-тіркелген тоннасы үшін, айлақта тұрған әр тәулік үшін және айлақта тұрған (рейдтік айлақты қоспағанда) кемелерден алынады.

Тәулік бойынша есептелетін тарифтерді есептеу кезінде уақыт 0,5 тәулікке дейін дөңгелектенеді, бұл ретте 0,5 тәулікке дейінгі уақыт 0,5 тәулікке ретінде қабылданады, ал 0,5 тәулік астам уақыт – 1 тәулік болып есептеледі.

Зәкір қызметтеріне арналған тариф ішкі рейдтегі тұрақ үшін есептеледі және тұрақ уақытына қарамастан кеменің әрбір брутто-тіркелген тоннасы үшін белгіленеді.

Арқандап байлау қызметтеріне арналған тариф арқан байлаушылардың арқан байлау ұштарын тарату, айлақтан жылжу кемелерді және қайта арқандап байлау жұмысы үшін алынады және бір операция үшін белгіленеді.

Кемені айлақ бойымен кеменің ұзындығынан артық ұзындыққа тарту екі операция ретінде, кеменің ұзындығынан аз ұзындыққа тарту – бір операция ретінде саналады. Кемені айлақтан айлаққа қайта арқандап байлау екі операция ретінде саналады. Арқандап байлау және арқанды шешу кезінде арқан ұштарын тарату екі операция ретінде саналады. Портта жүк жұмыстарын жүргізу кезінде кемені қайта арқандау, түсіру және тиеу кезінде бір реттен, ал қайта тиеу кешендерінің мамандандырылуына байланысты тиеу (түсіру) барысында оның орынын ауыстыру қажет болған жағдайда – тағы да бір-бірден қайта байлауға жол беріледі. Порттың талабы бойынша жүргізілген қосымша арқанды қайта байлауға жұмсалған барлық шығыстарды порт көтереді.

Табиғатты қорғау іс-шаралары үшін тариф операциялар (жүзу құралдарын беру мен жинау, қоқыс жинау үшін контейнерлер мен басқа да ыдыстар беру, қайта тиеу операциялары, шлангтеу, шлангіден айыру және т.б) жүргізуге байланысты жұмыстарды өз күшімен орындау бойынша портта тұрған уақыты кемеден барлық ластану түрлерін (балласт суларды қоспағанда) қандай да бір шектеулерсіз қабылдау жұмыстары үшін есептеледі.

Карантиндік көрсетілетін қызметтер үшін тариф карантинді инфекция аурулары бар науқастарды және инфекция жұқтыруы мүмкін күдікті адамдарды уақытша оқшаулау үшін үй-жай бергені, теңіз портының аумақтары мен объектілерін тиісті санитариялық жағдайда ұстау, үй-жайлар мен ғимараттардың құрылысы, көлік кемелерінде, порт

объектілерінде санитариялық – эпидемиологиялық стансалардың күшімен кеміргіштермен жәндіктерді алып ала жою және ол кемеңің бір кірген үшін белгіленеді.

119. Теңіз порттарының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің бірлігіне арналған тарифтер мынадай кезеңдер бойынша қалыптастырылады:

1) тарифтің шығынды бөлігін айқындау:

осы Қағидаларға сәйкес шығындардың баптары бойынша таратып жаза отырып, теңіз порттарының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің құнын қамтитын шығындарды айқындау; көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша нақты және болжамды деректер базасында заттай өлшемде теңіз порттары жұмысының көлемін айқындау;

көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша нақты және болжамды деректер базасында табиғи өлшемдегі теңіз порты жұмыстарының көлемін айқындау;

ұсынылатын қызметтердің түрлері бойынша шығындарды негізделген бөлу жолымен Тарифтердің құндық негізін айқындау;

көрсетілген қызмет бірлігінің өзіндік құнын алынған құндық негізді қызметтердің тиісті түрлерінің көлеміне бөлу жолымен айқындау;

2) тартылған активтердің реттелетін базасына салынатын пайда мөлшерлемесін ескере отырып, тарифтің кіріс бөлігін қалыптастыру.

Тарифтің шығын бөлігі осы Қағидаларға сәйкес айқындалады;

120. Теңіз портының барлық шығындары тікелей және жанама шығындар болып бөлінеді.

121. Кемеңің теңіз портына кіргені үшін қызметтерді көрсетуге байланысты тікелей шығындар тиісінше:

кеме көрсететін қызметтер – гидротехникалық ғимараттарды;

арна арқылы өткені үшін көрсетілген қызметтер – арналық ғимараттарды;

навигациялық көрсетілетін қызметтер – навигациялық жабдықты;

зәкірлік көрсетілетін қызметтер – акваторияның түбін;

айлақтық көрсетілетін қызметтер – айлақтар мен айлақ ғимараттарын;

арқанмен байлау жөнінде көрсетілетін қызметтер – арқанмен байлау тумбаларын;

карантиндік көрсетілетін қызметтер – карантиндік үй-жайларды;

табиғатты қорғау іс-шараларының көрсетілетін қызметтері – қоқыс жинағыштар мен бондарды пайдалануға және оларды ағымдағы ұстауға байланысты шығындар болып табылады.

122. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға байланысты үстеме өндірістік шығындар көрсетілетін қызметтерге тепе-тең тікелей шығындарға жатады.

123. Негізгі өндіріске қызмет көрсететін персоналдың және көмекші персоналдың жалақысы бойынша шығыстар қызмет көрсететін және көмекші персоналдардың қызметтер көрсетуге қатысу үлесіне тепе-тең бөлінеді.

124. Әлеуметтік салық жөніндегі шығыстар жалақы бойынша тиісті шығындардың үлесіне тепе-тең белгіленеді.

125. Негізгі өндіріске қызмет көрсететін көмекші бөлімшелердің негізгі құралдарының тозуы жөніндегі шығыстар реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда негізгі құралдардың қолданысқа енгізілген үлесіне тепе-тең айқындалады.

126. Негізгі өндіріске қызмет көрсететін көмекші бөлімшелердің үстеме шығыстары көрсетілетін қызметтерге (жұмыстарға) амортизацияны бөлу үшін қабылданған көрсеткішке тепе-тең бөлінеді.

127. Жалпы және әкімшілік шығыстар өндірістік шығындарға тепе-тең айқындалады.

128. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қарыз қаражаты үшін сыйақылар төлеу жөніндегі шығыстар жалпы және әкімшілік шығыстарды бөлу үшін қабылданған көрсеткіш бойынша белгіленеді. Шетел валютасында алынған қарыз қаражаты үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының негізінде теңге бағамының шетел валютасына қатысты болжамды өзгерісін ескере отырып, тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарында ескеріледі.

129. Өткізу жөніндегі шығыстар жалпы және әкімшілік шығыстарды бөлу үшін қабылданған көрсеткіш бойынша айқындалады.

130. Есепті кезеңде реттеліп көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын айқындау кезінде тарифті есептеу үшін базаға статистикалық есептілік пен ішкі есептің деректеріне сәйкес есепті кезеңде реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі негіз етіп алынады.

### **3-параграф. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген, тарифті есептеу тетігі**

131. Осы ынталандыру әдісі субъектілер үшін қолданылады:

1) қағидаларды қалыптастыру тарифіне сәйкес бекітілген тарифтердің шекті деңгейлерінің қолданылу мерзімінің өтуі;

2) бір саланың реттелетін нарығында екі және одан астам ұқсас Субъектілердің болуы (салыстырмалы талдауды жүзеге асыру мүмкіндігі кезінде);

3) Субъектісінің табиғи монополия саласының тиісті тарифтік реттеу әдісін қолдануға экономикалық және технологиялық дайындығы;

4) Субъектіге және тұтынушыларға олар орындай алмайтын міндеттерді жүктеуге жол бермеу жағдайларында қолданылады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген талаптар Заңның 8-бабының 33-тармақшасына сәйкес тізбесін уәкілетті орган айқындайтын Субъектілерге қолданылмайды.

132. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып Тариф Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін және қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы бекітетін субъект

қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтауын ескере отырып, бес және одан да көп жыл мерзімге есептеледі.

### **1-бөлім. Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеу қағидалары**

133. Тарифті есептеудің мынадай кезеңдерді көздейді:

- 1) салалық Х-факторды бағалау;
- 2) жеке Х-факторларды бағалау үшін құрылымдық параметрлер тізбесін қалыптастыру;
- 3) ұқсас субъектілердің тізбесін қалыптастыру;
- 4) жеке Х-факторларды бағалау;
- 5) субъектінің тарифті есептеу үшін мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге ұсынылған шығыстардың анықтығын талдау;
- 6) пайданы есептеу;
- 7) субъектінің тарифін есептеу;
- 8) субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін және тиімділік көрсеткіштерін сақтағаны/сақтамағаны үшін бонустары/айыппұлдары (айыппұл санкциялары) ескерілген, түзетілген тарифті есептеу.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдерді іске асыру мақсатында уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен құрамында кемінде 9 адам болатын жұмыс топтары құрылады.

Жұмыс топтарына уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосы мен өзге де мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, қоғамдық бірлестіктер, жеке кәсіпкерлік субъектілер бірлестіктері, табиғи монополия субъектісі, тұтынушы өкілдері, кәсіби тәуелсіз сарапшылар және өзге де мүдделі адамдар кіреді.

Уәкілетті орган ведомствосының жұмыскерлері болып табылмайтын Жұмыс топтары мүшелерінің ұсыныстары ұсынымдық сипатта болады, жазбаша түрде ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосына кіріс хат-хабар түрінде енгізіледі.

Әрбір жоғарыда көрсетілген кезеңдегі шешімдерді уәкілетті органның ведомствосы және (немесе) оның аумақтық бөлімшелері Жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстарын қорыту және талқылау негізінде қабылдайды және уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

134. Осы Қағидалардың 133-тармағының 1) тармақшасын іске асыру мақсатында ( субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті бекітуге арналған өтінімін алуға қарамастан) осы Қағидалардың 133-тармағының екінші тармақшасында көзделген қағидалармен, табиғи монополиялар салаларына арналған үшін тарифте ескерілетін салалық және жеке Х-факторларды бағалау жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі-Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы) құрылады.

135. X-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы жұмысты бекітілген X-факторлар қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін тоқсан жұмыс күнінен кешіктірмей бастайды.

136. Уәкілетті органның ведомствосы бұрын бекітілген салалық және жеке X-факторлардың қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын уәкілетті орган ведомствосы өзінің интернет – ресурсында орналастыратын, салалар бөлінісінде тиісінше, осы Қағидалардың 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қолданылу кезеңіне-бес жылға жаңа салалық және жеке X-факторларды бекітеді.

137. X-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны әзірлеудің басталуы туралы баспасөз релизінің жарияланған күнінен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде салалық X-факторды бағалауды жүзеге асырады.

138. Толық бес күнтізбелік жылға салалық X факторды қолдану кезеңі мына кезеңдерден басталады:

бұрын бекітілген салалық қолданылу кезеңі аяқталған күннен бастап X-фактордың (болған жағдайда));

уәкілетті орган ведомствосы айқындаған күннен бастап.

139. Уәкілетті орган ведомствосы әрбір сала үшін Заңның 8-бабының 32) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен реттеліп көрсетілетін қызметтердің тізбесіне сәйкес, осы саланың табиғи монополиялар салаларына жатқызылған барлық реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтерінде ескерілетін, X – факторлардың әрбір қолданылу кезеңінің әр жылына арналған бірыңғай салалық X-факторды бекітеді.

140. Жеке X-факторларды кейіннен есептеу үшін осы Қағидалардың 133-тармағының 2) тармақшасын іске асыру мақсатында X-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы оларды әзірлеудің бастағаны туралы баспасөз- релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік қырық күннен аспайтын мерзімде осы реттеліп көрсетілетін қызмет үшін құрылымдық параметрлер тізбесінің жобасын қалыптастырады.

141. X-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы осы Қағидалардың 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын, құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесін қамтитын, жеке X-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесін (бұдан әрі – құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесі) жасайды.

142. Уәкілетті орган ведомствосы Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне сәйкес жеке X-факторлары есептелетін, бір ғана реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектілердің тізбесін (бұдан әрі – субъектілер тізбесін) жасайды.



143. Уәкілетті орган ведомствосы жеке Х-факторларды есептеудің басталғаны туралы баспасөз - релизі жарияланған күннен бастап күнтізбелік жеті күннен аспайтын мерзімде реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектілерге осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызмет тарифтерін есептеу нысанында ескерілетін, жеке Х-факторларды бағалау кезінде пайдалану үшін құрылымдық параметрлердің жылдық тарихи деректерін ұсынуға сұрау салу жібереді. Құрылымдық параметрлер бойынша жылдық тарихи деректерді субъектілер реттелетін қызметті ұсыну кезеңі үшін жеке Х-факторлар әзірлеу басталар алдында ұсынады.

144. Белгілі бір реттелетін қызметті ұсынатын барлық субъектілерден алынған бастапқы тізбеден әрбір құрылымдық параметр мәндерінің жиынтығы.

145. Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінен құрылымдық параметрлердің мәнін есептеу нәтижелерін ескере отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұқсас субъектілер топтарын айқындауда пайдалану үшін құрылымдық параметрлердің түпкілікті тізбесінің және жеке Х-факторларды есептеудің жобасын қалыптастырады.

146. Уәкілетті органның ведомствосы Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылымдық параметрлер тізбесінің түпкілікті жобасын қабылдаған кезден бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

147. Жеке Х-факторларды есептеуде қолданылатын бекітілген құрылымдық параметрлер тарихи қолданылу кезеңінің ұзақтығы жаңадан бекітілетін жеке Х-факторлардың қолданылу кезеңінің ұзақтығына ұқсас.

148. Осы Қағидалардың 133-тармағының 3) тармақшасын іске асыру мақсатында, реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін жеке Х-факторларды кейіннен бағалау үшін күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде осы реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас субъектілер топтарын қалыптастырады, олардың деректері реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған тарифтер есебінде ескерілетін жеке Х-факторларды бағалау үшін пайдаланылатын (бұдан әрі – ұқсас субъектілер топтары).

149. Субъектілердің ұқсастығын статистикалық талдаудың нәтижелері бойынша Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы осы Қағидалардың 9-қосымшаға сәйкес ұқсас субъектілер топтарының жобасын қалыптастырады.

150. Уәкілетті органның ведомствосы өзінің интернет-ресурсында Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы отырысының хаттамасын, субъектілердің тізімін, тізбесін және ұқсас субъектілер топтарының тізбесін жариялайды.

151. Деректері жеке Х-факторларды бағалау кезінде пайдаланылатын, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас субъектілер топтарының тізбесі осы

Қағидалардың 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша интернет-ресурста жарияланған кезінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен бекітіледі.

Уәкілетті органның ведомствосы ұқсас субъектілер топтарын бекіту туралы бұйрықты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

152. Егер Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының отырысында шоғырландырылған пікір қабылданбаған жағдайда, шешім Жұмыс тобының көпшілік дауысымен қабылданады.

153. Осы Қағидалардың 133-тармағының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы бекіткен ұқсас субъектілер топтарының тізбесі жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы Жеке кәсіпкерлік субъектілерін бағалауды жүзеге асырады және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке Х-факторларды есептеу нәтижелері туралы қорытынды қалыптастырады.

Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының қорытындысы хаттамамен ресімделеді және уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

154. Субъектілер бөлінісінде жеке Х-факторлардың мөлшері Х-факторларды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы оларды есептеу нәтижелері туралы қорытынды қабылдағаннан кейін күнтізбелік жеті күннен аспайтын мерзімде уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен бекітеді.

155. Субъектінің уәкілетті органның ведомствосына беретін тариф белгілеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, субъектінің тарифті бекітуге арналған өтінімі Осы Қағидалардың 133-тармағы 5), 6) және 7) тармақшаларын іске асырудың негізі болып табылады.

Өтінім келіп түскен кезде уәкілетті орган ведомствосы ол келіп түскен кезден бастап күнтізбелік жеті күн ішінде:

осы Қағидалардың 133 тармағында көзделген қағидалармен субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу жөніндегі жұмыс тобын (бұдан әрі-Жұмыс тобы) құрады;

өзінің интернет-ресурсында Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу жөніндегі жұмыстың басталуы баспасөз - релизін орналастырады.

156. Субъект тарифтің және тарифтік сметаның жобасын қалыптастырған кезде (кірістер мен шығыстар туралы ақпаратты) шығыстарды бақыланатын және бақыланбайтын шығыстарды бөледі.

157. Бақыланбайтын шығыстарға мынадай шығыстар жатады:

1) тізбесі табиғи монополиялар туралы заңнамада айқындалған стратегиялық тауарларды сатып алуға арналған материалдық шығыстар;

2) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған міндетті сақтандыру түрлеріне арналған шығыстар, салықтар, алымдар мен төлемдер;

4) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептемелеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптар деңгейімен байланысты шығыстар.

158. Субъектінің бақыланатын шығыстарына осы Қағидаларға сәйкес бақыланбайтын және тарифте ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығыстар жатады.

Субъектінің тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес өтінім берген кезеңнің алдындағы бес жылдық кезеңдегі субъектінің нақты шығыстары тарихи бақыланатын шығыстарға жатады.

159. Жұмыс тобы тарифті есептеу басталар алдында субъектінің тарифті бекітуге арналған субъектінің өтінімін алған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде осы Қағидаларда көзделген қағидалармен мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған шығыстардың (бұдан әрі – субъект мәлімдеген шығыстар) дұрыстығына талдау жүргізеді.

160. Мәлімделген сомалары бойынша статистикалық дұрыс емес деп танылған Шығыстар болмаған жағдайда, статистикалық анық емес деп танылған, уәкілетті орган ведомствосы субъектінің тарифті бекітуге арналған өтінімін алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей:

субъектіге статистикалық тұрғыдан, дұрыс емес шығыстардың жоқтығы туралы хабарлама жібереді;

реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифті одан әрі есептеулерде субъект мәлімдеген шығыстарды (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы дұрыс деп таныған шығыстар) қолданады.

161. Мәлімделген сомалары статистикалық тұрғыдан дұрыс емес деп танылған шығыстар болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы субъектінің тарифті бекітуге арналған өтінімін алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, субъектіге шығыстардың баптар бөлінісіндегі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған субъектінің статистикалық тұрғыдан дұрыс емес шығыстар тізбесінің 1-нысаны бойынша және осы Қағидалардың 12-қосымшаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған субъект шығыстарының дұрыстығына статистикалық талдау шеңберінде жүргізілген есептеулердің 2-нысаны бойынша статистикалық талдау шеңберінде жүргізілген статистикалық, тұрғыдан дұрыс емес шығыстардың тізбесін жібереді.

162. Субъект статистикалық дұрыс емес шығыстар тізбесін алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына шығыстардың осы баптарын растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

Субъектінің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға ұсынатын есептілік;

материалдық, қаржылық ресурстарды, жабдықтар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері;

қарыз шарттары (қаржыландыру шарттарын, оның ішінде сыйақыларды, комиссиялық төлемдерді төлеу шарттарын және растау құжаттарын көрсете отырып);

мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі органның басшылардың, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлердің еңбекақысы мен лауазымдық айлықақыларын төлеу қорын, сондай-ақ сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін (мемлекеттің қатысу үлесі басым мемлекеттік кәсіпорындар не кәсіпорындар үшін) белгілеу туралы шешімі;

ниет хаттамалары, шарттар;

шығыстардың басқа да растайтын құжаттар (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объект бойынша тізбесі).

Субъект растайтын құжаттарды субъект басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен расталған, әрбір құжатқа түсіндірме жазбасын қоса бере отырып тігіліп, тігінделген түрде ұсынады.

163. Уәкілетті органның ведомствосы субъектіден растайтын құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде оларды жұмыс тобының қарауына шығарады.

Жеке Х-факторларды есептеу жөніндегі жұмыс тобы уәкілетті орган ведомствосының жеке Х-факторларды есептеу нәтижелері туралы қорытындысын қарап, оны алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

уәкілетті органның ведомствосы есептеген Субъектілер бөлінісінде жеке Х-факторлардың нәтижелерін келісу туралы;

жеке Х-факторларды есептеу бойынша жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары бойынша түзетілген субъектілер бөлінісіндегі жеке Х-факторлардың мөлшерін келісу туралы.

Осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша Субъект мәлімдеген шығыстардың дұрыстығын жұмыс тобының қарау нәтижелері хаттамамен бекітіледі.

164. Жұмыс тобы дұрыс деп таныған шығыстар сомасы:

жұмыс тобы тарифті есептеудің одан әрі кезеңдерінде пайдаланады;

жұмыс тобы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде субъектіге жіберіледі.

**165. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

166. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті саралау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

167. Уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифпен бір мезгілде реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерін және қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштерін бекітеді.

168. Осы Қағидалардың 133-тармағының 8) тармақшасын іске асыру үшін субъектінің жыл сайынғы негізде есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына ұсынатын уәкілетті орган бекіткен Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында көзделген нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы және Субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп болып табылады.

169. Уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің есептерін қарау нәтижелері бойынша Субъектінің пайдасына бонустардың/айыппұлдардың мөлшерін есептейді және тиісті жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Субъектіге тарифті өзгерту туралы хабарлама жібереді:

реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтауды;  
субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының міндетін атқарушы 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12955 болып тіркелген) тұтыну бағаларының индексын құру әдіснамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – КЖ) деректері бойынша инфляцияның нақты деңгейін төмендету.

170. Субъектінің кірістері, шығыстары және тарифтері туралы, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, жыл сайынғы мониторинг нәтижелері бойынша алынған қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы деректерді Субъект есепті жылдан кейінгі жылдарға арналған тарифтерді есептеу кезінде пайдаланады.

171. Субъект реттеліп көрсетілетін қызметке өзгертілген тарифті тиісті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейін қолданады.

**3-бөлім. Салалық X-факторды бағалау қағидалары**

172. Салалық Х-фактор қолданылу кезеңінің әрбір жылына мына формула бойынша анықталады:

$$X_{отр,п} = \frac{X_{отр}^{расч}}{N}$$

мұндағы

$X_{отр,п}$

– әрбір жылға арналған салалық Х-фактор;

$X_{отр,п}$

– осы Қағидалардың 173-тармағына сәйкес есептелген есептік салалық Х-фактор;

N – салалық Х-фактордың қолданылу кезеңіндегі жылдар саны.

173. Есептік салалық Х-фактор экономиканың факторлық өнімділігінің өсіміне қатысты саланың факторлық өнімділігінің орташа арифметикалық (алдыңғы салалық Х-факторды әзірлеудің бес жылында) өсімін бағалау арқылы Торнквист индексі әдісімен мына формула бойынша анықталады:

$$X_{отр}^{обобщ} = \frac{1}{5} \sum_{t=t_0-5}^{t_0-1} [(TFP_{отрt,t-1} - TFP_{экт,t-1}) + (ИЦП_{экт,t-1} - ИЦП_{отрt,t-1})],$$

мұндағы:

$X_{отр}^{обобщ}$

– есепті салалық Х-фактор;

$TFP_{отрt,t-1}$

– осы Қағидалардың 174-тармағына сәйкес есептелген t-1 жылына қарағанда t жылы саланың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны, процентпен;

$TFP_{экт,t-1}$

– осы Қағидалардың 176-тармағына сәйкес есептелген t-1 жылына қатысты t жылы экономиканың факторлық өнімділігінің өсу қарқыны, процентпен;

t<sub>0</sub> – салалық Х-факторды әзірлеу жылы;

### ИЦП<sub>экт,t-1</sub>

– статистика комитетінің деректері бойынша, процентпен айқындалған, t-1 жылымен салыстырғанда қарағанда t жылы технологиялық процесс үшін Қазақстан Республикасының кәсіпорындары сатып алынған, материалдық-техникалық ресурстар бағаларының өзгеруін сипаттайтын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағаларының индексі. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органда мұндай деректер болмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалған t-1 жылына қарағанда t жылы технологиялық процесс үшін Қазақстан Республикасының кәсіпорындары сатып алған материалдық-техникалық ресурстар бағаларының өзгеруін сипаттайтын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағаларының индексіні процентпен пайдаланады:

### ИЦП<sub>отрт,t-1</sub>

– статистика комитетінің деректері бойынша айқындалған процентпен, t-1 жылына салыстырғанда t жылы технологиялық процесс үшін тиісті саланың Қазақстан Республикасының субъектілері сатып алған материалдық-техникалық ресурстар бағаларының өзгеруін сипаттайтын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағаларының индексі, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органда мұндай деректер болмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы мынадай формула бойынша есептелген t-1 жылына салыстырғанда t жылы, процентпен тиісті саланың табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің өндірістік және инвестициялық шығыстары өсімінің орташа арифметикалық қарқынын пайдаланады:

$$\text{ИЦП}_{\text{отрт,t-1}} = \sum_{i=1}^n \frac{(\text{ПЗ}_{it} + \text{ИЗ}_{it}) - (\text{ПЗ}_{it-1} + \text{ИЗ}_{it-1})}{\text{ПЗ}_{it-1} + \text{ИЗ}_{it-1}} 100\%,$$

мұндағы:

ПЗ<sub>it</sub>– i субъектінің t жылы i субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар, кірістер және тарифтер туралы жыл сайынғы есебі негізінде айқындалған, тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған өндірістік шығыстары;

ИЗ<sub>it</sub>– i субъектінің t жылы i субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстар, кірістер және тарифтер туралы жыл сайынғы есебі негізінде айқындалған, уәкілетті органның ведомство тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге арналған инвестициялық бағдарламада ескерілген инвестициялық шығыстары;

n – тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің саны.

174. t-1 жылына қарағанда t жылының салалық факторлық өнімділігі өсімінің қарқыны мына формула бойынша есептеледі:

$$TFP_{отр\ t,t-1} = \frac{\left(\frac{D_{отр\ t}}{D_{отр\ t-1}}\right)}{\left(\frac{K_{отр\ t}}{K_{отр\ t-1}}\right)^{\frac{s_{отр\ k,t}+s_{отр\ k,t-1}}{2}} \times \left(\frac{T_{отр\ t}}{T_{отр\ t-1}}\right)^{\frac{s_{отр\ l,t}+s_{отр\ l,t-1}}{2}}},$$

мұндағы:

$TFP_{отр\ t, t-1}$  – t-1 жылына қарағанда t жылы саланың факторлық өнімділігінің өсімінің қарқыны;

$D_{отр\ t}$  – мына формула бойынша айқындалған, t жылы саланың мың теңгеде нақты (инфляциялық ықпалды нивелирлеу арқылы түзетілген нақты мәнде, яғни тұрақты бағаларда көрсетілген (бұдан әрі – нақты) жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ):

$$D_{отр\ t} = D_{ном,отр\ t} / ИПЦ_t^{t_0-6} \times 100,$$

мұндағы:

$$ИПЦ_t^{t_0-6}$$

– статистика комитетінің деректері бойынша t0 – 6 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда қарағанда t жылғы тұтыну бағаларының индексі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті бес жылдық болжамды кезеңге арналған отырысында мақұлданған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес процентпен. Индекс мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері болған кезде кез келген басқа жылдың тұрақты бағаларында қолданылады.

$$D_{ном,отр\ t}$$

– мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалған, t жылы ағымдағы бағалардағы саланың ЖІӨ және Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында мақұлданған Қазақстан Республикасының тиісті бес жылдық болжамды кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мың теңгемен. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның



саланың ЖІӨ бойынша  $t$  жылғы деректері болмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің  $t$  жылғы кірістерінің сомасын пайдаланады:

$$D_{\text{ном,отрт}} = \sum_{i=1}^n D_{\text{субti}}$$

мұндағы:

$D_{\text{субti}}$

– тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін  $i$  субъектінің  $t$  жылғы кірісі, мың теңгемен;

$K_{\text{отрт}}$

– мына формула бойынша айқындалған,  $t$  жылғы саладағы негізгі құралдардың нақты құны:

$$K_{\text{отрт}} = \frac{K_{\text{ном,отрт}}}{\text{ИЦП}_t^{t_0-6}} * 100,$$

мұндағы:

$K_{\text{ном,отрт}}$

– статистика комитетінің деректері бойынша айқындалған,  $t$  жылғы ағымдағы бағаларда саланың негізгі құралдарының құны, мың теңгемен. Саланың негізгі құралдарының құны бойынша мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің  $t$  жылғы негізгі құралдары құнының сомасын пайдаланады:

$$K_{\text{ном,отрт}} = \sum_{i=1}^n K_{\text{субti}},$$

мұндағы:

$K_{\text{субti}}$  – тиісті аяның табиғи монополиялар салаларында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін  $i$  субъектінің  $t$  жылғы негізгі құралдарының құны, мың теңге;

$T_{отpt}$  – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалған,  $t$  жылғы тиісті салада бір адам жұмыс істеген сағат саны, сағ/адам;

$S_{отpk,t}$  – мына формула бойынша айқындалған  $t$  жылғы сала кірістерінің жалпы сомасында негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі:

$$S_{отpk,t} = 1 - S_{отpl,t}$$

$S_{отpl,t}$  – мына формула бойынша айқындалған  $t$  жылғы сала кірістерінің жалпы сомасындағы еңбекке ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың үлесі:

$$S_{отpl,t} = \frac{KЗ_{отpt}ЗП_{отpt}}{Д_{ном,отpt}},$$

мұндағы:

$ЗП_{отpt}$  – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалған  $t$  жылы саланың орташа жылдық жалақысы, теңге/адам;

$КЗ_{отpt}$  – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалған  $t$  жылы салада жұмыс істейтіндердің саны, мың адам.

175. Саланың  $t-1$  жылымен салыстырғанда  $t$  жылғы факторлық өнімділігі өсімінің қарқынын бағалауды оңайлату мақсатында уәкілетті органның ведомствосы мына формула бойынша лог-линеарлық нысанда жүзеге асырады:

$$tfp_{отp,t,t-1} = (D_{отpt} - D_{отpt-1}) - 0.5 * (S_{отpk,t} + S_{отpk,t-1})$$

$$(K_{отpt} - K_{отpt-1}) - 0.5(S_{отpl,t} + S_{отpl,t-1}) * (T_{отpt} - T_{отpt-1}),$$

мұндағы:

$$X_{отpt} = \ln X_{отpt}$$

$$X_{отpt} = (D_{отpt}; K_{отpt}; T_{отpt})$$

$$tfp_{отp,t,t-1} - t-1$$

– t-1 жылымен салыстырғанда саланың t жылғы факторлық өнімділігі өсімінің қарқыны

176. t-1 жылымен салыстырғанда экономиканың t жылғы факторлық өнімділігі өсімінің қарқыны мына формула бойынша есептеледі:

$$TFP_{\text{эк}t,t-1} = \frac{\left(\frac{D_{\text{эк}t}}{D_{\text{эк}t-1}}\right)}{\left(\frac{K_{\text{эк}t}}{K_{\text{эк}t-1}}\right)^{\frac{s_{\text{эк}k,t}+s_{\text{эк}k,t-1}}{2}} \times \left(\frac{T_{\text{эк}t}}{T_{\text{эк}t-1}}\right)^{\frac{s_{\text{эк}l,t}+s_{\text{эк}l,t-1}}{2}}}$$

мұндағы:

$TFP_{\text{эк}t,t-1}$  – t-1 жылымен салыстырғанда экономиканың t жылғы факторлық өнімділігі өсімінің қарқыны;

$D_{\text{эк}t}$  – мына формула бойынша айқындалған, экономиканың t жылғы нақты ЖІӨ, мың теңге:

$$D_{\text{эк}t} = D_{\text{ном,эк}t} / \text{ИПЦ}_t^{t_0-6} \times 100,$$

мұндағы:

$D_{\text{ном,эк}t}$  – Статистика Комитетінің деректері бойынша айқындалған, мың теңгемен, t жылғы ағымдағы бағаларда экономиканың ЖІӨ және Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында мақұлданған тиісті бес жылдық болжамды кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес.

$K_{\text{эк}t}$  – мына формула бойынша айқындалған t жылғы экономикадағы негізгі құралдардың нақты құны:

$$K_{\text{эк}t} = \frac{K_{\text{ном,эк}t}}{\text{ИЦП}_t^{t_0-6}} * 100,$$

мұндағы:

$K_{\text{ном,эк}t}$  – статистика комитетінің деректері бойынша айқындалған, t жылғы ағымдағы бағаларда экономиканың негізгі құралдарының құны, мың теңгемен;

$T_{\text{эк}t}$  – статистика комитетінің деректері бойынша айқындалған, t жылғы экономикадағы бір адамға шаққанда жұмыс істелген сағаттардың саны, сағ/адам;

$S_{\text{экк},t}$  – мына формула бойынша айқындалған,  $t$  жылғы экономика кірістерінің жалпы сомасындағы негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстардың үлесі:

$$s_{\text{экк},t} = 1 - s_{\text{экл},t}$$

$S_{\text{экл},t}$  – мына формула бойынша айқындалған,  $t$  жылғы экономика кірістерінің жалпы сомасындағы еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстардың үлесі:

$$s_{\text{экл},t} = \frac{KZ_{\text{экт}}ЗП_{\text{экт}}}{D_{\text{ном,экт}}},$$

мұндағы:

$ЗП_{\text{экт}}$  – статистика комитетінің деректері бойынша айқындалған,  $t$  жылы экономикадағы орташа жылдық жалақы, теңге/адам;

$KZ_{\text{экт}}$  – статистика комитетінің деректері бойынша айқындалған  $t$  жылы экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам.

177.  $t-1$  жылымен салыстырғанда  $t$  жылғы экономиканың факторлық өнімділігі өсімінің қарқынын бағалауды оңайлату мақсатында уәкілетті органның ведомствосы лог-линеарлық нысанда жүзеге асырады:

$$\begin{aligned} \text{tfp}_{\text{экт},t,t-1} &= (D_{\text{экт } t} - D_{\text{экт } t-1}) - 0.5 * (s_{\text{экк},t} + s_{\text{экк},t-1}) \\ & (K_{\text{экт}} - K_{\text{экт}-1}) - 0.5 * (s_{\text{экл},t} + s_{\text{экл},t-1}) * (T_{\text{экт } t} - T_{\text{экт } t-1}), \end{aligned}$$

мұндағы:

$$x_{\text{экт}} = \ln X_{\text{экт}}, X_{\text{экт}} = (D_{\text{экт}}; K_{\text{экт}}; T_{\text{экт}}),$$

$\text{tfp}_{\text{экт},t,t-1}$  –  $t-1$  жылымен салыстырғанда  $t$  жылы экономиканың факторлық өнімділігі өсімінің қарқынын бағалау.

#### **4-бөлім. Жеке X-факторларды бағалау үшін құрылымдық параметрлердің тізбесін қалыптастыру**

178. Субъект құрылымдық параметрлердің мәндерін қалыптастыру кезінде мынадай ақпарат көздерін:

- 1) жабдықтың техникалық паспорттарын;

2) мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілері және (немесе) объектілерді пайдалануға қабылдау (беру) актілерін пайдаланады.

179. Субъект құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінің жобасын алған кезден бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына сұратылған ақпаратты ұсынады.

180. Реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъект уәкілетті органның ведомствосына бастапқы тізбе жобасынан қандай да бір құрылымдық параметрлерді толықтыру және (немесе) алып тастау бойынша ұсыныстар береді.

181. Субъектілерден бастапқы тізбенің жобасын жаңа құрылымдық параметрлермен толықтыру бойынша ұсыныстар алған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тиісті реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін барлық субъектілерден субъектілер ұсынған құрылымдық параметрлер бойынша мәндерді қосымша жинауды ұйымдастырады.

Егер қандай да құрылымдық параметр субъектілердің он проценттен астамында болмаса, онда бұл құрылымдық параметр түпкілікті тізбеге қосылмайды.

182. Уәкілетті органның ведомствосы құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесін қалыптастырады, ол:

1) елу проценттен астамын субъектілерді алып тастау ұсынылған қоспағанда, бастапқы тізбе жобасынан алынған құрылымдық параметрлерді;

2) Субъектілер ұсынған құрылымдық параметрлерді (болған кезде);

3) бастапқы тізбе кемінде үш, бірақ оннан аспайтын құрылымдық параметрді қамтиды.

183. Құрылымдық параметрлердің бастапқы тізбесінен уәкілетті органның уәкілетті органның ведомствосы талдау жүргізу арқылы статистикалық маңызды құрылымдық параметрлерді бөледі.

184. Белгілі бір реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін барлық субъектілерден алынған бастапқы тізбеден  $s$  әрбір құрылымдық параметр мәндерінің жиынтығы матрица түрінде қалыптастырылады:

$$X = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_S),$$

мұндағы:

$$X_{11}' = \begin{bmatrix} X_{11}^1 \\ \dots \\ X_{11}^s \\ \dots \\ X_{11}^S \end{bmatrix}, \dots, X_{it}' = \begin{bmatrix} X_{it}^1 \\ \dots \\ X_{it}^s \\ \dots \\ X_{it}^S \end{bmatrix}, \dots, X_{IT}' = \begin{bmatrix} X_{IT}^1 \\ \dots \\ X_{IT}^s \\ \dots \\ X_{IT}^S \end{bmatrix},$$

$X$  – құрылымдық параметрлердің логарифмделген мәндерінің (натурал логарифм бойынша) матрицасы;

$$x_{it}^s$$

–  $i$  субъектінің деректері бойынша  $t$  жылғы  $s$  құрылымдық параметрдің логарифмделген мәні;

$$i \in [1; I]$$

– субъектінің сәйкестендіргіші,  $I$  – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің саны;

$$t \in [1; T]$$

– жыл сәйкестендіргіші,  $T$  – жеке  $X$ -факторларды әзірлеудің алдындағы барлық субъектілер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең аз кезеңі,  $1$  – осы кезеңнің бірінші жылы;

$$s \in [1; S]$$

– құрылымдық параметрдің сәйкестендіргіші,  $S$  – құрылымдық параметрлердің саны;  
 $1s$ –  $S$  өлшемділігінің бірлік векторы.

Субъект бақылайтын реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстар жиынтығының матрицасы:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} \\ \dots \\ y_{I1} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{It} \\ \dots \\ y_{1T} \\ \dots \\ y_{IT} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

$Y$  – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделген нақты бақыланатын шығыстардың матрицасы;

$Y_{it}$  –  $t$  жылғы номиналды бақыланатын шығыстарды көбейтумен алынған  $i$  субъектінің деректері бойынша  $t$  жылғы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделген нақты бақыланатын шығындардың сомасы.

185. Уәкілетті органның ведомствосы регрессиялық талдау шеңберінде құрылымдық параметрлердің статистикалық мәнін бағалау мақсатында:

регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің бақыланатын шығыстары ( $Y$ ) мен құрылымдық параметрлер ( $X$ ) арасындағы тәуелділік )

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

немесе матрицалық түрде  $Y = X\alpha + \varepsilon$ ,

мұндағы:

$\varepsilon_{it}$

– нөлге тең математикалық болжаммен және бірдей дисперсиямен алынған  $t$  жылы  $i$  субъектіге арналған "регрессияны бағалау қателігі" статистикалық көрсеткіші,;

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^S)'$$

–  $X_s$  құрылымдық параметрлерінің әрқайсысымен

$Y$  бақыланатын шығыстардың байланысын айқындайтын, регрессия коэффициенттерінің векторы ең аз квадраттар әдісімен мынадай статистикалық көрсеткіштердің мәндерін есептейді:

мына формула бойынша:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y;$$

құрылымдық параметрлер бөлінісінде

$$\alpha = (\alpha^1, \dots, \alpha^S)'$$

регрессиясы коэффициенттерінің векторын бағалау.

мына формула:

$$\sigma^{a'}\sigma^a = \frac{1}{IT-I-S} (Y - Xa)'(Y - Xa)(X'X)^{-1},$$

регрессияның әрбір коэффициенті үшін  $t$ -өлшемшарты (Стьюдент)

мына формула бойынша:

$$t_{a_s}^{\text{Стьюд}} = \frac{a_s}{\sigma_s} \text{ для } s \in [1; S],$$

R2 детерминация коэффициенті  
мына формула бойынша:

$$R^2 = a'Ma,$$

F- өлшемшарттар (Фишер)

$$F_{S, IT-I-S}^{\text{Фишер}} = \frac{R^2 (IT-I-S)}{(1-R^2)S},$$

мынадай шартты қанағаттандыратын, статистикалық маңызы жоқ құрылымдық параметрлерді, регрессия коэффициенттері үшін t-өлшемшарттардың абсолютті мәндерін анықтайды:

$$|t_{a_s}^{\text{Стьюд}}| < t_{IT-I-S, 1-\theta}^{\text{Табл}},$$

мұндағы:

$$t_{IT-I-S, 1-\theta}^{\text{Табл}}$$

– t- өлшемшарттың (Стьюдент) кестелік мәні;

$$(1 - \theta)$$

– құрылымдық статистикалық тұрғыдан маңызы жоқ деп танылатын ықтималдылық (Стьюдент өлшемшарт), уәкілетті органның ведомствосы 90% деңгейінде айқындайды; маңызды емес құрылымдық параметрлер болған жағдайда, осы Қағидалардың тармағында көрсетілген регрессиядан барлық T кезеңіне барлық I субъектілер бойынша бірінің деректері алып тасталады, яғни

$$Y = X_{\text{без}} \chi^s \alpha + \varepsilon$$

мұндағы:



$$X_{11}' = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{11}^s \end{bmatrix}, \dots, X_{it}' = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{it}^s \end{bmatrix}, \dots, X_{IT}' = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ 0 \\ \dots \\ x_{IT}^s \end{bmatrix},$$

және Қағидалардың осы тармағында көзделген алгоритмге сәйкес осы регрессия үшін статистикалық маңызы жоқ құрылымдық параметрлерді анықтайды;

регрессияда статистикалық тұрғыдан маңызы жоқ құрылымдық параметрлер болмаған жағдайда, мынадай шартқа сәйкес F-өлшемшарттарды (Фишер) бағалайды:

$$\text{егер } F_{S,IT-I-S}^{\text{Фишер}} > F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Табл}},$$

мұндағы:

$$F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Табл}}$$

– еркіндік дәрежелері S және IT-I-S F-өлшемшарттың (Фишер) кестелік мәні;

$$(1 - \theta)$$

– құрылымдық параметр статистикалық тұрғыдан маңызды емес деп танылатын ықтималдылық (Фишер өлшемшарты), уәкілетті органның ведомствосы 95% деңгейінде айқындайды;

онда регрессия статистикалық тұрғыдан маңызды және осы регрессияның барлық құрылымдық параметрлері – статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылады және жеке X-факторларды бағалау бойынша одан әрі талдауда, оның ішінде ұқсас Субъектілерді таңдауда қолданылады;

$$\text{егер } F_{S,IT-I-S}^{\text{Фишер}} < F_{S,IT-I-S,1-\theta}^{\text{Табл}}, \text{ болса,}$$

онда регрессиядан біртіндеп (бірінен соң бірі) I субъектілер үшін барлық T кезендегі барлық құрылымдық параметрлердің деректері алып тасталады және Қағидалардың осы тармағында көрсетілген қадамдар жүзеге асырылады.

186. Егер барлық құрылымдық параметрлерді регрессиядан алып тастау статистикалық тұрғыдан маңызды құрылымдық параметрлерді анықтауға әкелмеген жағдайда F-өлшемшарттардың мәні ең үлкен регрессияның құрылымдық параметрлері

статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылады және жеке X-факторларды бағалау бойынша одан әрі талдауда қолданылады.

### 5-бөлім. Ұқсас субъектілердің тізбесін қалыптастыру

187. Ұқсас субъектілердің топтарын қалыптастыру мақсатында уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің ұқсастығына статистикалық талдауды жүзеге асырады.

188. Бекітілген тізбеден алынған құрылымдық параметрлердің мәндері:

$$X_s = \begin{bmatrix} x_{11}^s & \dots & x_{1T}^s \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{i1}^s & x_{it}^s & x_{iT}^s \\ \dots & \dots & \dots \\ x_{I1}^s & \dots & x_{IT}^s \end{bmatrix} \quad s \in [1; S'] - \text{үшін}$$

мұндағы:

X – бекітілген тізбеден алынған құрылымдық параметрлердің логарифмделген (заттай логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

i[1;I] – субъектінің сәйкестендірушісі, I – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің саны;

t[1;T] – жылдың сәйкестендірушісі, T – жеке X-факторларды әзірлеу алдындағы барлық субъектілер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетудің ең аз кезеңі, 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

S'

- бекітілген тізбедегі құрылымдық параметрлердің саны;

Реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған нақты бақыланатын шығыстар:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} & \dots & y_{1T} \\ \dots & \dots & \dots \\ y_{i1} & y_{it} & y_{iT} \\ \dots & \dots & \dots \\ y_{I1} & \dots & y_{IT} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

Y – реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған логарифмделген нақты бақыланатын шығынстардың матрицасы;

Егер қандай да бір i субъектіде бақыланатын шығыстар және (немесе) барлық T кезеңі үшін бір немесе одан көп құрылымдық параметрлер бойынша деректер болмаған

жағдайда, осы  $i$  субъект талдаудан алып тасталады, одан әрі ұқсастығы туралы есептерде және жеке  $X$ -факторларды есептеуде мұндай субъект "деректердің болмауы себепті алып тасталды" деп белгіленеді.

189. Субъектілердің талданатын деректерінің салыстырмалылығын статистикалық талдау шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы:

регрессиядан (жеке  $X$ -факторларды бағалау үшін бекітілген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің бақыланатын шығыстары ( $Y$ ) мен құрылымдық параметрлер ( $X$ ) арасындағы тәуелділік):

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it},$$

мұндағы:

$\varepsilon_{it}$

– нөлге тең математикалық күтумен және бірдей дисперсиямен алынған  $i$  субъект үшін  $t$  жылғы "регрессияны бағалау қатесі" статистикалық көрсеткіші;

$a = (a^1, \dots, a^S)'$  –  $Y$  бақыланатын шығыстардың  $X$ s құрылымдық параметрлердің әрқайсысымен байланысын айқындайтын регрессия коэффициенттерінің векторы;

ең кіші квадраттар әдісімен жеке  $X$ -факторларды бағалау үшін бекітілген құрылымдық параметрлер бөлінісінде регрессия коэффициенттері векторын бағалау мәнін  $a = (a^1, \dots, a^S)'$  мына формула бойынша есептейді:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y,$$

Қағидалардың осы тармағына сәйкес бағаланған әрбір  $i$  субъектісі және  $t$  жылы үшін модель коэффициенттерін пайдалана отырып, есепті қалдықтарды мына формула бойынша есептейді:

$$e_{it}^{\text{расч}} = y_{it} - X_{it}a, \text{ ал } i \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін}$$

немесе матрица түрінде  $e = Y - Xa$ ,

мұндағы:

$e_{\text{расч}}$  – әрбір  $i$  субъектісі және  $t$  жылы үшін Қағидалардың осы тармағына сәйкес бағаланған коэффициенттер пайдаланылған есептік қалдықтар;

$X$  – құрылымдық параметрлердің логарифмделген (заттай логарифм бойынша) матрицасы;

$Y$  – реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған логарифмделген нақты бақыланатын шығыстардың матрицасы;

$i[1;I]$  – субъектінің сәйкестендірушісі,  $I$  – реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектілердің саны;

$t[1;T]$  – жылдың сәйкестендірушісі,  $T$  – жеке  $X$ -факторларды әзірлеу алдындағы барлық субъектілер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың ең аз кезеңі,  $1$  – осы кезеңнің бірінші жылы;

әрбір  $i$  субъект үшін қалдық жылдары бойынша орташа арифметикалық мәнді есептейді:

$$e_i = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T e_{it},$$

барлық субъектінің мәндері бойынша ең кіші қалдықты таңдайды, оны есептік бақыланатын шығыстарға қосады – есептік қалдықтарды алады:

$$i \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін } y_{it} = X_{it}a + e_i,$$

өсу реті бойынша барлық субъектілер үшін мәндер қатарын қалыптастырады және  $W$  әрбір мәні қатарда бар жиілікті (мәндер санын) процентпен және жинақталған жиілікті процентпен есептейді;

25%-персентиль мынадай формула бойынша есептейді:

$$g_1 = w_1 + q \frac{\frac{1}{4} \sum f - F_{1w-1}}{f_{1w-1}},$$

мұндағы:

$g_1$

– өсу реті бойынша барлық субъектілер үшін мәндер қатары;

$W_1$  – 25%-персентильді қамтитын интервалдың төменгі шекарасы (интервал бірінші 10 проценттен асатын жинақталған жиілік бойынша айқындалады);

$F_{1W-1}$  – 25%-персентильді қамтитын, интервалдың алдындағы интервалдың жинақталған жиілігі;

$f_{1W-1}$  – 25%-персентильді қамтитын интервалдың жиілігі;

25%-персентильді, 25%-дельтаны қамтитын интервалдағы ең жоғары және ең кіші мәндер арасындағы айырма:

0,5-тен аз не тең болған жағдайда ұқсас субъектілердің барлық қалған топтары осы айырма ескеріле отырып, қалыптастырылады – мәндері интервалда өсетін, ең жоғары

және ең кіші мәндер арасындағы айырма 25%-дельтаға тең барлық субъектілер бір топқа қалыптастырылады;

0,5-тен көп болса, бірінші топ ең жоғары және ең кіші мәндері 0,5 болатын субъектілер бойынша алынады, кейінгі топтар 0,5-ке сүйене отырып қалыптастырылады: мәндері интервалда өсетін, ең жоғары және ең кіші мәндер арасындағы айырма 0,5-ке тең барлық Субъектілер бір топқа қалыптасады.

#### 6-бөлім. Жеке X-факторларды бағалау

190. Жеке X-факторлар қолданылу кезеңінің әрбір жылына субъектілер бөлінісінде мына формула бойынша анықталады:

$$X_i^{\text{инд}} = \frac{X_i^{\text{индрасч}}}{N^{\text{инд}}},$$

мұндағы:

$$X_i^{\text{индрасч}}$$

– осы Қағидалардың 191-тармағына сәйкес  $i$  субъект үшін есептелген есептік жеке X-фактор;

$$N^{\text{инд}}$$

– жеке X-факторлардың қолданылу кезеңіндегі жылдар саны.

191. Уәкілетті органның ведомствосы мына формула бойынша тиімді шекарадан іс жүзіндегі шығыстардың ауытқу уақыты бойынша арифметикалық орташа ретінде әрбір  $i$  субъект үшін есептік жеке X-факторларды есептейді:

$$X_i^{\text{индрасч}} = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T (y_{it} - y_{it}^{\text{эфф}}),$$

мұндағы:

– субъектінің сәйкестендіргіші,  $T$  – реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын ұқсас субъектілердің бекітілген тізбесінен алынған субъектілердің саны.

192. Жеке X-факторларды бағалау мақсатында уәкілетті органның ведомствосы ең кіші квадраттар әдісімен мынадай алгоритмге сәйкес құрылымдық параметрлер (бұдан әрі – тиімділік шекарасы) функциясы ретінде реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған ең аз бақыланатын шығындарды бағалайды:

реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға ұқсас субъектілердің бекітілген тізбесінен алынған субъектілердің деректері бойынша бекітілген тізбеден құрылымдық параметрлер мәндерінің жиынтығы матрица түрінде қалыптастырылады:

$$X = (X'_{11}, X'_{12}, \dots, X'_{it}, \dots, X'_{IT}, 1_{S'}), \text{ где } X'_{11} = \begin{bmatrix} x_{11}^1 \\ \dots \\ x_{11}^s \\ \dots \\ x_{11}^{S'} \end{bmatrix}, \dots, X'_{it} = \begin{bmatrix} x_{it}^1 \\ \dots \\ x_{it}^s \\ \dots \\ x_{it}^{S'} \end{bmatrix}, \dots, X'_{IT} = \begin{bmatrix} x_{IT}^1 \\ \dots \\ x_{IT}^s \\ \dots \\ x_{IT}^{S'} \end{bmatrix}$$

мұндағы:

$X$  – бекітілген тізбеден алынған құрылымдық параметрлердің логарифмделген (натуралды логарифм бойынша) мәндерінің матрицасы;

$x_{it}^s$

–  $i$  субъектінің деректері бойынша  $t$  жылы бекітілген тізбеден алынған  $s$  құрылымдық параметрдің логарифмделген мәні;

$s \in [1; S']$

– құрылымдық параметрдің сәйкестендіргіші,  $S'$  – бекітілген тізбеден алынған құрылымдық параметрлердің саны;

$1_{S'}$

–  $S'$  өлшемділіктің бірлік векторы.

Ұқсас бекітілген субъектілер тізбесінен алынған субъектілердің деректері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған бақыланатын шығыстардың жиынтығы матрица түрінде ұсынылады:

$$Y = \begin{bmatrix} y_{11} \\ \dots \\ y_{1t} \\ \dots \\ y_{1T} \\ \dots \\ y_{IT} \\ \dots \\ y_{IT} \end{bmatrix},$$

мұндағы:

$Y$  – реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған логарифмделген нақты бақыланатын шығыстардың матрицасы.

Регрессиядан (реттеліп көрсетілетін қызметті көрсететін субъектілердің бақыланатын шығыстары ( $Y$ ) мен құрылымдық параметрлер ( $X$ ) арасындағы тәуелділік):

$$y_{it} = X_{it}\alpha + \varepsilon_{it}$$

немесе матрица түрінде  $Y = X\alpha + \varepsilon$ ,

мұндағы:

$\varepsilon_{it}$

–математикалық болжамы нөлге тең және бірдей дисперсиямен алынған  $t$  жылы  $i$  субъект үшін "регрессияны бағалау қателігі" статистикалық көрсеткіші;

$$a = (a^1, \dots, a^S)'$$

–  $X_s$  құрылымдық параметрлердің әрқайсымен  $Y$  бақыланатын шығыстар байланысын айқындайтын регрессия коэффициенттерінің векторы;

ең кіші квадраттар әдісімен мына формула бойынша құрылымдық параметрлер бөлінісінде регрессия  $a = (a_1, \dots, a_s)'$  коэффициенттері векторын бағалаудың мынадай статистикалық көрсеткіштерінің мәндерін есептейді:

$$a = (X'X)^{-1}X'Y,$$

Қағидалардың осы тармағына сәйкес бағаланған әрбір  $i$  субъект және  $t$  жылы үшін модель коэффициенттерін пайдалана отырып, мына формула бойынша есептік қалдықтарды есептейді:

$$e_{it}^{\text{расч}} = y_{it} - X_{it} \text{ ал } i \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін}$$

немесе матрица түрінде  $e = Y - Xa$ .

мұндағы:

$e^{\text{расч}}$  – әрбір  $i$  субъект және  $t$  жылы үшін Қағидалардың осы тармағына сәйкес бағаланған модель коэффициенттері пайдаланылған есептік қалдықтар;

әрбір  $i$  субъект үшін қалдық жылдар бойынша орташа арифметикалық мәнді есептейді:

$$e_i = \frac{1}{T} \sum_{t=1}^T e_{it}$$

барлық субъектілердің мәндері бойынша ең кіші қалдықты таңдайды, оны есептік бақыланатын шығыстарға қосады (тиімділік шекараларын неғұрлым тиімді субъектіге жылжыту) – алынған есептік бақыланатын шығыстар тиімділік шекарасы болып табылады:

$$y_{it}^{\text{эфф}} = X_{it}a + e_{i\text{эфф}}, \quad i \in [1; I'], t \in [1; T] \text{ үшін}$$

мұндағы  $e_{i\text{эфф}} = \min\{e_i\} \quad i \in [1; I']$  үшін.

#### **7-бөлім. Тарифті есептеу үшін субъектілер мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған шығыстардың дұрыстығын талдау**

193. Оның қолданылуы кезеңінде субъект мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызмет тарифті есептеу үшін субъектілер мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған шығыстардың (бұдан әрі – субъект мәлімдеген шығыстар) дұрыстығын талдауды уәкілетті органның ведомствосы екі кезеңге жүргізеді. Бірінші кезеңде уәкілетті органның ведомствосы субъект мәлімдеген шығыстардың дұрыстығына статистикалық, екінші кезеңде сараптамалық талдауды жүзеге асырады.

194. Субъект мәлімдеген шығыстардың дұрыстығын статистикалық талдау үшін уәкілетті органның ведомствосы келесі кезеңге (бұдан әрі – тарихи кезең) субъектінің шығыстары (бұдан әрі – субъектінің тарихи шығыстары) бойынша мынадай деректерді пайдаланады:

1) егер субъект тариф белгілеуді ынталандыру әдістерін ескере отырып реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті бекіту үшін уәкілетті органның ведомствосына алғаш рет, бес жылда немесе субъект тариф бекітуге өтінім беруі алдындағы реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезеңінде (егер бес жылдан аз болса) өтініш жасаса. Деректер субъектінің тарифтік сметаның орындалуы туралы есептерінен алынады.

Егер субъект реттеліп көрсетілетін қызмет тарифін бекітуге өтінімді тарифтік сметаның орындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну мерзіміне дейін берген



жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтік сметадан алынған деректер пайдаланылады.

2) ынталандыру әдісін (бар болған жағдайда) ескере отырып қолданыстағы тарифтің қолданылу кезеңі бойынша деректер пайдалынады. Деректер субъектінің кірістер, шығыстар және реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтері туралы жыл сайынғы есептерінен алынады.

195. Егер субъект реттеліп көрсетілетін қызмет тарифін бекітуге арналған өтінімді кірістер, шығыстар және тарифтер туралы жыл сайынғы есепті ұсыну мерзіміне дейін берген жағдайда, оны есептеу кезінде ескерілген деректер пайдалынады.

196. Субъектінің тарихи шығыстарын нақты шығыстарға ауыстыру шығыстардың әрбір баптары бойынша және әрбір жыл үшін мына формула бойынша жүргізіледі:

$$C_{к,t}^{ист} = \frac{Y_{к,t}^{ист} \times 100}{ИПЦ_t^{\square}}, \quad t \in [1; П^{ист}] \text{ үшін,}$$

мұндағы:

к – шығыстар баптары;

$$t \in [1; П^{ист}]$$

– жыл сәйкестендіргіші, Пист – тарихи кезең, 1 – тарихи кезеңнің бірінші жылы;

$$C_{к,t}^{ист}$$

– t жылына к бабы бойынша субъектінің нақты тарихи шығыстарының сомасы, мың теңгемен;

$$Y_{к,t}^{ист}$$

– t жылына к бабы бойынша субъектінің тарихи шығыстарының сомасы, мың теңгемен.

197. Субъект мәлімдеген шығыстарды іс жүзіндегі шығыстарға ауыстыру әрбір шығыстар баптары бойынша және әрбір жыл бойынша мына формула бойынша жүргізіледі:

$$C_{к,t}^{заяв} = \frac{100 \times Y_{к,t}^{заяв}}{ИПЦ_{П^{ист}}^{\square}}, \quad t \in [1; П^{заяв}] \text{ үшін,}$$

мұндағы:

к – шығыстар баптары;

$$t \in [1; P^{\text{заяв}}]$$

– жыл сәйкестендіргіші,

$P^{\text{заяв}}$  – Субъект бекітуге өтінім берген, субъект мәлімдеген реттеліп көрсетілетін қызмет тарифінің қолданылу кезеңі (бұдан әрі – тарифтің мәлімделген қолданылу кезеңі), 1 – осы кезеңнің бірінші жылы;

$$ИПЦ_{\text{ист}}$$

– мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша тарихи кезеңнің бірінші жылына қатысты тарихи және болжамды кезеңдерге тұтыну бағаларының индексі, процентпен.

$$C_{k,t}^{\text{заяв}}$$

– t жылғы k бабы бойынша субъект мәлімдеген нақты шығыстардың сомасы, мың теңгемен.

$$Y_{k,t}^{\text{заяв}}$$

– t жылғы k бабы бойынша субъект мәлімдеген шығыстардың сомасы, мың теңгемен.

198. Субъект мәлімдеген шығыстардың дұрыстығы алгоритмге сәйкес анықталады: әрбір k жолы үшін өсуі бойынша барлық жылдар бойынша мәндер қатарын (бұдан әрі – k-қатары) қалыптастырады және онымен k жолдың әрбір мәні жылдар бойынша k-қатарда болатын жиілікті (мәндердің санын) процентте және жинақталған жиілікті процентте есептейді;

$$g_m = m + q \frac{\frac{99}{100} \sum f - F_{1m-1}}{f_{1m-1}}$$

мұндағы:

m – 99%-персентильді қамтитын интервалдың төменгі шекарасы (интервал 99%-тен бірінші асып түсетін жинақталған жиілік бойынша айқындалады);

q – интервалдың шамасы;

$F_{m-1}$  – персентильді қамтитын, интервалдың алдындағы интервалдың жинақталған жиілігі;

$f_{m-1}$  – персентильді қамтитын интервал жиілігі;

мынадай өлшемшартқа сәйкес і субъект t жылы мәлімдеген к жолының шығыстар сомасының статистикалық тұрғыдан анықтығы туралы тұжырым жасайды:

егер , онда і субъектінің t жылы мәлімдегені к жолдың шығыстар сомасы статистикалық тұрғыдан анық деп танылады;

барлық қалған жағдайларда і субъектісі t жылы мәлімдеген к жолының шығыстар сомасы статистикалық тұрғыдан анық емес деп танылады;

199. Жұмыс тобы:

шығыстардың статистикалық тұрғыдан дұрыстығы айқындау үшін перцентильдерді қайта қарау қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.

мынадай өлшемшарттарға сәйкес субъект мәлімдеген к бабы шығыстарының дұрыстығы туралы тұжырым жасайды:

егер бір жыл үшін

$$t \in [1; P^{\text{заяв}}]$$

субъект мәлімдеген к бабының шығыстар сомасы статистикалық дұрыс емес деп танылса, субъект мәлімдеген к бабының статистикалық дұрыс емес деп танылады;

егер барлық

$$\in [1; P^{\text{заяв}}]$$

субъект мәлімдеген к бабының шығыстар сомасы Қағидалардың осы тармағының 2) тармақшасына сәйкес статистикалық тұрғыдан дұрыс емес деп танылса, субъект мәлімдеген к бабының шығыстары статистикалық тұрғыдан дұрыс емес деп танылады.

## 8-бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін ескере отырып тарифті есептеу

200. Тарифті (бұдан әрі – Тариф) есептеуді уәкілетті органның ведомствосы мына формула бойынша жүзеге асырады:

$$\tau_t^{\square} = \frac{C_{\text{неконтр}t}^{\text{пр}} + (1 - X_{\text{инд},t}) \times (\text{ИПЦ}_t^{\text{пр}} - X_{\text{отр},t}) \times C_t^{\text{пр}}}{V_t^{\text{пр}}} + \frac{Q_{t-2} + \frac{\Pi_t^{\text{пр}}}{1 - \text{КПН}} + \partial_{\text{ИПЦ}} + \partial_{\text{неконтр}} + \partial_{\text{объем}} + \partial_{\text{прибыль}}}{\dots},$$

мұндағы:

$$\tau_t^{\square}$$

– субъектінің t жылы пайдаланатын реттеліп көрсетілетін қызмет тарифі;

$Q_{t-2}$ – мына формула бойынша есептелетін, реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа мен сенімділік және субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтағаны үшін бонус /айыппұл:

$$Q_{t-2} = 0,02 \times B_{t-2} \times E_{t-2}$$

$\partial_{\text{ИПЦ}}$

– мына формула бойынша есептелетін инфляцияның өзгеруін түзету:

$$\partial_{\text{ИПЦ}} = (1 - X_{\text{инд},t}) \times C_{t-2}^{\text{пр}} \times (\text{ИПЦ}_{t-2} - \text{ИПЦ}_{t-2}^{\text{пр}})$$

$\partial_{\text{неконтр}}$

– мына формула бойынша есептелетін бақыланбайтын шығыстардың өзгеруін түзету:

$$\partial_{\text{неконтр}} = (C_{\text{неконтр}t-2}^{\square} - C_{\text{неконтр}t-2}^{\text{пр}})$$

$\partial_{\text{прибыль}}$

– мына формула бойынша есептелетін инвестициялық бағдарламаның орындалуын ескере отырып пайданы түзету:

$$\partial_{\text{прибыль}} = \left( \frac{\Pi_{t-2}^{\text{пр}} - \Pi_{t-2}^{\square}}{1 - \text{КПН}} \right),$$

$\partial_{\text{көлем}}$

– мына формула бойынша есептелетін көрсетілген қызметтер көлемінің өзгеруін түзету

$$\partial_{\text{объем}} = \frac{(V_{t-2}^{\text{пр}} - V_{t-2})}{V_{t-2}^{\text{пр}}} \times (C_{\text{неконтр}t-2}^{\text{пр}} + Q_{t-3} + \Pi_{t-2}^{\text{пр}}),$$

$\tau_t^{\text{пр}}$

– уәкілетті орган ведомствосы тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің пайдалануы үшін бекіткен деректер бойынша  $t$  жылы реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тариф;

$V_t^{\text{пр}}$  – уәкілетті орган ведомствосы тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін бекіткен деректер бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызмет көлемі;

$V_t$  – уәкілетті орган ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызмет шығыстарын, кірістері мен тарифтерін мониторингілеу шеңберінде айқындаған, субъектінің  $t$  жылы ұсынған реттеліп көрсетілетін қызметтің нақты көлемі;

КТС – Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі.

$E_t$  – уәкілетті орган ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызмет шығыстарын, кірістері мен тарифтерін мониторингілеу шеңберінде айқындаған, субъектінің  $t$  жылы реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудан түскен кірісі;

$C_t$

–  $t$  жылына инфляцияны есепке алмастан жыл сайын тарифті түзету кезінде субъектінің пайдалануы үшін уәкілетті орган ведомствосы бекіткен деректер бойынша  $t$  жылына арналған субъект бақыланбайтын шығыстары;

$C_t$  – субъектінің реттеліп көрсетілетін қызмет шығындарын, кірістері мен тарифтерін мониторингілеу шеңберінде сомасын уәкілетті орган ведомствосы айқындаған  $t$  жылы субъект бақылайтын реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған шығыстар;

$C_{\text{неконтрт}}^{\text{пр}}$

– тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің қолдануы үшін уәкілетті орган ведомствосы бекіткен деректер бойынша субъектінің  $t$  жылына арналған бақыланбайтын шығыстары;

Снеконтрт – уәкілетті органның ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызмет шығындарын, кірістері мен тарифтерін мониторингілеу шеңберінде сомасын айқындаған, субъектінің  $t$  жылына арналған бақыланбайтын шығыстары;

$\text{ТБИ}_t^{\text{пр}}$

– уәкілетті органның  $t$  жылына арналған болжамды деректері бойынша айқындалған тұтыну бағаларының индексі, процентпен;

$TBI_t$  –  $t$  жылына мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган деректері бойынша айқындалған тұтыну бағаларының индексі, процентпен;

$X_{инд,t}$  – субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған тарифті есептеу формуласында есепке алынатын,  $t$  жылға уәкілетті орган ведомствосының бекіткен жеке  $X$ -факторы;

$X_{отр,t}$  – тиісті саланың табиғи монополиялар салаларына жатқызылған, реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтерін есептеу формуласында есепке алынатын уәкілетті орган ведомствосының  $t$  жылға бекіткен салалық  $X$ -факторы;

$B_t$  –  $t$  жылғы нәтижелер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа мен сенімділік және субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштерін сақтау мониторингі шеңберінде уәкілетті орган ведомствосы айқындаған реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа мен сенімділік және субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштерін субъектінің сақтау коэффициенті;

$\Pi_t^{пр}$

– тарифті жыл сайын түзету кезінде уәкілетті органның ведомствосының субъектінің пайлануы үшін бекіткен деректер бойынша субъектінің  $t$  жылға пайда мөлшері, мың теңге;

$\Pi_t$  – субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне арналған инвестициялық бағдарламаның орындалуын мониторингілеу шеңберінде сомасын уәкілетті орган ведомствосы айқындаған, Субъектінің  $t$  жылға арналған пайда мөлшері, мың теңге.

201. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтағаны/сақтамағаны және қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін бонус/айыппұл (айыппұл санкциялары) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_t = 0,02 * B_t * E_t,$$

мұндағы:

$Q_t$  – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтағаны/сақтамағаны және қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін бонус/айыппұл;

$B_t$  – уәкілетті орган ведомствосының  $t-2$  жылының нәтижелер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау және қызмет

тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу мониторингі шеңберінде айқындаған, субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау коэффициенті;

$E_t$  – уәкілетті орган ведомствосының субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің кірістерін, шығыстары мен тарифтерін мониторингілеу шеңберінде айқындаған, субъектінің t-2 жылы реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудан түскен кірісі.

202. t – жылы реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтағаны/сақтамағаны, субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізгені/қол жеткізбегені үшін бонус/айыппұл сомасы t-жылға тарифті түзету кезінде ескерілетін субъектінің кірісіне қосылады /шегеріледі.

203. Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижелері бойынша инфляцияның өзгеруіне қарай тарифті түзету мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\partial_{\text{ипц}} = (1 - X_{\text{инд},t}) * C_t^{\text{пр}} * (\text{ипц}_t - \text{ипц}_t^{\text{пр}}),$$

мұндағы:

$\partial_{\text{ипц}}$

– инфляцияның өзгеруіне қарай тарифті түзету;

$C_t^{\text{пр}}$

– субъектілердің t-2 жылы реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған бақыланатын шығыстары.

204. Бақыланбайтын шығыстардың өзгеруіне түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\partial_{\text{неконтр}} = (C_{\text{неконтр}t}^{\square} - C_{\text{неконтр}t}^{\text{пр}}),$$

мұндағы:

$\partial_{\text{неконтр}}$

– бақыланбайтын шығыстардың өзгеруіне түзету.

205. Пайданы инвестициялық бағдарламаның орындалуын есепке ала отырып түзету мына формула бойынша есептеледі:

$$\partial_{\text{прибыль}} = \Pi_t^{\text{пр}} - \Pi_t^{\square},$$

мұндағы:

$\partial_{\text{прибыль}}$

– инвестициялық бағдарламаның орындалуын ескере отырып, пайданы түзету;

$\Pi_t^{\text{пр}}$

– тарифті жыл сайын түзету кезінде субъектінің пайдалануы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен деректер бойынша Субъектінің бір жылға арналған пайданың мөлшері, мың теңге;

$\Pi_t$  – инвестициялық бағдарламаның орындалуын мониторингілеу шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы айқындаған  $t$  жылына субъект пайдасының мөлшері, мың теңге.

206. Уәкілетті органның ведомствосы тариф белгілеудің ынталандырушы әдісін ескере отырып, бекітілген реттеліп көрсетілетін қызметке тарифке жыл сайын түзету жүргізеді.

Түзету жүргізу үшін субъект есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына мынадай формула бойынша:

инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 21-нысан бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп;

осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кірістер, шығыстар және тарифтер туралы есеп;

қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес субъектінің реттелетін қызметінің сапасы мен сенімділігін сақтау туралы есеп. Реттелетін қызметтің сапа стандартын сақтау туралы есепке субъект көрсеткіштер бөлінісінде субъект есепті кезеңде қол жеткізген көрсеткіштердің нақты мәндерінің, олардың есепті кезеңдегі көрсеткіштердің нысаналы мәндерінен рұқсат етілген ауытқуларға түзетілген нысаналы мәндеріне сәйкес келмеу себептері (болған жағдайда) туралы түсіндірме жазбаны қоса береді ( бұдан әрі – сәйкессіздік себептері).

207. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа стандартын сақтау мониторингі және Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті есептеу кезінде ескерілетін реттеліп көрсетілетін қызметтің (В) сапа стандартын сақтау коэффициентін есептеу қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.



208. Субъектінің реттелетін қызметтің сапасы мен сенімділігін сақтау коэффициентін түзетуді уәкілетті органның ведомствосы не оның аумақтық бөлімшесі субъектінің есептік деректері негізінде мынадай формула бойынша сапа мен сенімділікті сақтау коэффициентін есептеу жолымен жүргізеді:

$B =$  1-сапа стандарты көрсеткіштерінің сәйкестік коэффициенттері мәндерінің сомасы/ көрсеткіштер саны

Сапа стандарты тиімділігінің әрбір көрсеткіші бойынша сәйкестік коэффициенттері мына формула бойынша нақты мәннің арақатынасы ретінде есептеледі:

$$K_i = \frac{P_{ц} * (1 - \Delta t_i)}{P_{\phi i}}$$

онда:

$K_i$ -есепті кезеңде субъект қол жеткізген  $i$  көрсеткішінің есепті кезеңде осы  $i$  көрсеткіш мәніне рұқсат етілетін нақты мәнінің сәйкестік коэффициенті);

$P_{\phi i}$ -субъект есепті кезеңде қол жеткізген  $i$  көрсеткішінің нақты мәні;

$P_{O-I}$  көрсеткішінің нысаналы мәні;

$\Delta t_i$  – рұқсат етілген ауытқу-нақты жылғы нысаналы мәні көрсеткіштің  $i$  есепті кезеңде.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3-1 параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-1 параграф. Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеу.**

Ескерту. Қағидалар 3-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.12.2023 № 182 (01.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-бөлім. Электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі ескерілген тарифті есептеудің ерекшеліктері.

Ескерту. 1-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **1-кіші бөлім. Жалпы ережелер**

208-1. Осы ынталандыру әдісі электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру, сондай-ақ топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су айдындарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылысжайларының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілерге қолданылады.

Ескерту. 208-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-2. Тарифтер субъект үшін ұзақтығы бес және одан астам жыл болатын реттеу кезеңіне бекітіледі. Тарифтер реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынғаны үшін жол берілетін кірісті өтеу үшін есептеледі.

208-3. Реттеу кезеңінің әрбір жылы ішінде жыл сайынғы түзету қолданылады. Жыл сайынғы түзету тарифті бекіту кезінде пайдаланылатын осы Қағидалардың 208-151-тармағына сәйкес бекітілген және нақты көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтарды айқындайды. Келесі реттеу жылына бекітілген тариф осы параграфтың 8-бөліміне сәйкес жыл сайынғы түзету тәртібіне сәйкес өзгертіледі.

208-4. Реттеу кезеңі деп уәкілетті органның ведомствосы белгілейтін, субъектінің жол берілетін кірісі белгіленетін кезең түсініледі.

208-5. Реттеу жылы деп бекітілген тариф қолданысқа енгізілген күннен басталатын 12 ай түсініледі.

208-6. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын және бақыланбайтын шығындарды орындамағаны үшін уақытша өтемдік тариф Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-кіші бөлім. Тарифті бекітуге арналған өтінімді қарау**

208-7. Субъектінің тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдануға экономикалық және технологиялық дайындығына байланысты реттеу кезеңі жыл сайын әр жылдың 1 қаңтарынан немесе 1 шілдесінен басталады.

**Ескерту. 208-7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-8. Субъект реттеу кезеңі басталғанға дейін жүз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 143-қосымшаға сәйкес тарифтерді нысандар бойынша тарифтерді бекітуге арналған өтінім береді. Өтінім электрондық нысанда "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы ұсынылады және осы Қағидаларға сәйкес ұсынылатын жол берілетін кірістің барлық құрауыштарын, ұсынылатын тарифтерді қамтиды.

208-9. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді ұсынған күннен бастап тоқсан жұмыс күні ішінде оны қарайды.

208-10. Өтінімге мыналар қоса беріледі:

- 1) тарифтің (не салалық ерекшеліктер ескерілген прејскуранттың) жобасы;
- 2) тарифті бекітудің қажет екені туралы анықтама-негіздеме;
- 3) инвестициялық бағдарламаның жобасы немесе бекітілген инвестициялық бағдарлама;
- 4) алдыңғы күнтізбелік екі жыл үшін қаржылық есептілік;
- 5) есептер:  
қаржы-шаруашылық қызмет туралы, инвестициялық қызмет туралы;  
мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша негізгі қорлардың жай-күйі туралы, алдыңғы екі күнтізбелік жылғы еңбек бойынша жалақының құрылымы мен бөлінісі туралы;
- 6) пайданың есептемесі;
- 7) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерінің және техникалық ысыраптардың есептемелері;

8) қарыз ресурстарды қаржыландыру және өтеу шарттары туралы растайтын құжаттар;

9) субъектінің жобалық қуаты және оның нақты пайдаланылуы туралы деректер;

10) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлемін растайтын құжаттар (реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынудың нақты көлемдері көрсетілген шарттар тізілімі, реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің төмендеуін растайтын құжаттар, субъектінің сапалы жалпыға бірдей қызмет көрсету міндеті мен мүмкіндіктері негізге алынған реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің есептемелері, тарифтер деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемдердің азаюына жол берілмеуі, тұтынушылық сұраныстарды маркетингтік зерттеу материалдары);

11) негіздеуші материалдар қоса берілген, осы Қағидаларға 143-қосымшаның 9-нысанына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің және субъект қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің жобалары.

**Ескерту. 208-10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-11. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей қоса беріліп отырған есептемелердің және негіздеуші материалдардың толықтығын тексереді және өтінімнің қарауға қабылданғаны немесе осы Қағидалардың 208-13-тармағына сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып, оны қабылдаудан бас тартылғаны туралы жазбаша түрде субъектіні хабардар етеді.

208-12. Осы Қағидалардың 208-10-тармағына сәйкес өтінімге қоса берілетін есептемелер мен негіздеуші материалдарды субъект реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.

208-13. Өтінімді қабылдаудан бас тартуға:

1) субъектінің осы Қағидалардың 208-10-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 208-12-тармағына сәйкес келмеуі;

3) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу негіз болып табылады.

208-14. Егер өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны субъектіден жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

Бұл ретте, уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімдерде қосымша ақпараттың ұсынылмауы, уәкілетті орган ведомствосының субъект ұсынған деректер шеңберінде шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-15. Уәкілетті органның ведомствосы субъект ұсынған тариф жобаларын жария тыңдаулар өткізу кезінде талқылауға шығарады.

Жария тыңдаулар рәсімін тариф бекітілген кезде Қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы жүргізеді.

208-16. Уәкілетті органның ведомствосы талдау жүргізу арқылы субъект ұсынған негіздеуші құжаттармен және есептемелермен қоса берілген тариф жобасын қарайды және шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын тариф жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды қалыптастырады

Бұл ретте, уәкілетті органның ведомствосы тиісті шығындарды тарифте ескерілетін шығындар тізбесіне, осы Қағидаларға сәйкес Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес түзетеді.

208-17. Уәкілетті органның ведомствосы субъект тарифінің жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде тарифтің қолданылу мерзімін көрсете отырып, оны бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

208-18. Уәкілетті орган ведомствосының тарифті бекіту немесе тарифті бекітуден бас тарту туралы шешімі уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы субъектіге жібереді.

208-19. Субъект тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді және күнтізбелік бес күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына тұтынушыларды тарифтің енгізілгені туралы хабарландыру фактісі туралы ақпарат ұсынады.

208-20. Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген тарифтерді оларды бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады

208-21. Бекітілген тарифтер осы Қағидалардың 208-7-тармағында көрсетілген мерзімде күшіне енеді.

### **3-кіші бөлім. Инвестициялық бағдарламаны әзірлеуге және тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, оны өзгертуге қойылатын талаптар**

208-22. Инвестициялық бағдарламаның жобасына инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтініш беру кезінде орындалған іс-шаралар енгізілмейді.

208-23. Субъектінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтары мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып әзірленеді және онда мыналарға:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың технологиялық циклінде тікелей пайдаланылатын қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, жаңа активтерді құруға;

2) энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар көзделеді.

208-24. Инвестициялық бағдарламаны жоспарлау және қалыптастыру Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес субъект әзірлейтін субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесінің негізінде жүзеге асырылады.

208-25. Субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасы осы Қағидалардың 343-тармағында көзделген өлшемшарттардың кем дегенде біреуіне сәйкес келетін іс-шаралардың мазмұнымен әзірленеді.

208-26. Инвестициялық бағдарлама тарифтің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

208-27. Инвестициялық бағдарлама неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды, энергия аудиті негізінде әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ескере отырып қалыптастырылады.

208-28. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру және оны іске асыру үшін тартылған қарыз қаражатын қайтару:

бар борыштық міндеттемелер есебінен;

жаңа борыштық міндеттемелер есебінен;

амортизациялық аударымдардан және жол берілетін пайдадан ақша ағындары есебінен;

гранттар есебінен;

капитал құю немесе акциялар шығару есебінен жүзеге асырылады.

208-29. Инвестициялық бағдарламаның құрамына пайыздық төлемдер мен қарыздың негізгі сомасын өтеуді қоса алғанда, бар және болжамды борыштық міндеттемелерге қызмет көрсетуге арналған шығындарды бағалау және болжау кіреді.

208-30. Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру мынадай тәсілдермен айқындалады:

1) реттеліп көрсетілетін қызметке болжамды амортизациялық аударымдардың ең аз үлесі күрделі шығындарды ақшалай қаржыландыруға немесе күрделі шығындарды қаржыландыру мақсатында пайдаланылатын борышқа қызмет көрсетуге қосылады;

2) болжамды жол берілетін пайданың ең аз үлесі күрделі шығындарды ақшалай қаржыландыруға немесе күрделі шығындарды қаржыландыру мақсатында пайдаланылатын борышқа қызмет көрсетуге қосылады.

208-31. Осы Қағидалардың 208-30-тармағында көрсетілген ең аз үлестерді уәкілетті органның ведомствосы субъект ұсынған материалдар негізінде айқындайды. Ең аз үлестер амортизацияның болжамды нормасынан 100%-ға дейінгі деңгейде және болжамды жол берілетін пайдадан 50%-ға дейінгі деңгейде белгіленеді.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта міндеттемелер белгіленген жағдайда, онда ең төменгі үлестер сапа, сенімділік және тиімділік көрсеткіштері орындалған жағдайда халықаралық шарт міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге жіберілетін жол берілетін пайданың 50%-на дейінгі деңгейде белгіленеді.

**Ескерту. 208-31-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-32. Субъектілерге мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеусіз негізде бөлінетін гранттар тарифтің шығынды бөлігінде есепке алынбайды.

208-33. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне өтуге байланысты субъект бұрын қолданыста болған инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау бойынша аяқталмаған міндеттемелерді ескере отырып, инвестициялық бағдарламаның жобасын қалыптастырады.

208-34. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне өтуге байланысты бұрын қолданыста болған инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі бойынша бірінші реттеу кезеңіне инвестициялық бағдарламаның жобасына қосылады.

#### **4-кіші бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, инвестициялық бағдарламаны қарау және бекіту**

208-35. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтінімді электрондық нысанда "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы:

субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген субъект уәкілетті органның ведомствосына және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға бір мезгілде;

осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді және делегацияланған субъектілерді қоспағанда, Субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген субъект уәкілетті органның ведомствосына және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға және (немесе) жергілікті атқарушы органға бір мезгілде ұсынылады.

Инвестициялық бағдарлама тариф қолданысының реттеу жылына бекітіледі.

Тариф белгілеудің ынталандырушы әдісі бойынша инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын осы Қағидалардың 341-тармағында көзделген құжаттарды ұсына отырып, тиісті реттеу жылына арналған іс-шараларды кейіннен бекіте отырып, бір жылға және одан да көп уақытқа бекітуге жол беріледі және оны уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын қарайтын жергілікті атқарушы

орган ол бекітуге ұсынылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Егер инвестициялық бағдарлама бір жылға немесе одан да көп уақытқа бекітілген жағдайда, келесі реттеу жылдарына арналған инвестициялық бағдарламаны орындауға арналған сома реттеу кезеңнің әр жылына бөлінеді және амортизациялық аударымдар мен пайданы ескере отырып түзетіледі.

**Ескерту. 208-35-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-36. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидаларға 143-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасы;

2) іске асырылатын технологиялық және техникалық іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып, инвестициялық бағдарлама жобасының тиімділігін есептеу, оның ішінде субъектінің технологиялық процесін басқарудың ақпараттық жүйелерін енгізу және (немесе) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелері, технологиялық басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу көзделетін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша субъектінің инвестициялық бағдарламасы жобасының тиімділік көрсеткіштері;

3) сатып алынатын негізгі құралдардың, баға деңгейін салыстырмалы талдауды қоса бере отырып, құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнын көрсетумен, инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық шығындар туралы ақпарат, оның ішінде осындай жұмыстарды, жиынтық сметалық есептерді, объектілік, жергілікті және ресурстық сметаларды әрбір объект бойынша жеке-жеке жүргізу қажеттілігін құжаттамалық техникалық растау, бизнес-жоспар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама (болған жағдайда);

4) осы Қағидалардың 208-28-тармағында көрсетілген қаражатты тарту туралы растайтын құжаттар;

5) егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылса, оны қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар;

6) субъектінің тарифтік сметасының жобасын қоса бере отырып, инвестициялық бағдарлама жобасының іске асырылу кезеңінде оның тарифтеріне әсер ету болжамы;

7) электр энергиясын беру саласында көрсетілетін қызмет ұсынатын субъектілер үшін техникалық сараптама қорытындысы;

8) "Энергия аудитінің қорытындылары бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарын бекіту туралы"



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 391 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10958 болып тіркелген) нысан бойынша субъектінің бірінші басшысы бекіткен энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

208-37. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын ол бекітуге ұсынылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

208-38. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосы субъектіні және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органды және (немесе) жергілікті атқарушы органды оны қарауға қабылдағаны не осы Қағидалардың 345-тармағында көзделген жағдайларда оны қабылдаудан бас тартқаны туралы жазбаша хабардар етеді.

208-39. Егер инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болса, уәкілетті органның ведомствосы оны жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

**Ескерту. 208-39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-40. Уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімдерде қосымша ақпарат бермеу, уәкілетті орган ведомствосының осы субъект ұсынған деректер шеңберінде шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-41. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасын алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей инвестициялық бағдарлама жобасының технологиялық негізділігі тұрғысынан тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және (немесе) жергілікті атқарушы органмен жобаны бірлесіп талқылауды жүргізеді.

Инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау нәтижелері бойынша тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасының іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жібереді.

208-42. Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және (немесе) жергілікті атқарушы органмен талқылау қорытындысы бойынша осы Қағидалардың 343-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін және (немесе)

негіздеуші деректермен расталмайтын іс-шаралар анықталған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасына ескертулер береді. Бұл ретте өтінімге талдау жүргізу мерзімі уәкілетті орган ведомствосының ескертулері жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

208-43. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасына мыналар:

энергия тиімділігі және энергия үнемдеу жөніндегі іс-қимыл жоспарларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының немесе тиісті саланың даму басымдықтарына сәйкес келмеуі;

ұсынылатын іс-шаралардың орынсыздығы;

негіздеуші құжаттармен расталмауы;

технологиялық немесе экономикалық тиімсіздігі;

қаржыландыру көзімен қамтамасыз етілмеуі;

амортизациялық аударымдардан қаржыландырудың ең аз үлесіне және жол берілетін пайдаға сәйкес келмеуі;

Қазақстан Республикасының немесе инвестициялық бағдарлама іске асырылатын өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне сәйкес келмеуі туралы ескертулерді көрсетеді.

208-44. Субъект күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде уәкілетті орган ведомствосының ескертулерін ескере отырып, пысықталған инвестициялық бағдарламаны ұсынады.

208-45. Инвестициялық бағдарламаның пысықталған жобасы ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының ескертулерін ескере отырып, амортизациялық аударымдардың сомасы және инвестициялық бағдарлама жобасы іс-шараларының бір бөлігін іске асыру үшін болжамды қаражаттың тиісті мөлшеріне пайда алып тасталады.

208-46. Егер субъект ұсынған инвестициялық бағдарлама жобасын қарау барысында уәкілетті органның ведомствосы оны өзгертуді жүргізген жағдайда, өзгеріс туралы шешім қабылдау алдында тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның қатысуымен келісу мақсатында кеңес өткізіледі, оның қорытындысы бойынша инвестициялық бағдарлама жобасын өзгертудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, оны уәкілетті органның ведомствосы тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның атына субъектінің инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы шешімнің жобасымен бірге жібереді.

208-47. Инвестициялық бағдарламаны бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге

асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен ресімделеді.

208-48. Инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту тарифті бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады және Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

### **5-кіші бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту**

208-49. Субъект уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға бір мезгілде тарифті өзгертусіз, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен ағымдағы реттеу жылының 1 қаңтарынан кешіктірмей жүгінеді:

реттеу кезеңі әр жылдың 1 қаңтарынан басталған жағдайда – ағымдағы реттеу жылының 1 шілдесінен кешіктірілмейтін мерзімде;

реттеу кезеңі әр жылдың 1 шілдесінен басталған жағдайда – ағымдағы реттеу жылының 1 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде.

**Ескерту. 208-49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-50. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны түзету үшін мыналар:

- 1) ұлттық немесе өңірлік саясаттағы, сондай-ақ даму жоспарларындағы өзгерістер;
- 2) болжамдарға қатысты электр энергиясына, суға және жылытуға нақты ұсыныс пен сұраныстағы өзгерістер;
- 3) еңсерілмейтін күш мән-жайлары;
- 4) бекітілген инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көздерінің қолжетімділігі мен құнындағы өзгерістер;
- 5) анықталған қажеттілікті қанағаттандырудың неғұрлым тиімді тәсілдерін анықтау;
- 6) инвестициялық бағдарлама шеңберінде іс-шараларды іске асыру кезінде мерзімдердің кешігуі негіз болып табылады.

208-51. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге арналған өтінішке осы Қағидалардың 363-тармағына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

208-52. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларда көзделген тәртіппен субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы өтінішін қарайды.

208-53. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы жобаны ол ұсынылған күннен бастап

қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және субъектінің өзгертілген инвестициялық бағдарламасының жобасын бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау нәтижелері бойынша тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасының іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жібереді.

208-54. Өзгертілген инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен ресімделеді.

208-55. Субъект субъектіге тәуелді емес себептер бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамаған жағдайда (шарттың екінші тарапының міндеттемелерін еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан орындамауы), бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдері келесі реттеу жылына ауыстырылады:

реттеу кезеңі әр жылдың 1 қаңтарынан басталған жағдайда – олар іске асырылған жылдан кейінгі 1 қарашадан кешіктірілмейтін мерзімде;

реттеу кезеңі әр жылдың 1 шілдесінен басталған жағдайда – олар іске асырылған жылдан кейінгі 1 мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде.

Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдерін қайта ауыстыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 208-55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-56. Субъект уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның мекенжайына осы Қағидалардың 208-55-тармағында көзделген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішті:

реттеу кезеңі әр жылдың 1 қаңтарынан басталған жағдайда – инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 15 шілдесінен кешіктірілмейтін мерзімде;

реттеу кезеңі әр жылдың 1 шілдесінен басталған жағдайда – инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

Ескерту. 208-56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-57. Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасына өзгерістер енгізудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытындыны:

реттеу кезеңі әр жылдың 1 қаңтарынан басталған жағдайда – 15 қыркүйектен кешіктірілмейтін мерзімде;

реттеу кезеңі әр жылдың 1 шілдесінен басталған жағдайда – 15 наурыздан кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

Ескерту. 208-57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-58. Субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен:

реттеу кезеңі әр жылдың 1 қаңтарынан басталған жағдайда – 1 қарашадан кешіктірілмейтін мерзімде;

реттеу кезеңі әр жылдың 1 шілдесінен басталған жағдайда – 1 мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде ресімделеді.

Ескерту. 208-58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-бөлім. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, тарифті қалыптастыру тетігі 1-кіші бөлім. Жол берілетін кіріс**

208-59. Субъектінің жол берілетін кірісі реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ALR_t = COP_t + UOP_t + DEP_t + ROC_t,$$

мұндағы:

$ALR_t$

– субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін реттеу кезеңі ішінде алатын жол берілетін кірісі;

$COP_t$

– субъектінің реттеу кезеңінің  $t$  жылы ішінде алатын есептік бақыланатын операциялық шығысы;

$UOP_t$

– субъектінің реттеу кезеңінің  $t$  жылы ішінде алатын бақыланбайтын шығындарының болжамы;

$DEP_t$

– субъектінің реттеу кезеңінің  $t$  жылы ішінде реттелетін активтерден алатын амортизациялық аударымдары;

$ROC_t$

– субъектінің реттеу кезеңінің  $t$  жылы ішінде алатын жол берілетін пайдасы.

208-60. Бекітілген орташа базалық тариф реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін мынадай формула бойынша айқындалады:

$$BAT_t = \frac{ALR_t}{VOF_t},$$

мұндағы:

$BAT_t$

– реттеу кезеңінің  $t$  жылындағы бекітілген орташа базалық тариф;

$VOF_t$

– реттеу кезеңінің  $t$  жылындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі.

208-61. Жол берілетін кіріс реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша шығындарды өтеуді және субъектінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне бағытталған пайданы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарды алуды қамтамасыз етеді. Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру жеткіліксіз болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы жол берілетін кірісті ұлғайту жағына қарай түзету мүмкіндігін қарайды.

208-62. Егер Қағидаларда өзгеше айқындалмаса, тарифтік реттеудің ынталандыру әдісіне көшуге байланысты субъектінің алдыңғы реттеу кезеңі бойынша барлық құқықтары мен міндеттемелері бірінші реттеу кезеңіне өтеді.

### **3-бөлім. Операциялық шығындар**

#### **1-кіші бөлім. Операциялық шығыстарды есепке алу қағидаттары**

208-63. Жол берілетін кіріске енгізілген операциялық шығыстар субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға жататын тиімді шығыстарының болжамын білдіреді.

208-64. Субъект тариф жобасын (кірістер мен шығыстар туралы ақпарат) қалыптастыру кезінде шығындарды бақыланатын және бақыланбайтын шығындарға бөледі.

208-65. Негізгі қызметпен байланысты емес мақсаттар үшін бақыланатын және бақыланбайтын шығындарды пайдалануға жол берілмейді.

208-66. Бақыланбайтын шығындарға мынадай:

1) стратегиялық тауарларға және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған тарифтерге шығындар;

2) тиісті салада (салада) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептемелеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейімен байланысты шығыстар;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған сақтандырудың міндетті түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар жатады.

208-67. Мемлекеттік бюджетке төленетін айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұлдар бақыланбайтын шығыстарға жатпайды.

208-68. Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған бақыланбайтын шығындарға жатпайтын шығыстар реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған бақыланатын шығындарға жатады.

208-69. Егер уәкілетті органның ведомствосы өзгеше айқындамаса, барлық өзге шығыстар бақыланатын шығыстар болып табылады.

208-70. Реттеу кезеңінің бірінші жылының шығындарын қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, Тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

208-71. Тарифті қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес субъект Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына сәйкес әзірлейтін субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесінің негізінде жүзеге асырылады.

208-72. Субъектілерге мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар тарифтің шығын бөлігінде есепке алынбаған шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

## **2-кіші бөлім. Бақыланбайтын шығындарды есептеу**

208-73. Келесі реттеу кезеңіне тариф бекітуге арналған өтінім шеңберінде субъект уәкілетті органның ведомствосына келесі реттеу кезеңнің әрбір жылына бақыланбайтын шығындардың болжамын ұсынады. Бақыланбайтын шығындар болжамы өтінім бергенге дейінгі соңғы төрт тоқсандағы нақты деректерді талдауды ескере отырып, негіздемелермен, есептеулермен және растайтын құжаттармен және мәліметтермен бірге реттеу кезеңіндегі санаттар бойынша қалыптастырылады.

**Ескерту. 208-73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-74. Субъект ұсынған бақыланбайтын шығындар болжамын қарау барысында уәкілетті органның ведомствосы қажет болған жағдайда жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

208-75. Уәкілетті орган ведомствосының сұрау салуы бойынша белгілеген мерзімдерде тиісті ақпаратты бермеу уәкілетті орган ведомствосының субъект ұсынған деректер шеңберінде шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-76. Уәкілетті органның ведомствосы бақыланбайтын шығындардың болжамын қарайды және оны субъект ұсынған редакцияда немесе ол енгізген өзгерістермен жалпы тарифті айқындау шеңберінде бекітеді. Уәкілетті органның ведомствосы бақыланбайтын шығындар болжамын белгілеген кезде:

1) растайтын құжаттардың, есептемелер мен мәліметтердің болмауы және/немесе көлемі толық болмауы;

2) технологиялық немесе экономикалық тиімсіздігі;

3) алдыңғы күнтізбелік жыл үшін болжамды және нақты мәндер арасындағы айырмашылыққа сәйкес іске асырылмауы кезінде субъект болжамына өзгерістер енгізеді.

208-77. Уәкілетті органның ведомствосы бақыланбайтын шығындар болжамын бекіту кезінде субъект ұсынған растайтын құжаттарды, есептемелер мен мәліметтерді талдау негізінде шешім қабылдайды.

208-78. Реттеу кезеңі ішінде бекітілген және нақты бақыланбайтын шығындар арасындағы айырмашылық осы параграфтың 8-бөліміне сәйкес жыл сайынғы түзету тетігінің көмегімен айқындалады.

## **3-кіші бөлім. Бақыланатын шығындарды есептеу**

208-79. Реттеу кезеңінің басында есептелген және реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін жол берілетін кіріске енгізілген бақыланатын шығыстар База - Ауқым - Серпін өлшемшарттарына сәйкес төмендеу тәсілі пайдаланыла отырып айқындалады.



База - Ауқым - Серпін жол берілетін кірістің бақыланатын шығындарының құрауышын айқындау үшін қолданылатын өлшемшарт болып табылады.

208-80. Субъект бақыланатын шығыстарға арналған пайдаланылмаған қаражаттың белгілі бір көлеміне дербес билік етеді.

208-81. Бірінші реттеу кезеңінің бірінші жылының бақыланатын шығыстары егжей-тегжейлі талдау жүргізу жолымен айқындалған және өтінім берудің алдындағы жылғы инфляцияның нақты деңгейін ескере отырып, осы Қағидаларда белгіленген қағидаттарға сәйкес өтінім берудің алдындағы күнтізбелік жылғы нақты шығындардың көрсеткіштері (параметрлері) бойынша қабылданады.

**Ескерту. 208-81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-82. Келесі реттеу кезеңдерінің бірінші жылының бақыланатын шығындары осы Қағидаларда белгіленген қағидаттарға сәйкес егжей-тегжейлі талдау жүргізу арқылы өтінім берудің алдындағы алдыңғы реттеу кезеңінің соңғы екі жылындағы нақты шығындардың көрсеткіштері (параметрлері) ескеріле отырып қабылданады.

Бұл шығындар өтініш берудің алдындағы алдыңғы реттеу кезеңінің соңғы екі жылындағы бақыланатын шығындардың жалпы көрсеткіштері серпінінің орташа мәнінің коэффициентіне, осы жылдарға арналған нормативтік анықтамаға енгізілетін тиімділік коэффициентін ескере отырып түзетіледі.

208-83. Бірінші реттеу кезеңінің нормаланатын бақыланатын шығындарын уәкілетті органның ведомствосы базалық жылға субъектінің шығындарын талдау негізінде, соңғы күнтізбелік жылғы нақты расталған бақыланатын шығындарды талдауды негізге ала отырып, бірақ өнім бірлігін өндіру үшін шикізатқа, материалдарға, отынға және энергияға қажеттілік деңгейінен асырмай, тиісті салада қолданылатын нормалар мен стандарттарды және субъект тарифті бекітуге арналған өтінімді бергенге дейін сатып алынған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаларды негізге ала отырып айқындайды.

Бақыланбайтын шығындар деп есептелетін шығыстар осы Қағидаларға сәйкес бірінші реттеу кезеңінің бірінші жылының айқындалатын құнына (мәніне) енгізілмейді.

208-84. Субъект тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Заңның 23-бабына сәйкес жүзеге асырады.

208-85. Субъект тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық жүйесімен интеграцияланған электрондық сатып алудың электрондық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

208-86. Бірінші реттеу кезеңінің бірінші жылындағы персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар субъект персоналының нормативтік саннан аспайтын нақты санына және өтінім берудің алдындағы жылға статистика деректері бойынша

қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) орташа айлық номиналды жалақыны негізге ала отырып айқындалады.

208-87. Ауқымның өзгеруіне байланысты шығыстардағы өзгерістерді ескере отырып, ауқымды өзгерту жөніндегі ұсыныстарды субъект міндеттемелерді өзгертудің қажет екенін немесе үшінші тарап немесе мемлекеттік орган енгізген өзгерістің басқа себебін растаумен, түсіндірме жазбаны және осындай мәндердің өзгергені туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып береді.

208-88. Субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға мүлікті өтеусіз пайдалануға алған кезде оны теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан алу бақыланатын шығындардың ауқымын өзгерту үшін негіз болып табылады.

208-89. Реттеу кезеңінің әрбір келесі жылының жол берілетін бақыланатын шығыстары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткішін ескере отырып түзетілген бірінші жылдың мәнін көбейту арқылы есептеледі.

208-90. Серпін шамасы реттеу кезеңінің бірінші жылын қоспағанда, реттеу кезеңінің әрбір жылы үшін мынадай мәндер:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы ескеріліп есептеледі. Егер ресми болжам диапазон түрінде көрсетілсе, онда диапазонның орташа нүктесі қолданылады;

2) уәкілетті орган ведомствосының шешімі бойынша реттеу кезеңіндегі өнімділікті арттыру есебінен шығындарды төмендетудің есептеу қарқыны ескеріліп есептеледі, мұнда теріс мән көрсеткіштердің жақсаруын білдіреді.

208-91. Еңбек өнімділігін арттыру есебінен шығындарды азайтудың есептемелік көрсеткіші субъектіге еңбек тиімділігі мен өнімділігін арттыру үшін қосымша ынталандыруды қамтамасыз етеді.

**208-92. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-кіші бөлім. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп**

208-93. Субъект уәкілетті органның ведомствосына, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген мерзімдерде, осы Қағидаларға 145-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда мынадай мәліметтерді:

1) инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары, көздері және мөлшері туралы ақпаратты;

2) инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін осы Қағидаларға 144-қосымшаға сәйкес нысаналы көрсеткіштер тізбесіне сәйкес инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпаратты ;

3) қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы көрсеткіштерден ауытқу себептерінің негіздерін;

4) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалуын растайтын материалдарды (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, теңгерімдік және қалдық құнын, қызмет ету мерзімін , жылдық амортизацияны көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілік тізбесі) көрсете отырып, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті ұсынады.

**Ескерту. 208-93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**6-бөлім. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы және тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, субъектілер үшін амортизацияға түзету 1-кіші бөлім. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы**

208-94. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы субъект ол бойынша амортизациялық аударымдар сомасын және жол берілетін пайда алатын активтер құнын көрсетеді.

208-95. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын қажетті активтер қосылады.

208-96. Субъект өзінің аудиттелген қаржылық есептілігіне қолданысқа енгізілген активтерді қайта бағалауды немесе басқа түзетулерді қоса алғанда, қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына қосылған активтердің құнын тиісінше көрсетуге жауапты болады.

208-97. Бірінші реттеу кезеңі үшін осы тарауға сәйкес тариф белгілеудің ынталандыру әдісі қолданылған жағдайда, қолданысқа енгізілген активтердің бастапқы реттелетін базасы бірінші реттеу кезеңінің басталуының алдындағы күнге аудиттелген қаржылық есептілікте тіркелген активтердің қалдық құнының сомасын білдіреді. Реттеу кезеңінің басындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы алдыңғы реттеу кезеңінің жабылу күніндегі активтердің қалдық құнының сомасын білдіреді.

208-98. Әрбір реттеу кезеңі үшін кезең ішінде әр жыл үшін қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының ашылуы мен жабылуы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RAB_t = RAB_{t-1} - DEP_t - DIS_t + CPA_t,$$

мұндағы:

$RAB_t$

– t жылы жабылу күніне қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы, теңге;

$RAB_{t-1}$

– t-1 жабылу күніне қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына балама болатын, t жылы қолданысқа енгізілген активтердің бастапқы реттелетін базасы, теңге;

$DEP_t$

– субъектінің реттелетін кезеңнің t жылы ішінде реттелетін активтерден алатын амортизациялық аударымдары, теңге;

$DIS_t$

– активтерді басқа тараптарға сату, беру немесе есептен шығарудың болжамды шамасымен байланысты субъектінің ақпараты негізінде уәкілетті органның ведомствосы айқындаған t жылындағы активтердің шығуының болжамды құны, теңге;

$CPA_t$

– бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес t жылы пайдалануға енгізілетін активтердің болжамды құны.

208-99. Активтер пайдалануға берілген күнге дейін аяқталмаған болып саналады. Аяқталмаған активтерге амортизациялық аударымдар немесе жол берілетін пайда есептелмейді, бірақ қажет болған кезде пайыздық шығыстар капиталдың орташа өлшемді құнын есептеуде қолданылатын борыш құны бойынша пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып капиталдандырылады.

208-100. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын есептеу мақсаты үшін активтерді қайта бағалауға жол берілмейді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылатын активтер уәкілетті органның ведомствосымен келісіледі.

Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуі кезінде қолданысқа енгізілген активтерді субъектінің шығаруы уәкілетті органның ведомствосымен келісіледі.

208-101. 208-151-тармаққа сәйкес жыл сайынғы түзету шеңберінде реттелетін жылдың соңындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын және келесі жылдың басындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын қайта есептеу жүргізіледі. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті қарау қорытындылары бойынша қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы инвестициялық бағдарламаның нақты орындалу сомасына түзетіледі.

208-102. Реттелетін жылдың басына қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын есептеуде осы жыл ішіндегі күрделі шығындардың сомасы қосылады.

208-103. Бір жыл ішінде амортизацияға түзету қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын қайта есептеу ескеріле отырып қайта қаралады. Амортизациялық аударымдардың бастапқы бекітілген және қайта есептелген шамасы арасындағы айырма жыл сайынғы түзетуге енгізіледі.

208-104. Есептік жылдан кейінгі жылы алдыңғы есептік жылдың соңындағы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы амортизациялық аударымдарды қайта есептеуді ескере отырып, есептік жылғы нақты күрделі шығындар мен есептік жылдан кейінгі жылғы болжамды күрделі шығындарды ескере отырып түзетіледі.

## **2-кіші бөлім. Капиталдың орташа өлшемді құны**

208-105. Капиталдың жол берілетін пайдасы қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы құнының және капиталдың орташа өлшемді құнының негізінде айқындалады.

208-106. Капиталдың орташа өлшемді құнын әрбір реттеу кезеңі үшін уәкілетті органның ведомствосы субъектінің ұсынған есептері мен ақпараты негізінде айқындайды.

208-107. Капиталдың орташа өлшемді құнын есептеу әдістемесі осы Қағидалардың 208-108-тармағына сәйкес формула бойынша есептеледі. Бұл ретте капиталдың орташа өлшемді құнының шамасы әрбір субъект үшін жеке айқындалады.

208-108. Капиталдың орташа өлшемді құны мынадай формула бойынша салық төлегеннен кейінгі номиналды құнды пайдалана отырып есептеледі:

$CBCK=DEBT \times (1-T) \times GEAR + EQTY \times (1-GEAR)$ , мұндағы:

**CBCK**

– субъект капиталының орташа өлшемді құны, %;

**DEBT**

– қарыз капиталдың құны, %;

T – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі, %;

**GEAR**

– меншікті капитал мен қарыз капиталдың арақатынасы;

## EQTU

– меншікті капиталдың құны, %.

208-109. Меншікті капитал мен қарыз капиталдың арақатынасы субъектінің қарыз капиталының құнын борыштың жиынтық құнынан және кәсіпорынның меншікті капиталынан үлес ретінде көрсетеді.

208-110. Меншікті капитал мен қарыз капиталдың арақатынасы субъектінің ол бойынша толық деректер бар соңғы жылғы меншікті және қарыз капиталының нақты арақатынасына тең.

Меншікті және қарыз капиталдың арақатынасы субъектінің борыштық міндеттемелерінің құнын борыштың және кәсіпорынның меншікті капиталының жиынтық құнының үлесі ретінде көрсетеді және мынадай формула бойынша есептеледі :

$GEAR = D / (D + E)$ , мұндағы:

GEAR – субъекті қарыз капиталының үлесі;

D – жиынтық салынған капиталдағы қарыз капиталының (борыштың) шамасы;

E – жиынтық салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы.

208-111. Егер нақты арақатынас осы субъектіде қолданылатын қаржыландыру құрылымы үшін тиімсіз болып табылса, уәкілетті органның ведомствосы субъектінің нақты коэффициентінен ерекшеленетін меншікті және қарыз капитал арақатынасының коэффициентін белгілейді.

208-112. Субъектінің меншікті және қарыз капиталының тиімді болып табылатынын айқындау кезінде уәкілетті органның ведомствосы мыналарды:

1) Қазақстан Республикасындағы басқа субъектілерге қатысты қолданылатын меншікті және қарыз капиталдың арақатынасын;

2) Қазақстан Республикасы үшін экономикалық, климаттық немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайлары ұқсас елдердегі реттеуші органдар қолданатын меншікті және қарыз капиталдың арақатынасын бағалау тәсілін;

3) жалпыға қолжетімді деректер жиынтығын пайдалана отырып, электр энергетикасы, жылу энергетикасы және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру салаларындағы субъектілер үшін қаржыландырудың тиімді құрылымдарын ескереді.

**Ескерту. 208-112-тармағының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**208-113. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-114. Қарыз капиталының құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DEBT = RFR + DRP$$

, мұндағы:

**DEBT**

– қарыз капиталының құны;

**RFR**

– тәуекелсіз мөлшерлеме;

**DRP**

– борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы;

208-115. Тәуекелсіз мөлшерлеме тарифті бекітуге өтінімді қарау кезінде уәкілетті орган ведомствосының шешімі қабылданған сәтте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ағымдағы базалық мөлшерлемесіне сәйкес белгіленеді.

**Ескерту. 208-115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-116. Борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы субъектінің қарыздары мен базалық мөлшерлеме бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырмашылықты білдіреді және субъектіге кредит берумен байланысты қосымша тәуекелді, демек, кредиторлар талап ететін неғұрлым жоғары кірісті көрсетеді.

208-117. Борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақыны уәкілетті органның ведомствосы айқындайды. Егер уәкілетті органның ведомствосы мұндай шешім қабылдамаса, онда борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақы 3,5% мөлшерінде белгіленеді.

208-118. Қаржыландыру бойынша қосымша шығыстар борыштық міндеттемелер бойынша тәуекел үшін сыйлықақының құрамына енгізілмейді.

208-119. Меншікті капиталдың құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$EQUITY = RFR + ERP * BETA,$$

мұндағы:

**EQUITY**

– меншікті капиталдың құны;

**RFR**

– тәуекелсіз мөлшерлеме;

## ERP

– меншікті капитал бойынша тәуекел үшін сыйлықақы;

## Beta

– меншікті капиталдың бета-коэффициенті.

208-120. Тәуекелсіз мөлшерлеме осы Қағидалардың 208-115-тармағына сәйкес белгіленеді.

208-121. Меншікті капитал бойынша тәуекел үшін сыйлықақы кредиттеу субъектісіне кредит берумен байланысты қосымша тәуекелді, демек, кредиторлар талап ететін жоғары кірісті көрсетеді.

208-122. Меншікті капиталдың бета-коэффициенті субъектілердің жалпы Қазақстан Республикасындағы акцияларға инвестициялау тәуекеліне қатысты тәуекелін көрсетеді.

208-123. Айқындылық пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында меншікті капитал тәуекелі және меншікті капиталдың бета-коэффициенті үшін сыйлықақы мәнін уәкілетті органның ведомствосы әрбір реттеу кезеңі басталар алдында белгілейді.

208-124. Уәкілетті органның ведомствосы түзейтін бастапқы тіркелген мәндер:

- 1) меншікті капитал тәуекелі үшін сыйлықақы 6%;
- 2) меншікті капиталдың бета-коэффициенті 0,89 болып табылады.

208-125. Бір жылда жол берілетін пайда қайта есептелген қолданысқа енгізілген активтерді пайдаланумен жыл сайын қайта есептеледі. Бастапқыда бекітілген және қайта есептелген жол берілетін пайда арасындағы айырмашылық жыл сайынғы түзетуге енгізіледі.

## 7-бөлім. Өнімділік пен тиімділікті ынталандыру

208-126. Реттеу кезеңінің әрбір жылында өнімділік пен тиімділікті ынталандыру тетігі қолданылады, оның мақсаты субъектіні сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне, оның ішінде инновациялық шешімдерді ескере отырып, қол жеткізуге ынталандыру болып табылады.

Уәкілетті органның ведомствосы тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және (немесе) жергілікті атқарушы органмен бірлесіп осы Қағидалардың 208-131, 208-132 және 208-133-тармақтарында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы, сенімділігі және субъекттер қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін белгілеуге қатысады.

**Ескерту. 208-126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



208-127. Өнімділік пен тиімділікті ынталандыру тетігі жыл сайынғы түзету арқылы іске асырылады, ол тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қатысты қол жеткізілген тиімділік көрсеткіштеріне қарай субъектінің жол берілетін кірісіне енгізілетін жол берілетін пайданы төмендету түріндегі айыппұл санкцияларын көздейді.

208-128. Түзету инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға бағытталған жол берілетін пайданың үлесін қоспағанда, реттеу кезеңінің әрбір жылындағы жол берілетін пайданың үлесіне көбейтілген тиімділікке қол жеткізу дәрежесінен пайызбен есептеледі.

208-129. Жол берілетін пайданың үлесін әрбір реттеу кезеңі үшін уәкілетті органның ведомствосы айқындайды. Әдепкі қалпы бойынша мән инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға бөлінетін жол берілетін пайданың ең төменгі үлесін шегергендегі жол берілетін пайданың 50% -ына дейін құрайды.

208-130. Уәкілетті органның ведомствосы барлық реттеу кезеңінің ішінде тиімділік пен өнімділікті өлшеу үшін осы Қағидалардың 208-131, 208-132, 208-133 және 208-134-тармақтарында айқындалған сапа және сенімділік көрсеткіштеріне салмақ коэффициенттерін белгілейді.

**Ескерту. 208-130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-131. Уәкілетті органның ведомствосы реттеу кезеңі үшін электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері:

1) жүйенің жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI) – әлемде жалпыға ортақ қабылданған қағидаларға сәйкес ұзақ мерзімді жоспардан тыс ажыратулардың орташа ұзақтығы, сағат;

2) жүйенің жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIFI) – әлемде жалпыға ортақ қабылданған қағидаларға сәйкес ұзақ мерзімді жоспардан тыс ажыратулардың орташа жиілігі, сағат;

3) инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындау;

4) желілердегі аварияларды жою уақыты, сағат;

5) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірлік;

6) нормативтік ысыраптар деңгейін төмендету, %;

7) жөндеу жұмыстарын уақтылы аяқтау;

8) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорындарға инновациялық технология енгізу;

9) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтау;

10) негізгі құралдардың тозуын азайту үшін салмақ коэффициенттерін бекітеді.

Ескерту. 208-131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

208-132-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-132. Уәкілетті органның ведомствосы жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері:

- 1) бір жылда жылу энергиясын өндіру көздері бойынша температуралық кестенің жол берілетін мәндерінен ауытқу болуы расталған күндер саны, күндер;
- 2) авариялар саны, бірлік;
- 3) инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындау;
- 4) жылу энергиясының нормативтік ысыраптарының деңгейін төмендету, %;
- 5) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірлік;
- 6) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорындарға инновациялық технологияны енгізу;
- 7) жөндеуді (реконструкциялауды, жаңғыртуды, ауыстыруды) уақтылы аяқтау;
- 8) желілердегі аварияларды жою уақыты, сағат;
- 9) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтау;
- 10) негізгі құралдардың тозуын азайту үшін салмақ коэффициенттерін бекітеді.

Ескерту. 208-132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-133. Уәкілетті органның ведомствосы сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері:

- 1) ауыз суды тасымалдаудың технологиялық процесінде тұтынылатын электр энергиясының тасымалданатын су көлемінің бірлігіне (кВт\*сағ/текше м) үлес шығысы;
- 2) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының мерзімінде толық көлемде орындалуы;
- 3) судың нормативтік ысыраптары деңгейінің төмендеуі, %;
- 4) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірлік;
- 5) жөндеу жұмыстарын уақтылы орындау;
- 6) авариялар саны, бірлік;
- 7) рұқсат етілген төгінділердің белгіленген нормативтеріне, төгінділерге арналған лимиттерге сәйкес келмейтін сарқынды сулар сынамаларының үлесі/ауыз су сапасын өндірістік бақылау нәтижесі бойынша пайдаланылған сынамалардың жалпы көлемінде

белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тарату су құбыры желісіндегі ауыз су сынамаларының үлесі, %;

8) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорындарға инновациялық технологияны енгізу;

9) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтауы;

10) негізгі құралдардың тозуын азайту үшін салмақ коэффициенттерін, % бекітеді.

**Ескерту. 208-133-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-134. Уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорт мақсатында тасымалдауды қоспағанда, магистральдық құбырлар арқылы мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көрсететін субъектілер үшін сапа мен сенімділіктің мынадай көрсеткіштері үшін салмақ коэффициенттерін белгілейді:

1) инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындау;

2) реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша кәсіпорында инновациялық технологияны енгізу;

3) тауарды тасымалдау кезінде оның сапасын, сенімділігін және басқа да тұтыну қасиеттерін сақтау, %;

4) магистральдық құбырлар бойынша мұнайдың жүк айналымына электр энергиясының үлестік шығысын төмендету не қабылданған деңгейде сақтау, %;

5) табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзушылықтар саны, бірлік;

6) мұнай құбырының ұзақ апатсыз режимін қамтамасыз ету, %;

7) авариялық жағдайлардың алдын алу мақсатында жұмыстарды жүргізудің бекітілген жоспарларының кестелерін орындау, %;

8) аварияларды жою уақыты, сағ;

9) басшы құрамның біліктілік талаптарын сақтау;

10) негізгі құралдардың тозуын азайту.

**Ескерту. 208-134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-135. Уәкілетті органның ведомствосы субъект үшін сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің салмақ коэффициенттерін айқындау кезінде мынадай басымдықтарды:

1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті органның ведомствосы және (немесе) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатында белгілеген тиісті сектор (сала) үшін мақсаттарды;

2) сапа және сенімділіктің тиісті көрсеткіші бойынша қызмет нәтижелерін бағалау үшін қажетті деректерді алу үшін қажетті деректердің немесе процестердің болуын;

3) субъектінің инвестицияларын;

4) әрбір реттеу кезеңінде субъект үшін таңдалған сапа және сенімділік көрсеткіштерінің өзгерістерін барынша азайту арқылы бір реттеу кезеңінен артық әрекет ететін өнімділік және ынталандыру әдістерін қолдауды;

5) кәсіпорындарда реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша инновациялық шешімдерді енгізуді пайдаланады.

**Ескерту. 208-135-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-136. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің сыйлықақыларын есептеу мақсаттары үшін сапа мен сенімділіктің әрбір көрсеткішіне салмақ коэффициенттерін белгілейді.

Сапа және сенімділік көрсеткіштерін бекіту кезінде уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметін жақсарту үшін тиісті теріс көрсеткіштерді айқындайды.

**Ескерту. 208-136-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-137. Осы Қағидалардың 208-131, 208-132, 208-133 және 208-134-тармақтарында көрсетілген сапа мен сенімділіктің барлық көрсеткіштері бойынша салмақ коэффициенттерінің сомасы субъекті үшін 100%-ға тең.

Егер Субъект сапа және сенімділік көрсеткіштерінің толық тізімін ұсынбаса, Субъект уәкілетті органның ведомствосына олардың салмақтық үлестерін бекітілген сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне қосу үшін есепке алынбаған көрсеткіштер туралы талдау және/немесе есептеулер ұсынады.

Есепке алынбаған көрсеткіштер туралы талдау және/немесе есептеулер болмаған кезде уәкілетті органның ведомствосы есепке алынбаған әрбір сапа мен сенімділік көрсеткішінің үлесін барлық салмақ коэффициенттерінен 10% мөлшерінде алып тастайды.

Салмақ коэффициентін айқындау кезінде уәкілетті органның ведомствосы сапа мен сенімділік көрсеткішін мынадай басымдық бойынша есептейді:

1) X-ке теңестірілген басымдығы төмен көрсеткіш, бұл ретте көрсеткіштің шамасы кемінде 1%, бірақ 2%-дан аспайды;

2) басымдығы төмен көрсеткіштен кейінгі келесі көрсеткіш X+Y-ке тең, бұл ретте Y көрсеткішінің шамасы кемінде 1%, бірақ 2%-дан аспайды;

3) ең басым екі көрсеткіш  $(X+Y)*K$ , мұндағы K шамасы сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің санына тең.

Сапа мен сенімділіктің қалған көрсеткіштері бойынша салмақ коэффициенті ең басым екі көрсеткіштен аспайтын қалдық қағидаты бойынша біркелкі бөлінеді.

Ескерту. 208-137-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-138. Субъект үшін сапа және сенімділік көрсеткіштерінің салмақтық коэффициенттерін белгілеу кезінде уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 208-135-тармағына сәйкес сапа және сенімділік көрсеткішінің салыстырмалы маңыздылығын ескереді.

Ескерту. 208-138-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-139. Уәкілетті органның ведомствосы субъектілердегі сапа және сенімділік және ресурстардың болуы көрсеткішін жинау, мониторингтеу және тексеру рәсімдерін әзірлеу қажеттілігін негізге ала отырып, белгілі бір реттеу кезеңі шегінде сапаның және сенімділіктің жекелеген көрсеткіштеріне қолданылатын салмақтық коэффициенттерді өзгертеді.

Ескерту. 208-139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 06.08.2024 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-140. Тарифтік өтінім шеңберінде субъект уәкілетті органның ведомствосына соңғы үш жылдың нақты көрсеткіштерін ескере отырып, субъект үшін белгіленген тиімділік көрсеткіштерінің нақты мәндері туралы деректерді ұсынады.

208-141. Мұндай деректер болмаған жағдайда субъект тиімділік көрсеткіштерімен белгіленген параметрлерді айқындау үшін алдыңғы үш жылдағы нақты мәндері бар мәндерді ұсынады.

208-142. Уәкілетті органның ведомствосы қажет болған жағдайда субъектіден тиімділік көрсеткіштерінің тиісті параметрлерін айқындау үшін қосымша ақпарат пен деректерді сұратады.

208-143. Тарифті айқындау шеңберінде уәкілетті органның ведомствосы тиімділіктің әрбір көрсеткіші үшін мынадай:

- 1) төменгі шекаралық нысаналы мән,
- 2) жоғарғы нысаналы мән,
- 3) нысаналы көрсеткіштен асып кеткені және оған қол жеткізбегені үшін айыппұл мөлшері (нысаналы мәннен пайызбен көрсетілген), сондай-ақ негіздемемен берілген айыппұлдың ең жоғары рұқсат етілген шектері параметрлерін белгілейді.

208-144. Жыл сайынғы түзету шеңберінде субъект уәкілетті органның ведомствосына бірінші реттеу жылын қоспағанда, келесі реттеу жыл аяқталғанға дейін екі ай бұрын жыл сайын тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепті ұсынады.

Субъект тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепті қалыптастыру кезінде соңғы он екі айда қалыптасқан нақты көрсеткіштерді қолданады.

Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепке мыналар:

- 1) әрбір көрсеткіш бойынша – жоспарлы және нақты көрсеткіштер;
- 2) нысаналы көрсеткішпен салыстырғанда нақты көрсеткіштер негізінде есептелген әрбір көрсеткіш бойынша әр жылғы айыппұл мөлшерлемесі қоса беріледі.

**Ескерту. 208-144-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-145. Неғұрлым жоғары балл көрсеткіштердің жақсарғанын көрсететін әрбір тиімділік көрсеткіші үшін айыппұл коэффициенті былайша есептеледі:

1) егер нақты көрсеткіштер төменгі шекаралық нысаналы мән мен жоғарғы шекаралық нысаналы мән арасындағы диапазоннан 0-ден 20% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті 100% деңгейінде белгіленеді;

2) егер нақты көрсеткіштер төменгі және жоғарғы нысаналы мәндер арасындағы диапазоннан 20% - дан 80% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті мынадай формулаға сәйкес көрсеткіштер жақсарған сайын пропорционалды түрде азаяды:

$$PF_t = (AKP_{i,t} - LKT_i) / (UKT_i - LKT_i),$$

мұндағы:

$$PF_{i,t}$$

- t жылы қолданылатын i тиімділік көрсеткіші үшін айыппұл коэффициенті;

$$AKP_{i,t}$$

– t жылындағы i тиімділік көрсеткішінің нақты мәні;

$$LKT_i$$

i – i тиімділік көрсеткіші нысаналы мәнінің төменгі шекарасы;

UKT<sub>i</sub> – i тиімділік көрсеткішінің жоғарғы шекаралық мәні;

3) егер нақты көрсеткіштер нысаналы мәнің төменгі шекарасы мен нысаналы мәнің жоғарғы шекарасы арасындағы диапазонның 80% -ынан асатын болса, онда айыппұл коэффициенті 0% деңгейінде белгіленеді.

208-146. Сапа мен сенімділіктің әрбір көрсеткіші үшін, егер неғұрлым төмен баға неғұрлым жоғары көрсеткіштерге дәлел болса, айыппұл коэффициенті былайша есептеледі:

1) егер нақты көрсеткіштер нысаналы мәнің төменгі шекарасы мен нысаналы мәнің жоғарғы шекарасы арасындағы диапазоннан 80-нен 100% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті 100% деңгейінде белгіленеді;

2) егер нақты көрсеткіштер нысаналы мәннің төменгі шекарасы мен нысаналы мәннің жоғарғы шекарасы арасындағы диапазоннан 20 - дан 80% - ға дейінгі диапазонда болса, онда айыппұл коэффициенті мынадай формулаға сәйкес көрсеткіштердің жақсаруына қарай пропорционалды түрде азаяды:

$$PF_t = (AKP_{i,t} - LKT_i) / (UKT_i - LKT_i),$$

мұндағы:

$$PF_{i,t}$$

– t жылы қолданылатын i тиімділік көрсеткіші үшін айыппұл коэффициенті;

$$AKP_{i,t}$$

– t жылындағы i тиімділік көрсеткішінің нақты мәні;

$$LKT_i$$

– i тиімділік көрсеткіші нысаналы мәнінің төменгі шекарасы;

$UKT_i$  – i тиімділік көрсеткішінің жоғарғы шекаралық мәні;

3) егер нақты өнімділік төменгі және жоғарғы шекара арасындағы диапазонның 20%-ынан төмен болса, айыппұл коэффициенті 0% - ға тең болып белгіленеді.

208-147. Жалпы ынталандыру айыппұлын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$PI_t = ROC_t \times PSH \times \sum_{KPI=1}^{KPI=N} PWG_{KPI} \times PF_{KPI,t-2},$$

мұндағы:

$$PI_t$$

– t жылғы тиімділікті ынталандыру үшін айыппұл;

$$ROC_t$$

– субъект t жылы қамтамасыз ететін жол берілетін пайда, теңге;

$$PSH$$

– реттеу кезеңіндегі өнімділік үшін ынталандыруға жататын жол берілетін пайданың үлесі;

$$PWG_{KPI}$$

– реттеу кезеңінде тиісті сапа және сенімділік көрсеткішіне қол жеткізбегені үшін айыппұлға келетін салмақ (бірге тең салмақ коэффициенттерінің қосындысы кезінде);

$PF_{KPI,t-2}$

–  $t-2$  жылы нақты көрсеткіштер негізінде есептелген сапа мен сенімділіктің тиісті көрсеткішіне қол жеткізбегені үшін айыппұл коэффициенті, %.

208-148. Өнімділік үшін айыппұл жыл сайынғы түзету жүргізумен бір мезгілде келесі жылы жол берілетін кірістен ұсталады, ал жол берілетін тарифтер осы параграфтың 8-бөліміне сәйкес қайта есептеледі.

208-149. Субъект жалпы ынталандыру айыппұлының 70% шамасына алып келген және реттеу кезеңінде екі реттен астам тиімділік көрсеткіштеріне жүйелі түрде қол жеткізбеген кезде, уәкілетті органның ведомствосы тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, келесі реттеу кезеңіне арналған тарифті бекітуді шектейді.

**Ескерту. 208-149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **8-бөлім. Жыл сайынғы түзетулер**

### **1-кіші бөлім. Жалпы ережелер**

208-150. Реттеу кезеңі ішінде әрбір реттеу жылының қорытындылары бойынша жыл сайынғы түзету жүргізіледі және реттеу кезеңінің екінші және кейінгі жылдарында қолданылады.

Реттеу кезеңінің соңғы жылын түзету келесі реттеу кезеңінің бірінші реттеу жылында жол берілетін кірістің бекітілетін шамасында ескеріледі.

208-151. Жыл сайынғы түзету мынадай мәндердің сомасы ретінде есептеледі:

1) бекітілген тарифтерді есептеу үшін пайдаланылатын реттеу кезеңінің  $t$  жылы ішінде ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтің бекітілген көлемі мен реттеліп көрсетілетін қызметтің нақты көлемі арасындағы айырма;

2) жол берілетін кіріске енгізілген бақыланбайтын шығындардың болжамды мәні мен бақыланбайтын шығындардың нақты мәні арасындағы айырма;

3) амортизациялық аударымдарды және (немесе) жол берілетін пайданы түзету түріндегі бекітілген және нақты күрделі шығындар арасындағы айырма үшін өтемақы;

4) 3 пайыздық тармақтан асқан жағдайларда нақты және болжамды инфляция арасындағы айырма. Мұндай жағдайда бақыланатын шығындар, реттеу кезеңінің бірінші жылының бақыланатын шығындарын қоспағанда, субъектінің негіздеме қоса берілген өтінімі негізінде өткен жылдың нақты инфляциясы деңгейіне түзетіледі.

Пайыздық тармақ пайызбен көрсетілген екі мән айырмашылығының өлшем бірлігі болып табылады.



Ескерту. 208-151-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-кіші бөлім. Жыл сайынғы түзетуді қарау тәртібі**

208-152. Субъект жыл сайын реттеу жылы аяқталғанға дейін уәкілетті органның ведомствосына:

реттеу кезеңі әр жылдың 1 қаңтарынан басталған жағдайда – әр жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде;

реттеу кезеңі әр жылдың 1 шілдесінен басталған жағдайда – әр жылдың 1 мамырынан кешіктірілмейтін мерзімде түзетуге өтінім береді.

Бұл ретте реттеу жылы аяқталғанға дейін ұсынылған түзетуге өтінім әрбір реттеу жылының 9 айындағы нақты көрсеткіштерді және 3 айындағы болжамды көрсеткіштерді ескере отырып, растайтын құжаттар мен есептеулер:

- 1) келесі жылдан бастап қолдануға ұсынылатын бақыланбайтын шығындарды, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін;
- 2) осы Қағидаларға сәйкес активтердің қалдық құнының өзгерістерін, тиімділік көрсеткіштерінің сақталуын және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуын ескере отырып, амортизациялық аударымдар мен жол берілетін пайданы;
- 3) тариф түзетілгеннен кейін келесі жылға ұсынылатын тарифті растайтын құжаттар мен есептемелер негізінде қалыптастырылады.

Ескерту. 208-152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208-153. Келесі жылдар үшін жыл сайынғы түзетуді есептеуде нақты қалыптасқан көрсеткіштермен, өткен жылдардағы жыл сайынғы түзетудің шамасын айқындау кезінде пайдаланылған алдыңғы реттеу жылының үш айының жол берілетін кірісін құрайтын болжамды мәндер арасындағы айырмашылық есепке алынады.

208-154. Егер жыл сайынғы түзетуге өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болса, уәкілетті органның ведомствосы оны субъектіден жазбаша түрде, мерзімін бес жұмыс күнінен кем қылмай белгілей отырып сұратады.

208-155. Уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімдерде ақпаратты ұсынбау уәкілетті орган ведомствосының ұсынылған деректер шеңберінде тиісті көрсеткіш бойынша шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

208-156. Уәкілетті органның ведомствосы келесі реттеу жылы басталғанға дейін күнтізбелік алты күннен кешіктірмей, келесі реттеу жылына түзетілген тарифті бекітеді, өзінің интернет-ресурсында жариялайды және субъектіге хабарлама жібереді.

208-157. Субъект тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ақпаратты кейін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында

таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастырумен, өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы бұл туралы тұтынушыларды хабардар етеді.

208-158. Субъект бес жұмыс күні ішінде тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

208-159. Егер жыл сайынғы түзетуді бекіту кейінге қалдырылса, онда субъектінің жол берілетін кірісі бекітілген тарифке сәйкес қолданылуы мүмкін тарифтер мен реттеу кезеңінің жаңа жылының басталуы және жаңа тарифтердің күшіне енуі сәтінің арасындағы кезеңде алдыңғы тарифке сәйкес алынатын тарифтер арасындағы айырмаға түзетіледі.

### **3-кіші бөлім. Жыл сайынғы түзетулерді есептеу тетігі**

208-160. Жыл сайынғы түзету мыналарды:

- 1) шекті кірістілікті түзетуді;
- 2) бақыланбайтын шығындар бойынша түзетуді;
- 3) күрделі шығындарды толық қамтамасыз етпеуге байланысты амортизациялық аударымдарды түзетуді өтейтін амортизациялық аударымдар бойынша түзетуді;
- 4) күрделі шығындарды толық қамтамасыз етпеуге байланысты жол берілетін пайдадағы түзетуді өтейтін жол берілетін пайда бойынша түзетуді;
- 5) болжамды және нақты инфляция арасындағы 3%-дан астам айырмаға бақыланатын шығындар бойынша түзетуді қамтиды.

**Ескерту. 208-160-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-161. Жыл сайынғы түзету келесі жылы жол берілетін кіріске қолданылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ADJ_t = RCA_t + UOA_t + DPA_t + RTA_a + IFA_t,$$

мұндағы:

$ADJ_t$

– t жылғы жыл сайынғы түзету, теңге;

$RCA_t$

– t жылғы шекті кірістілікті түзету, теңге;

$UOA_t$

– t жылғы бақыланбайтын шығындар бойынша түзету, теңге;

$DPA_t$

– t жылғы амортизациялық аударымдар бойынша түзету, теңге;

$RTA_t$

– t жылғы жол берілетін пайда бойынша түзету, теңге;

$IFA(t)$  – t жылғы болжамды және нақты инфляция арасындағы 5%-дан астам айырмаға бақыланатын шығындар бойынша түзету, теңге.

208-162. Жыл сайынғы түзетуді есептеу кезінде алдыңғы жыл сайынғы түзетулерде пайдаланылған болжамды мәндер мен өткен жылы берілген үш айдың нақты мәндері және кейін алынған факт арасындағы оң немесе теріс айырмашылық ескеріледі.

208-163. Шекті кірісті түзету көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлеміне қарамастан субъектілер алатын толық жол берілетін кірісті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

208-164. Шекті кірісті түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RCA_t = AAT_{t-1} * (VOF_{t-1} - VOA_{t-1}),$$

мұндағы:

$RCA_t$

– шекті кірісті түзету;

$AAT_{t-1}$

– сатулар бойынша орташа өлшемді, t-1 жылы бекітілген орташа тариф, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің бірлігі үшін теңге;

$VOF_{t-1}$

– t-1 жылы тасымалданатын немесе жеткізілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі;

$VOA_{t-1}$

– t-1 жылы тасымалданатын немесе жеткізілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі.

208-165. Бақыланбайтын шығындар бойынша түзету субъектінің нақты бақыланбайтын шығындарды өтеуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

208-166. Бақыланбайтын шығындар бойынша түзету, егер нақты шығындар болжанғаннан жоғары болса, оң болады немесе нақты шығындар болжанғаннан төмен болса, теріс болады.

208-167. Бақыланбайтын шығындарды түзету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$UOA_t = UOO_{t-1} - UOF_{t-1},$$

мұндағы:

$$UOA_t$$

– бақыланбайтын шығындарды түзету;

$$UOO_{t-1}$$

– t-1 жылғы нақты жиынтық бақыланбайтын шығындар;

$$UOF_{t-1}$$

– t-1 жылғы болжамды бақыланбайтын шығындар.

208-168. Бақыланатын шығындар бойынша инфляцияға түзету реттеу кезеңінің өткен жылындағы нақты инфляция бақыланатын шығындарды белгілеу кезінде қолданылатын, осы жылға болжамды инфляциядан ең аз дегенде 3 пайыздық тармаққа жоғары немесе төмен нақты инфляция ретінде есептеледі.

**Ескерту. 208-168-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

208-169. Мұндай жағдайда субъект инфляцияның ықпалына ұшыраған бақыланатын шығындар бөлігінде негіздейтін құжаттарды ұсына отырып, тиісті бақыланатын шығындар үшін инфляцияға түзетуді сұратады.

208-170. Инфляцияға түзету жыл сайынғы түзетуде болжамды және инфляцияның ықпалына ұшыраған бақыланатын шығындардың үлесіне көбейтілген нақты инфляцияның арасындағы пайыздық тармақтардағы айырмаға тең тарифтің ұлғаюы немесе төмендеуі ретінде көзделеді.

#### **4-бөлім. Индекстеу әдісін қолдануды ескере отырып тарифті есептеу тетігі**

209. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі тарифтерді индекстеуді он екі айда бір реттен жиілетпей жүргізеді.

**Ескерту. 209-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

210. Тарифті индекстеу әдісімен есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$T = T \text{ бекітілген} * U \text{ инд,}$$

мұндағы:

T – индекстеу әдісімен айқындалатын тариф;

T бекітілген – уәкілетті орган ведомствосы бекіткен тариф;

U инд – уәкілетті орган ведомствосы айқындаған индекстеу деңгейі.

211. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъект осы Қағидаларға сәйкес есептелген шығындарды бөлуді дербес жүзеге асырады.

**Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

212. Тарифті индекстеу деңгейін уәкілетті орган ведомствосы жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму параметрлерін ескере отырып айқындайды.

213. Тарифті индекстеу деңгейін айқындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында тиісті бес жылдық болжамды кезеңге мақұлданған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көзделген инфляция деңгейі туралы деректер негізінде процентпен жүзеге асырылады.

Алдағы күнтізбелік жылға арналған инфляция деңгейінің орташа мәні индекстеу деңгейі ретінде қабылданады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына енгізілетін өзгерістер ескеріле отырып түзетіледі.

214. Индекстеу деңгейін белгілеу туралы шешім өзінің интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында күнтізбелік жыл басталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей орналастырылады.

**5-параграф. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау әдісін қолдануды ескере отырып тарифті есептеу тетігі**

215. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифі мына формула бойынша есептеледі:

$$T_i = \frac{B_i - \Gamma B_i}{V_i},$$

мұндағы:

T<sub>i</sub> – реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифі;

B<sub>i</sub> – жылдық түсім;

ΓB<sub>i</sub> – шығындарды өтеу немесе бюджеттен кіріс алу көздері;

V<sub>i</sub> – реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемі.

216. Жылдық түсім мына формула бойынша есептеледі:

$$B_i = P_i + B_{ki} + D_{ki},$$

мұндағы:

$i$  – реттелетін кезеңдегі есеп айырысу жылының нөмірі,  $i = 1, 2, 3..$

$T_i$  –  $i$  жылға жылдық түсім;

$P_i$  –  $i$  жылға тарифке қосылатын шығындар;

$T_{K_i}$  –  $i$  жылға инвестицияланған капиталды қайтару;

$KK_i$  –  $i$  жылға айқындалатын инвестицияланған жеке құралдарға кіріс.

217. Инвестицияланған капиталды қайтару мынадай формула бойынша есептеледі:

$$B_i = P_i + B_{ki} + D_{ki},$$

мұндағы:

$B_{K_i}$  –  $i$  жылы инвестицияланған капиталды қайтару;

$B_{K_{P_i}}$  – инвестицияланған қарыз капиталын қайтару;

$B_{K_B}$  – инвестицияланған меншікті қаражатты қайтару.

$$B_{K_{P_i}} = P_{IK_i} - ИИК_i,$$

$P_{IK_i}$  –  $i$  жылға қарыз шартын өтеу кестесіне сәйкес қабылданған инвестицияланған қарыз капиталының жылдық төлем мөлшері.

$ИИК_i$  – уәкілетті орган ведомствосымен келісу бойынша қажет болған жағдайда қарызды өтеуге бағытталатын және  $i$  жылдың сол кезеңінде тарифтің шығын бөлігінде ескерілетін амортизациялық аударымдар сомасы;

$$B_{K_B} = \frac{P_{IK_i} + P_{I_i} - H_{CK_i} - \sum B_{K_{P_i}}}{CBK_i},$$

мұндағы:

$P_{IK_i}$  – инвестицияланған меншікті қаражаттың бастапқы сомасы;

$P_{I_i}$  – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану процесінде қайта инвестицияланған меншікті капитал сомасы;

$H_{CK_i}$  – нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған меншікті капиталдың сомасы;

СВК<sub>і</sub> – мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын, оның ішінде концессия шартын қолданудың қалдық мерзімі, жылдармен;

ВКр<sub>і</sub> – алдыңғы кезеңдерде қайтарылған меншікті капитал.

### **3-тарау. Уақытша өтемдік тарифті бекіту қағидалары**

#### **1-параграф. Жалпы ережелер**

218. Осы тараудың мақсаты субъект көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (Тауарларға, жұмыстарға) уақытша өтемдік тарифтің мөлшерін бекіту және есептеу тәртібін айқындау болып табылады.

219. Осы Қағидалардың ережелері аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсынатын субъектілерді, әуежайларды қоспағанда, меншік нысанына қарамастан, кабельдік кәріздерді мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе пайдалануға беру жөніндегі барлық субъектілерге қолданылады.

220. Уақытша өтемдік тарифті бекітуге негіздер:

- 1) осы Заңға сәйкес уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтің асып кетуі;
- 2) амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатқа сай пайдаланбау;

3) бекітілген инвестициялық бағдарламаның тарифте ескерілген іс-шараларын орындамау, бұған мынадай:

бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған бекітілген тарифтік сметада көзделген қаражаттың толық алынбауына алып келген көлемдердің төмендеу жағдайлары жатпайды. Бұл ретте бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамаудың жалпы сомасынан көлемдердің төмендеуіне мөлшерлес толық алынбаған кіріс сомасы алып тасталады, негізсіз кірістің қалған сомасына уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тариф енгізеді;

өткізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдердің нәтижелері бойынша қалыптасқан ақшаның үнемделуі;

анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды енгізуге байланысты шығындарды үнемдеу жағдайлары жатпайды;

4) мынадай:

анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты шығындарды үнемдеу;

субъектіге байланысты емес себептер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерінің төмендеуіне байланысты шығындарды үнемдеу жағдайларын қоспағанда бекітілген тарифтік смета шығындары баптарының бекітілген тарифтік сметада

көзделген мөлшерлерден бес пайыздан астамға орындалмауы. Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаны орындамаудың жалпы сомасынан көлемдердің төмендеуіне мөлшерлес толық алынбаған кіріс сомасы алып тасталады, негізсіз кірістің қалған сомасына уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тариф енгізеді;

өткізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдердің нәтижелері бойынша пайда болған ақшаның үнемделуі.

**Ескерту. 220-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

221. Субъект уәкілетті органның ведомствосына аталған үнемдеудің нақты пайдаланылуын және (немесе) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну көлемдерінің азайғанын растайтын материалдарды қоса бере отырып, шығындардың баптары бойынша үнемдеуді растайтын мынадай материалдарды ұсынады:

субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын енгізуі туралы ақпараты бар мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның хаты;

конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемдерінің тізілімі ұсынылатын табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық қызметтерді қоспағанда, ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін тұтынушылармен салыстыру актілері және төлеуге ұсынылған шот-фактуралар;

мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі туралы ақпараты бар хаты.

## **2-параграф. Уақытша өтемдік тарифті бекіту**

222. Уақытша өтемдік тарифті уәкілетті органның ведомствосы:

1) субъектінің қызметін тексеру;

2) субъекті ұсынатын бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерді жыл сайынғы талдау нәтижелері бойынша бекітеді.

223. Егер бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті ұсыну сәтіне бекітілген тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның қолданылуының есептік кезеңі он екі айдан азды құраса, бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті талдау сұрау салудың негізінде тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаның қолданылуының есептік кезеңі өткеннен кейін немесе субъектінің қызметін тексеру қорытындысы бойынша жүргізіледі.



224. Осы Қағидаларының 220-тармағында көрсетілген фактілерді растау үшін субъект уәкілетті органның ведомствосына Заңның 26-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес есепке растайтын материалдарды ұсынады.

225. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат оны уәкілетті органның ведомствосына ұсынудан бас тартуға негіз болып табылмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесін бекітуі туралы актінің көшірмесін қоса береді.

226. Уақытша өтемдік тариф осы Қағидалардың 241-тармағына сәйкес шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып бекітіледі.

**Ескерту. 226-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

227. Уақытша өтемдік тарифті енгізу субъектінің тарифтік сметаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындауы туралы тексеру, талдау жүргізілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

228. Субъекті уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы ақпаратты тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын жеткізеді.

229. Уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде субъект ай сайын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеу туралы төлем құжатындағы реттеліп көрсетілетін қызметтің құнына ескертпе түрінде тарифтің төмендетілгені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтің құнына берілген ескертпеде уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында жарияланған, уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешіміне сілтеме жасалып, тұтынушылардың қаражатын қайтару сомасын көрсете отырып, тарифтің төмендетілгені туралы ақпарат көрсетіледі.

230. Уәкілетті орган ведомствосының уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешімі уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен ресімделеді. Қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

231. Уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде субъект қажет болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға сәйкес жаңа тарифті бекітуге өтініммен жүгінеді.

Бұл ретте жаңа тарифтің деңгейін негіздеуге алынған кіріс субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынушыларға оның өтеген сомасын шегерумен, шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып негізсіз алынған кіріс сомасына азаяды.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыратын және міндеттемелері субъектінің рейтингімен тікелей байланысты кредиттік ұйымдардың қарыз қаражатын тартатын субъекті үшін тарифтік сметаның және (немесе) инвестициялық бағдарламаның орындалмауы нәтижесінде алынған сома кіріс бөлігін кеміту жолымен тарифтің деңгейін өзгертуге өтінімді қарау кезінде ескеріледі.

Бұл ретте тарифтік сметада тарифтік сметаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны орындамау сомасы жеке жолда көрсетіледі.

Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің жаңа тарифті бекітуге арналған өтінімін қарау кезінде уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып негізсіз кіріс сомасын анықтаған кезде, оны жаңа тариф деңгейін негіздеуге алынған кірістен алып тастайды.

Уәкілетті органның ведомствосы Қағидалардың осы тармағына сәйкес жаңа тарифті бекітуден бас тартқан және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып негізсіз кіріс сомасын анықтаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдайды.

**Ескерту. 231-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

232. Уақытша өтемдік тариф субъекті тұтынушыларға өзі негізсіз алған кірісті, оның ішінде соттың шешімі бойынша толық өтеген жағдайда қолданылмайды.

233. Субъектінің тұтынушыларға келтірген шығындары уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін толық өтелген жағдайда, субъект тұтынушыларға келтірілген шығындарды өтеу фактісін растайтын құжаттарды (абоненттер бойынша есепке жазу ведомосы, түбіртектер, шот-хабарламалар, шот-фактуралар, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан, интернет-ресурстардан немесе терминалдардан, төлем агенттерінен және (немесе) абоненттер бойынша төлем ұйымдарынан) қоса бере отырып, уәкілетті орган ведомствосына уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін уақытша өтемдік тарифтің күшін жою туралы өтінішпен жүгінеді.

Уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тарифті алып тастау туралы өтінішті қарап, нәтижесі бойынша уақытша өтемдік тарифті алып тастау туралы, уақытша өтемдік тарифтің қолданыс кезеңін өзгерту туралы шешім қабылдайды не субъектіге өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес келмеген жағдайда, бас тарту себептерін көрсете отырып, бас тартылғандығы туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 233-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 3-параграф. Уақытша өтемдік тариф мөлшерін есептеу

234. Осы Қағидаларының 220-тармағында көрсетілген бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтердің іс жүзінде ұсынылған көлемін және субъекті бұзушылықтарға жол берген кезеңде іс жүзінде алынған кірісті айқындайды.

235. Субъекті жол берген бұзушылықтар кезеңі:

1) осы Қағидаларының 220-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда – субъекті уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтен асатын құн бойынша ақы алған кезең;

2) осы Қағидаларының 220-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайда – уәкілетті органның ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік смета бекіткен жыл болып есептеледі.

236. Осы Қағидаларының 220-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған кіріс мынадай формула бойынша анықталады:

$$НК_1 = (T_1 - T) * V_1,$$

мұндағы:

$НК_1$  – субъектінің негізсіз алған кірісі;

$T_1$  – субъекті нақты қолданған ұсынылатын қызметтер құны, теңге;

$T$  – уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тарифтің бекітілуі туралы шешім қабылданған күні бекіткен тариф, теңге;

$V_1$  – бұзушылықтарға жол берілген кезең ішінде субъектінің нақты ұсынған реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемі.

237. Осы Қағидаларының 220-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған кіріс мынадай формула бойынша анықталады:

$$НК_2 = A_{\text{мақсатс}}.$$

мұндағы:

$НК_2$  – субъектінің негізсіз алған кірісі;

$A_{\text{мақсатс}}$  – бекітілген тарифте және (немесе) тарифтік сметада Субъекті реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге капиталдық салымдарға және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруға байланысты емес мақсаттарға бағыттаған амортизациялық аударымдар қаражаты есебінен көзделген қаражат, теңге.

238. Осы Қағидаларының 220-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған кіріс мынадай формула бойынша анықталады:

$$НК_3 = \sum ИБ_i,$$

мұндағы:

$НК_3$  – субъектінің негізсіз алған кірісі;

$ИБ_i$  – тарифтерді бекіту кезінде ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалмаған  $i$  – іс-шарасын толық немесе ішінара іске асыруға инвестициялық бағдарламада көзделген шығындар, теңге.

239. Осы Қағидаларының 220-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған кіріс мынадай формула бойынша анықталады:

$$НК_4 = \sum З_i,$$

мұндағы:

$НК_4$  – субъектінің негізсіз алған кірісі;

$З_i$  – бекітілген тарифтік сметада ескерілген шығындармен салыстырғанда  $i$ -бабы бойынша 5 проценттен асатын шығындарды толық игермеу, теңге, мынадай формула бойынша анықталады:

$$З_i = З_{\text{бекітілген}} * 95\% - З_{\text{факт}},$$

мұндағы:

$З$  бекітілген тарифтік сметада көзделген  $i$ -бабы бойынша шығындар, теңге;

$З_{\text{факт}}$  – тарифтік сметаның орындалуы туралы есепте көзделген  $i$ -бабы бойынша нақты шығындар, теңге;

240. Негізсіз алынған кіріс сомасы (НК) мынадай формула бойынша анықталады:

$$НК = НК_1 + НК_2 + НК_3 + НК_4 + НК_{\text{бекітілген}} - НК_{\text{өтел}},$$

мұндағы:

$НК_{\text{бекітілген}}$  – қолданыстағы уақытша өтемдік тарифті бекіту кезінде ескерілген негізсіз алынған кіріс, теңге;

$НК_{\text{өтел}}$  – шешім қабылдау күніне өтелген негізсіз алынған кіріс, теңге.

241. Негізсіз алынған кірістің түпкілікті сомасы шешім қабылдаған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$HK_K = HK * \frac{100+k}{100},$$

мұндағы:

HK<sub>к</sub> – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып негізсіз алынған кіріс сомасы, теңгемен;

HK – осы Қағидалардың 220-тармағында көзделген бұзушылықтардың түрлері бойынша негізсіз алынған кірістің жалпы сомасы;

к – шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі, пайызбен.

**Ескерту. 241-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

242. Уақытша өтемдік тариф бір жылға мынадай формула бойынша анықталады:

мұндағы:

Төтем. – уақытша өтемдік тариф, теңге;

V – бекітілген тарифтік сметада ескерілген уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі.

242-1. Субъектіде осы Қағидалардың 247 және 269-тармақтарында көрсетілген тұтынушылардың топтары бойынша бекітілген сараланған тарифтер болған жағдайда уақытша өтемдік тариф тұтынушылардың әрбір тобы үшін мынадай формулалар бойынша айқындалады:

тұтынушылардың бірінші тобы үшін:

T<sub>1өтемд.</sub> = T<sub>1бекіт.</sub>, мұндағы:

T<sub>1өтемд.</sub> – уақытша өтемдік тариф, тұтынушылардың бірінші тобы үшін;

T<sub>1бекіт.</sub> – уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тұтынушылардың 1-тобына арналған тариф, теңге;

тұтынушылардың екінші тобы үшін:

$$T_{2өтемд.} = T_{2бекіт.} * \frac{(T_{орт.бекіт.} * V_{жалпы} - HK_K - T_{1бекіт.} * V_1.)}{T_{2бекіт.} * V_2 + T_{3бекіт.} * V_3},$$

мұндағы:

T<sub>2өтемд.</sub> – тұтынушылардың екінші тобына арналған уақытша өтемдік тариф;

T<sub>1бекіт.</sub> – уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне уәкілетті органның ведомствосы бекіткен, тұтынушылардың бірінші тобына арналған тариф, бір текше метр/Гкал үшін, теңге;

Т2бекіт. – уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне уәкілетті органның ведомствосы бекіткен, тұтынушылардың екінші тобына арналған тариф, бір текше метр/Гкал үшін, теңге;

Т3бекіт. – уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне уәкілетті органның ведомствосы бекіткен, тұтынушылардың үшінші тобына арналған тариф, бір текше метр/Гкал үшін, теңге;

Торт.бекіт. – уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне уәкілетті органның ведомствосы бекіткен, тұтынушыларға арналған орташа тариф, бір текше метр/Гкал үшін, теңге;

Vжалпы – бекітілген тарифтік сметада ескерілген, уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіне реттеліп көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі, текше метр/Гкал;

V1 – бекітілген тарифтік сметада ескерілген, уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіне тұтынушылардың бірінші тобының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің жылдық көлемі, бір текше метр/Гкал;

V2 – бекітілген тарифтік сметада ескерілген, уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіне тұтынушылардың екінші тобының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің жылдық көлемі, бір текше метр/Гкал;

V3 – бекітілген тарифтік сметада ескерілген, уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіне тұтынушылардың үшінші тобының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің жылдық көлемі, бір текше метр/Гкал;

НКк – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып, негізсіз алынған кіріс сомасы, теңгемен.

тұтынушылардың үшінші тобы үшін:

$$T_{\text{зөтемд.}} = T_{\text{збекіт.}} * \frac{(T_{\text{орт.бекіт.}} * V_{\text{жалпы}} - \text{НКк} - T_{\text{1бекіт.}} * V_1)}{T_{\text{2бекіт.}} * V_2 + T_{\text{збекіт.}} * V_3}, \text{ мұндағы:}$$

Tзөтемд. – уақытша өтемдік тариф, тұтынушылардың үшінші тобы үшін;

Егер уақытша өтемдік тарифті есептеу кезінде тұтынушылардың екінші және үшінші тобына арналған тарифтер бірінші топ тарифінен төмен болған жағдайда, тұтынушылардың барлық топтары үшін уақытша өтемдік тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{уөт}} = T_{\text{1бекіт}} - \frac{(T_{\text{1бекіт}} * V_1 + T_{\text{1бекіт}} * T_{\text{1бекіт}} * V_3)}{V_{\text{жалпы}}} - \frac{(T_{\text{орт.бекіт.}} * V_{\text{жалпы}} - \text{НКк})}{V_{\text{жалпы}}}, \text{ мұндағы}$$

Tуөт – осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып бір текше метр/Гкал үшін айқындалған тариф, теңге.

Ескерту. Қағидалар 242-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

243. Егер уақытша өтемдік тарифті осы Қағидаларының 242-тармағына сәйкес есептеу кезінде тариф теріс мәнмен қалыптасса, уақытша өтемдік тариф үш жылға дейінгі мерзімге мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{өтем.}} = \frac{T * V - \text{НД}_K}{V},$$

мұндағы:

$T_{\text{өтем.}}$  – уақытша өтемдік тариф, теңге;

$V$  – бекітілген тарифтік сметада ескерілген, уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі;

$n$  – есептеу кезінде тарифтің қандай кезеңде оң мәнмен қалыптасқанына байланысты болатын уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі.

#### **4-тарау. Тарифті саралау қағидалары**

##### **1-параграф. Жалпы ережелер**

244. Осы тараудың мақсаты сараланған тарифтерді есептеу тетігін айқындау болып табылады.

245. Тарифтерді қалыптастыру Қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес есептелген тариф тұтынушылар тобына тұтынушының есепке алу аспабының болуына немесе болмауына, , тасымалданатын жүктердің түріне, жылжымалы құрамның типіне, тасымалдау арақашықтығына, табиғи монополиялардың түрлі салаларында тасымалданатын жүктердің көлеміне (салмағына) байланысты сараланады және уәкілетті органның ведомствосы экономикалық негізделген шығындар мен пайданың негізінде әрбір топ үшін жеке бекітеді.

Субъект тарифті саралауды қолдану кезінде алынған қосымша табысты инвестициялық бағдарламаны ұлғайтуға бағыттайды.

Ескерту. 245-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

245-1. Жүктерді контейнерлерде тасымалдау, бос контейнерлерді тасымалдау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасымалдау кезінде

магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді саралау осы Қағидаларға 141-қосымшаға сәйкес магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне сараланған тарифті есептеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 245-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Тарифті саралау қағидалары**

### **1-бөлім. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифті саралау қағидалары**

246. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф тұтынушылар топтары бойынша сараланады.

247. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті саралау мақсатында тұтынушылар топтарға бөлінеді:

1) халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар – бірінші топ;

2) өзге тұтынушылар – бірінші және үшінші топтардың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар – екінші топ;

3) бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар – үшінші топ.

Жеке тұлғаларды ресурс үнемдеуге ынталандыру мақсатында бірінші топтың сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифі тұтынушылардың мынадай санаттары бойынша сараланады:

1-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 3 м<sup>3</sup>-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар;

2-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 3 м<sup>3</sup>-ден астамнан 5 м<sup>3</sup>-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар;

3-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 5 м<sup>3</sup>-ден астамнан 10 м<sup>3</sup>-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын



ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және бөлумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;

4-кіші топ –1 адамға шаққанда айына 10 м3-ден астам реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар.

**Ескерту. 247-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**247-1. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**248. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.06.2021 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

249. Бірінші топ үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_1 = T_0 \times k_1$$

мұндағы:

$T_1$  – бірінші топтың тұтынушылары үшін бір текше метрге сумен жабдықтау және (немесе) үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтеріне бір текше метр тариф, теңге;

$T_0$  – бір текше метр үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтеріне осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып айқындалған тариф, теңге;

$k_1$  – инфляцияға әсерін ескере отырып, айқындалған тұтынушылардың бірінші тобына сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуден түскен кірістерді қайта бөлуге арналған коэффициент.

**Ескерту. 249-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.06.2021 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

249-1. Тұтынушылардың бірінші тобының мынадай санаттары үшін сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тариф мынадай формулалар бойынша айқындалады:

$$T_{\text{хал.1}} = T_{\text{хал.}}$$

$$T_{\text{хал.2}} = 1,2 * T_{\text{хал.}}$$

Тхал.3 = 1,5\*Тхал.

Тхал.4 = 2\*Тхал. мұндағы,

Тхал.1 – 1-кіші топтың тарифі;

Тхал. – осы Қағидалардың 249-тармағына сәйкес айқындалған тариф;

Тхал.2 – 2-кіші топтың тарифі;

Тхал.3 – 3-кіші топтың тарифі;

Тхал.4 – 4-кіші топтың тарифі.

1 адамға шаққандағы 1 айдағы есепке жазудың жалпы көлемін есептеу кезінде тұтынылған көлемге:

3 м3- -ге дейін – Тхал. деңгейінде;

3 м3-ден астамнан 5 м3-ге дейін – 1,2\*Тхал. деңгейінде;

5 м3-ден астамнан 10 м3-ге дейін – 1,5\*Тхал. деңгейінде;

10 м3-ден астамнан – 2\*Тхал. деңгейінде тариф қолданылады.

Ескерту. Қағидалар 249-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.01.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

249-2. "Халық санатына жататын жеке тұлғалар" тұтынушылардың бірінші тобы 2, 3, 4-кіші топтарының тарифтерін қолдану кезінде субъект алған қосымша кіріс реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша жабдықтар мен желілерді жаңғыртуға, реконструкциялауға, сондай-ақ негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға бағытталады.

Уәкілетті орган бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті талдау кезінде қосымша кірістің мақсатқа сай пайдаланылмағанын анықтаған жағдайда, негізсіз кіріс субъектінің бекітілген барлық кірісінен алынып тасталады.

Ескерту. Қағидалар 249-2-тармақпен толықтырылды - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

250. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.06.2021 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

251. Екінші топ үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_2 = T_0 \times k_2$$

мұндағы:

$T_2$  – екінші топтың тұтынушылары үшін бір текше метрге сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф, теңге;

$T_0$  – бір текше метр үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтеріне осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып айқындалған тариф, теңге;

$k_2$  – инфляцияға әсерін ескере отырып, айқындалған тұтынушылардың екінші тобына сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуден түскен кірістерді қайта бөлуге арналған коэффициент.

**Ескерту. 251-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.06.2021 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

252. Тұтынушылардың үшінші тобы үшін тариф барлық шығыстарды жабады (оның ішінде тұтынушылардың бірінші және екінші тобы жаппаған шығындардың бір бөлігін өтейді):

$$T_3 = \frac{T_0 * V_0 - T_1 * V_1 - T_2 * V_2}{V_3}$$

мұндағы:

$T_3$  – тұтынушылардың үшінші тобы үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтеріне тариф бір текше метр, теңге;

$V_0$  – барлық тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр;

$V_1$  – тұтынушылардың бірінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр;

$V_2$  – тұтынушылардың екінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр;

$V_3$  – тұтынушылардың үшінші тобының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тұтыну көлемі, текше метр.

**Ескерту. 252-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.06.2021 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

253. Егер сумен жабдықтау және (немесе) суды бұрудың көрсетілетін қызметтерін ұсынған кезде бірнеше кәсіпорын тартылған жағдайда, топтар бойынша тарифтер деңгейін есептеу кезінде тиісті шығындар көрсетілетін қызметтерді ұсынуға тартылған әрбір кәсіпорынның тарифтік сметаларынан қалыптастырылады.

## 2-бөлім. Суды магистральдық құбыржолдар және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті саралау қағидалары

254. Магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мыналарды:

- 1) тиісті өңір халқының төлем қабілеттілігі деңгейін;
- 2) тұтыну көлемін;
- 3) инфляцияға әсер етуін;
- 4) өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің даму деңгейін ескере отырып, тұтынушылардың топтары бойынша сараланады.

**Ескерту. 254-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

255. Суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті саралау мақсатында тұтынушылар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) халық, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ халыққа, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдарға коммуналдық қызметтер көрсететін басқа да кәсіпорындар – бірінші топ;
- 2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер – екінші топ;
- 3) өнеркәсіптік кәсіпорындар мен басқа да коммерциялық ұйымдар – үшінші топ;
- 4) мұнай-газ өндіруші кәсіпорындар – төртінші топ.

256. Тұтынушылардың бірінші тобы үшін тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_1 = T_o * k1,$$

мұнда:

$T_1$ – тұтынушылардың бірінші тобы үшін магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

$T_o$  – осы қағидалардың талаптарын ескере отырып айқындалған магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

$k1$ – осы Қағидалардың 254-тармағына сәйкес айқындалған, магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі қызметтерді көрсетуден бас тартудан түскен кірістерді қайта бөлуге арналған коэффициент.

**Ескерту. 256-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

257. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

258. Тұтынушылардың екінші тобы үшін тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_2 = T_o * k2,$$

мұнда:

T2– тұтынушылардың екінші тобы үшін магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

To – осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып айқындалған магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

K2– осы Қағидалардың 254-тармағына сәйкес айқындалған, магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі қызметтерді көрсетуден бас тартудан түскен кірістерді қайта бөлуге арналған коэффициент.

Ескерту. 258-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

259. Тұтынушылардың үшінші тобы үшін тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_3 = T_o * k3,$$

мұнда:

T3– тұтынушылардың үшінші тобы үшін магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

To – осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып айқындалған магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

K3 – осы Қағидалардың 254-тармағына сәйкес айқындалған, магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі қызметтерді көрсетуден бас тартудан түскен кірістерді қайта бөлуге арналған коэффициент.

Ескерту. 259-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

260. Тұтынушылардың төртінші тобы үшін тариф мынадай формула бойынша есептеледі:

$$T_4 = \frac{T_0 * V_0 - T_1 * V_1 - T_2 * V_2 - T_3 * V_3}{V_4}$$

мұнда:

T<sub>4</sub>– тұтынушылардың төртінші тобы үшін магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

T<sub>0</sub> – осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып айқындалған магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге бір текше метр үшін тариф, теңге;

V<sub>0</sub> – барлық тұтынушылардың магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемі, текше метр;

V<sub>1</sub>– тұтынушылардың бірінші тобының магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемі, текше метр;

V<sub>2</sub>– тұтынушылардың екінші тобының магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемі, текше метр;

V<sub>3</sub> – тұтынушылардың үшінші тобының магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемі, текше метр;

V<sub>4</sub> – тұтынушылардың төртінші тобының магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемі, текше метр.

**Ескерту. 260-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

261. Суды арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф суды арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық ерекшеліктің негізінде сараланады, онда суды тұтынушыға дейін беру екі тәсілмен (механикаландырылған және өзағар) жүзеге асырылады және судың қандай мұқтаждарға пайдаланылуына байланысты жүргізіледі.

262. Суды арналар арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті саралау мақсатында тұтынушылар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер – бірінші топ;
- 2) су арналары, бюджеттік ұйымдар – екінші топ;
- 3) электр энергиясын өндіретін кәсіпорындар – үшінші топ;
- 4) су жіберу (табиғатты қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық) – төртінші топ;
- 5) өнеркәсіптік кәсіпорындар, өзге коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар – бесінші топ.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суды үнемдеуге ынталандыру мақсатында бірінші топтың тарифі тұтынушылардың мынадай санаттары бойынша сараланады:

1-кіші топ – реттеліп көрсетілетін қызметтерді су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органмен келісілген су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормалары шегінде тұтынатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер;

2-кіші топ – реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органмен келісілген су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларының асып кетуіне жол берген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер.

**Ескерту. 262-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

262-2. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер" тұтынушылардың бірінші тобы 2-кіші тобының тарифін қолдану кезінде субъект алған қосымша кіріс реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша жабдықтар мен желілерді жаңғыртуға, реконструкциялауға, сондай-ақ негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға бағытталады.

Уәкілетті орган бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті талдау кезінде қосымша кірістің мақсатқа сай пайдаланылмағанын анықтаған жағдайда, негізсіз кіріс субъектінің бекітілген барлық кірісінен алып тасталады.

**Ескерту. Қағидалар 262-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

263. Суды арналар арқылы беру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тариф түзету коэффициентіне (ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемдері өзгерген кезде орташа өлшенген есептік тарифтің орташа босату есептік тарифтен ауытқуы) түзетілген есепті тарифтің негізінде айқындалады.

264. Тұтынушылардың әрбір тобы үшін суды арналар арқылы беру бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған есептік тариф мына формула бойынша анықталады:

1) су берудің механикаландырылған тәсілі үшін:

$$T_{\text{нмі есептеу}} = T_{\text{н}} V_{\text{факт}} / D_{\text{факт}} (D_{\text{мі факт}} / V_{\text{мі факт}}),$$

мұндағы:

i – тұтынушылар тобы;

$T_{\text{нмі}}$  есептеу – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың i тобы үшін су берудің механикаландырылған тәсілі үшін есепті тариф, 1 текше метр теңге;

$D_{\text{факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жылдағы көрсетілген қызметтерді ұсырудан түскен іс жүзіндегі кірісі, мың теңге;

$V_{\text{факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жылдағы ұсынылған үшін көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр;

$D_{\text{мі факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жылдағы тұтынушылардың  $i$  тобы үшін механикаландырылған су беруден түскен нақты кіріс, мың теңге;

$V_{\text{мі факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жылдағы тұтынушылардың  $i$  тобы үшін механикаландырылған су берудің нақты көлемі, мың текше метр.

2) суды өзағар тәсілімен беру үшін:

$$T_{\text{nci есептеу}} = T_n V_{\text{нақты}} / D_{\text{нақты}} (D_{\text{сі нақты}} / V_{\text{сі нақты}}),$$

мұндағы:

$i$  – тұтынушылар тобы;

$T_{\text{nci есептеу}}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың  $i$  тобы үшін су берудің өзағар тәсілі үшін есептік тариф, 1 текше метр теңге;

$D_{\text{факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін ұсынылған қызметтердің іс жүзіндегі кірісі, мың теңге;

$V_{\text{факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін ұсынылған қызметтердің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр;

$D_{\text{сі факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін тұтынушылардың  $i$  тобы үшін су берудің өзағар тәсілінен іс жүзіндегі кіріс, мың теңге;

$V_{\text{сі факт}}$  – өткен аяқталған күнтізбелік жыл үшін тұтынушылардың  $i$  тобы үшін суды өзағар тәсілімен берудің іс жүзіндегі көлемі, мың текше метр.

265. Тұтынушылардың әрбір тобы үшін есептік тарифтерді және тарифтің қолданылу кезеңіне ұсынылатын қызметтердің болжамды көлемін ескере отырып, орташа өлшенген есептік тариф мына формула бойынша есептеледі:

$$T_n \text{ ср.расчет} = \frac{\sum_{\text{сі}} T_{\text{nci расчет}} \times V_{\text{nci}} + \sum_{\text{мі}} T_{\text{nmi расчет}} \times V_{\text{nmi}}}{V_n},$$

мұндағы:

$n$  – тарифтің қолданылу кезеңі (бір жылға немесе барлық кезеңге);

$i$  – тұтынушылар тобы;

$T_n \text{ ор.есептеу}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне орташа өлшенген есептік тариф, 1 текше метр үшін теңге;



$V_{nci}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың  $i$  тобы үшін суды өзағар тәсілімен беру көлемі, мың текше метр;

$V_{nmi}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың  $i$  тобы үшін механикаландырылған су беру көлемі, мың текше метр;

$E_{ci}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың  $i$  тобы үшін суды өзағар тәсілімен беру көлеміне тариф көбейтіндісінің сомасы, мың теңге;

$E_{mi}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне тұтынушылардың  $i$  тобы үшін суды механикалық тәсілмен беру бойынша көлемге тариф көбейтіндісінің сомасы, мың теңге

266. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің болжамды көлемі өзгерген кезде осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес айқындалған орташа мөлшерлі есептік тарифтен орташа мөлшерлі есептік тарифтен ауытқуын көрсететін түзету коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_n \text{ түзету коэффициенті} = T_n / (T_n \text{ ор. есептеу}),$$

мұндағы:

$K_n$  түзету коэффициенті – тарифтің қолданылу кезеңіне кірістің жиналуы дәрежесін сипаттайтын түзету коэффициенті, бұл ретте коэффициенттің мәні мынаны білдіреді:  $K_n$  түзету  $< 1$  – тарифтің қолданылу кезеңіне есептік кіріс тарифтің қолданылу кезеңіне тарифтік кірістен асып түседі;  $K_n$  түзету коэффициенті  $= 1$  – тарифтің қолданылу кезеңіне есептік және тарифтік кірістер тең;  $K_n$  түзету коэффициенті  $> 1$  – тарифтің қолданылу кезеңіне есептік кіріс тарифтің қолданылу кезеңіне қажетті тарифтік кірістен аз.

267. Тарифтің қолданылу кезеңіне әрбір тұтынушылар тобына арналған тариф мына формулалар бойынша анықталады:

1) суды механикаландырылған тәсілмен беру үшін:

$$T_{nmi} = T_{nmi \text{ есептеу}} \times K_n \text{ түзету},$$

2) суды өзағар тәсілімен беру үшін:

$$T_{nci} = T_{nci \text{ есептеу}} \times K_n \text{ түзету},$$

мұндағы:

$T_{nmi}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне суды механикаландырылған тәсілмен берген кезде тұтынушылардың  $i$  тобына арналған тариф, 1 текше метр үшін теңге;

$T_{nci}$  – тарифтің қолданылу кезеңіне суды өзағар тәсілімен берген кезде тұтынушылардың  $i$  тобына арналған тариф, 1 текше метр үшін теңге.

267-1. Тұтынушылардың бірінші тобының мынадай санаттары үшін арналар арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формулалар бойынша айқындалады:

$$\text{Таштө1} = T1$$

$$\text{Таштө2} = 1,2 * T1, \text{ мұндағы,}$$

$T1$  – осы Қағидалардың 267-тармағына сәйкес айқындалған бірінші топтың тарифі;

Таштө1–1-кіші топқа арналған тариф;

Таштө2 – 2-кіші топқа арналған тариф.

Су тұтынудың үлестік нормаларынан асып кету фактісі болған жағдайда, 1 айдағы есепке жазудың жалпы көлемін есептеу кезінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органмен келісілген су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормалары шегінде тұтынылған көлемге бірінші кіші топтың тарифі қолданылады, ал қалған көлемге 2-кіші топтың тарифі қолданылады.

**Ескерту. Қағидалар 267-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-бөлім. Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті саралау**

**Ескерту. 3-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

268. Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф тұтынушылар топтары бойынша, оның ішінде жылу энергиясын тұтынуды есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай сараланады.

Тұтынушылар топтарына арналған тарифтер осы Қағидалардың 2-параграфының 3-бөліміне сай Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктеріне сәйкес айқындалған тарифке сүйене отырып:

тиісті өңір халқының төлем қабілеттілігі деңгейі;

инфляцияға әсері;

жылу энергиясын тұтыну құрылымы;

өнеркәсіптік өндірістің даму деңгейі;

энергияны үнемдеу үшін ынталандыру жасау ескеріліп айқындалады.

**Ескерту. 268-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

269. Жылу энергиясымен өткізу бойынша тарифті саралау мақсатында тұтынушылар мынадай топтарға бөлінеді:

1) халық санатына жататын жеке тұлғалар – бірінші топ;

2) бірінші және үшінші топқа жатпайтын өзге тұтынушылар – екінші топ;

3) бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар – үшінші топ.

**Ескерту. 269-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

270. Тұтынушылардың бірінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$T_{\text{хал.}} = T_{\text{хал.қолд.}} * k1$  (теңге/Гкал), мұндағы:

$T_{\text{хал.қолд.}}$  – тұтынушылардың бірінші тобы үшін субъектінің жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған қолданыстағы тариф;

$k1$  – осы Қағидалардың 268-тармағына сәйкес айқындалған, тұтынушылардың бірінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізуге арналған тарифті өзгерту коэффициенті

**Ескерту. 270-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

271. Тұтынушылардың екінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$T_{\text{өзге}} = T_{\text{өзге.қолд.}} * k2$  (теңге/Гкал), мұндағы:

$T_{\text{өзге.қолд.}}$  – тұтынушылардың екінші тобы үшін субъектінің жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған қолданыстағы тариф;

$k2$  – осы Қағидалардың 268-тармағына сәйкес айқындалған тұтынушылардың екінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізуге арналған тарифті өзгерту коэффициенті.

**Ескерту. 271-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

272. Тұтынушылардың үшінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$T_{\text{бюдж.}} = (T * Q - T_{\text{хал.}} * Q_{\text{хал.}} - T_{\text{өзге}} * Q_{\text{өзге}}) / Q_{\text{бюдж.}}$  (теңге/Гкал) мұндағы:

$T$  – осы Қағидалардың 63-тармағына сәйкес айқындалған, жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

$Q$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, тұтынушылардың (жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі;

$T_{\text{хал.}}$  – тұтынушылардың бірінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

$Q_{\text{хал.}}$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылардың бірінші тобының (жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың бірінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

$T_{\text{өзге}}$  – тұтынушылардың екінші тобы үшін жылу энергиясымен өткізу у жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф;

$Q_{\text{өзге}}$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылардың екінші тобының (жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың екінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

$Q_{\text{бюдж.}}$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және

жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылардың үшінші тобының ( жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың үшінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынушының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал.

**Ескерту. 272-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

272-1. Жалпы ауданның мөлшерін ескере отырып жылу энергиясын тұтынудың әлеуметтік лимиттерін белгілеу шеңберінде бірінші топ тұтынушылары, халық санатына жататын жеке тұлғалар үш кіші топқа бөлінеді:

1-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100 м<sup>2</sup> - ге дейін;

2-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100-ден астам және 200 м<sup>2</sup>-ге дейін;

3-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 200 м<sup>2</sup> - ден астам.

272-2. Кіші топтар үшін жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф былайша айқындалады:

1-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100 м<sup>2</sup>-ге дейін:

$T_{\text{хал.1}} = T_{\text{хал.}}$ , мұндағы:

$T_{\text{хал.1}}$  – халық санатына жататын жеке тұлғалар – 1-кіші топ тарифі;

$T_{\text{хал.}}$  – осы Қағидалардың 270-тармағына сәйкес айқындалған тариф;

2-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100-ден астамнан 200 м<sup>2</sup> -ге дейін;

$T_{\text{хал. 2}} = T_{\text{хал.}} * 1,1$ , мұндағы:

$T_{\text{хал.2}}$  – халық санатына жататын жеке тұлғалар – 2-кіші топ тарифі.

Бұл ретте белгілі бір көлем үшін халықтың 1-кіші тобына сияқты халық санатына жататын жеке тұлғалардың тарифтері қолданылады, қалған көлемге халықтың 2-кіші тобы үшін жеке тұлғалардың тиісті тарифі қолданылады.

3-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 200 м<sup>2</sup>-ден астам:

$T_{\text{хал.3}} = T_{\text{тайқын.}}$ , мұндағы,

$T_{\text{хал.3}}$  – халық санатына жататын жеке тұлғалар – 3-кіші топ тарифі;

Тайқынд. – осы Қағидалардың жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған (орташа босату тарифі) талаптарын ескере отырып айқындалған тариф.

Бұл ретте белгілі бір көлем үшін халық санатына жататын жеке тұлғалардың тарифтері халықтың 1 және 2-кіші тобына сияқты қолданылады, қалған көлемге халықтың 3-кіші тобы үшін жеке тұлғалардың тиісті тарифі қолданылады.

**Ескерту. 272-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

272-3. Халық санатына жататын жеке тұлғалар" тұтынушылардың бірінші тобы 2 және 3-кіші топтарының арналған тарифтерді қолдануы кезінде субъектісі алған қосымша кіріс реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша жабдықтар мен желілерді жаңғыртуға, реконструкциялауға, сондай-ақ негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға жұмсалады.

Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті талдау кезінде қосымша кірістің мақсатқа сай пайдаланылмауын анықтаған жағдайда, негізсіз кіріс табиғи монополия субъектісінің бекітілген барлық кірісінен алып тасталады.

Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке талдау жүргізу кезінде бекітілген барлық кірістен мақсатқа сай пайдаланылмаған қосымша кіріс сомасын алып тастайды.

**Ескерту. 272-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

273. Есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формулалар бойынша айқындалады:

1) жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың бірінші тобы үшін (ТЕА жоқ хал.):

$$\text{ТЕА жоқ хал.} = 1,2 * \text{Тхал. (теңге/Гкал)};$$

2) жылу энергиясын есептеудің есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың бірінші тобы үшін (ТЕА бар хал.):

$$\text{ТЕА бар хал.} = (\text{Тхал.} * \text{Q хал.} - \text{ТЕА жоқ хал.} * \text{QEА жоқ хал.}) / \text{QEА бар хал. (теңге/Гкал)}.$$

Егер жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың бірінші тобына (ТЕА бар хал.) арналған тариф есептеме бойынша  $\leq 0$  деңгейінде айқындалатын болса, онда ТЕА бар хал. және ТЕА жоқ хал. мынадай формулалар бойынша айқындалады:

$$\text{ТҮОЕА бар хал.} = 0,5 * \text{Тхал. (теңге/Гкал)};$$

$TEA \text{ жоқ хал.} = (T_{\text{хал.}} * Q_{\text{хал.}} - TEA \text{ бар хал.} * QEА \text{ бар хал.}) / QEА \text{ жоқ хал.} = (\text{теңге} / \text{Гкал}),$  мұндағы:

$Q_{\text{хал.}}$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылардың бірінші тобының ( $Q_{\text{жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың бірінші тобын қоспағанда}}$ ) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

$QEА \text{ жоқ хал.}$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың бірінші тобының ( $Q_{\text{жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың бірінші тобын қоспағанда}}$ ) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

$QEА \text{ бар хал.}$  – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың бірінші тобының жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

3) жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың үшінші тобын қоспағанда, тұтынушылардың екінші тобы үшін ( $TEA \text{ жоқ өзге}$ ):

$$TEA \text{ жоқ өзге} = 1,3 * T_{\text{өзге}} (\text{теңге} / \text{Гкал});$$

4) жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың үшінші тобын қоспағанда, тұтынушылардың екінші тобы үшін ( $TEA \text{ бар өзге}$ ):

$$TEA \text{ бар өзге} = (T_{\text{өзге}} * Q_{\text{өзге}} - TEA \text{ жоқ өзге} * QEА \text{ жоқ өзге}) / QEА \text{ бар өзге} (\text{теңге} / \text{Гкал}),$$

егер жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың екінші тобына арналған тариф ( $TEA \text{ бар өзге}$ ) есептеме бойынша  $\leq 0$  деңгейінде айқындалатын болса,  $TEA \text{ бар өзге}$  және  $TEA \text{ жоқ өзге}$  мынадай формулалар бойынша айқындалады:

ТЕА бар өзге =  $0,7 * Төзге$  (теңге/Гкал);

ТЕА жоқ өзге =  $(Төзге * - ТЕА бар өзге * QEA бар өзге) / QEA жоқ өзге$  (теңге/Гкал),  
мұндағы:

Qөзге – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылардың екінші тобының ( жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың екінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі , Гкал;

QEA жоқ өзге – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың екінші тобының (жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың екінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі , Гкал;

QEA бар өзге – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың екінші тобының жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

5) жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың үшінші тобы үшін (ТЕА жоқ бюдж.):

ТЕА жоқ бюдж. =  $1,5 * Тбюдж.$ (теңге/Гкал);

6) жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың үшінші тобы үшін (ТЕА бар бюдж.):

ТЕА бар бюдж. =  $(Тбюдж. * Qбюдж. - ТЕА жоқ бюдж. * Q EA жоқ бюдж.) / Q EA бар бюдж.$  (теңге/Гкал).

Егер жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың үшінші тобы үшін тариф (ТЕА бар бюдж.) есептеме бойынша  $\leq 0$  деңгейінде айқындалған болса,



онда ТЕА бар бюдж. және ТЕА жоқ бюдж. мынадай формулалар бойынша айқындалады:

ТЕА бар бюдж. =  $0,5 * Тбюдж.$  (теңге/Гкал);

ТЕА жоқ бюдж. =  $(Тбюдж. * Qбюдж. - ТЕА бар бюдж. * Q ЕА бар бюдж.) / QЕА$  жоқ бюдж. (теңге/Гкал), мұндағы:

Qбюдж. – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылардың үшінші тобының ( жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың үшінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

QЕА жоқ бюдж. – жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың үшінші тобының (жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылардың үшінші тобын қоспағанда) жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал;

QЕА бар бюдж.– жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен субъектінің жасасқан шарттарымен, ниет хаттамаларымен және жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндеті мен субъектінің мүмкіндіктеріне, тарифтерді ұстап тұру немесе оның өсуіне жол бермеу мақсатында көлемдердің төмендеуіне жол бермеуге сүйене отырып жасалған есептемелермен расталған, жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың үшінші тобының жылу энергиясын тұтынуының жоспарланған жылдық көлемі, Гкал.

**Ескерту. 273-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

274. Жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайларда, барак типтегі үйлерде тұратын тұтынушылар үшін жылу энергиясымен өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

Тхал. тозғ. = Тхал. (теңге/Гкал),  
Т өзге тозғ. = Төзге (теңге/Гкал),  
Т бюджет. тозғ. = Тбюдж. (теңге/Гкал).

**Ескерту. 274-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

275. Жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй-жайлардың тізбесін уәкілетті орган ведомствосының сұрау салуы бойынша жергілікті атқарушы органдар (қалалардың, аудандардың) жылу энергиясымен өткізу қызметтерін көрсету орны бойынша ұсынады.

**Ескерту. 275-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

276. Есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясын өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге сараланған тарифтерді тұтынушылардың қолдануына байланысты субъектінің кірісті толық алмауы немесе негізсіз кіріс алуы жағдайында толық алынбаған кіріс сомасы немесе негізсіз алынған кіріс сомасы осы Қағидалардың 2-параграфының 3-бөліміне сәйкес Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктеріне сәйкес айқындалатын тариф өзгерген кезде, оның ішінде тарифтердің қолданылу кезеңінде ескеріледі.

**Ескерту. 276-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

277. Тұтынушыларға берілген жылу энергиясының көлемі есеп айырысу кезеңінде тікелей жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу тұтыну объектісінде тұтынылған жылу энергиясының сомасы (бұдан әрі – жылу энергиясының көлемі) ретінде айқындалады. Есеп айырысу кезеңі ретінде күнтізбелік ай алынады.

Жылытуға арналған жылу энергиясының көлемін айқындау жылу энергиясына есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылар үшін жүргізіледі.

Ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемін айқындау жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуы не болмауы ескеріле отырып, ыстық суға арналған жеке есепке алу аспаптары бар және жоқ тұтынушылар үшін жүргізіледі.

278. Есепке алу аспаптары бойынша тұтынушыларға берілген жылу энергиясының көлемі – бұл жылыту және ыстық сумен жабдықтау мұқтаждарына тікелей жылу тұтынатын объектіде тұтынылған жылу энергиясының жиынтығы.

278-1. Есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін жылыту мұқтаждарына жылу энергиясының көлемі (Q(ж.ЖЭЕА) мынадай формула бойынша айқындалады:

$Q(\text{ж. ЖЭУОЕА}) = Q(\text{жалпы ЖЭУОЕА}) - Q(\text{ЫСЖ ЖЭУОЕА})$  (Гкал), мұндағы:

$Q$ (жалпы ЖЭҮОЕА) – жылыту және ыстық сумен жабдықтау мұқтаждарына жылу энергиясының ортақ есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша берілген жылу энергиясының жалпы көлемі, Гкал;

$Q$ (ЫСЖ ЖЭҮОЕА) – ыстық сумен жабдықтау мұқтаждарына жылу энергиясының есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша берілген жылу энергиясының көлемі (жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері үшін), ал жылумен жабдықтаудың жабық жүйесі үшін – ыстық суды есепке алудың жеке аспаптарының жиынтық көрсеткіштерін немесе оны тұтыну нормативтерін ескере отырып есепке алу арқылы, Гкал.

279. Көп қабатты тұрғын үйлерде (бұдан әрі – КТҮ) тұрғын емес үй-жайлар (коммерциялық жылжымайтын мүлік) болған жағдайда, оларды КТҮ-нің бірыңғай жылумен жабдықтау жүйесіне қосу кезінде тұтынушылардың осы санаты жылу энергиясын жеке есепке алу аспаптарының (бұдан әрі – ЖЭЖЕА) болуына немесе болмауына қарай есепке жатқызуларды есептеуге қатысады.

ЖЭЖЕА бар тұтынушылар үшін жылыту қажеттілігіне тұтыну көлемі ( $Q_{ж. ЖЭЖЕА}$  бар):

$Q_{ж. ЖЭЖЕА}$  бар =  $Q_{кезең\ соңы}$   $Q_{кезең\ басы}$  (Гкал), мұндағы:

$Q_{кезең\ басы}$  –  $i$ -пәтердің есеп айырысу кезеңінің басындағы абоненттің ЖЭЖЕА көрсеткіштері:

$Q_{кезең\ соңы}$  –  $i$ -пәтердің есеп айырысу кезеңінің соңындағы абоненттің ЖЭЖЕА көрсеткіштері. ЖЭЖЕА жоқ болғанда тұтыну көлемі ( $Q_{ж. ЖЭЖЕА}$  жоқ):

$$Q_{ж. ЖЭЖЕА\ жоқ} = Q_{ж. ЖЭҮОЕА} \times \frac{S_{i-пәтер}}{S_{жалпы\ пәтер}} \quad (\text{Гкал}), \text{ мұндағы:}$$

$Q_{ж. ЖЭЖЕА}$  жоқ – ЖЭЖЕА-мен жабдықталмаған не ЖЭЖЕА істен шыққан (сынған, салыстырып тексерудегі) не ЖЭЖЕА-ден көрсеткіштер жоқ пәтерді (тұрғын емес үй-жайды) жылытуға арналған жылу энергиясының көлемі;

$Q_{ж. ЖЭҮОЕА}$  – есеп айырысу кезеңінде ЖЭҮОЕА көрсеткіштері бойынша жылытуға тұтынушыларға жіберілген жылу энергиясының көлемі;

$S_{i-пәтер}$  –  $i$ -пәтердің (тұрғын емес үй-жайдың) жылытылатын ауданы;

$S_{жалпы\ пәтер}$  – жылытылатын пәтерлердің (тұрғын емес үй-жайлардың) жалпы ауданы.

Ортақ пайдалану орындарында (ОПО) жылу энергиясын тұтыну көлемі:

$Q_{ж. ОПО} = Q_{ж. ЖЭҮОЕА} - \sum_{i=1}^n Q_{ж. ЖЭЖЕА\ бар} - \sum_{i=1}^n Q_{ж. ЖЭЖЕА\ жоқ}$  (Гкал), мұндағы:

$Q_{ж. ОПО}$  – ортақ пайдалану орындарын жылытуға арналған жылу энергиясының көлемі;

Qж. ЖЭҮОЕА – есеп айырысу кезеңінде ЖЭҮОЕА көрсеткіштері бойынша жылытуға тұтынушыларға жіберілген жылу энергиясының көлемі;

$\sum Q_{\text{ж. ЖЭЖЕА бар}}$  – ЖЭЖЕА бар тұтынушы пәтерлердің (тұрғын емес үй-жайлар) жылу энергиясын тұтынушының жиынтық көлемі;

$\sum Q_{\text{ж. ЖЭЖЕА жоқ}}$  – ЖЭЖЕА жарақтандырылмаған не ЖЭЖЕА істен шыққан (сынған, мерзімі өткен, салыстырып тексерудегі) не ЖЭЖЕА көрсеткіштері жоқ тұтынушы пәтерлерді (тұрғын емес үй-жайлардың) жылытуға арналған жылу энергиясының жиынтық көлемі.

280. Әрбір пәтер (тұрғын емес үй-жай) үшін ОПО жылыту үшін қосымша есепке жазу үлесін есептеу:

$$Q_{\text{ОПО}} = Q_{\text{ж.ОПО}} \times \frac{S_{\text{і-пәтер}}}{S_{\text{жалпы пәтер}}} \text{ (Гкал) мұндағы:}$$

Q<sub>ОПО</sub> – ОПО жылыту үшін қосымша есепке жазу үлесі;

ЖЭЖЕА бар/жоқ тұтынушыларға есепке жазуды есептеу:

Сж. ЖЭЖЕА бар = (Qж. ЖЭЖЕА бар + Q<sub>ОПО</sub>) × T (теңге),

Сж. ЖЭЖЕА жоқ = (Qж. ЖЭЖЕА жоқ + Q<sub>ОПО</sub>) × T (теңге), мұндағы:

T – ЖЭҮОЕА бар тұтынушылар тобы үшін жылу энергиясының 1 Гкал тарифі, теңге;

Qж.ЖЭЖЕА бар – есеп айырысу кезеңінде ЖЭЖЕА көрсеткіштері бойынша тұтынушыға жіберілген жылу энергиясының көлемі;

Qж.ЖЭЖЕА жоқ – ЖЭЖЕА жарақтандырылмаған пәтерде тұратын не ЖЭЖЕА істен шыққан (сынған, мерзімі өткен, салыстырып тексерудегі) не ЖЭЖЕА көрсеткіштері жоқ абонентті жылытуға арналған жылу энергиясының көлемі.

281. Есепке алу аспаптары бойынша жылу энергиясын есепке алу уақытша бұзылған жағдайда, есепке алу уақытша бұзылған кезеңге төлемді есептеу үшін жылытуға арналған жылу энергиясын тұтыну көлемі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заң) 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына және Заңның 10-бабының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша тұтыну нормасына сәйкес, бірақ есепке алу қалпына келтірілуге тиіс бір айдан аспайтын мерзімде айқындалады.

282. Ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясына есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша жіберілген жылу энергиясының көлемі (Q<sub>ыс. ЕА-бар</sub>) мынадай талаптарды сақтай отырып бөлінеді:

ыстық судың жеке есепке алу аспабын салыстырып тексеруге немесе істен шыққанда шешкен кезде есептемелерде алдыңғы айдың көрсеткіштері, бірақ бір айдан аспай қолданылады;

жылу энергиясы (Қыс ысырап.) және жылу тасығыш (Гыс ысырап.) ысырабының (бұдан әрі – ысырап) көлемі авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтауға арналған есепке алу аспаптарының (Қыс ЕА бар және Гыс ЕА бар) көрсеткіштері бойынша айқындалған көлемдерден шегеріледі. Ысыраптар өндірісте және тұтынушылар арасында көлемдерді бөлуде жеке актімен ресімделеді. Ысыраптарды есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 58 бұйрығымен бекітілген Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18889 болып тіркелген) сәйкес тұтынушы мен кондоминиум объектісін басқару органы арасындағы шартта айқындалады.

283. Ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың бірінші тобына жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі (Қыс ЕА бар) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Қыс ЕА бар} = (\text{Қыс.ҮОЕА бар} - Q \text{ ыс ысырап}) / (\text{Гыс ҮОЕА бар} - \text{Гыс ысырап})$$
  
Гыс ЕА бар (Гкал), мұндағы:

Қыс ҮОЕА бар – ыстық сумен жабдықтау мұқтажына жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

Қыс ысырап – авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтау жүйесінен жылу энергиясының ысыраптары, Гкал;

Гыс ҮОЕА бар – жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша жіберілген ыстық сумен жабдықтауға суды тұтыну көлемі, текше метр (бұдан әрі – м<sup>3</sup>);

Гыс ысырап – авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтау жүйесінен жылу тасымалдағыштың ысыраптары, м<sup>3</sup>;

Гыс ЕА бар – бірінші топ тұтынушысының пәтерінде орнатылған ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған суды тұтыну көлемі, м<sup>3</sup>.

284. Ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған (Қыс ЕА жоқ) кезде тұрмыстық тұтынушыларға, оның ішінде бір адамға шаққанда (Қбір адамға ыс.) жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі жылумен жабдықтаудың ашық және жабық жүйелері үшін мынадай формулалар бойынша айқындалады:

$$\text{Қыс ЕА жоқ} = Q_{\text{бір адамға ыс.}} * n_{\text{пәтер}} \text{ (Гкал)},$$

$$Q_{\text{бір адамға ыс.}} = C * G_{\text{норма}} * p * (55^{\circ}\text{C} - t_{\text{сс орт.}}) * (1 + k_{\text{п}}) * 10^{-6} \text{ (1 адамға шаққанда Гигакалория (бұдан әрі – Гкал/адам))},$$
 мұндағы:

пәтер – кондоминиум объектісін басқару органы қабылдаған ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде пәтерде тұратын жеке тұлғалар саны, адам;

$C$  – судың үлестік жылу сыйымдылығы, 1 килограммға Цельсий градусы килокалория (бұдан әрі – ккал/кг<sup>°C</sup>) (есептемелерде 1 ккал/кг<sup>°C</sup> тең болып қабылданады);

$\rho$  – судың тығыздылығы, бір текше метрге килограмм (бұдан әрі – кг/м<sup>3</sup>) (есептемелерде 1000 кг/м<sup>3</sup> тең болып қабылданады);

55 оС – су бөлу орындарындағы шығысы нормаланатын ыстық судың температурасы, оС;

$t_{сс\text{ орт.}}$  – су құбырындағы суық судың жылдық орташа температурасы, сумен жабдықтаушы ұйымның алдыңғы жылға арналған есептік деректері бойынша қабылданады (деректер болмаған жағдайда есептеу үшін жылыту кезеңі үшін 5оС және жылытылмайтын кезең үшін 15оС тең болып қабылданады);

$k_p$  – ыстық сумен жабдықтау құбыржолдарының жылу ысыраптарын есепке алатын коэффициент (0,2 мөлшерінде қабылдау ұсынылады);

$G_{норма}$  – бір адамға бір айдағы ыстық сумен жабдықтауға арналған судың шығыс нормасы (нормалар болмаған кезде есептеу үшін төмендегі формулада келтірілген нормалар қабылданады, тәулігіне литр) мынадай формула бойынша айқындалады:

$G_{норма} = (q \cdot n_1 + q \cdot (365 - n_1) \cdot b) / 12 \cdot 10^{-3}$  (айына 1 адамға шаққанда м<sup>3</sup>) мұндағы:

$q$  – 55оС температура кезінде орташа тәулігіне тұтынушылардың ыстық су шығысының нормасы, тәулігіне литр;

$n_1$  – жылыту кезеңінің нормативтік ұзақтығы, тәулік;

$b$  – тұрғын үй секторы үшін деректер болмаған жағдайда 0,8-ге тең қабылданатын жылыту кезеңіне қатысты жылытылмайтын кезеңде ыстық сумен жабдықтауға арналған судың орташа шығысының өзгеруін ескеретін коэффициент, (кәсіпорындар үшін – 1, шипажайлар үшін 1,2-1,5).

285. Егер есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі мен осы Қағидалардың 282, 283 және 284-тармақтарына сәйкес айқындалған жылу энергиясы көлемінің арасында айырмашылық болған жағдайда, оның көлемі ыстық судың жеке есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың арасында айырмашылық коэффициенті (Кайырм..) қолданыла отырып бөлінеді, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{Кайырм.}} = \frac{Q_{\text{ыс ЕА бар}} - Q_{\text{ыс ысырап}}}{(\sum Q_{\text{ыс ЕА бар}} + \sum Q_{\text{ыс ЕА жоқ}})}, \text{ мұндағы:}$$

$Q_{\text{ыс ЕА бар}}$  – ыстық сумен жабдықтау мұқтажына жылу энергиясын есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

Қыс ысырап – авариялық жағдайлар кезінде ыстық сумен жабдықтау жүйесінен жылу энергиясы шығындары, Гкал;

Қыс ЕА бар – осы Қағидалардың 283-тармағына сәйкес айқындалған ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болған кезде тұрмыстық тұтынушыларға жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының жиынтық көлемі, Гкал;

Қыс ЕА жоқ – осы Қағидалардың 284-тармағына сәйкес айқындалған ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде тұрмыстық тұтынушыларға жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының жиынтық көлемі, Гкал.

Ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде тұрмыстық тұтынушыларға жіберілген ыстық сумен жабдықтаудың жылу энергиясының көлемі (Қыс ЕА жоқ), оның ішінде бір адамға есептегенде;

(Қыс бір адамға) Кайырм. ескеріле отырып, осы Қағидалардың 284-тармағындағы формулалар бойынша қайта есептеледі:

$$\text{Қыс бір адамға} = C * G_{\text{норма}} * p * (55 C - t_{\text{сс. орт.}}) * (1 + k_p) * \text{Кайырм.} * 10^{-6} \text{ (Гкал/адам)}$$

$$\text{Қыс ЕА жоқ} = Q_{\text{бір адамға ыс}} * n_{\text{пәтер}} \text{ (Гкал)}$$

286. Есепке алу аспаптары бойынша жылу энергиясын есепке алу уақытша бұзылған жағдайда, есепке алуды уақытша бұзу кезеңінде төлемді есептеу үшін ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясын және жылу жеткізгішін тұтыну көлемі ыстық суды есепке алудың жеке аспаптарының көрсеткіштері бойынша немесе осы Қағидалардың 284-тармағына сәйкес айына бір адамға есептегенде айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған су шығысының нормасы бойынша, бірақ есепке алу қалпына келтірілуге тиіс бір айдан аспай айқындалады.

287. Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың бірінші тобы үшін жылытуға жіберілген жылу энергиясын тұтынудың айлық көлемі (Қж. ЕА жоқ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Қж. ЕА жоқ} = \text{Қж. норма} * S_{\text{пәтер}} \text{ (Гкал)}, \text{ мұндағы:}$$

Қж. норма – Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңға және Заңға сәйкес бекітілген есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша тұтыну нормасы, 1 шаршы метрге Гигакалория (бұдан әрі – Гкал/м<sup>2</sup>);

S пәтер – құқық белгілейтін құжаттардың негізінде қабылданған тұтынушы пәтерінің жылыту ауданы, м<sup>2</sup>.

288. Ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушыларға жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі (Қыс ЕА бар) бір м<sup>3</sup> ыстық су есебінен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Қыс ЕА бар} = C * p * (t_{\text{ыс орт.}} - t_{\text{сс орт.}}) * 10^{-6} \text{ (1 текше метрге Гигакалория (бұдан әрі – Гкал/м}^3\text{)), мұндағы:}$$

$C$  – судың үлестік жылу сыйымдылығы, ккал/кг $^{\circ}C$  (есептемелерде 1 ккал/кг  $^{\circ}C$  тең болып қабылданады);

$\rho$  – су тығыздылығы, кг/м $^3$  (есептемелерде 1000 кг/м $^3$  тең болып қабылданады);

тыс орт. – тұтынушының есепке алу торабында жылу желілері таратушы құбыр жолындағы судың жылдық орташа температурасы (жылыту кезеңінің айлары бойынша сыртқы ауаның орташа есептік температурасы үшін жылу желілері жұмысының температура кестесі бойынша, бірақ жабық жылумен жабдықтаудың жабық жүйелері үшін 70 $^{\circ}C$ -ден және ашық жүйелері үшін 60 $^{\circ}C$ -ден кем емес есептеледі, жылытылмайтын кезеңде есептеу үшін 65 $^{\circ}C$  тең қабылданады);

тсс. орт. – құбыржолы суық суының жылдық орташа температурасы, сумен жабдықтаушы ұйымның алдыңғы жылға есептік деректері бойынша қабылданады ( деректер болмаған жағдайда есептеу үшін жылыту кезеңіне 5 $^{\circ}C$  және жылытылмайтын кезеңге 15 $^{\circ}C$  тең болып қабылданады).

289. Ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде, оның ішінде бір адамға есептегенде (Қыс. бір адамға) тұтынушылардың бірінші тобына жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі (Қыс ЕА жоқ) осы Қағидалардың 284-тармағында көрсетілген формулалар бойынша жылумен жабдықтаудың ашық және жабық жүйелері үшін айқындалады.

290. Жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке төлемақыны уәкілетті органның ведомствосы жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін:

жылытуға – тұтынушылардың бірінші тобы үшін айына жылыту ауданының бір м $^2$  есебінен (Тж. ЕА жоқ);

ыстық сумен жабдықтауға – тұтынушылар үшін жеке есепке алу аспаптары болған кезде ыстық судың бір м $^3$  есебінен (Тыс ЕА бар);

ыстық сумен жабдықтауға – тұтынушылардың бірінші тобы үшін ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде айына бір адамға есебінен (Тыс бір адамға) бекітеді.

**Ескерту. 290-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

291. Жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың бірінші тобы үшін жылытуға жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке төлемақы (Тж ЕА жоқ) мынадай формула бойынша айқындалады:

Пж.ЕА жоқ= Qж. норма \*ТЕА жоқ (1 шаршы метрге теңге (бұдан әрі – теңге/м $^2$ ), мұндағы:



Қж. норма – Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңға және Заңға сәйкес бекітілген есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша тұтыну нормасы, Гкал/м<sup>2</sup>;

ТЕА жоқ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы Заңның 15-бабы 16-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес бекіткен (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы бекіткен) тариф, теңге/Гкал.

**Ескерту. 291-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

292. Жылу энергиясына есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке төлемақы (бұдан әрі – ыстық сумен жабдықтауға төлемақы) былайша айқындалады:

1) жылумен жабдықтаудың жабық жүйесінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлемақы мынадай формулалар бойынша айқындалады:

ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде бір м<sup>3</sup> ыстық су есебінен (Тыс ЕА бар):

Аыс ЕА бар = Q<sub>ыс</sub> ЕА бар \* G<sub>ыс</sub> ЕА бар \* ТЕА жоқ (1 текше метрге теңге (бұдан әрі – теңге/м<sup>3</sup>)), мұндағы:

Q<sub>ыс</sub> ЕА бар – осы Қағидалардың 288-тармағына сәйкес бір м<sup>3</sup> ыстық су есебінен айқындалған жылу энергиясының көлемі, Гкал/м<sup>3</sup>;

G<sub>ыс</sub> ЕА бар – бірінші топ тұтынушысының пәтерінде орнатылған ыстық суды жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған суды тұтыну көлемі, м<sup>3</sup>;

ТЕА жоқ – ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде (Аыс. бір адамға):

Аыс. бір адамға = Q<sub>ыс</sub>. бір адамға \* ТЕА жоқ (теңге/адам), мұндағы:

Q<sub>ыс</sub>. бір адамға. – осы Қағидалардың 284 немесе 285-тармақтарына сәйкес бір адамға есептегенде айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

ТЕА жоқ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал.

2) жылумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде ыстық сумен жабдықтауға төлемақы мынадай формулалар бойынша айқындалады:

ыстық суды жеке есепке алу аспаптары болған кезде (Аыс ЕА бар):

Аыс. ЕА бар = Qыс. ЕА бар\* Gыс. ЕА бар\* ТЕА жоқ + Gыс. ЕА бар\*Т ССЖ (теңге/м3), мұндағы:

Qыс. ЕА бар – осы Қағидалардың 288-тармағына сәйкес бір м3 ыстық су есебінен айқындалған жылу энергиясының көлемі, Гкал/м3;

Gыс. ЕА бар – бірінші топ тұтынушысының пәтерінде орнатылған ыстық судың жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған суды тұтыну көлемі, м3;

ТЕА жоқ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

ТССЖ – бастапқы суды тазалау және химиялық тұрғыдан дайындау бойынша шығыстарды ескере отырып, оның құны немесе магистральдық құбыржолдары арқылы суды беру қызметіне тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/м3;

ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде (Аыс бір адамға):

Аыс. бір адамға = Q ыс. бір адамға \*ГУОЕА жоқ + Gнорма \*ТССЖ (теңге/адам), мұндағы:

Qыс. бір адамға – осы Қағидалардың 284 немесе 285-тармақтарына сәйкес айына бір адамға есептегенде айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі, Гкал/ адам;

ТЕА жоқ – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болмаған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

Gнорма – осы Қағидалардың 284-тармағына сәйкес айына бір адамға есептегенде айқындалған ыстық сумен жабдықтауға арналған судың шығыс нормасы, бір адамға шаққанда текше метр (бұдан әрі – м3/адам);

ТССЖ – бастапқы суды тазалау және химиялық тұрғыдан дайындау бойынша шығыстарды ескере отырып, оның құны немесе магистральдық құбыржолдары арқылы суды беру қызметіне тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/м3.

**Ескерту. 292-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

293. Жылу энергиясының есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылар үшін жылытуға арналған жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке төлемақыны уәкілетті органның ведомствосы бекітпейді. Төлемақы мөлшері ай сайын осы Қағидаларға сәйкес жылу энергиясының есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

Жылытуға төлемақы мөлшері (Пж. ЕА бар) бір м2 жылытылатын аудан есебінен мынадай формула бойынша айқындалады:

Пж. ЕА бар =  $Q_{ж.пәтер} \cdot ТЕА \text{ бар}$  (теңге/м2), мұндағы:

$Q_{ж.пәтер}$  – осы Қағидалардың 280-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған жеке тұтынушыға жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

ТЕА бар – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал.

**Ескерту. 293-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

294. Жылу энергиясының есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтауға, оның ішінде ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болған кезде жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке төлемақыны (бұдан әрі – ЕА-мен ыстық сумен жабдықтауға төлемақы) уәкілетті органның ведомствосы бекітпейді. Төлемақы мөлшері ай сайын осы Қағидаларға сәйкес жылу энергиясының есепке алу аспаптарының және ыстық судың жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

**Ескерту. 294-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

295. Жылумен жабдықтаудың жабық жүйесінде ЕА бар ыстық сумен жабдықтауға арналған төлемақы мынадай формулалар бойынша айқындалады:

1) ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болған кезде бір м3 есебінен (Аыс ЕА бар):

(Аыс. ЕА бар =  $Q_{ыс. ЕА бар} \cdot ТҮОЕА \text{ бар}$  (теңге/м3), мұндағы:

$Q_{ыс. ЕА бар}$  – осы Қағидалардың 283-тармағына сәйкес айқындалған ыстық судың жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша тұтынушыға жіберілген ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі, Гкал;

ТЕА бар – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

2) ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде бір адам есептеу есебінен (Аыс бір адамға):

Аыс. бір адамға. =  $Q_{ыс. бір адамға} \cdot ТЕА \text{ бар}$  (теңге/адам), мұндағы:

$Q_{ыс. бір адамға}$  – осы Қағидалардың 284 немесе 285-тармақтарына сәйкес айқындалған айына бір адамға есептегенде ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

ТЕА бар – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал.

296. Жылумен жабдықтаудың ашық жүйесінде ҮОЕА бар ыстық сумен жабдықтауға төлемақы мынадай формулалар бойынша айқындалады:

1) ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болған кезде бір м<sup>3</sup> есебінен (Аыс. ЕА бар):

Аыс. ЕА бар = Қыс. ЕА бар \* ТЕА бар + Ғыс. ЕА бар \* ТССЖ (теңге/м<sup>3</sup>), мұндағы:

Қыс. ЕА бар – осы Қағидалардың 283-тармағына сәйкес айқындалған ыстық судың жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша тұтынушыға жіберілген ыстық сумен жабдықтаудың жылу энергиясының көлемі, Гкал;

ТЕА бар – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

Ғыс. ЕА бар – бірінші топ тұтынушысының пәтерінде орнатылған ыстық судың жеке есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалған ыстық сумен жабдықтауға суды тұтыну көлемі, м<sup>3</sup>;

Т ССЖ – бастапқы суды тазалау және химиялық тұрғыдан дайындау бойынша шығыстарды ескере отырып, оның құны немесе магистральдық құбыржолдары арқылы суды беру қызметі бойынша тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/м<sup>3</sup>;

2) ыстық судың жеке есепке алу аспаптары болмаған кезде бір адам есебінен (Аыс бір адамға):

Аыс бір адамға = Қыс бір адамға \* ТЕА бар + Ғнорма \* Т ССЖ (теңге/адам), мұндағы:

Қыс. бір адамға – осы Қағидалардың 284 және 285-тармақтарына сәйкес айқындалған, айына бір адамға есебінен ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясының көлемі, Гкал/адам;

ТЕА бар – жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/Гкал;

Ғ норма – осы Қағидалардың 284-тармағына сәйкес айына бір адамға есептегенде анықталған ыстық сумен жабдықтауға судың шығыс нормасы, м<sup>3</sup>/адам;

Т ССЖ – бастапқы суды тазалау және химиялық тұрғыдан дайындау бойынша шығыстарды ескере отырып, оның құны немесе магистральдық құбыржолдары арқылы суды беру қызметіне тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф, теңге/м<sup>3</sup>.

297. Есепке алу аспаптары бойынша жылу энергиясын есепке алу уақытша бұзылған жағдайда, жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға арналған төлемақы мөлшерін айқындау кезінде энергиямен жабдықтаушы ұйым жылу энергиясын есепке алу аспаптары болған кезде тұтынушылардың тиісті тобы үшін уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф қолданады, бірақ ол есепке алу қалпына келтірілуге тиіс болатын бір айдан асырмайды.

## **5-тарау. Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту қағидалары**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

298. Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту Қағидалары осы Қағидалардың 299-тармағына сәйкес субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітудің оңайлатылған тәртібін айқындайды.

299. Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту өтінімді ұсынудың және қараудың, Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифті бекітудің және қолданысқа енгізудің, бекітілген тарифтік сметаны өзгертудің, субъектінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есепті ұсынудың және оған талдау жүргізудің оңайлатылған тәртібін айқындайды:

- 1) алғаш рет құрылған;
- 2) жаңа реттелетін қызметті (жаңа реттелетін қызметтерді) көрсететін;
- 3) егер қолданыстағы тариф объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілген болса, жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алған (салған) жағдайда;

3-1) көрсетілетін қызметтеріне субъектіге тариф бекітілген кірме жолдардың ажырамас бөлігі болып табылмайтын кірме жолдардың жаңа учаскелерін сатып алған (салған) жағдайда;

- 4) қуаты аз.

**Ескерту. 299-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

300. Тарифтер мен тарифтік сметалардың жобаларын бекіту туралы өтінім беру және шешім қабылдау кезінде уәкілетті органның ведомствосы мен субъектілер тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесін, тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларын, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу қағидаларын басшылыққа алады.

### **2-параграф. Өтінімдерді ұсынудың оңайлатылған қағидаларын**

301. Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына 299-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген субъекті уәкілетті орган ведомствосының Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілгені туралы хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосына "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда өтінім ұсынады.

Осы Қағидалардың 299-тармағының 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген субъект жаңа объектілерде және (немесе) учаскелерде, оның ішінде көрсетілетін қызметтеріне субъектіге тариф бекітілген, кірме жолдардың ажырамас бөлігі болып табылмайтын кірме жолдар учаскелерінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету басталғаннан бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде осы Қағидалардың 302-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның ведомствосына электрондық нысанда өтінім ұсынады.

**Ескерту. 301-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

302. Жасалған мәміленің немесе банкрот деп танылған борышкер – субъектінің мүліктік массасын өткізудің нәтижесінде оның активтері өз меншігіне түскен субъекті жаңа тариф бекітілгенге дейін, бірақ активтер түскен күннен бастап алты айдан асырмай, осы активтердің алдыңғы меншік иесі үшін бекітілген тариф бойынша тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер ұсынуды жалғастырады.

Осы Қағидалардың 299-тармағының 1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген субъектінің өтініміне мыналар қоса беріледі:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тарифтік смета жобасын не салалық ерекшеліктерді есепке ала отырып, преискуранттың жобасы және тарифтің жобасы;

2) жобалық қуат туралы деректер;

3) толық жазылуын қоса бере отырып, кредиторлық және дебиторлық берешектің бар екендігі немесе жоқтығы туралы деректер;

4) негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, шығыстардың баптар бойынша есептеулері ( тарифтің қолдану кезеңіне көзделген шығындар туралы негіздейтін материалдар ретінде деректер ұсынылады);

5) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал санының, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің және техникалық шығындардың есептеулері;

6) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып, амортизациялық аударымдар есебі;

7) пайданы есептеу;

8) негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстау үшін қажетті шығындар сметасының жобасы;

9) алғашқы рет құрылған немесе жаңа реттеліп көрсетілетін қызметті (жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтерді) ұсынатын субъект ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметке немесе егер осы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қолданыстағы тариф объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілсе, жаңа объектілер және (

немесе) учаскелер сатып алған (салған) жағдайда немесе кірме жолдардың бөлінбейтін бөлігі болып табылатын кірме жолдардың жаңа учаскелерін сатып алған (салған) жағдайда көрсетілетін қызметтеріне субъектіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тариф бекітілген тарифтің, тарифтік сметалардың 7,8 және 9-нысан бойынша тарифтік смета жобасы;

10) еңбек ақы қорын және басшылардың лауазымдық жалақысын белгілеу туралы мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімі (мемлекеттік кәсіпорындар немесе мемлекеттің басым үлесін иеленуші кәсіпорындар үшін);

11) мемлекеттік органдар өз құзыретінің шегінде белгілеген ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсету міндетін ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтің жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниеттер хаттамалары, шарттар, ұсынылатын қызметтер көлемдерінің есептеулері).

**Ескерту. 302-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

303. Қуаттылығы аз табиғи монополия Субъект уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға тарифті өзгерту кезінде осы Қағидаларға сәйкес тарифті индекстеу қағидаларын басшылыққа алады.

Қуаттылығы аз табиғи монополия субъекті тарифті уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға өзгерткен кезде уәкілетті органның ведомствосына "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда өтінім береді.

Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектінің өтініміне мыналар:

1) тарифті бекіту қажеттігін ашатын және реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бөлінісінде жылдар бөлінісінде тарифтерді соңғы бекіту сәтінен бастап өткен кезең үшін субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің талдауын қамтитын түсіндірме жазба ;

2) осы Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп;

3) осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес 10-нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф пен тарифтік сметаның жобасы;

4) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік;

5) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген персонал санының, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің және техникалық шығындардың есептеулері;

6) субъектінің негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін, жөндеуге жіберілетін шығындардың жылдық сметаларының жобасы;

7) күрделі жөндеулер жүргізуге жіберілетін шығындардың жылдық сметалары;

8) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып, амортизациялық аударымдардың есептеулері;

9) субъекті желілерінің (жабдығының) жобалық қуаты және оны нақты пайдалану туралы деректер;

10) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланып отырған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар);

11) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сатып алу бағасын растайтын құжаттар;

12) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау нәтижелері туралы мәліметтер (болған кезде);

13) пайданың есептеулері;

14) өтінім ұсынудың алдындағы төрт тоқсан үшін және алдындағы күнтізбелік жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің шығындары туралы және көлемдері туралы нақты деректерді растайтын құжаттар.

**Ескерту. 303-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

304. Субъектінің өтініміне қоса берілетін есептеулер мен негіздеуші материалдар электрондық нысанда реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке ұсынылады

305. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің өтінімін алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей субъект ұсынған, осы Қағидалардың 299-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген, қоса берілген есептеулердің және негіздеуші материалдардың толықтығын, осы Қағидалардың 302-тармағына сәйкестігін, қуаттылығы аз табиғи монополия субъектіге – осы Қағидалардың 303-тармағына сәйкестігін тексереді және өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе осы Қағидалардың 306-тармағына сәйкес бас тарту себептерін көрсете отырып, оны қабылдаудан бас тартқаны туралы жазбаша түрде қағаз тасымалдағышта субъектіні хабардар етеді.

**Ескерту. 305-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

306. Өтінімді қабылдаудан бас тартуға мыналар негіздер болып табылады:

1) субъектінің осы Қағидалардың 299-тармағының 1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында, осы Қағидалардың 302-тармағында көзделген құжаттарды немесе



қуаттылығы аз табиғи монополия субъектінің осы Қағидалардың 303-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 304-тармағына сәйкес келмеуі;

3) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу.

**Ескерту. 306-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

307. Заңның 25-бабының 7-тармағында белгіленген талапты ескере отырып, электрондық жеткізгіште қоса берілген құжаттармен бірге ұсынылған өтінімдер уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

### **3-параграф. Тарифті бекіту мен қолданысқа енгізудің оңайлатылған қағидаларын**

308. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті оңайлатылған қағидалармен бекітуге арналған өтінімді, ұсынылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Өтінімді жобасын қарау мерзімі өтінім уәкілетті органның ведомствосына түскен күннен бастап есептеледі.

Уәкілетті органның ведомствосы қосымша ақпаратты субъектіден ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, бірақ кемінде бес жұмыс күнін белгілеумен, жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте өтінімді қарау мерзімі Субъектіні бұл жөнінде хабардар ете отырып, қажетті ақпарат алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

309. Осы Қағидалардың 299-тармағының 1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген субъектілер үшін тариф осы Қағидалардың 2-тарауының 2-параграфына сәйкес Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеудің шығындық әдісі ескерілген тарифті есептеу тетігіне сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 309-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

310. Уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітуге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде жария тыңдаулар өткізеді.

Жария тыңдаулардың өткізілетін күні мен орны туралы ақпаратты және (немесе) онлайн-трансляцияға сілтемені уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық органы оңайлатылған тәртіптегі тарифтің жобасын талдау бойынша жария тыңдаулар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялайды.

Ескерту. 310-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 27.06.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

311. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтің және тарифтік сметаның жобасын қоса беріліп отырған негіздеуші құжаттармен және субъект талдау жүргізу жолымен ұсынған есептеулермен қарайды.

312. Уәкілетті органның ведомствосы субъект тарифінің және тарифтік сметасының жобасын қараудың нәтижелері туралы қорытынды негізінде оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, оңайлатылған тәртіппен тарифті бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті органның ведомствосы субъект тарифінің және тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытындыны тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын қалыптастырады.

Ескерту. 312-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

313. Тарифті бекіту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының бұйрығы түрінде ресімделеді және субъектіге оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірілмей жіберіледі.

Тарифті бекіту туралы шешіммен бірге Субъекті өтініммен бірге ұсынған шығындар, пайда баптарына енгізілген өзгерістер мен нақтылаулардың негіздемесі жіберіледі.

314. Бекітілген тарифтер мен тарифтік сметаларды уәкілетті органның ведомствосы оларды бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

315. Осы Қағидалардың 299-тармағының 1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген субъектілер үшін оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі он екі айдан аспайды.

Ескерту. 315-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

316. Заңның 20-бабының 1-тармағында көрсетілген субъектілер үшін оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі өткеннен кейін тариф тарифтік реттеудің шығындық әдісі қолданыла отырып, күнтізбелік бір жылға бекітіледі.

Заңның 20-бабы 1-тармағының 1), 2), 3) және 3-1) тармақшаларында көрсетілген субъектілер үшін оңайлатылған тәртіппен бекітілген тариф көтерілген жағдайда, уәкілетті орган жаңа тарифтерді енгізумен бір мезгілде субъектілердің негізсіз алған кірісін тұтынушыларға өтеу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Ескерту. 316-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

317. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

318. Тарифті қолданысқа енгізу тариф бекітілген айдан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

319. Субъектілер тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушыларға тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін қамтитын ақпаратты өзінің интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыра отырып, бұл жөнінде хабарлайды.

320. Субъект бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпаратты ұсынады.

Егер субъекті осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде тұтынушыға тарифтің енгізілетіні туралы хабарламаса, онда көрсетілген тариф уәкілетті орган ведомствосының шешімінде көрсетілген күннен бастап енгізілмейді. Бекітілген тарифті енгізу уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекіткен айдан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

321. Уәкілетті орган ведомствосының өтінімді қарауға қабылдау немесе қараудан бас тарту туралы, тарифтерді бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешіміне субъекті немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушы табиғи монополия заңнамада белгіленген қағидамен және мерзімдерде шағым жасай алады.

#### **4-параграф. Субъектінің бекітілген тарифтік сметасын өзгерту қағидалары**

322. Субъект ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қарашасына дейін өтінішпен қағаз немесе "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда уәкілетті органның ведомствосына уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтік сметаны тарифті жоғарылатпай өзгерту туралы өтінішпен жүгінеді.

Тарифті жоғарылатпай бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтініш осы Қағидаларына 304-тармағының талаптарына сәйкес ресімделеді.

Ескерту. 322-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

323. Тарифті жоғарылатпай бекітілген тарифтік сметаны өзгерту туралы өтінішпен жүгінген кезде субъекті уәкілетті органның ведомствосына тарифтік сметаның

жобасын, өзгерістерді ескере отырып және бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізуді негіздейтін материалдарды ескере отырып, осы Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес 7-нысан бойынша ұсынады.

324. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларға сәйкес тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесінің, тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларының талаптарын ескере отырып, ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде бекітілген тарифтік сметаны тарифті көтермей өзгерту туралы өтінішті қарайды.

325. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтің және тарифтік сметаның жобасын қоса беріліп отырған негіздеуші құжаттармен және субъект талдау жүргізу жолымен ұсынған есептеулермен қарайды.

326. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытынды негізінде бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізу туралы немесе бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Субъектінің тарифтік сметасының жобасын қарау нәтижелері туралы қорытындыны уәкілетті органның ведомствосы бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізу туралы немесе бекітілген тарифтік сметаға өзгерістер енгізуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын қалыптастырады.

**Ескерту. 326-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

327. Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген тарифтік сметаны өзгертуден, егер мұндай өзгеріс субъектінің тарифін арттыруға әкеп соққан жағдайда бас тартады.

#### **5-параграф. Субъектінің тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті ұсынуы және оған талдау жүргізу**

328. Субъект жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидалардың 329-тармағына сәйкес және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, алдыңғы күнтізбелік жыл үшін бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса берілетін есептемелерді және негіздейтін материалдарды субъект реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.

**Ескерту. 328-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен..**

329. Тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке алдыңғы күнтізбелік жыл үшін материалдар қоса беріледі:

1) орындалмау себептерін түсіндіре отырып тарифтік сметаның орындалуы туралы түсіндірме жазба;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген) субъектінің пайдасы мен шығындары туралы есебі;

3) негізі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеуге жіберілетін шығындардың сметаларын іске асыру туралы мәліметтер;

4) субъектінің тарифтік смета бойынша нақты шығындарын растайтын материалдар (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі);

5) аталған үнемдеуді нақты пайдалануды және (немесе) көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін қысқартуды растайтын материалдарды қоса бере отырып шығындарды баптар бойынша үнемдеуді растайтын материалдар:

субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын енгізуі туралы ақпараты бар мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның хаты;

конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;

олар бойынша көлемдер мен төлеуге арналған соманы көрсетумен реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемінің тізілімі ұсынылатын табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық қызметтерді қоспағанда, тұтынушылармен көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін салыстырып тексеру актілері, төлеуге берілген шоттар;

мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі туралы ақпараты бар хаты.

6) осы Қағидаларға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес нысандар бойынша есептілік.

330. Субъектінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебін талдауды уәкілетті органның ведомствосы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Егер субъектінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебін қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы

мерзімді белгілей отырып, бірақ кемінде бес жұмыс күнінен асырмай оны жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы субъектінің есебіне талдау жүргізу мерзімі субъектіні бұл туралы хабардар ете отырып, қажетті ақпарат алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

**Ескерту. 330-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

331. Субъектінің бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есебін уәкілетті органның ведомствосы ол уәкілетті органның ведомствосына келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

332. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есепті оған талдау жүргізу жолымен қарайды және осы Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес 24-нысан бойынша тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау нәтижелері туралы қорытындыны қалыптастырады.

333. Уәкілетті органның ведомствосы Заңның 33-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда субъектінің тарифтік сметасының орындалуы туралы есепті қарау нәтижелері туралы қорытындының негізінде уақытша өтемдік тарифті енгізу туралы шешім қабылдайды.

## **6-тарау. Инвестициялық бағдарламаны және оның өзгерісін бекіту қағидалары**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

334. Инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту тәртібін көздейді.

335. Субъектінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының даму басымдықтары және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып әзірленеді және:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың технологиялық циклінде тікелей пайдаланылатын қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, жаңа активтерді жасауға;

2) энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды көздейді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген субъектінің негізгі құралдарына салым көлемдері реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді өзгерту болжамын есептеу кезінде ескеріледі.

336. Инвестициялық бағдарламаны жоспарлау және жасау осы Қағидаларға сәйкес тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

337. Инвестициялық бағдарлама тарифтің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

338. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру және оны іске асыру үшін тартылған қарыз қаражатын қайтару, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларын және (немесе) ұлттық жобаларын, сондай - ақ табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын (бұдан әрі - Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары):

тарифте ескерілген пайда мен амортизациялық аударымдар есебінен;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 338-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

339. Субъект анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық шығындарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге немесе ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқартуға байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде пайда болған, іс-шаралар орындалған жағдайда бекітілген инвестициялық бағдарламада және бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігіне дербес билік етеді.

**Ескерту. 339-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Инвестициялық бағдарламаны қарау және бекіту қағидалары**

340. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінім қағаз немесе электрондық нысанда:

Субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген субъект, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген субъект бір мезгілде уәкілетті органның ведомствосына және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға;

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік

тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген Субъекті уәкілетті органның ведомствосына және жергілікті атқарушы органға бір мезгілде ұсынады.

341. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге мыналар:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасы;

2) іске асырылатын технологиялық және и техникалық іс-шаралардың тізбесін көрсете отырып, оның ішінде субъектінің технологиялық процестерін басқарудың ақпараттық жүйелерін енгізуді және (немесе) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін, технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін (болған кезде) енгізуді көрсете отырып, оның ішінде инвестициялық бағдарлама жобасының тиімділік есебін көздейтін осы Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша субъектінің инвестициялық бағдарламасы жобасының тиімділік көрсеткіштері;

3) сатып алынатын негізгі құралдардың, құралыс-монтаждау жұмыстарының құнын көрсете отырып, бағалар деңгейінің салыстырмалы талдауын, оның ішінде мұндай жұмыстарды жүргізу қажеттігін құжаттамалық техникалық растауды, жиынтық сметалық есептеулерді, әрбір объект бойынша объектілік, жергілікті және ресурстық сметаларды, бизнес-жоспарды, прайс-парақтарды, шарттар көшірмелерін, белгіленген қағидалармен (болған жағдайда) сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық шығындар туралы ақпарат.

Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінішті қарау "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен келісілген эскиздер (эскиздік жобалар) бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасыз жүзеге асырылады;

4) банкпен жасалған шарт (негізгі борышты және проценттерді өтеу кестесін қоса бере отырып);

5) оларды іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінген немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылған жағдайда, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар;

6) субъектінің тарифтік сметасының жобасын қоса бере отырып, оны іске асыру кезеңінде оның тарифтеріне инвестициялық бағдарлама жобасының ықпал ету болжамы;

7) электр энергиясын беру саласында қызметтер көрсететін субъектілер үшін техникалық сараптаманың қорытындысы;



8) энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген, "Энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 391 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 10958 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша субъектінің бірінші басшысы бекіткен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

Осы тармақшаның талаптары "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Энергия үнемдеу туралы заң) сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері болып табылатын субъектілерге қолданылады.

**Ескерту. 341-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.01.2024 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

342. Қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және субъектінің басшысы не оны алмастыратын адам не субъект басшысының орынбасары қол қояды. Осы талап өтінішті электрондық нысанда беруге қолданылмайды.

Тарифті, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге қоса берілетін, сондай-ақ бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерге қоса берілетін есептердің, құжаттардың, ақпараттың және басқа да материалдардың толықтығы, негізділігі мен дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес табиғи монополия субъектісі жауапты болады.

**Ескерту. 342-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

343. Субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасы мынадай өлшемшарттардың кемінде біріне сәйкес келетін іс-шараларды қамтумен әзірленеді:

- 1) салалық және өндірістік ерекшеліктерге қарай шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының азаюы;
- 2) нормативтік техникалық шығындардың азаюы;
- 3) көлемнің ұлғаюы және (немесе) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының артуы;

4) Субъектінің технологиялық процесті басқарудың ақпараттық жүйелерін енгізу және (немесе) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін, технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;

5) ол болған кезде, субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметін тұтынушылардың дебиторлық берешек деңгейін төмендету бойынша кешенді іс-шаралар;

б) негізгі құралдардың тозуын төмендету;

7) инвестициялық бағдарламаға енгізілген іс-шараларді іске асырудан субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапасын, сенімділігі мен тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

8) Энергия үнемдеу туралы Заңға сәйкес Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуі және энергия тиімділігін арттыруы.

Нормативтік техникалық шығындарды жоспарлы төмендетудің есептеуі бойынша талаптар магистральдық теміржол желілері, теміржол көлігі объектілерімен теміржол жолдары, кірме жолдар, порттар, жылу энергиясын өндіру және онымен өткізу, су бұру салаларында қызметтер көрсететін субъекттерге қолданылмайды.

**Ескерту. 343-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

344. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті уәкілетті орган субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын ол ұсынылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мезгілде қарайды.

345. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуде өтінішті алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосы субъектіні және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органжы және (немесе) жергілікті атқарушы органды оны қарауға қабылдау туралы не оны қараудан бас тарту туралы мынадай жағдайларда:

1) инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінішті беру кезінде субъект осы Қағидалардың 341-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса;

бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш беру кезінде субъект осы Қағидалардың 363-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса;

бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтініш беру кезінде субъект осы Қағидалардың 208-36-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаса;

2) инвестициялық бағдарлама жобасының немесе инвестициялық бағдарламаға өзгерістердің осы Қағидаларының 343-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі;

3) жаңа инвестициялық бағдарламаны іске асыру немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту (мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруды қоспағанда) бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асырудың қалған мерзіміне тарифті арттыруды талап еткен жағдайда оның қарауға қабылданғаны немесе оның қарауға қабылдаудан бас тартылғаны туралы (қағаз және электрондық) жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 345-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.12.2023 № 182 (01.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

346. Инвестициялық бағдарламаны:

1) уәкілетті органның ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтауы және субъектілер қызметі тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу мәніне;

2) құзыреті Заңның 9 және 10-баптарында көзделген тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган не жергілікті атқарушы орган ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру мақсатында технологиялық негізділік және реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру мәніне қарайды.

347. Инвестициялық бағдарламаның жобасын оның негізділігі тұрғысынан қарау кезінде:

1) осы Қағидалардың 335-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін;

2) қаржыландыру көзімен қамтамасыз етілмеген;

3) негіздеуші құжаттармен расталмаған іс-шаралар алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес инвестициялық бағдарламаның барлық іс-шараларын алып тастау инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Инвестициялық бағдарламаны бекітуден уәкілетті орган ведомствосының, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның не жергілікті атқарушы органның бас тартуы тарифті бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту уәкілетті орган мен мемлекеттік органның не жергілікті атқарушы органның бірлескен шешімімен қабылданады.

Ескерту. 347-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

347-1. Инвестициялық бағдарламаның жобасына инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтінім беру кезінде орындалған іс-шаралар қосылмайды.

Ескерту. 347-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

348. Инвестициялық бағдарлама жобасының реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифтеріне, сапасы мен сенімділігіне және субъектінің қызмет тиімділігіне әсерін айқындау мақсатында оны іске асыру кезеңіне оның тиімділігіне экономикалық және қаржылық талдау жүргізіледі.

349. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарламаның жобасын қоса берілетін негіздеуші құжаттармен және субъект ұсынған есептеулермен, оның тиімділігіне талдау жүргізу жолымен мынадай рәсімдерді сақтай отырып қарайды:

1) осы Қағидалардың 350-тармағына сәйкес инвестициялық бағдарлама тиімділігінің әрбір нысаналы көрсеткіші үшін салмақтарды есептеу;

2) осы Қағидалардың 350-тармағына сәйкес субъект айқындаған инвестициялық бағдарламаның іс-шараларының басымдығын қарау.

Ескерту. 349-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

350. Инвестициялық бағдарлама жобасы іс-шараларының басымдығы нысаналы көрсеткіштер салмағының мөлшеріне сүйене отырып айқындалады.

Ең көп басым іс-шаралар деп оларды іске асыру нысаналы көрсеткіштердің салмағы бойынша ең жоғары дәрежеге бағытталған іс-шаралар болып танылады.

Көрсеткіштің салмағы әрбір нысаналы көрсеткіш үшін мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Вес}_{\text{показателя}} = \frac{\sum_{i=1}^I \text{Инвестиционные затраты мероприятия}_i / \Pi_i}{\sum_{n=1}^N \text{Затраты инвестиционной программы}_n} * 100\%,$$

мұндағы:

$i$  – нысаналы көрсеткішке қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың идентификаторы;

$\Pi$  –  $i$ -іс-шарасы бағытталған нысаналы көрсеткіштердің саны;

$n$  – барлық нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған барлық іс-шаралардың идентификаторы.

351. Уәкілетті органның ведомствосы инвестициялық бағдарлама іс-шараларының басымдығын қарау нәтижелерін ескере отырып, инвестициялық бағдарламаның жобасын түзетеді.

352. Субъектінің инвестициялық бағдарлама жобасының тиімділігін бағалау мынадай:

көрсетілетін қызметтердің сапасы және (немесе) сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді (арттыруды) сипаттайтын іс-шаралардың нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу;

инвестициялық бағдарлама бекітілетін кезеңнің әрбір жылына инвестициялық шығындардың және (немесе) іс-шаралардың кемінде 95 процентін инвестициялық бағдарламаның (жобаның) нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге жіберу өлшемшарттарына сәйкес жүргізіледі.

353. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің инвестициялық бағдарламасы жобасын қарау нәтижелері туралы қорытындының негізінде инвестициялық бағдарламаны бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешімнің жобасын қалыптастырады.

354. Инвестициялық бағдарлама жобасын қарау нәтижелері бойынша:

тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтініш ұсынған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасының іс-шараларын қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жолдайды;

уәкілетті органның ведомствосы шешім қабылданғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей:

тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға және (немесе) жергілікті атқарушы органға инвестициялық бағдарламаны қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы қол қойылған шешімнің жобасын жібереді ;

не субъектіні уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган қол қойған дәлелді қорытындыны қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы хабардар етеді.

Инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тартылған жағдайда, инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы дәлелді қорытындыны уәкілетті органның ведомствосы тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның атына уәкілетті органның ведомствосына инвестициялық бағдарлама жобасы келіп түскен сәттен бастап отыз бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

Уәкілетті орган ведомствосының дәлелді қорытындысы мемлекеттік органға және (немесе) жергілікті атқарушы органға келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган кеңес өткізеді, оның қорытындысы бойынша субъектінің инвестициялық бағдарламасын бекітуден бас тарту туралы бірлескен шешім қабылданады. Кеңестің қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді.

Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган уәкілетті орган ведомствосынан келіп түскен инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы дәлелді қорытындыны уәкілетті орган ведомствосымен кеңес өткізген кезден бастап екі жұмыс күні ішінде, бірақ уәкілетті орган ведомствосының дәлелді қорытындысы мемлекеттік органға және (немесе) жергілікті атқарушы органға келіп түскен кезден бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және қол қояды.

Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің қол қойылған жобасын ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган уәкілетті органның ведомствосына инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы қол қойылған шешімді жібереді не дәлелді қорытындыны қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің қол қойылған жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы хабарлайды.

Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің қол қойылған жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы ақпарат енгізген жағдайда, инвестициялық бағдарламаны қарау мерзімі он жұмыс күніне ұзартылады.

Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы қол қойылған шешімнің жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туралы ақпарат уәкілетті органның ведомствосына келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде кеңес өткізеді, оның қорытындысы бойынша инвестициялық бағдарламаны бекіту не одан бас тарту туралы қол қойылған шешім жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы ақпаратты қабылдау туралы бірлескен шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді.

**Ескерту. 354-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

355. Субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын өзгертуді осы Қағидалардың ережелерін ескере отырып уәкілетті органның ведомствосы жүргізеді.

356. Субъект ұсынған инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау барысында уәкілетті органның ведомствосы оны өзгерткен жағдайда, өзгерту туралы шешім

қабылдаудың алдында келісу мақсатында тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның қатысуымен кеңес өткізіледі, оның қорытындысы бойынша инвестициялық бағдарламаның жобасын өзгертудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, оны уәкілетті органның ведомствосы субъектінің инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы шешімнің жобасымен тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның атына жібереді.

357. Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешім Заңның 9 және 10-баптарында көзделген құзыретке сәйкес уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

358. Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларының 353-тармағының, үшінші және жетінші бөліктерінде немесе 355-тармағында көзделген кеңес қорытындысы бойынша уәкілетті орган ведомствосымен бірыңғай шешімге келмесе, уәкілетті органның ведомствосы, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъекті ұсынған инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы бірлескен шешімге қол қояды.

359. Субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын уәкілетті органның ведомствосы, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган өздерінің интернет-ресурстарында осы Қағидаларының 1-қосымшаға сәйкес оның ішінде 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-нысандар бойынша инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешім қабылданған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырады.

360. Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің көшірмесін субъектіге уәкілетті органның ведомствосы уәкілетті органның ведомствосы, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган шешім қабылдаған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

### **3-параграф. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту**

361. Субъекті ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей тарифті көтерместен бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға бір мезгілде жүгіне алады.

Мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асырған жағдайда субъект уәкілетті

органның ведомствосына және (немесе) тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен жүгінеді.

Осы тармақтың талаптары уәкілетті орган ведомствосының инвестициялық бағдарламаны өзгерту бойынша өтінішін пысықтауға қайтарған кезде субъектіге, сондай-ақ осы Қағидаларының 355-тармағында көзделген жағдайларда қолданылмайды.

Субъекті инвестициялық бағдарламаны пысықтайды және оны уәкілетті органның ведомствосына, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға және (немесе) жергілікті атқарушы органға уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішін қайтаруды алған кезден бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қайта қарауға жібереді.

Ескертулер жойылмаған, оның ішінде негіздеуші құжаттармен бірге уәкілетті орган ведомствосының ескертулері бойынша түсіндірмелері ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы пысықталған өтінішін қайта қарау қорытындысы бойынша оны қараусыз қалдырады.

**Ескерту. 361-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

362. Субъекті сондай-ақ уәкілетті органға, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосына және (немесе) жергілікті атқарушы органға инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішпен мынадай жағдайларда:

- оның қызметін тексеру қорытындысы бойынша уәкілетті органның ведомствосы мұндай өзгерту жүргізудің қажеттігі туралы нұсқама енгізген;

- уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос және қолжетімді қуаттар, сыйымдылықтар, орындар, субъекті желілерінің өткізу қабілеттерінің немесе субъекті желілерінің болмау фактісі анықталған кезде техникалық шарттарды беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін алуға байланысты субъектіге экономикалық орындылық болған кезде бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту және реттеліп көрсетілетін қызметке қосылу үшін жағдайлар жасау қажеттігі туралы хабарлаған жағдайда жүгінеді.

Субъекті тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және (немесе) жергілікті атқарушы органмен келісу бойынша уәкілетті органның ведомствосын ағымдағы жылдың соңына дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей міндетті түрде хабардар ете отырып, тарифтерді бекіткен кезде есепке алынбаған инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын өзгертеді немесе алып тастайды.



363. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішке:

1) инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізуді негіздейтін материалдарды ( бизнес-жоспар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері, белгіленген қағидалармен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама (болған жағдайда) қоса бере отырып, өзгерістерді ескертумен инвестициялық бағдарламаның жобасы;

бекітілген инвестициялық бағдарламаға жаңа іс-шаралар енгізілген жағдайда осы Қағидаларының 341-тармағының 3) тармақшасына сәйкес растайтын материалдар қоса беріледі;

2) негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізудің қажеттігі туралы субъектінің бағалауы;

3) қаржыландыру мен қарыз қаражатын қайтарудың ықтимал шарттары;

4) инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылса, онда қаржыландыру мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар ұсынылады.

5) мұнай және газды тасымалдау саласындағы субъектілер үшін – тұтынушылармен ұсынылған реттеліп көрсетілген қызметтердің көлемдерін салыстырып тексеру актілері , ақы төлеуге берілген шоттар және ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемдері туралы мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның хаты қоса беріледі.

Қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және субъектінің басшысы не оны алмастыратын адам не субъект басшысының орынбасары қол қояды. Осы талап электрондық нысанда өтініш беруге қолданылмайды.

Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламасының өзгеруі туралы жобаны оның ұсынылған күнінен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

**Ескерту. 363-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.04.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

364. Субъекті бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын оған байланысты емес себептер (шарттың екінші тарапы міндеттемелерін орындамауы, конкурсты (тендерді) өткізілмеді деп тану, еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдары ) бойынша орындамаған жағдайда, бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдері олар іске асырылатын жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан дейін келесі күнтізбелік жылға ауыстырылады.

Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдерін қайта ауыстыруға жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, Субъекті, инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру жылынан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның атына осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайлардың басталуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтініш жібереді.

Тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган 15 ақпанға дейінгі мерзімде уәкілетті органның ведомствосына субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгертудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды жібереді.

365. Уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы өтінішті, оның ішінде субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы қайта пысықталған өтінішті осы Қағидалардың 343, 344, 345, 346, 347, 348, 349, 350, 351, 352, 353, 354, 356, 357, 358, 359 және 360-тармақтарында көзделген тәртіппен қарайды.

Субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның бірлескен бұйрығымен инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын іске асыру жылынан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде ресімделеді.

**Ескерту. 365-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-параграф. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы есепті ұсыну және оған талдау жүргізу**

366. Тарифтің қолданылу кезеңінде субъект жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға осы Қағидалардың 367-тармағына сәйкес және осы Қағидаларға 1-қосымшаның 20, 21 және 23-нысандары бойынша негіздейтін материалдарды қоса бере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті бір мезгілде "Монополист" базасы" веб-порталы арқылы электрондық нысанда ұсынады.

Ескерту. 366-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

367. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепке мыналар қоса беріледі:

1) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген) жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік тізбесіне сәйкес пайда мен шығындар туралы есеп;

3) инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшерлері туралы ақпарат;

4) инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін осы Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысаналы көрсеткіштердің тізбесіне сәйкес инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат;

5) қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру;

6) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалғанын растайтын материалдар (шарттардың, атқарылған жұмыстар актілерінің, шот-фактуралардың көшірмелері, жүкқұжаттардың, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизациясын көрсете отырып, негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі);

7) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу қорытындылары бойынша қорытынды.

368. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы субъектінің есебі уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей орналастырылады.

369. Субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есебін қарауды уәкілетті органның ведомствосы, тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган ол түскен күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Егер бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы мерзімді белгілей отырып, бірақ кемінде бес жұмыс күнінен асырмай оны жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепке талдау жүргізу мерзімі, бұл туралы субъектіні хабардар ете отырып, қажетті ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

**Ескерту. 369-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

370. Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті субъект ұсынған қоса берілген негіздеуші құжаттармен және есептермен бірге талдау жүргізу жолымен қарайды.

371. Субъекті ұсынған бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепке талдау жүргізу субъектінің инвестициялық бағдарламаны іске асыруының тиімділігін бағалауды көздейді.

372. Инвестициялық бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды субъекті есепті кезеңде іс-шараларды іске асырудың нақты көрсеткіштерді бекітілген инвестициялық бағдарламада қабылданған іс-шаралардың нысаналы көрсеткіштерімен салыстыру арқылы жүргізеді.

Инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нысаналы көрсеткіштері:  
абсолюттік ауытқулар, тиісінше:

нөлден төмен, егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру нысаналы көрсеткіштерді ұлғайтуға бағытталса;

нөлден жоғары, егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру нысаналы көрсеткішті азайтуға бағытталса қол жеткізілмеді деп танылады.

Инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициентінің есептеуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$КИ = 100\%$  – нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізілмеген салмақтардың сомасы;

КИ – инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенті.

Инвестициялық бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалау мынадай өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады:

Егер қол жеткізілмеген көрсеткіштер санының орташа өлшенген сомасы уәкілетті органның ведомствосы қабылдаған инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштерінің жалпы санының он процентінен жоғары болған жағдайда қол жеткізілмесе, субъекті инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің төменгі көрсеткіштеріне қол жеткізді деп танылады, яғни инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу коэффициенті – 90% -дан аз.

Қалған жағдайларда субъекті инвестициялық бағдарламаны іске асыру тиімділігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізді деп танылады.

373. Тиісті салалардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және ( немесе) жергілікті атқарушы орган субъектінің инвестициялық бағдарламаның

орындалуы туралы есебін қарау қорытындысы бойынша осы Қағидалардың 369-тармағында көзделген мерзім өткенге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті қабылдаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы өзінің қорытындысын жібереді.

**Ескерту. 373-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

374. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларының 1-қосымшаға сәйкес 24-нысан бойынша инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепті қарау нәтижелері туралы қорытындыны қалыптастырады, оның негізінде Заңның 33-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда уақытша өтемдік тарифті енгізу туралы шешім қабылдайды.

**7-тарау. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау қағидалары**

**1-параграф. Жалпы ережелер**

375. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты негізінде тарифті айқындау жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты негізінде, оның ішінде концессия шарты бойынша өз қызметін жүзеге асыратын субъектілердің тарифін айқындау тәртібін айқындайды.

**2-параграф. Тарифтерді қалыптастыру қағидалары**

376. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессиялық жобаның жобасын қарау кезінде мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің салынған инвестицияларын қайтаруды қамтамасыз етуді және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес салынған инвестицияларға кірістілік деңгейін ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті шығындардың құнынан төмен емес тарифі есептеледі, егер мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында немесе концессия шартында өзгеше көзделмесе.

**Ескерту. 376-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

377. Субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға қажет шығындар құнынан төмен емес деңгейде қалыптастырылады, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты жобасының, оның ішінде концессия жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес

мемлекеттік әріптестің пен жеке әріптестің салған инвестицияларын қайтаруды және салынған инвестицияларға кірістілік деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тарифтер субъектінің тиімді жұмыс істеуі үшін пайда алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, инвестицияланған қаражаттың қайтарылуын ескепке алмай қалыптастырылады.

378. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің бірлігіне арналған тарифтер мынадай кезеңдер бойынша қалыптырылады:

1) жылдық ақшалай түсім есебі, ол:

осы Қағидалардың 380-тармағына сәйкес тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың жылдық сомасын айқындауды;

осы Қағидалардың 381 және 382-тармақтарына сәйкес инвестицияланған капиталдың бастапқы және қалдық сомасының мөлшерін айқындау мен алдағы кезеңге инвестицияланған капиталды қайтарудың жылдық сомасының есебін;

осы Қағидалардың 383-тармағына сәйкес инвестицияланған меншікті қаражаттарға арналған пайданың жылдық сомасының есебін қамтиды;

2) осы Қағидалардың 385-тармағына сәйкес алдағы кезеңге реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша жылдық көлемін айқындау;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша жылдық түсімді негізделген бөлу жолымен тарифтердің құндық негізін айқындау.

379. Тарифтерді қалыптастыру реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес субъект әзірлейтін субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесі негізінде жүзеге асырылады.

380. Тарифті қалыптастыру кезінде тиісті негіздеуші материалдармен расталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің, оның ішінде концессия объектісінің мүліктік кешеніне кіретін әлеуметтік саланың объектілерін қаржыландыруға байланысты шығыстар ескеріледі.

381. Шығындарды қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесіне, тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

382. Инвестицияланған капиталдың жалпы мөлшері меншікті және инвестицияланған қарыз капиталы сомасы ретінде айқындалады.

Инвестицияланған капиталдың бастапқы сомасының болжамды шекті мөлшері және оны тартудың алдын ала шарттары (қарыз капиталының құрылымы, сыйақы мөлшерлемесі және меншікті қаражаттың пайда мөлшерлемесі, мақсатты пайдаланылуы, игеру кестесі, қайтару шарттары) субъектінің растайтын құжаттарының

негізінде (субъектінің қаржылық есептілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын , оның ішінде концессиялық жобаны қаржыландыру туралы меморандумдар, банк шоттарынан үзінді көшірмелер) айқындалады.

Инвестицияланған капиталды тартқаннан кейін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, оның ішінде концессия шартына жасалған қарыз шарттарына сәйкес инвестицияланған капиталды (қарыз капиталының құрылымы, сыйақы мөлшерлемесі және меншікті қаражаттың пайда мөлшерлемесі, мақсатты пайдалану, игеру кестесі, қайтару шарттары) тарту сомасы мен шарттары көзделетін қосымша келісім жасасу арқылы тиісті өзгерістер енгізіледі.

383. Инвестицияланған капиталды мақсатсыз пайдалануға жол берілмейді.

Тариф құрамындағы инвестицияланған капиталды (меншікті және қарыз) қайтару мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында және тиісті құжаттармен расталған субъектінің инвестициялық бағдарламасында көзделген нысаналы мақсат бойынша пайдаланылған капиталға ғана жүргізіледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалану кезеңінде Субъектінің меншікті қаражатын қайта инвестициялау сомасы мен мерзімдері мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында және Субъектінің инвестициялық бағдарламасында айқындалады және мақсатты пайдаланудың тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

Тарифте ескерілетін қарыз капиталын қайтарудың жылдық сомасы қарыз шартында белгіленетін қарыз капиталын қайтару (өтеу) кестесінің негізінде айқындалады. Қарыз капиталын қайтару сомасын есептеу кезінде инвестициялық бағдарламаға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының талаптарына сәйкес қайта инвестициялау (негізгі құралдарды жаңарту және жөндеу) үшін алдағы кезеңде Субъект пайдаланбайтын амортизациялық қордың бос ақша қаражаты ескеріледі.

Субъектінің тарифте ескерілетін инвестицияланған меншікті қаражатын қайтару мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін, оның ішінде концессия объектісін пайдалана бастаған сәттен бастап мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты қолданысының барлық мерзімі бойы жыл сайын тең төлемдермен жүргізіледі. Субъектінің меншікті қаражатын қайта инвестициялау кезінде меншікті қаражатты қайтару меншікті қаражаттың қайта инвестицияланған сомасы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның ведомствосы жыл сайын реттеу кезеңі ішінде пайдалануға берілген объектілер туралы нақты деректерді, бекітілген пайдалануға беру жоспарын түзетуді және қайтарылмаған инвестицияланған капиталдың қалдығын ескере отырып, реттеу кезеңінің кезекті есепті жылына белгіленетін инвестицияланған капиталды қайтару шамасына түзету жүргізеді.

384. Субъектінің тарифте ескерілетін инвестицияланған және (немесе) қайта инвестицияланған меншікті қаражатына арналған пайданың жылдық сомасы пайда мөлшерлемесінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына, оның ішінде концессия жобасына салынған субъектінің меншікті қаражатының қалдық сомасына көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Инвестицияланған меншікті капиталға пайда мөлшерлемесі қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, оның ішінде концессия шартына қол қою сәтіне белгіленген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері ақша қаражатын (депозиттер) тарту мөлшерлемесінен кем емес шама болып табылады.

Субъектінің инвестицияланған және қайта инвестицияланған меншікті қаражаты толық қайтарылғаннан кейін пайданың жылдық сомасы тарифте ескеріледі.

384-1. Инвестициялық бағдарламаны іске асыруға субъектінің меншікті қаражаты жіберілген жағдайда, инвестициялық жобаны іске асыру үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштері диапазонының орташа мәні (инфляция) ескеріле отырып есептеледі.

**Ескерту. Қағидалар 384-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

385. Субъектілерге мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамада және концессиялық заңнамада көзделген мемлекеттік бюджет қаражатынан шығындарды өтеуге және кіріс алуға бөлінетін көздер тарифтің шығын және кіріс бөліктерінде ескерілмеген шығындарды жабуға және кірістерді қамтамасыз етуге бағытталған төлемдерді қоспағанда, тарифті азайтуда ескеріледі.

Шығындарды өтеу және кірістер алу көздерінің төлемақы мөлшері мен қағидалары мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында көзделеді және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

386. Тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген шығындарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, субъектілерге мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар тарифтің шығын бөлігін азайтуда ескеріледі.

387. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін айқындау ұсынылатын қызметтердің түрлері бойынша нақты және болжамды деректердің негізінде заттай өлшемде жүзеге асырылады.

388. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған Тариф осы Қағидаларға сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес есептеледі.



### 3-параграф. Тарифтерді айқындау қағидалары

389. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтерді айқындауды субъектінің бастамасы бойынша немесе уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша жүргізеді.

390. Жаңадан құрылған субъект не реттеліп көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін көрсететін субъект уәкілетті орган ведомствосының оны субъектілердің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органның ведомствосына тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітуге арналған өтінімді осы Қағидаларға сәйкес ұсынады.

391. Тарифті субъектілер үшін оңайлатылған қағидалармен бекітуге арналған өтінімге Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту қағидаларының 4-тармағында көрсетілген құжаттар осы Қағидаларға 302-қосымшаға сәйкес оңайлатылған қағидалармен, сондай-ақ:

1) бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының көшірмесі;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына, оның ішінде концессия шартына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерден алынған таза кірістің (пайданың) пайдануы туралы ақпарат;

3) өткен кезеңдердегі инвестицияланған капиталды (қарыз және меншік) қайтару туралы мәліметтер;

4) қарыз қаражатын және қарыз қаражаты бойынша сыйақыларды төлеу кестесі;

5) энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

**Ескерту. 391-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

392. Субъект тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосына электрондық нысанда тарифті айқындауға өтініш береді

393. Өтінішке осы Қағидалардың 387-тармағында көзделген құжаттар қоса беріледі, сондай-ақ:

1) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының көшірмесі;

2) өткен кезеңдердегі инвестицияланған капиталды (қарыз және меншік) қайтару туралы мәліметтер;

3) энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қоса беріледі.

**Ескерту. 393-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

394. Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті айқындаған жағдайда субъект тиісті талапты алған күннен бастап бір ай мерзімде субъект экономикалық негізделген есептерді және ақпаратты субъектінің бастамасы бойынша тарифті айқындауға арналған өтінімді ұсыну кезіндегідей көлемде ұсынады.

395. Өтінішке қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) Қоса беріліп отырған материалдарға субъектінің басшысы не оны алмастыратын тұлға не субъект басшысының орынбасары қол қояды. Бұл талап өтінімді электрондық нысанда ұсынуға қолданылмайды.

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі өтінім қарауға қабылданғаннан кейін уәкілетті орган ведомствосының талабы бойынша өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақты деректерді уәкілетті органның ведомствосына күнтізбелік он бес күн ішінде ұсынады;

4) тарифтерге көлемдердің маусымдық ауытқуының әсерін болдырмау мақсатында бір жылға есептелген деректер негізге алынады;

5) тарифтердің жобаларын есептеу кезінде базаға өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемдері алынады;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдері төмендеген кезде төмендетуді негіздеуші және растаушы материалдар ұсынылады;

7) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалады.

396. Уәкілетті органның ведомствосы өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және субъектіні өтінімді қарауға қабылдағаны туралы немесе өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартқаны туралы бас тарту себептерін келтіре отырып, жазбаша түрде хабардар етеді.

397. Уәкілетті органның ведомствосы субъектінің өтінішін қарауға қабылдаудан бас тартуын жазбаша негіздейді.

398. Өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартуға негіздемелер мыналар болып табылады:

1) өтінімді ұсыну мерзімін бұзу;

2) осы Қағидалардың 390 және 392-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;

3) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 395-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) анық емес ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсыну;

5) субъектінің инвестициялық тарифті бекітуге өтінім беру жағдайларын қоспағанда, конкурсты (тендерді) өткізу туралы талаптарды, сондай-ақ табиғи монополиялар туралы заңнамада белгіленген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өзге тәсілдермен сатып алу туралы талаптарды бұзу.

399. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты өтінім беруші "коммерциялық құпия" деген белгімен ұсынады және жеке мұқабада жібереді және ол қолдау хат қаралатын ақпараттар (құжаттар) топтамасына енгізіледі.

Ақпарат құрамындағы коммерциялық құпия оны уәкілетті органның ведомствосына ұсынудан бас тартуға негіз бола алмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесін бекіту туралы актісінің көшірмесін қоса береді.

400. Уәкілетті орган өтінішті ол ұсынылған күннен бастап тоқсан жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, өтінім оңайлатылған қағидалармен қаралған жағдайда – Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес экономикалық негізделген есептеулер ұсынылған жағдайда өтінім берілген сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде қарайды.

401. Уәкілетті органның ведомствосы өтінішті субъект ұсынған негіздеуші құжаттарды талдау және жария тыңдаулардың нәтижелерін ескере отырып, есептер жолымен қарайды.

402. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларының 21-тармағына сәйкес субъектіден қосымша ақпарат сұратады.

Субъект талап етілетін ақпаратты уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мерзімде немесе оны толық көлемде ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган ведомствосы тарифтерді қалыптастыру кезінде мәлімделген шығындарды ескермейді.

403. Жария тыңдаулар уәкілетті орган ведомствосының тарифті айқындауы кезінде тариф айқындалғанға дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей өткізіледі.

404. Уәкілетті органның ведомствосы өтінішті қарау нәтижелері бойынша оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, тарифті бекіту туралы шешім қабылдайды.

405. Тарифтерді қолдану мерзімі мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің, оның ішінде концессионердің бекітілген инвестициялық бағдарламаны және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын, оның ішінде концессия шартын іске асыруға көзделген кезеңінен аспайтын кезеңге белгіленеді.

406. Уәкілетті орган ведомствосының тарифтерді бекіту туралы шешімі уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен ресімделеді және субъектіге олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз бес күннен кешіктірмей жолданады.

407. Субъект тарифтерді қолданысқа енгізу туралы ақпаратты өзінің қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында осы ақпаратты орналастыру арқылы оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді.

408. Субъект уәкілетті орган ведомствосына күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тарифтерді қолданысқа енгізу туралы тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат ұсынады.

## **8-тарау. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

409. Осы тарау субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту тәртібі мен шарттарын айқындайды.

410. Уақытша төмендету коэффициенті мемлекет, субъект және тұтынушы үшін осы шараның экономикалық тиімділігі мен орындылығын есептеу негізінде белгіленеді

Уақытша төмендету коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігі субъект пен тұтынушы ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің және (немесе) алатын кірістер көлемінің ұлғаюымен және (немесе) халықтың жұмыспен қамтылуының және (немесе) мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің өсуімен айқындалады.

411. Уақытша төмендету коэффициентін қолдану кезінде субъект алатын кіріс реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуға қажетті шығындарды жабуды қамтамасыз етеді

412. Уақытша төмендету коэффициенті бір күнтізбелік жылдан аспайтын белгілі бір кезеңге бекітіледі және бекітілген айыдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

413. Уақытша төмендету коэффициенті бекіту тұтынушы ағымдағы міндеттемелерін жүз процент төлеген кезде, реттеліп көрсетілетін қызметтерге төлем бойынша мерзімі өткен кредиторлық берешегі болмаған жағдайда немесе кредиторлық берешекті өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда жүргізіледі.

## **2-параграф. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту қағидалары**

### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

414. Уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінімді тұтынушы немесе субъект (бұдан әрі – өтініш беруші) береді.

415. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы мына:

1) егер өтінімде көрсетілген жоспарланған жылдық көлем:

қолданыстағы тарифтік сметада және (немесе) субъект тарифінде көзделген осы тұтынушының реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемінен;

өткен жылдың ұқсас кезеңі үшін осы тұтынушының реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушының нақты көлемінен артатын жағдайда өткен жылғы тиісті кезеңге қатысты реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемінің ұлғаюы;

2) магистральдық және (немесе) тарату құбыржолдарының тартылмаған және аз тартылған учаскелерін, субъектінің тартылмаған өндірістік қуаттарын пайдалану мүмкіндігі өлшемшарттарының біріне сәйкес айқындалады.

416. Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін өтініш беруші осы Қағидаларының 14-қосымшасына сәйкес тарифке уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін өтініш беруші ұсынатын негіздеуші құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларының 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім береді.

Өтінішке қоса берілетін негіздейтін құжаттар мынадай рәсімдерді сақтай отырып ұсынылады:

1) әрбір параққа бірінші басшы, ал қаржы құжаттарына бас бухгалтер де қол қояды. Бірінші басшы мен бас бухгалтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылатын ақпараттың анықтығына жауапты болады;

2) алдыңғы кезеңге қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бойынша нақты деректер, сондай-ақ бекіту кезеңіне сұратылатын кезеңге уақытша төмендеті коэффициентін қолданудан күтілетін нәтижелер ұсынылады.

417. Осы Қағидаларына сәйкес талап етілетін негіздейтін құжаттарды ұсынбау немесе толық көлемде ұсынбау, ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларының 416-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі өтінімді қарауға қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

418. Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде өтініш берушіні өтінімді қарауға қабылдау не қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

Өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартылған жағдайда, өтініш беруші уәкілетті органның ведомствосына кемінде бір айдан кейін өтініммен жүгінеді.

419. Уәкілетті орган ведомствосының өтінімнің қарауға қабылданғаны туралы хабарламасын алғаннан кейін, өтініш беруші бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін

мерзімде осы өтінімді уәкілетті орган ведомствосының хабарламасын қоса бере отырып, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға қарау үшін жібереді.

Егер тұтынушы өтініш беруші болып табылса, уақытша төмендету коэффициентін бекіту қажеттігі туралы өтінім субъектіге, құзыретті органға, салалық мемлекеттік органға және уәкілетті органның ведомствосына бір мерзілде ұсынылады.

420. Қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы құзыретті органнан, салалық мемлекеттік органнан, субъектіден, тұтынушыдан қосымша ақпаратты сұратады.

Бұл ретте, өтінімді қарау мерзімі сұратылған ақпаратты алғанға дейін, тоқтатыла тұрады.

421. Құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, субъект өтініш берушіден өтінімді алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды ұсынады, онда уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылатын деңгейін бекітудің орындылығының негіздемесі не оны бекітудің орынсыздығы көрсетіледі.

Құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, субъект тұтынушы өтініміне сүйене отырып, уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытындыға мыналарды:

өтінімге сәйкес кезеңдер бөлінісінде тұтынылатын көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлемдерін;

уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылатын деңгейінің есеп-негіздемесін;  
түсіндірме жазбаны қоса береді.

422. Егер салалық мемлекеттік орган және құзыретті орган бірыңғай мемлекеттік орган болып табылған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосына салалық мемлекеттік органның бірыңғай қорытындысы ұсынылады.

423. Уәкілетті органның ведомствосы өтініш берушінің бастамасы бойынша не құзыретті органның, салалық мемлекеттік органның өтінішхаты бойынша қосымша ақпаратын алған кезде, өтінімді қарау мерзімі бес жұмыс күніне ұзартылады.

424. Уәкілетті органның ведомствосы өтініш беруші ұсынған құжаттарға және құзыретті орган, салалық мемлекеттік орган, субъект ұсынған қорытындыларға өтінім келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тексеріс жүргізеді.

Уақытша төмендету коэффициентін деңгейін есептеу осы Қағидаларының 18-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

425. Жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім қабылдайды не оны бекітуден бас тартады.

426. Құзыретті органнан, салалық мемлекеттік органнан, субъектіден уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы туралы қорытынды алған жағдайда, уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешімді уәкілетті органның

ведомствосы ұсынылатын көрсетілетін қызмет көлемін айлар, не тоқсан, не жартыжылдық бөлінісінде, не тұтастай алғанда жыл бойынша тұтынушы өтінімінің кезеңіне қарай көрсетіп бұйрық түрінде қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы бұйрықтың көшірмесі тұтынушыға, субъектіге, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

427. Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекітуден мынадай:

1) құзыретті органнан, салалық мемлекеттік органнан, субъектіден уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орынсыздығы туралы бір немесе бірнеше қорытынды алу;

2) құзыретті органның, салалық мемлекеттік органның, субъектінің уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытындыны, сондай-ақ сұратылған қосымша ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбауы;

3) егер субъекті реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті бекіту кезінде уақытша төмендету коэффициентін алуға ниетті және осы Қағидаларының 415-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін тұтынушы реттеліп көрсетілетін қызметті тұтыну көлемін негізсіз төмендеткені анықталса;

4) өтініш берушінің талап етілетін ақпаратты осы Қағидаларының 420-тармағында белгіленген мерзімде ұсынбауы немесе оны толық көлемде ұсынбауы жағдайларында бас тартады.

Уақытша төмендету коэффициентін бекітуден бас тартқан кезде уәкілетті органның ведомствосы тиісті дәлелді қорытынды шығарады, ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тұтынушыға, субъектіге, құзыретті органға және салалық мемлекеттік органға жіберіледі.

428. Уәкілетті органның ведомствосы қажет болған жағдайда құзыретті органның, салалық мемлекеттік органның, субъект өкілдерінің, реттеліп көрсетілетін қызметті тұтынушылар мен тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен кеңес өткізеді.

429. Субъект пен тұтынушы арасында жасалған шартқа (бұдан әрі – Шарт) өзгеріс және (немесе) толықтырудың негізінде уәкілетті органның ведомствосы бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілген уақытша төмендету коэффициентін қолданады. Шарт бекітілген уақытша төмендету коэффициентінің қолданылу кезеңін және тұтынушының тиісті уақыт кезеңі үшін уақытша төмендету коэффициентін қолданусыз аталған реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне тарифтерді қайта есептеу түрінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынудың мәлімделген көлемдерін орындамағаны үшін тұтынушының жауапкершілігін көздейді.

Субъект пен тұтынушы арасында Шарт Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар саласындағы заңнамасында белгіленген қағидалармен уәкілетті орган ведомствосының уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы бұйрығы күшіне енген күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

430. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданылуы белгіленген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметіне жаңа тарифті бекіткен кезден бастап тоқтатылады.

## **2-бөлім. Уақытша төмендету коэффициентін жою**

431. Бекітілген уақытша төмендету коэффициентін уәкілетті органның ведомствосы белгіленген мерзім өткенге дейін мынадай:

- 1) уақытша төмендету коэффициентін одан әрі қолданудың экономикалық орынсыздығы;
- 2) тұтынушының туындаған кредиторлық берешегі немесе өтеу кестесін орындамау ;
- 3) осы Қағидаларының 415-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмеу;
- 4) бұйрықта осы және Қағидаларының 429-тармағына сәйкес жасалған шартта көзделген талаптарды орындамау жағдайларының бірі болған кезде алып тастайды.

432. Осы Қағидаларының 431-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған жағдайда, субъект бұл туралы ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына дереу ұсынады.

433. Тұтынушы, құзыретті орган, субъект уәкілетті органның ведомствосына бекітілген уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы ұсыныспен жүгінеді, бұл ретте осы Қағидалардың 431-тармағына сәйкес осындай алып тастау қажеттілігін негіздейтін материалдарды береді.

Бекітілген уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы шешімді уәкілетті органның ведомствосы қабылдайды.

434. Белгіленген мерзім өткенге дейін уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы шешім қабылдау кезінде уәкілетті органның ведомствосы құзыретті органға, субъектіге қорытындымен жүгінеді, сондай-ақ тұтынушдан ақпарат сұратады.

Құзыретті орган, субъект сұрау салған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей , осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, уақытша төмендету коэффициентін алып тастаудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы қорытынды береді.

Ұсынылған қорытындыларды ескере келе, уәкілетті органның ведомствосы материалдарды алған кезден бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уақытша төмендету коэффициентін алып тастау бойынша негіздеуші материалдарға тексеріс жүргізеді.



Сұрау салған кезден бастап он жұмыс күні ішінде құзыретті орган мен субъектінің қорытындылары ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қолда бар қорытындыларды ескере отырып, бекітілген уақытша төмендету коэффициентін алып тастау бойынша негіздеуші материалдарға тексеріс жүргізеді.

435. Жүрізілген сараптама нәтижелері бойынша уәкілетті орган ведомствосы уәкілетті орган ведомствосының бұйрығы қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, құзыретті органға, субъектіге хабарлама жібере отырып, уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы бұйрық түрінде шешім қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициентінің күшін жою туралы ақпаратты субъект тұтынушының назарына уәкілетті орган ведомствосының уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы бұйрығы қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізеді.

436. Уақытша төмендету коэффициентін қолданысын жою туралы ұсыныс қабылданбаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы дәлелді қорытынды шығарады, ол осындай ұсыныспен жүгінген тұлғаға жіберіледі.

**3-параграф. Электр энергиясын беру және (немесе) электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерге уақытша төмендету коэффициентін бекітудің ерекшеліктері**

437. Электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге уақытша төмендету коэффициентін бекітуге энергия өндіруші ұйымдар ниеттенеді, оларға ұлттық маңызы бар электр станциялары, аумақтармен интеграцияланған электр станциялары, өнеркәсіп кешендерінің, кәсіпорындардың, бірлестіктердің электр станциялары және импортталатын электр энергиясын тұтынушылар жатады.

438. Субъект нақты тұтынушы үшін бұйрықпен бекітілген электр энергиясын беру және (немесе) электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге уақытша төмендету коэффициентін Ұйым мен тұтынушы арасында жасалған шартқа қосымшаның негізінде, шартқа толықтыру күшіне енгізілген күннен бастап қолданады. Осы шартқа толықтыру электр энергиясын беру және (немесе) электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынудың мәлімделген көлемін орындамағаны үшін тиісті уақыт кезеңі үшін аталған көрсетілетін қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне қайта есептеу түрінде тұтынушының жауапкершілігін көздейді. Бұл ретте, егер уақытша төмендету коэффициенті осы Қағидаларының 415-тармағының негізінде бекітілген жағдайда, субъект электр энергиясын беру және (немесе) электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді

тұтынудың нақты орындалған көлеміне аталған қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлемін ескере отырып түзетілген уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып қайта есептеу жүргізеді.

Қайта есептеуді энергия беруші субъект бұл туралы тұтынушы мен уәкілетті органның ведомствосын, салалық мемлекеттік органды, құзыретті органды бір мезгілде жазбаша хабардар ете отырып жүргізеді.

#### **4-параграф. Магистральдық теміржол желісінің және концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге уақытша төмендету коэффициентін бекітудің ерекшеліктері**

439. Магистральдық теміржол желісінің және концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығының өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) мәлімделген жүк айналымы өткен жылдың тиісті кезеңіндегі нақты жүк айналымынан артады;

2) мәлімделген вагон айналымы өткен жылдың тиісті кезеңіндегі нақты вагон айналымынан артады (сақтайды).

Ескертпе:

Вагон айналымы сақталған жағдайда, құзыретті органның вагон айналымын одан әрі ұлғайту мүмкін еместігі туралы қорытындысы ұсынылады.

3) магистральдық теміржол желісінің және концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың қолданысқа енгізілмеген, қолданысқа шамалы енгізілген учаскелерін пайдалану не жүк айналымдарын баламалы тасымалдау маршруттарына қайта бағдарлау мүмкіндігі.

Магистральдық теміржол желісінің қолданысқа енгізілмеген немесе қолданысқа шамалы енгізілген учаскелерін құзыретті органның қорытындысы растайды.

Жүк айналымдарын баламалы тасымалдау маршруттарына қайта бағдарлау мүмкіндігін Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе концессионер растайды;

4) өнеркәсіптік өндірістің қосымша өнімінің экологиялық қауіптілігі.

Өнеркәсіптік өндірістің қосымша өнімінің экологиялық қауіптілігі Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының қорытындысымен расталады.

Осы тармақшада көрсетілген өлшемшартқа сәйкес келген жағдайда, уақытша төмендету коэффициентін бекіту осы Қағидаларының 439-тармағының 1) тармақшасында көзделген өлшемшартты сақтаған кезде ғана жүргізіледі.

5) жолаушылар тасымалын жүзеге асыру.

Құзыретті орган тасымалдаушы осы Қағидалардың 454-тармағына сәйкес құжаттарды (ақпаратты) ұсына отырып, орындылығы туралы өзінің қорытындысында тасымалдарды жүзеге асыратынын растайды;

Поездарға енгізілген тіркемелі және тікелей қатынайтын вагондар, вагон-мейрамханалар мен багаж вагондары үшін уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 454-тармағында көзделген тәртіппен уақытша төмендету коэффициентін белгілейді;

б) жүк ағындарын баламалы көлік түрлерінен теміржол көлігіне қайта бағдарлау мүмкіндігі.

Мұндай жағдайда Ұлттық инфрақұрылым операторы өзінің қорытындысында осындай қайта бағдарлаудың орындылығын немесе мүмкіндігін растайды;

7) тұтынушының тарапынан міндеттемелер, оның ішінде қызметті тұрақтандыру, жұмыс орындарын сақтау, шығындарды оңтайландыру бойынша міндеттемелері болған кезде, тұтынушының өндірілетін өнімінің (өнім шығаруға қажетті шикізаттың) көлемдерін осыған байланысты халықаралық нарықтардағы бағалардың төмендеуінен туындаған өндіріс көлемінің тоқтауын немесе төмендеуін болдырмау мақсатында сақтау (азайту).

**Ескерту. 439-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1-бөлім. Магистральдық теміржол желісінің және концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге уақытша төмендету коэффициентін бекіту**

440. Осы Қағидаларының 439-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес, тұтынушы мәлімдеген маршруттар бойынша, тұтынушы өндірген өнімді, сондай-ақ оны өндіруге қажетті шикізатты тасымалдау кезінде уақытша төмендету коэффициенті бекітіледі және магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне қолданылады.

441. Уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекітуді тұтынушының өтінімі бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларының 439-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда Ұлттық инфрақұрылым операторының өтінімі бойынша жүргізеді.

Магистральдық темір жол желісінің және концессия шарттары бойынша темір жол көлігінің объектілері бар темір жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім) құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып, осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі, мынадай талаптарды сақтай отырып, осы Қағидаларға 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес магистральдық темір жол желісінің және

концессия шарттары бойынша темір жол көлігінің объектілері бар темір жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициенттерін , сондай-ақ темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау және темір жол көлігімен жолаушылар вагондарын тасымалдау көрсеткіштерін бекітуге тұтынушы ұсынатын:

1) растайтын құжаттар қоса беріліп, өтінімнің әрбір парағына тұтынушының және (немесе) концессионердің бірінші басшы не оның міндетін атқарушы тұлға, ал қаржы құжаттарына бас бухгалтер қол қояды;

2) алдыңғы кезеңдегі қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша нақты деректер, сондай-ақ оларды бекіту сұратылған кезеңге уақытша төмендету коэффициентін қолданудан болатын болжамды нәтижелер ұсынылады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы өтінім берген жағдайда, осы Қағидаларының 20-қосымшаның 1), 2), 3), 5), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген құжаттар мен ақпарат ұсынылады.

442. Уақытша төмендету коэффициентін бекітуге мүдделі тұтынушы осындай бекіту қажеттігі туралы өтінімді уәкілетті органның ведомствосына төрт данада ұсынады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы өтінім берген жағдайда, өтінім уәкілетті органның ведомствосына екі данада ұсынылады.

443. Осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынбау немесе толық көлемде ұсынбау, сондай-ақ осы Қағидаларының 441-тармағының талаптарына ұсынылған материалдардың сәйкес келмеуі, өтінімді қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

444. Уәкілетті органның ведомствосы өтінім түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінімді қарауға қабылдағаны (концессионердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім берілген жағдайда) өтінім даналарын Ұлттық инфрақұрылым операторына, концессионерге, құзыретті органға бір мезгілде жолдай отырып) не оны қабылдаудан дәлелді бас тартқаны туралы тұтынушыны, Ұлттық инфрақұрылым операторын (ол өтінім берген жағдайда) жазбаша нысанда хабардар етеді.

Ұлттық инфрақұрылым операторы өтінім берген жағдайда, өтінімнің бір данасы құзыретті органға жолданады.

445. Өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы бес жұмыс күнінен кем емес мерзім белгілей отырып жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте, өтінімді қарау бұл туралы хабарлай отырып, тұтынушыдан, Ұлттық инфрақұрылым операторынан (ол өтінім берген жағдайда) қажетті ақпаратты алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Тұтынушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы (ол өтінім берген жағдайда) сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты ұсынбаған

кезде, уәкілетті органның ведомствосы бұл туралы Ұлттық инфрақұрым операторын, концессионерді, құзыретті орган мен тұтынушыны жазбаша түрде хабардар ете отырып, уақытша төмендету коэффициентін бекітуден бас тартады.

446. Ұлттық инфрақұрым операторы, концессионер, құзыретті орган өтінім келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағидаларының 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның ведомствосына және тұтынушыға және (немесе) концессионерге уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы не орынсыздығы туралы қорытынды ұсынады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы, құзыретті орган тұтынушының өтініміне сүйене отырып, оның ішінде:

1) кезеңдер бөлінісінде (ай, не тоқсан, не жартыжылдық, не жыл) – тұтынушының өтініміне немесе жыл бойынша жолаушылар вагонының жүру көлеміне (вагон айналымы) қарай жүктерді тасымалдау көлемін жүк айналымын көрсетеді;

2) ұсынылатын уақытша төмендету коэффициентін деңгейінің есеп-негіздемесін қоса береді;

3) осы Қағидаларының 439-тармағының 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттарға сәйкес келуі туралы растайды (тұтынушы берген өтінімге қарай).

Тұтынушы осы Қағидаларының 439-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген өлшемшартқа сәйкес өтінім берген жағдайда, құзыретті органның осы Қағидаларының 439-тармағының 7) тармақшасында санамаланған шарттарға сәйкес келуі және уақытша төмендету коэффициентін қолдануды есепке алмай тасымалдау көлемін одан әрі арттырудың мүмкін еместігі туралы құзыретті органның растауы қажет.

Құзыретті органның қорытындысына уақытша төмендету коэффициентін бекітудің өлшемшарты осы Қағидаларының 439-тармағының 7) тармақшасында көзделген өлшемшарт болып табылса, тасымалдау құны мен уақытша төмендету коэффициентін тұтынушы өнімін өндіру мен өткізудің өзіндік құнына, сондай-ақ бағасына әсерін растайтын есептеулер қосылады:

өтінім берген тұтынушы үшін уақытша төмендету коэффициентін бекітудің тиімділігі, оның ішінде уақытша төмендету коэффициентін қолдану нәтижесінде тасымалдау шығыстарын төмендетумен байланысты тұтыну шығындарын өзгертудің салыстырмалы талдауы;

уақытша төмендету коэффициентін бекітудің тиісті салаға әсері;

уақытша төмендету коэффициентін бекітудің мемлекет үшін тиімділігі;

уақытша төмендету коэффициентін бекітпеген жағдайдағы салдарлар.

Ұлттық инфрақұрылым операторы өтінім берген жағдайда, уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы не орынсыздығы туралы қорытындыны уәкілетті органның ведомствосына құзыретті орган осы Қағидаларының 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

447. Тұтынушының, Ұлттық инфрақұрылым операторының, концессионердің бастамасы бойынша не мүдделі мемлекеттік органдардың қолдауы бойынша ұсынылған қосымша ақпаратты алған кезде, уәкілетті органның ведомствосы өтінімді қарауды бес жұмыс күнге ұзартады.

448. Ұлттық инфрақұрылым операторы және (немесе) концессионер, құзыретті орган ұсынған қорытындылардың негізінде, тұтынушы ұсынған негіздеуші құжаттардың сараптамасын ескере отырып, уәкілетті органның ведомствосы өтінімді қарауға қабылдаған күнінен бастап жиырма бес жұмыс күннен аспайтын мерзімде шешім қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім Ұлттық инфрақұрылым операторының, концессионердің және (немесе) құзыретті органның оң қорытындылары алынған жағдайда қабылданады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы және (немесе) концессионер, құзыретті орган қорытындыларды осы Қағидаларының 450-тармағында көзделген мерзімде ұсынбаған жағдайда, тұтынушы мәлімдеген уақытша төмендету коэффициенті шартымен және деңгейімен келісілген деп саналады.

Ұлттық инфрақұрылым операторының өтінімі бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешімді қоспағанда, уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім тұтынушының өтініміне қарай, айлар, не тоқсан, не жартыжылдық бөлінісінде, не жалпы жыл бойынша жүктерді (жүк айналымын) немесе вагон айналымын тасымалдау көлемдерін көрсете отырып, қорытындыда көрсетілген Ұлттық инфрақұрылым операторының ұстанымы ескеріле отырып, қабылданады.

449. Тұтынушы осы Қағидаларының 464-тармағына сәйкес жаңа өтінім берген жағдайда құзыретті органның қорытындысына өткізу нарықтары конъюнктурасының одан әрі нашарлауын және өндіріс көлемінің және жүктерді тасымалдау көлемдерінің төмендеуін растау енгізіледі. Мұндай жағдайда, уәкілетті орган ведомствосының бұрын қабылданған шешімінің күші жойылады, ал қайта берілген өтінімді қарау және ол бойынша шешім қабылдау осы Қағидаларының талаптарына сәйкес жалпы қағидалармен жүргізіледі.

450. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім Ұлттық инфрақұрылым операторына, тұтынушыға және (немесе) концессионерге, құзыретті органға уәкілетті орган ведомствосының шешімі қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жолданады.

Ұлттық инфрақұрылым операторының өтінімі бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешімді қоспағанда, жүктерді тасымалдау немесе жолаушылар вагондарын тасымалдау кезінде уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешімде тұтынушы берген өтінімге, Ұлттық инфрақұрылым

операторының және құзыретті органның қорытындысында көрсетілген ұстанымына байланысты маршруттар (жүктерді тасымалдау бағыттары) бөлінісінде жүктерді тасымалдау (жүк айналымы) көлемдері немесе жолаушылар вагондарын тасымалдау (вагон айналымы) көлемдері немесе жыл бойынша жолаушылар вагондарының (вагон айналымы) жол жүру көлемін көрсетіп кезеңдерге (ай, не тоқсан, не жартыжылдық, не жыл) бөлініп көрсетіледі.

451. Уақытша төмендету коэффициентін бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тиісті дәлелді қорытынды шығарады, ол бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Ұлттық инфрақұрылым операторына, концессионерге, құзыретті органға және тұтынушыға жолданады.

452. Жоспарланған уақыт кезеңінде жүк айналымын/вагон айналымын ұлғайту жағдайын қоспағанда, тұтынушы және (немесе) концессионер, сондай-ақ Ұлттық инфрақұрылым операторы бас тарту туралы тиісті дәлелді қорытынды алынған өтінім бойынша осындай өтінімде көрсетілген уақыт кезеңі өткенге дейін өлшемшарт бойынша қайта өтінім бере алмайды.

453. Осы Тәртіптің 441, 442, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 449, 450, 451 және 452-тармақтарының ережелері жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тұтынушыларға қолданылмайды.

**Ескерту. 453-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

454. Осы Қағидалардың 439-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген өлшемшартқа сәйкес уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін құзыретті орган немесе жергілікті атқарушы орган уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидалардың 25-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы туралы қорытындыны қоса бере отырып, уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім (бұдан әрі-өтініш) жібереді.

Құзыретті органның немесе жергілікті атқарушы органның уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы туралы қорытындысына мынадай құжаттар мен ақпарат қоса беріледі:

1) бекітілген қозғалыс кестесіне сәйкес облысаралық, ауданаралық, қалааралық облысшілік және қала маңындағы қатынастарда жүретін жоспарланатын жолаушылар поездарының тізбесі;

2) мәтіндік түрде түсініктеме бере отырып, уақытша төмендету коэффициентін бекіту қажеттілігінің анықтама-негіздемесі;

3) осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес бір жыл ішінде теміржол көлігімен жолаушылар вагондарын тасымалдау көрсеткіштері.

Қорытындыға қоса берілетін құжаттар немесе ақпарат толық көлемде ұсынылмаған жағдайда құзыретті орган уәкілетті орган ведомствосының сұрау салуы бойынша уәкілетті орган ведомствосының сұрау салуын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттарды және (немесе) ақпаратты жібереді.

Құзыретті орган немесе жергілікті атқарушы орган уәкілетті орган ведомствосының сұрау салуын алған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң жетіспейтін құжаттарды ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы құзыретті органды немесе жергілікті атқарушы органды жазбаша хабардар ете отырып, өтінішті қабылдамайды.

**Ескерту. 454-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

455. Осы Қағидаларының 454-тармағында көрсетілген құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып, жергілікті атқарушы органның өтініші толық көлемде түскен жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей, жергілікті атқарушы орган өтінішінің көшірмесін Ұлттық инфрақұрылым операторына және құзыретті органға жолдайды.

Ұлттық инфрақұрылым операторы, құзыретті орган өтініш келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті орган ведомствосына уақытша төмендету коэффициентін бекітудің орындылығы не орынсыздығы туралы қорытынды ұсынады.

456. Уәкілетті органның ведомствосы құзыретті орган, Ұлттық инфрақұрылым операторы (жергілікті атқарушы орган өтініш берген жағдайда) ұсынған қорытындылардың негізінде, уақытша төмендету коэффициентінің бекіту туралы өтініш келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шешім қабылдайды.

Ұлттық инфрақұрылым операторы және құзыретті орган осы Қағидаларының 455-тармағында көзделген мерзімде қорытындыларды ұсынбаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның өтінішімен, уақытша төмендету коэффициентін шарттарымен және деңгейімен келіскен деп саналады.

Жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешімі Ұлттық инфрақұрылым операторының және құзыретті органның оң қорытындысы алынған жағдайда қабылданады.

Магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу осы Қағидалардың 26-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

457. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім бекітілген күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді және уақытша төмендету коэффициенті бекітілген жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданыста болады.



Жолаушыларды тасымалдау кезінде уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім Ұлттық инфрақұрылым операторына және құзыретті органға немесе жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

**Ескерту. 457-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

457-1. Құзыретті органның немесе жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша уәкілетті органның ведомствосы Ұлттық инфрақұрылым операторының оң қорытындысы ұсынылған кезде уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы қолданыстағы шешімге өзгерістер енгізеді.

**Ескерту. 457-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.07.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

458. Жүк және (немесе) жолаушы тасымалдарын жүзеге асыру кезінде уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім магистральдық теміржол желісінің және концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтерін тұтынушының Ұлттық инфрақұрылым операторының және (немесе) концессионердің алдында берешегі болмаған жағдайда немесе оны өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда қабылданады.

459. Ұлттық инфрақұрылым операторы, концессионер уақытша төмендету коэффициентін Ұлттық инфрақұрылым операторының немесе концессионердің және тұтынушының арасында жасалған шарттың (бұдан әрі – шарт) негізінде қолданады. Осы шарт бекітілген уақытша төмендету коэффициентінің қолданылу кезеңін және тұтынушы мен концессионердің осы Қағидаларының 439-тармағында көзделген өлшемшарттарды орындамағаны үшін тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) уақытша төмендету коэффициентін қолданбай, реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынудың нақты орындалған көлеміне қайта есептеу түріндегі жауапкершілігін көздейді.

460. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қағидамен Ұлттық инфрақұрылым операторына, концессионерге уәкілетті органның ведомствосы бекіткен уақытша төмендету коэффициентін қолдану туралы шарт жасасуға тұтынушы өтінім берген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады.

Шартта уәкілетті орган ведомствосының бұйрығына сәйкес мәлімделген жүк айналымы көрсетіледі.

461. Осы Қағидаларының 459 және 460-тармақтарының ережелері, осы Қағидаларының 439-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда Ұлттық инфрақұрылым операторы ұсынған өтінімдерге қолданылмайды.

462. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданылуы бекітілген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы Ұлттық инфрақұрылым

операторының, концессионердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жаңа тарифтерді бекіткен сәттен бастап тоқтатылады.

463. Уәкілетті органның ведомствосы бекітілген уақытша төмендету коэффициентін бекітілген мерзімі аяқталғанға дейін мынадай шарттардың бірі болған жағдайда алып тастауы мүмкін:

1) уақытша төмендету коэффициентін одан әрі қолданудың экономикалық орынсыздығы;

2) өтеу кестесін орындамау;

3) уәкілетті органның ведомствосы уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы шешім қабылдаған өлшемшартқа сәйкес келмеуі;

4) шартта көзделген талаптарды орындамау.

464. Тұтынушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, концессионер, құзыретті орган уәкілетті органның ведомствосына уақытша төмендету коэффициентінің қолданылуы алып тастау қажеттігін негіздейтін құжаттар мен ақпаратты ұсынып, оның күшін жою туралы ұсыныспен жүгінеді.

Бекітілген уақытша төмендету коэффициентін жою туралы шешім қабылдау кезінде уәкілетті органның ведомствосы Ұлттық инфрақұрылым операторынан, концессионерден, құзыретті органнан, тұтынушыдан қажетті ақпаратты сұратады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы, концессионер, құзыретті орган сұрау салу жолданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қорытындыларды ұсынбаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы қолда бар материалдарды ескере отырып, бекітілген уақытша төмендету коэффициентін жою бойынша негіздеуші материалдарға сараптама жүргізеді.

Уақытша төмендету коэффициентінің қолданылуы кезінде жүктерді тасымалдау көлемдерінің төмендеуі және өткізу нарықтары конъюктурасының одан әрі нашарлауына байланысты шарттың талаптарын орындамауға байланысты уақытша төмендету коэффициенті алып тасталған жағдайда, осы Қағидаларының 439-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген өлшемшартқа сәйкес уақытша төмендету коэффициентін бекітуге өтінім берген тұтынушылар уақытша төмендету коэффициентін бекітуге жаңа өтініммен жүгінеді.

465. Уәкілетті органның ведомствосы Ұлттық инфрақұрылым операторының, концессионердің, құзыретті органның қорытындыларын ескере отырып қарауға, ұсынылған негіздеуші құжаттар мен ақпаратты жиырма бес жұмыс күні ішінде қарайды және тексеріс жүргізеді.

Осы Қағидаларының 463-тармағында көзделген жағдайларда, уәкілетті органның ведомствосы Ұлттық инфрақұрылым операторына, концессионерге, салалық мемлекеттік органға, құзыретті органға оған қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлап, бекітілген уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы шешімді бұйрық түрінде қабылдайды.

466. Бекітілген уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы бұйрық Ұлттық инфрақұрылым операторына, концессионерге, құзыретті органға, тұтынушыға уәкілетті орган ведомствосының бұйрығын қолданысқа енгізу күніне дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей жолданады.

Уақытша төмендету коэффициентінің қолданылуы алып тастау туралы ұсыныс қабылданбаған кезде, уәкілетті органның ведомствосы дәлелді қорытынды шығарады, ол осындай ұсыныспен жүгінген өтініш берушіге шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктерілмей жолданады.

**9- тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидалары**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

467. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу тәртібін айқындайды.

468. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу:

- 1) сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруға;
- 3) жылу энергиясын өндіру және (немесе) беру және (немесе) тарату;
- 4) электр энергиясын беру;
- 5) тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау;
- 6) Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін Магистральдық труба құбырлары арқылы тасымалдау:
- 7) магистральдық темір жол желісі;
- 8) кірме жолдар;
- 9) теңіз порттары..

**2-параграф. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілер үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді есепке алуды бөлек жүргізу қағидалары**

469. Есепке алуды бөлек жүргізу табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына мәліметтерді ұсына отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша бөлек кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы деректерді жинау және қорытындылау жүйесін білдіреді.

470. Есепке алуды бөлек жүргізу Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес қабылданған бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаттарына негізделеді. Бөлек есепке алу мақсаттары үшін ХҚЕС түсіндіру кезінде қаржылық есептілікті интерпретациялау жөніндегі Халықаралық комитеттің интерпретациясы (IFRIC), бухгалтерлік есеп пен аудит мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Сарапшылық кеңесінің ұсынымдары бастапқы және неғұрлым сенімді ақпарат көзі болып табылады.

471. Субъектілер бөлек есепке алуды жүргізу мақсаттары үшін Заңның 26-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес осы Қағидаларға сәйкес субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша кірістердің, шығындардың және қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізудің әзірленген және бекітілген әдістемелерін уәкілетті орган немесе уәкілетті органның ведомствосымен және оның аумақтық органымен келіседі.

**Ескерту. 471-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 27.06.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

472. Бөлек есепке алудың негізгі қағидалары:

1) кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде тиісті қызметтер түрлеріне тікелей жатқызу (тікелей жатқызу мүмкін болған жағдайда) басымдығы;

2) кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің олармен байланысты қызмет түрлерімен себеп-салдарлық байланысының болуы;

3) кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиісті түрлеріне жатқызу және бөлу кезіндегі ашықтық.

473. Есепке алуды бөлек жүргізу мынадай талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) қызметтің белгілі бір түріне жатқызылған барлық өндірістік көрсеткіштер, кірістер мен шығыстар тиісті есепке алу құжаттарымен расталады;

2) жазбалар оларды шолуды, аудитті және өзара бақылау құжаттарының деректерін салыстыруды жеңілдететін нысанда ұйымдастырылады;

3) егер бухгалтерлік және статистикалық есепке алу құжаттарындағы ақпарат толық көлемде ұсынылмаса, онда толықтырушы ақпаратты қамтитын құжаттарға қиылысатын сілтемелер енгізіледі;

4) бухгалтерлік, статистикалық (өндірістік) және өзге де есептіліктің құжаттары, статистикалық деректер, жұмыс құжаттары мен осы Қағидаларға сәйкес табиғи өндірістік көрсеткіштерді, көрсетілетін қызметтердің көлемдік заттай көрсеткіштерін және заттай көрсеткіштер бірліктеріне үлестік шығыстар мен кірістердің калькуляциясын және Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген өзге де мақсаттарды бөлек есепке алуды және есепке алуды жүргізу үшін пайдаланылатын есептер олар қолданысқа енген сәттен бастап бес жыл бойы сақталады.

474. Есепке алуды бөлек жүргізген кезде субъект қызметтің мынадай түрлерін жеке бөліп көрсетеді:

- 1) реттеліп көрсетілетін қызметтер;
- 2) реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет.

475. Әрбір реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін қызметтер біртіндеп белгілі бір операциялар мен бизнес-процестер номенклатурасына бөлінеді. Бірқатар қосалқы өндірістік операциялар бірнеше қызмет түрлері үшін ортақ болып табылады.

476. Қызметтер көрсетуден түскен кірістер бастапқы құжаттар мен бухгалтерлік есепке алуды деректерінің негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтер мен реттелмейтін қызметтердің түрлері бойынша:

1) реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша – жасалған шарттар шеңберінде көрсетілген қызметтердің нақты көлеміне және уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтерге сәйкес;

2) реттеліп көрсетілмейтін қызмет түрлері бойынша-тиісті қызметтердің көлеміне және осы қызметтер ұсынылған бағаларға байланысты өзге де қызметтерді көрсетуден түскен табыстарды негізге ала отырып, бөлек есепке алынады.

477. Реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін қызметтерді көрсетуге байланысты шығындар табиғи монополия субъектісінің есепке алу саясатына сәйкес айқындалады. Бұл ретте тарифтік сметаларды қалыптастыру кезінде шығындар тарифте ескерілетін және ескерілмейтін Шығындар тізбесінің талаптарын ескере отырып, осы Қағидаларға сәйкес тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидасы ескеріледі.

478. Көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу мақсаттары үшін негізгі құралдардың бүкіл тізбесінен:

- 1) көрсетілетін қызметтерге тікелей тартылған активтер;
- 2) көрсетілетін қызметтерге жанама тартылған активтер;
- 3) көрсетілетін қызметтерге бірлесіп тартылған активтер;
- 4) жалпы активтер бөлінеді.

479. Тікелей тартылған активтер белгілі бір қызметке тікелей жатқызылады. Жанама тартылған, бірлесіп тартылған және жалпы активтер бөлу базасы және

олардың негізінде есептелген бөлу коэффициенттері қолданылатын қызметтерге жатқызылады.

480. Субъектінің шығындарды бөлек есепке алуды жүргізу мақсаттарына арналған үшін негізгі құралдары табиғи монополия субъектісінің есепке алу саясатына сәйкес топтастырылады.

481. Субъект бірлесіп тартылған және ортақ активтерді бөлу базасы ретінде қызметтер көрсетуден түскен кірісті не уәкілетті органмен келісім бойынша өзге де көрсеткіштерді қабылдайды. Жанама тартылған активтерді бөлу базасы уәкілетті органның ведомствосымен келісілмейді. Тартылған активтерді бөлу базасы қаржы жылының қорытындысы бойынша жылына бір рет қайта қаралады.

482. Осы Қағидаларда белгіленген нысандар бойынша есептілікті субъект күнтізбелік бір жылға тең кезең үшін жасайды және уәкілетті органның ведомствосына тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса берілетін құжаттар ретінде жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей (уәкілетті орган ведомствосының сұратуы бойынша ұсынылатын есептердің нысандарын қоспағанда):

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру – 27, 28, 29, 30, 31 және 32-қосымшаларға сәйкес;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Үшінші абзац жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) жабдықтау жөніндегі –33, 34, 35, 36, 37 және 38 -қосымшаларға сәйкес;

электр энергиясын беру жөніндегі—39, 40, 41, 42, 43, 44 және 45 қосымшаларға сәйкес және өңірлік электржелілік компаниялар және энергия беруші ұйымдар үшін – 19-қосымшаға сәйкес;

тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе ) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі – 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63 және 64 қосымшаларға сәйкес;

мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау жөніндегі – 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82 және 83 қосымшаларға сәйкес;

магистральдық теміржол желілерінің –84, 85, 86, 87. 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100 және 101 қосымшаларға сәйкес;

кірме жолдар – 102, 103, 104 және 105-қосымшаларға сәйкес;

порттар –106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121 және 122 қосымшаларға сәйкес.

483. Субъект уәкілетті органның ведомствосына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде ХҚЕС-ға сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептілікті ұсынады.

**3-параграф. Өндірістің құрамдастырылған түрі бар жылу электр орталықтарында жылу энергиясын өндіретін табиғи монополиялар субъектілерінің жылу және электр энергиясын құрамдастырылған өндіру кезіндегі шығындарды, кірістерді және тартылған активтерді бөлу ерекшеліктері**

**1-бөлім. Жылу және электр энергиясы арасындағы шығындарды оларды құрамдастыра өндіру кезінде бөлу**

484. Өнімнің бір түрін өндіруге байланысты тікелей шығындар өнімнің тиісті түріне жатады.

485. Есепті кезеңдегі құрамдастырылған цикл бойынша шығындар жылу электр орталықтарының жалпы шығындары мен энергияның құрамдастырылған өндірісіне қатыспайтын объектілердің шығындары арасындағы айырма ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ЗКП} = \text{ЗТЭЦ} - \text{ЗПК} - \text{ЗВК} - \text{ЗРОУ} - \text{ЗЭЭ},$$

мұндағы:

ЗКП – аралас цикл бойынша жылу және электр энергиясын өндіруге арналған шығындар, теңге;

ЗТЭЦ – жылу және электр энергиясын өндіруге жылу электр орталықтарының жалпы шығындары, теңге;

ЗЭЭ – конденсациялық цикл бойынша электр энергиясын өндіруге арналған шығындар, теңге;

ЗПК, ЗВК, ЗРОУ – буды тікелей тұтынушыларға жіберетін тиісінше бу қазандықтары, су жылыту қазандықтары бойынша жылу энергиясын өндіруге арналған шығындар.

486. Құрамдастырылған цикл бойынша жылу және электр энергиясын өндіруге арналған шығындарды бөлу кезінде пайдаланылатын технологиялық өлшемшарттар нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес есептелген жылу электр орталықтарының есептік деректері негізінде айқындалады.

487. Редукциялық-салқындату қондырғыларында жылу энергиясын өндіру жөніндегі шығындар мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{ЗРОУ} = \text{ЦТ} \text{ ВРОУ},$$

мұндағы:

ЦТ – заңнамада белгіленген қағидалармен жылу электр орталығы сатып алатын, жылу және электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын отын бағасы, теңге/т;

ВРОУ – редукциялық-салқындату қондырғылары үшін қазандықтардан буға жатқызылған отын шығыны, ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$B_{POY} = \frac{k_{POY} \times D_{POY} (h_{пе} - h_{пв})}{Q_k^P \times \eta_{ка}}, (T)$$

мұндағы:

$D_{POY}$

-редукциялық-салқындату қондырғыларынан бу жіберу есепке алу аспаптарының есептік кезеңдегі көрсеткіштеріне сәйкес айқындалады, т;

$h_{пе}, h_{пв}$

– тиісінше, қыздырылған бу мен қоректік судың энтальпиясы, ккал / кг;

$Q_k^P$

- отынның жұмыс массасының жану жылуы (бұдан әрі – отынның жану жылуы), ккал/кг (ккал / м<sup>3</sup>);

$\eta_{ка}$

-жылу электр орталықтары жабдығының энергетикалық сипаттамалары негізінде анықталатын энергетикалық қазандықтың пайдалы әсер коэффициенті, брутто;

$k_{POY}$

-редукциялау коэффициенті, мына формула бойынша анықталады:

$$k_{POY} = \frac{1}{1 + \varphi * z'}$$

мұндағы:

$\varphi$

– буландырғышта буланбаған және дренаж жүйесіне төгілетін судың үлесін ескеретін коэффициент, редукциялық-салқындату құрылғылары өлшемшарттарына байланысты 0,65-ке тең;

$z$  – салқындатқыш судың үлес шығыны, мына формула бойынша анықталады:



$$Z = \frac{h_{пе} - h_{роу}}{h_{роу} - h_{ов} - \varphi * (h_{роу} - h'_{роу})^2}$$

мұндағы:

$$h_{роу}$$

-редукциялық-салқындату құрылғыларынан кейінгі жұп энтальпиясы, ккал / кг;

$$h'_{роу}$$

-редукциялық-салқындату құрылғыларынан кейін бу қысымы кезінде қайнаған судың энтальпиясы, ккал/кг;

$$h_{ов}$$

-салқындатқыш судың энтальпиясы, ккал / кг.

488. Су жылыту қазандықтары бойынша жылу энергиясын өндіруге арналған шығындар, теңге, мына формула бойынша анықталады:

$$ЗВК = ЗТ, ВК + ЗЭП, ВК,$$

мұндағы:

ЗЭП, ВК – заңнамада белгіленген қағидалармен айқындалатын есептік кезеңдегі су жылыту қазандықтары бойынша экологиялық төлемдер шығындары, теңге;

ЗТ, ВК – су жылыту қазандықтарымен жылу энергиясын өндіру кезінде жағылатын отынға жұмсалатын шығындар, теңге, мына формула бойынша анықталады:

$$ЗТ \cdot ВК = ВВК * ЦТ,$$

мұндағы:

ВВК – мына формула бойынша есептелетін су жылыту қазандықтарымен отын шығыны, т:

$$В_{ВК} = \frac{Q_{ВК}}{Q_{к}^p \times \eta_{ВК}},$$

мұндағы:

Q<sub>ВК</sub> – есепті кезеңдегі су жылыту қазандығының жылу жүктемесі, Гкал;

$$Q_{к}^p$$

– есептік кезеңдегі отынның жану жылуы, ккал/кг (ккал/м<sup>3</sup>);

h<sub>вк</sub> – жылу электр орталықтары жабдықтарының энергетикалық сипаттамалары негізінде анықталатын су жылытатын қазандықтың пайдалы әсер коэффициенті, брутто

489. Буды тікелей тұтынушыларға жіберетін бу қазандары бойынша жылу энергиясын өндіруге арналған шығындар мынадай формула бойынша анықталады:

$$ЗПК = Зт, ПК + Зэп. ПК,$$

мұндағы:

Зэп. ПК – заңнамада белгіленген қағидалармен айқындалатын есептік кезеңде тікелей тұтынушыларға бу беретін бу қазандары бойынша экологиялық төлемдер шығындары, теңге;

Зт. ПК – тікелей тұтынушыларға бу беретін бу қазандықтарымен жылу энергиясын өндіру кезінде жағылатын отынға жұмсалатын шығындар, теңге, мынадай формула бойынша анықталады:

$$Зт. ПК = ВПК * Цт,$$

мұндағы:

ВПК – формула бойынша анықталатын бу қазандықтарының отын шығыны:

$$В_{ПК} = \frac{D_{ПК} \times (h_{ПК} - h_{пв. ПК})}{Q_K^P \times \eta_{ПК}},$$

мұндағы:

D<sub>ПК</sub>-тұтынушыларға бу жіберу есепті кезең үшін есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес айқындалады, т;

$h_{ПК}, h_{пв. ПК}$

- будың энтальпиясы және бу қазандығының қоректік суы, ккал / кг;

$\eta_{ПК}$

-ның энергетикалық сипаттамалары негізінде анықталатын, тікелей тұтынушыларға бу беретін бу қазандығының пайдалы әсер коэффициенті, брутто.

490. Электр және жылу энергиясын құрамдастырылған өндіру шығындары шартты-ауыспалы, шартты-тұрақты және кезең шығыстарына бөлінеді:

$$ЗКП = Зпост + Зперем + Зпериод,$$

491. Электр және жылу энергиясын құрамдастырылған өндірудің шартты-ауыспалы шығындары мынадай формула бойынша анықталады:

$$Зперем = ЗТ + ЗВ + ЗЭП + Зх,$$

мұндағы:

ЗТ -технологиялық отынға арналған шығындар, теңге, электр және жылу энергиясын өндіру көлемін негізге ала отырып, мына формула бойынша анықталады:

$$ЗТ = (В_{тэ} + В_{ээ}) Ц_{т},$$

мұндағы:

В<sub>тэ</sub> -жылу энергиясын өндіруге жатқызылған отын шығысы, т, теңге, ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$В_{тэ} = k_{тэ} \times В_{кп} + В_{пк} + В_{вк} + В_{роу},$$

мұндағы:

k<sub>тэ</sub> – осы Қағидаларының 500-тармағына сәйкес айқындалатын жылу энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициенті;

В<sub>кп</sub> – жылу және электр энергиясының аралас өндірісіне жұмсалатын отын шығыны, т, мына формула бойынша анықталады:

$$В_{кп} = В_{тэц} - В_{ка.тэ} - В_{ка.ээ} - В_{пк} - В_{вк} - В_{роу},$$

мұндағы:

В<sub>тэц</sub> – есептік кезеңдегі жылу электр орталығындағы отынның жалпы шығыны, т;

В<sub>ка.тэ</sub>, В<sub>ка.ээ</sub> – жылу не электр энергиясын өндіруге қатысатын қазандық агрегаттары отынының шығысы, т. электр энергиясын өндіруге қатысатын қазандық агрегаттары отынының шығысы мынадай формула бойынша анықталады:

$$В_{ка.ээ} = \frac{Q_{ту,к}}{Q_K^P \times \eta_{ТП} \times \eta_{ка}},$$

мұндағы:

Q<sub>ту,к</sub>– конденсациялық режим кезіндегі турбоқондырғыларға жылу шығысы, Гкал;

η<sub>ТП</sub>-мынадай формула бойынша есептелетін жабдық тобының жылу ағынының пайдалы әсер коэффициенті:

$$\eta_{ТП} = 100 - \frac{1,5 \times \sum q_{каi} \times \tau_i}{\sum Q_{ка, i}},$$

мұндағы:

q<sub>каi</sub>-топтың i энергетикалық қазандығының номиналды үлестік жылу жүктемесі, Гкал / сағ;

ti-есептік кезеңдегі қазандық агрегатының i-го жұмыс сағатының саны, сағат;

$$\sum Q_{ка,i}$$

– жабдықтар тобының қазандық агрегаттарының жиынтық жылу жүктемесі, Гкал. I қазандық агрегатының жылу жүктемесі ( $Q_{ка, i}$ ) мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_{ка, i} = [(D_{пе} * (h_{пе} - h_{пв}) + D_{пр} * (h_{кв} - h_{пв})) * 10^{-3}$$

мұндағы:

$D_{пе}$  - есептік кезеңдегі қыздырылған бу шығысы, т;

$D_{пр}$  - есептік кезеңдегі үрлеу суының шығысы, т;

$h_{кв}$  - қазан суының энтальпиясы, ккал / кг;

$V_{ээ}$  - электр энергиясын өндіруге жатқызылған отын шығысы, т, ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_{ээ} = k_{ээ} V_{КП} + V_{ка.ээ},$$

мұндағы:

$k_{ээ}$  – осы Қағидаларының 498-тармағына сәйкес айқындалатын электр энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициенті;

$ZВ$  – заңнамада белгіленген қағидалармен анықталатын суға арналған шығындар, теңге;

$ZЭП$  – заңнамада белгіленген қағидалармен айқындалатын тікелей тұтынушыларға бу беретін су жылыту қазандары мен бу қазандары бойынша экологиялық төлемдерге арналған шығындарды шегергендегі есептік кезеңдегі экологиялық төлемдерге арналған шығындар, теңге;

$Zх$  – химиялық реагенттер мен сүзгіш материалдарға кететін шығындар, теңге.

492. Шартты-ауыспалы шығындар формулалар бойынша бөлу коэффициентінің негізінде жылу және электр энергиясы арасында бөлінеді:

$$\begin{aligned} Z_{тэ}^{перем} &= k_{тэ} * Z^{перем}, \\ Z_{ээ}^{перем} &= k_{ээ} * Z^{перем}. \end{aligned}$$

493. Шартты-тұрақты шығындарға шартты-ауыспалы шығындарды шегере отырып, оларды құрамдастырылған өндіру кезінде электр және жылу энергиясын өндіру үшін қажетті және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесі, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу қағидаларын ескере отырып есептелетін экономикалық негізделген шығындар жатады:

$$Z^{пост} = Z_{КП} - Z^{перем}.$$

Шартты-тұрақты шығындар жылу және электр энергиясы арасында бөлу коэффициентінің негізінде мынадай формулалар бойынша бөлінеді:

$$Z_{ТЭ}^{пост} = k_{ТЭ} * Z^{пост},$$

$$Z_{ЭЭ}^{пост} = k_{ЭЭ} * Z^{пост}.$$

494. Құрамдастырылған өндіріс кезеңінің шығыстары энергия үлесі бойынша жылу және электр энергиясы арасында бөлінеді және формулалар бойынша анықталады:

$$Z_{ЭЭ}^{период} = \alpha_{ЭЭ} * Z^{период},$$

$$Z_{ТЭ}^{период} = \alpha_{ТЭ} * Z^{период}.$$

мұндағы:

$$\alpha_{ТЭ}$$

-жылу энергиясының үлесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$\alpha_{ТЭ} = 1 - \alpha_{ЭЭ},$$

мұндағы:

$\alpha_{ЭЭ}$  – мынадай формула бойынша есептелетін электр энергиясының үлесі:

$$\alpha_{ЭЭ} = \frac{0,86 * W}{0,86 * W + Q_{отп}},$$

мұндағы:

0,86 – аудару коэффициенті;

W – есепке алу аспаптары бойынша анықталатын есептік кезең үшін жылу электр орталығының турбоагрегаттарымен электр энергиясын жиынтық өндіру, мың кВт \* сағ. ;

$Q_{отп}$  – есепке алу аспаптары бойынша анықталатын есептік кезеңде коллекторлардан жылу энергиясын жіберу, мың Гкал.

495. Жылу энергиясын жіберу бойынша шығындар мынадай формула бойынша анықталады:

$$Z_{ТЭ} = \alpha_{ТЭ} * Z_{пост} + k_{ТЭ} * Z_{перем} + Z_{роу} + Z_{пк} + Z_{вк}.$$

496. Электр энергиясын жіберу жөніндегі шығындар мынадай формула бойынша анықталады:

$$Z_{\text{ээ}} = Z_{\text{тэц}} - Z_{\text{тэ}}.$$

497. Электр және жылу энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициентін айқындау табиғи монополия субъектісі таңдаған: физикалық немесе эксергиялық әдістің бірі бойынша жүзеге асырылады.

## 2-бөлім. Бөлу коэффициентін анықтаудың физикалық әдісі

498. Құрамдастырылған өндіріс кезінде электр энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_{\text{ээ}} = \frac{K_{\text{э}} \times W_{\text{отп}}^{\text{КП}}}{W_{\text{КП}} - \Delta_{\text{СКЭ}}^{\text{КП}}},$$

мұндағы:

$K_{\text{э}}$  – осы Қағидаларының 499-тармағына сәйкес есептелетін өндірілген электр энергиясы бойынша отын шығынын бөлу коэффициенті;

$$W_{\text{отп}}^{\text{КП}}$$

– құрамдастырылған өндіріске қатысатын станция шиналарынан, турбиналардан электр энергиясын жіберу, мың кВт×сағ, мына формула бойынша анықталады:

$$W_{\text{отп}}^{\text{КП}} = W_{\text{КП}} - \Delta_{\text{СН,К}} - \Delta_{\text{СН,ПК}} - \Delta_{\text{СН ВК}},$$

мұндағы:

$$\Delta_{\text{СН,К}},$$

– конденсациялық цикл бойынша жұмыс істеу кезінде өзіндік мұқтаждықтарға электр энергиясының шығысы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады, мың кВт ч.;

$\Delta_{\text{СН,ПК}}$  – буды тікелей тұтынушыға беретін бу қазандықтарының өзіндік мұқтаждықтарына электр энергиясының шығысы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады, мың кВт×сағ.;

Эсн вк– су жылыту қазандықтарының өзіндік мұқтаждарына электр энергиясының шығысы, есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады, мың кВт с.;

Wкп– аралас өндіріске қатысатын турбоагрегаттармен электр энергиясын өндіру, мың кВт \* сағ, мына формула бойынша анықталады:

$$W_{КП} = W - W_{\text{Э}},$$

мұндағы:

WЭ – тек электр энергиясын өндіруге қатысатын турбоагрегаттармен электр энергиясын өндіру, мың кВт×сағ;

$$\text{Э}_{\text{сн,э}}^{\text{КП}}$$

– аралас өндіру кезінде электр энергиясын өндіру бойынша өзіндік мұқтаждықтарға электр энергиясының шығысы, мың кВт×сағ, мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Э}_{\text{сн,э}}^{\text{КП}} = \text{Э}_{\text{тц}} + K_{\text{Э}} \times \text{Э}_{\text{ка.кп}},$$

мұндағы:

Этц– турбиналық цехтың өзіндік мұқтаждықтарына электр энергиясының шығысы, есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады, мың кВт ч.;

Эка.кп– электр және жылу энергиясын құрамдастырылған өндіруге қатысатын қазандық агрегаттарының өз мұқтаждарына арналған электр энергиясының шығысы есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады, мың кВт×сағ.

499. Өндірілген электр энергиясы бойынша отын шығынын бөлу коэффициенті (KЭ) мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{Э}} = \frac{\sum (q_{\text{тi}} \times W_i) \times (1 + q_{\text{сн,тц}} / 100)}{\sum Q_{\text{ту}} - Q_{\text{сн,тц}}^{\text{КП}}},$$

мұндағы:

qti– құрамдастырылған өндіріске қатысатын і-ші турбоқондырғыға жылу шығыны, ккал / кВт×сағ;

Аралас өндіріске қатысатын і-ші турбоқондырғымен электр энергиясын

Wi– өндіру, мың кВт×сағ;

Qсн,тц– турбиналық цехтың өзіндік мұқтаждықтарына жұмсалатын жылу шығыны, %;

$$\sum Q_{\text{ту}}$$

-құрамдастырылған өндіріске қатысатын турбоқондырғыларға жылу шығыны, Гкал.  
Құрамдастырылған өндіріске қатысатын турбоқондырғыларға жылу шығысы әрбір топ бойынша жеке (жоғары, орташа және төмен қысым) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_{\text{ту}} = Q_{\text{ту}}^{\text{КП}} + Q_{\text{ту}}^{\text{э}},$$

мұндағы:

$$Q_{\text{ту}}^{\text{КП}}$$

– топ бойынша құрамдастырылған өндіріске қатысатын турбоқондырғыларға жылу шығысы, Гкал, формула бойынша анықталатын:

$$Q_{\text{ту}}^{\text{КП}} = \eta_{\text{тн}} + Q_{\text{ка}}^{\text{КП}} - Q_{\text{роу}},$$

мұндағы:

$$Q_{\text{ка}}^{\text{КП}}$$

– құрамдастырылған өндіріске қатысатын қазандық агрегаттарының жылу жүктемесі, Гкал;

$$Q_{\text{ка}}^{\text{КП}} = \sum Q_{\text{ка}} - Q_{\text{ка}}^{\text{т}} - Q_{\text{ка}}^{\text{э}},$$

мұндағы:

$$Q_{\text{ка}}^{\text{т}}$$

– тек жылу энергиясын өндіруге қатысатын қазандық агрегаттарының жылу жүктемесі, Гкал;

$$Q_{\text{ка}}^{\text{э}}$$

– тек электр энергиясын өндіруге қатысатын қазандық агрегаттарының жылу жүктемесі, Гкал;

$$Q_{\text{роу}}$$



-жылу және электр энергиясының аралас өндірісіне қатыспайтын редукциялық-салқындату құрылғыларының жылу жүктемесі, Гкал;

$$Q_{ту}^э$$

– турбиналардың нормативтік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конденсациялық режим бойынша жұмыс істейтін турбоқондырғыларға жылу шығыны, Гкал;

$$Q_{сн.кц}^{КП}$$

– құрамдастырылған өндіріс кезінде қазандық цехының өзіндік мұқтаждықтарына жұмсалатын жылу шығыны, Гкал, мына формула бойынша анықталады:

$$Q_{сн.кц}^{КП} = \sum Q_{ка.}^{КП} \times \frac{q_{сн}}{100},$$

мұндағы:

$$q_{сн}$$

– қазандық цехының өзіндік мұқтаждықтарына жұмсалатын жылудың үлестік шығыны, %.

500. Құрамдастырылған өндіріс кезінде жылу энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_{тэ} = 1 - k_{ээ}$$

### 3-бөлім. Бөлу коэффициентін анықтаудың эксергетикалық әдісі

501. Электр энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_{ээ} = \frac{K_э \times W_{отп}^{КП}}{W^{КП} - Э_{сн э}^{КП}},$$

мұндағы:

$K_э$ – мына формула бойынша есептелетін өндірілген электр энергиясы бойынша отын шығынын бөлу коэффициенті:

$$K_э = \frac{0,86 \times \sum W_i}{E_{\text{ВЫХ}}},$$

мұндағы:

$E_{\text{ВЫХ}}$ – мына формула бойынша анықталатын жылу электр орталығының шығу эксергиясы, Гкал:

$$E_{\text{ВЫХ}} = \sum E_{w,i} + \sum E_{\text{по},i} + \sum E_{\text{т},i} + \sum E_{\text{к},i},$$

мұндағы:

$$\sum E_{w,i}$$

-электр және жылу энергиясын құрамдастырылған өндіруге қатысатын  $i$  – ші турбогенератормен электр энергиясын өндіретін бу ағынының эксергия сомасы, Гкал. Электр және жылу энергиясын аралас өндіруге қатысатын

$$(\sum E_{w,i})$$

$i$ -тым турбогенератормен электр энергиясын өндіретін бу ағындарының эксергиясы мынадай формула бойынша анықталады:

$$E_{w,i} = 0,86 \times W_i$$

$$\sum E_{\text{по},i}$$

-өндірістік іріктеудің бу ағындарының эксергия сомасы ( $p$  типті турбиналардың қысылуына қарсы), Гкал. Өндірістік іріктеу буының эксергиясы ( $Q_{\text{по}}$ ), мына формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{по}} = Q_{\text{по}} \times \left(1 - T_{\text{н}} \times \frac{S_{\text{по}} - a_{\text{ок}} * S_{\text{ок}}}{h_{\text{по}} - a_{\text{ок}} * h_{\text{ок}}}\right),$$

мұндағы:

$Q_{\text{по}}$ – өндірістік іріктеудің жылу жүктемесі, Гкал;

$$h_{\text{по}}, h_{\text{ок}}$$

-өндірістік іріктеуге және кері конденсатқа сәйкес будың үлестік энтальпиясы, ккал / кг ;

$$S_{\text{по}}, S_{\text{ок}}$$

- тиісінше өндірістік іріктеу буының және кері конденсаттың үлестік энтропиясы, ккал / кг×К;

аок– кері конденсаттың үлесі;

T<sub>н</sub>– қоршаған ортаның абсолюттік орташа температурасы, К;

$$\sum E_{\text{к}}$$

– бу ағындарының эксергия сомасы, Гкал. Жылулық іріктеудің бу ағынының эксергиясы (E<sub>к</sub>), мына формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{к}} = Q_{\text{к}} \times \left(1 - T_{\text{н}} \times \frac{S_{\text{к}} - S'_{\text{к}}}{h_{\text{к}} - h'_{\text{к}}}\right),$$

мұндағы:

$$Q_{\text{т}}$$

– жылуландыру іріктеуінің жылу жүктемесі, Гкал;

$$S_{\text{т}}, S'_{\text{т}}$$

– сәйкесінше будың үлестік энтропиясы және жылулық іріктеу конденсаты, ккал / (кг× К);

$$h_{\text{т}}, h'_{\text{т}}$$

– сәйкесінше будың үлестік энтальпиясы және жылуландыру іріктеуінің конденсаты, ккал / кг;

$$\sum E_{\text{к}}$$

шығырындағы бу ағынының эксергия сомасы, Гкал. Конденсатордағы бу ағынының эксергиясы (E<sub>к</sub>), мынадай формула бойынша анықталады:

$$E_{\text{к}} = Q_{\text{к}} \times \left(1 - T_{\text{н}} \times \frac{S_{\text{к}} - S'_{\text{к}}}{h_{\text{к}} - h'_{\text{к}}}\right),$$

мұндағы:

$Q_K$ 

– конденсатордың жылу жүктемесі, Гкал:

 $S_K, S'_K$ 

– конденсатордағы бу және конденсат энтропиясы, ккал / (кг×К);

 $h_K, h'_K$ 

– тиісінше конденсатордағы бу және конденсат энтальпиясы, ккал/кг.

502. Құрамдастырылған өндіріс кезінде жылу энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$k_{ТЭ} = 1 - k_{ЭЭ}.$$

#### **4-бөлім. Жылу және электр энергиясы арасындағы кірістер мен тартылған енгізілген активтерді оларды құрамдастырылған өндіру кезінде бөлу**

503. Жылу және электр энергиясын құрамдастырылған өндіру кезіндегі кірістер бөлек есепке алынады:

1) жылу энергиясын өндіру бойынша – жасалған шарттар шеңберінде және уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша бу қазандықтары, су жылыту қазандықтары мен редуциялық-салқындату құрылғылары өндіретін жылу энергиясының көлемін шегере отырып, станция коллекторларынан жіберілген жылу энергиясының нақты көлеміне сәйкес;

2) электр энергиясы бойынша – конденсациялық цикл бойынша өндірілген электр энергиясын және жылу электр орталығы субъект электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын бағаларды шегере отырып, электр энергиясы станциясының шиналарынан жіберілген көлемдерге сүйене отырып.

504. Жылу және электр энергиясын өндіруге қатысатын іске қосылған активтер осы энергия түрлері арасында осы Қағидаларға сәйкес есептелген жылу және электр энергиясын жіберу бойынша бөлу коэффициентіне барабар бөлінеді.

505. Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасын Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамада белгіленген қағидалармен айқындау кезінде активтердің (СА) нақты құны былайша анықталады:

1) жылу энергиясын өндіруге іске қосылған активтердің құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CA_{ТЭ} = CA_{КП} k_{ТЭ} + CA_{ПК} + CA_{ВК},$$

мұндағы:

САКП – жылу және электр энергиясын аралас өндіруге жатқызылатын активтердің құны, теңге;

САПК, САВК – тікелей тұтынушыға және су жылыту қазандықтарына жұмыс істейтін бу қазандары бойынша тиісінше активтердің құны, теңге;

2) Электр энергиясы бойынша активтердің құны мынадай формула бойынша анықталады:

$$CA_{ээ} = CA_{ТЭЦ} - CA_{тэ},$$

мұндағы:

САТЭЦ -жылу және электр энергиясын өндіруге жылу электр орталығының тартылған активтерінің нақты құны, теңге.

#### **4-бөлім. Жылу энергиясын өндіру кезінде жылу тасығыштардың өлшемшарттары бойынша шығындарды бөлу ерекшеліктері**

##### **1-параграф. Жалпы ережелер**

506. Осы тарау меншік нысанына қарамастан барлық энергия өндіруші ұйымдарға – жылу электр орталықтарына, бу қазандықтарына және су жылыту қазандықтарына қолданылады.

507. Жылу энергиясы тұтынушыларға энергия өндіруші ұйымдардың субъектінің коллекторларынан әртүрлі өлшемшартты бу және ыстық су түрінде жіберіледі.

1) өлшемшартына және көздің түріне байланысты бу жылу тасымалдағыштары: қазандық бу жылытқышынан кейінгі өткір бу;

редукцияланған бу, редукциялық-салқындатқыш құрылғыдан немесе тез әрекет ететін редукциялық-салқындатқыш құрылғыдан кейін бу;

бу түрлендіргіш қондырғыдан кейінгі бу;

"Р" типті тавленге қарсы турбинадан кейінгі бу";

жұп өндірістік іріктеу типіндегі турбиналарда "ЖМ", "Тп" және "ПР";

жылуландыру сұрыптарынан бу;

2) Ыстық суды дайындау желілік суды жылыту схемасына да, қоректендіру суын жылыту схемасына да байланысты.

Желілік суды жылыту келесі схемалар бойынша жүзеге асырылады:

бір сатылы, желілік су негізінен түрлі көздерден бумен бойлерде жылытылады;

екі сатылы, желілік су төменгі және жоғарғы жылуландыру іріктеуде бумен желілік жылытқыштарда жылытылады. Мұндай схема тек Т-50-130;

Т-110-130; ПТ-80/100-130/13; ПТ-140/165-130/15 типті турбиналармен ғана мүмкін;

үш сатылы, желілік су төменгі және жоғарғы жылуландыру іріктеуде бумен кіріктірілген бумада (ВП) және желілік жылытқыштарда жылытылады. Бұл схема тек Т

-50-130; Т-110-130; ПТ-80/100-130/13; ПТ-140/165-130/15 типті турбиналармен ғана мүмкін.

Суды жылыту схемасы энергия өндіруші ұйымның субъектінің нақты жылу схемасымен анықталған.

Қоректендіру суын қыздырудың келесі схемалары болуы мүмкін:  
турбиналар конденсаторларында;  
шикі су жылытқыштарда;  
кіріктірілген бумаларда.

508. Қоректенетін су деаэраторларының, химиялық тазартылған су жылытқыштарының және басқа да қосалқы жылу алмастырғыштардың әр түрлі типтерімен бірге желілік су жылыту схемалары әрбір көз үшін жеке болып табылады.

Энергия өндіруші ұйымнан жылу энергиясы ағындарын бөлудің толық схемасы осы Қағидаларының 123-қосымшада келтірілген.

509. Жылу энергиясын өндіру кезінде шығындарды жылу тасымалдағыштардың параметрлері бойынша бөлу кезінде субъект энергия өндіруші ұйым қызметтерінің нақты көлемі, оның ішінде жылу тасымалдағыштардың әрбір өлшемшарты бойынша – алдыңғы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін тікелей бу қазандығынан және су жылыту қазандығынан турбиналарды і-іріктеу буын, і-қысымды редуциялық-салқындату қондырғысын жіберу (шығыс); төмендеу (ұлғаю) жағдайында – қызметтердің жоспарланған көлемі, оның ішінде жылу тасымалдағыштардың әрбір өлшемшарты бойынша – шарттармен, ниет хаттамаларымен, көрсетілетін қызметтер көлемінің есептерімен расталған, сапалы жалпыға ортақ қызмет көрсету міндеттері мен энергия өндіруші ұйымның субъектінің мүмкіндіктерінен шыға келе, тікелей бу қазандығынан және су жылыту қазандығынан турбиналарды і-іріктеу, і-қысымды редуциялық-салқындату құрылғысынан бу жіберу (шығыс) қабылданады.

## **2-параграф. Жылу энергиясын өндіру кезінде жылу тасымалдағыштардың параметрлері бойынша шығындарды бөлу**

510. Жылу энергиясын беруге жатқызылған энергия өндіруші субъектінің шығындары

$$Z_{\text{э}} = \sum_{i=1}^n Z_{\text{пар},i} + Z_{\text{ГВ}}, \text{ (млн. теңге)}$$

мұндағы:

$$\sum_{i=1}^n Z_{\text{пар},i}$$

– энергия өндіруші субъектінің шығындарының сомасы.

жылу тасығыштардың әрбір параметрлері үшін тікелей бу қазандығынан тікелей і-қысымды турбиналарды іріктеу буы түріндегі жылу энергиясын өндіру мынадай формула бойынша анықталады миллион теңге (әрі қарай – млн. теңге),:

$$Z_{\text{пар},i} = C_{\text{пар},i} \times Q_{\text{пар},i}, \text{ (млн. теңге)}$$

мұндағы:

$$Q_{\text{пар},i}$$

– тікелей бу қазандығынан (Гкал) тікелей і-қысымды турбиналарды і-іріктеу буы түріндегі жылу энергиясының көлемі.

$$C_{\text{пар},i}$$

– і-жылу тасымалдағыштардың әрбір параметрлері үшін мынадай формула бойынша айқындалатын тікелей бу қазандығынан тікелей і-қысымды турбиналарды іріктеу буы түріндегі жылу энергиясының өзіндік құны теңге/Гкал:

$$C_{\text{пар},i} = K_{\text{пар},i} \times C_{\text{ГВ}}, \text{ (теңге/Гкал)}$$

мұндағы:

$$K_{\text{пар},i}$$

-есебі осы Қағидаларының 511-тармағында келтірілген бу қазандығынан тікелей і-қысымдағы турбиналарды і-іріктеудің, редукциялық-салқындату құрылғылары буының қымбаттауының орташа өлшенген коэффициенті;

$C_{\text{ГВ}}$ -мына формула бойынша айқындалатын ыстық су түріндегі жылу энергиясының өзіндік құны:

$$C_{\text{ГВ}} = \frac{Z_{\text{тэ}}}{(Q_{\text{ГВ}} + \sum_{i=1}^n K_{\text{пар},i} \times Q_{\text{пар},i})}, \text{ (теңге / Гкал)}$$

мұндағы:

$$Q_{\text{ГВ}}$$

– ыстық су түріндегі жылу энергиясының көлемі, (Гкал)

З<sub>ГВ</sub>– ыстық су түрінде жылу энергиясын жіберуге жатқызылған энергия өндіруші субъектінің шығындары мынадай формула бойынша анықталады:

$$Z_{ГВ} = Z_{тэ} - \sum_{i=1}^n Z_{пар,i} , (\text{млн. теңге})$$

511. Бу қазандығынан тікелей і-қысымды турбиналарды і-іріктеу буының орташа өлшенген қымбаттауының коэффициенті жылу тасымалдағыштардың әрбір параметрлері үшін былайша есептеледі:

$$K_{пар,i} = \frac{b_{пар,i}}{B_{ГВ}}$$

мұндағы:

1)  $b_{пар,i}$  – жылу тасымалдағыштардың әрбір параметрлері үшін мынадай формула бойынша айқындалатын бу қазандығынан тікелей і-турбиналарды, редуциялық-салқындату құрылғыларының і-қысымды бу түріндегі жылу энергиясын жіберуге арналған шартты отынның үлес шығыстары (бұдан әрі – кг/Гкал):

$$b_{пар,i} = \frac{B_{пар,i}}{Q_{пар,i}} , (\text{кг/Гкал})$$

мұндағы:

$B_{пар,i}$ – бу қазандығынан тікелей і-турбиналардың, редуциялық-салқындату құрылғындарының і-қысымды бу түріндегі жылу энергиясын жіберуге жатқызылған шартты отын шығысы жылу тасымалдағыштардың әрбір параметрлері үшін мынадай формула бойынша анықталады килограмм (бұдан әрі – кг):

$$B_{пар,i} = \varphi_{пар,i} \times B_{тэ} , (\text{кг})$$

мұндағы:

$\varphi_{пар,i}$

-есебі осы Қағидаларының 512-тармағының 1) тармақшасында келтірілген, тұтынушыға берілетін бу қазандығынан тікелей і-қысымды турбиналарды іріктеу буы, і-қысымды редуциялық-салқындату құрылғысы түріндегі жылу энергиясы



шығындарының отын құрамдаушысын бөлу коэффициенттері;

$B_{mэ}$

-энергия өндіруші субъектінің жылу энергиясын жіберуге жатқызылатын шартты отынның мына формула бойынша айқындалатын шығысы:

$$B_{mэ} = B_{mэ}^{кп} + B_{пк} + B_{вк} + B_{роу}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$B_{mэ}^{кп}$

– жылу энергиясын жіберуге жатқызылған жылу және электр энергиясын құрамдастырылған өндіру кезіндегі шартты отынның шығысы мына формула бойынша анықталады:

$$B_{mэ}^{кп} = (1 - \varphi_э) \times B_{кп}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$\varphi_э$

– электр энергиясын жіберуге арналған шығындардың отын құраушысын бөлу коэффициенті, жылу электр станцияларындағы жылу және электр энергиясы арасындағы шығындарды бөлудің қолданыстағы әдіснамасына сәйкес айқындалады;

$B_{кп}$ – құрамдастырылған өндіріс кезінде жұмсалатын шартты отынның шығысы мына формула бойынша анықталады:

$$B_{кп} = B_{тэц} - B_{пк} - B_{вк} - B_{роу}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$B_{тэц}$  – мына формула бойынша анықталатын жылу электр орталығының шартты отын шығысы:

$$B_{тэц} = b_э \times W_{отп} + b_{mэ} \times Q_{отп}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$b_э, b_{mэ}$

– заңнамада белгіленген қағидалармен құзыретті орган бекіткен электр және жылу энергиясын жіберуге арналған шартты отынның үлестік шығыстары;

$$W_{отп}$$

- энергия өндіруші ұйымның шиналарынан жіберілген электр энергиясының көлемі, (кВт \* сағ);

$$Q_{отп}$$

– энергия өндіруші ұйымның коллекторларынан жіберілетін жылу энергиясының көлемі, (Гкал);

В<sub>пк</sub> – тікелей тұтынушыларға бу түрінде жылу энергиясын жіберетін бу қазандығы шартты отынының шығысы мына формула бойынша анықталады:

$$B_{пк} = \frac{Q_{пк}}{7000 \times \eta_{пк}}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$$Q_{пк}$$

-берілетін бу түріндегі жылу энергиясының көлемі, (Гкал);

7000-шартты отынның меншікті жану жылуы, ккал/кг;

$$\eta_{пк}$$

– брутто бу қазандығының пайдалы әрекетінің орташа өлшенген коэффициенті.

В<sub>вк</sub> – су жылыту қазандығының шартты отын шығысы мынадай формула бойынша анықталады:

$$B_{вк} = \frac{Q_{вк}}{7000 \times \eta_{вк}}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$$Q_{вк}$$

– су жылыту қазандығы жіберетін ыстық су түріндегі жылу энергиясының көлемі, Гкал ;

$$\eta_{вк}$$

– брутто су жылыту қазандығының пайдалы әрекетінің орташа өлшенген коэффициенті

$B_{\text{РОУ}}$ – редуциялық-салқындату құрылғысына жатқызылатын бу қазандығының шартты отын шығысы мынадай формула бойынша анықталады:

$$B_{\text{РОУ}} = \frac{Q_{\text{РОУ}}}{7000 * \eta_{\text{ка}} * \eta_{\text{мп}}}, \text{ (кг)}$$

мұндағы:

$Q_{\text{РОУ}}$

–редуциялық-салқындату құрылғысы арқылы жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал.

$\eta_{\text{ка}}$

– турбинаға жұмыс істейтін бу қазандығының брутто пайдалы әрекетінің орташа өлшенген коэффициенті;

$\eta_{\text{мп}}$

– жылу ағынының пайдалы әсерінің орташа өлшенген коэффициенті (энергия өндіруші субъектінің деректері бойынша).

2)  $b_{\text{ГВ}}$ – мына формула бойынша айқындалатын ыстық су түріндегі жылу энергиясын жіберуге арналған шартты отынның үлес шығысы:

$$b_{\text{ГВ}} = \frac{B_{\text{ГВ}}}{Q_{\text{ГВ}}}, \text{ (кг/Гкал)}$$

мұндағы:

$B_{\text{ГВ}}$ – ыстық су түрінде жылу энергиясын жіберуге жатқызылған шартты отын шығысы мынадай формула бойынша анықталады:

$$B_{\text{ГВ}} = \varphi_{\text{ГВ}} * B_{\text{тэ}}, \text{ (кг)}$$

$\varphi_{\text{ГВ}}$

– есебі осы Қағидаларының 512-тармағының 2) тармақшасында келтірілген ыстық су түріндегі жылу энергиясы шығындарының отын құраушысын бөлу коэффициенті.

512. Жылу энергиясы шығындарының отын құрауышын бөлу коэффициенті:

1) турбиналарды і-іріктеуден бу түрінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$\varphi_{\text{пар},i-\text{отб}} = \frac{\xi_{\text{пар},i} \cdot Q_{\text{пар},i}}{Q_{\text{роу}} + \sum_{i=1}^n \xi_{\text{пар},i} \cdot Q_{\text{пар},i} + \xi_{\text{пб}}^{\text{пб}} \cdot Q_{\text{пб}} + Q_{\text{вк}} + \xi_{\text{п}}^{\text{роу}} \cdot Q_{\text{гв}}^{\text{роу}} + \sum_{i=1}^n \xi_{m,i} \cdot Q_{m,i}}$$

мұндағы:

$$Q_{\text{пб}}$$

– ОБ-ға турбиналар мен редукциялық-салқындату құрылғыларын і-іріктеуден жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$$Q_{\text{гв}}^{\text{роу}}$$

– ыстық су түрінде жылу энергиясын өндіруге редукциялық-салқындату құрылғысынан жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал;

$$Q_{m,i}$$

– і-турбиналарды жылуландыру іріктеуден жіберілген жылу энергиясының көлемі, Гкал.

$$\xi_{\text{пар},i}, \quad \xi_{\text{пб}}^{\text{пб}}, \quad \xi_{\text{п}}^{\text{роу}}, \quad \xi_{m,i}$$

-есебі осы Қағидаларының 49-тармағында келтірілген турбиналарды і-іріктеуден, БҚ, і-қысымның редукциялық-салқындату құрылғыларынан, турбиналарды жылуландырғыш іріктеуден будың жылу ағындарының құндылығының коэффициенттері.

Редукциялық-салқындату құрылғыдан бу түрінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$\varphi_{\text{пар},\text{роу}} = \frac{Q_{\text{роу}}}{Q_{\text{роу}} + \sum_{i=1}^n \xi_{\text{пар},i} \cdot Q_{\text{пар},i} + \xi_{\text{пб}}^{\text{пб}} \cdot Q_{\text{пб}} + Q_{\text{вк}} + Q_{\text{пк}} + \xi_{\text{п}}^{\text{роу}} \cdot Q_{\text{гв}}^{\text{роу}} + \sum_{i=1}^n \xi_{m,i} \cdot Q_{m,i}}$$

Бу қазандығынан тікелей бу түрінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$\varphi_{\text{пар},\text{пк}} = \frac{Q_{\text{пк}}}{Q_{\text{роу}} + \sum_{i=1}^n \xi_{\text{пар},i} \cdot Q_{\text{пар},i} + \xi_{\text{пб}}^{\text{пб}} \cdot Q_{\text{пб}} + Q_{\text{вк}} + Q_{\text{пк}} + \xi_{\text{п}}^{\text{роу}} \cdot Q_{\text{гв}}^{\text{роу}} + \sum_{i=1}^n \xi_{m,i} \cdot Q_{m,i}}$$

2) ыстық су түрінде мынадай формула бойынша айқындалады

513. Бұдың жылу ағындары құндылығының коэффициенттері:

1) турбиналарды і-іріктеу мынадай формула бойынша анықталады:

$$\xi_{\text{пар},i} = Y_{\text{пар},i} \frac{h_{0i} - h_{\text{пв}i}}{h_{\text{пар},i} - \alpha_{\text{ок}i} \times h_{\text{ок}i}},$$

мұндағы:

$h_{0i}$  – қызған бу энтальпиясы, ккал / кг;

$h_{\text{пв}i}$  – қоректік су энтальпиясы, ккал / кг;

$h_{\text{пар},i}$  – турбиналарды і-іріктеудің бу энтальпиясы, ккал / кг;

$h_{\text{ок}i}$  – кері конденсат энтальпиясы, ккал / кг;

$\alpha_{\text{ок},i}$

– тұтынушылармен жасасқан шарттар деректері бойынша турбиналарды і-іріктеу үшін кері конденсат үлесі.

$Y_{\text{пар},i}$  – турбиналарды і-іріктеу бу үшін толық өндірілмеу коэффициенті мына формула бойынша анықталады:

$$Y_{\text{пар},i} = \frac{h_{\text{пар},i} - h_{\text{к}i}}{h_{0i} - h_{\text{к}i}},$$

Ескерту:

Бу мен судың энтальпиясы судың және су буының жылу қасиеттерінің анықтамалығы су және су буының кестелерінде көрсетілген термодинамикалық қасиеттермен айқындалады (Ривкин С.Л., Александрова А.А.).

мұндағы:

$h_{\text{к}i}$  – турбина конденсаторыдағы бу энтальпиясы\*, ккал/кг.

2)  $i$  – жылуландыру бөліп алу турбиналарының буы мына формула бойынша анықталады:

$$\xi_{m,i} = Y_{m,i} \frac{h_{0i} - h_{\text{пв}i}}{h_{m,i} - h'_{m,i}}$$

$Y_{m,i}$

– і-жылуландыру бөліп алу турбиналарының буы үшін толық өндірілмеген коэффициент мына формула бойынша анықталады:

$$y_{m,i} = \frac{h_{m,i} - h_{k,i}}{h_{oi} - h_{k,i}}$$

мұндағы:

$h_{m,i}$  – і-жылуландыру бөліп алу турбиналарының энтальпиясы, ккал/кг;

3) өткір буда жұмыс істейтін і-қысым дедукциялық-салқындату құрылғысының буы бірлікке тең қабылданады. Бу қазандығына келіп түсетін бу өлшемдеріне байланысты ең жоғары бойлердің жылу буы құндылықтарының коэффициенті (пбп) бірлікке тең немесе жылу ағындары құндылықтарының коэффициентіне тең алынады. Ыстық су түріндегі жылу энергиясын өндіруге қатысатын редуциялық-салқындату құрылғыларынан жылу буы құндылықтарының коэффициенті (роуп) і-жылуландыру бөліп алу турбиналары құндылықтарының коэффициентіне тең алынады.

**10-тарау. Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу қағидалары**

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. Жалпы ережелер**

514. Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 514-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет құнын қайта есептеу қағидалары**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

515. Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі жылу энергиясын тұтынушыларды қосу технологиясымен және жылу тасымалдағыш көлігінің температуралық режимдерімен ерекшеленеді:

1) жылумен жабдықтау жүйелерінен ыстық суды тікелей тартатын жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған су жүйелері – ашық жүйелер;

2) жергілікті (үй ішінде) немесе орталық (үйлердің тобына) жылу пункттерінде орналасатын ыстық сумен жабдықтаудың жылу алмастырғыштары бар жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған су жүйелері – жабық жүйелер;

3) орталық жылу пункттерінде бу-су жылу алмастырғыштары арқылы су жылу желілерін қоса отырып, жылумен жабдықтаудың орталықтандырылған бу жүйелері.

Бұл ретте, жылумен жабдықтау орталықтандырылған су жүйелері жылыту мен ыстық сумен жабдықтау (бұдан әрі – ыстық сумен жабдықтау) қажеттіліктеріне жылу энергиясын біріктіріп екі құбырлы жүйе арқылы жіберу қағидалары бойынша жұмыс істейді.

Жылу қабылдағыштардың жылыту және желдету жүйелерінде үй-жайлар ішіндегі температураны реттейтін жеке автоматты құрылғылары болмаған жағдайда, сыртқы ауаның температурасына қарай жылыту жүктемесі бойынша жылу тасымалдағыштың температурасын реттеу қолданылады.

516. Жылуды жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға біріктіріп жіберген кезде беруші құбыржолдағы желілік судың температурасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес:

жылумен жабдықтаудың жабық жүйелері үшін – кем дегенде  $70^{\circ}\text{C}$ ;

жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері үшін – кем дегенде  $60^{\circ}\text{C}$  деңгейінде айқындалды.

517. Жылыту жөнінде көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу кезінде беруші құбыржолдағы судың температурасы температуралық кесте өзгерісінің нүктесінен сыртқы ауа температурасының көтерілу жағына қарай жылумен жабдықтаудың жабық жүйелері үшін –  $70^{\circ}\text{C}$  және ашық жүйелері үшін –  $60^{\circ}\text{C}$  тең тұрақты қолданылады.

518. Жылумен жабдықтаудың ашық жүйелеріндегі жылу энергиясының шығысын есептеу нүктесіндегі ыстық сумен жабдықтауда су температурасының реттегіштері болмаған жағдайда, практикада ыстық сумен жабдықтауда пайдаланылатын беруші құбыржолдағы желілік су температурасының қайнамау шарттары бойынша ең жоғары мүмкіндігіне қол жеткізу кезінде температуралық кестені мәжбүрлі өзгерту қолданылады. Жылыту жөнінде көрсетілетін қызметті қайта есептеу кезінде беруші құбыржолдағы желілік судың осы температурасы  $95^{\circ}\text{C}$  тең болып қолданылады.

519. Сыртқы ауаның температурасы ұзақ уақыт – бес тәуліктен астам төмен болған кезде (беруші құбыржолдағы  $95^{\circ}\text{C}$  сәйкес келетін сыртқы ауаның температурасынан бастап) ыстық сумен жабдықтау жүйесін қайтарушы құбыржолға қосу ұсынылады.

520. Есептік кезеңдегі сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу кезінде бүкіл жылыту кезеңіндегі сыртқы ауаның нақты орташа тәуліктік температурасы ескеріледі.

**Ескерту. 520-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

521. Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу осы Қағидалардың 2 параграфының 4 бөліміне сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифті есептеу тетігінің ерекшеліктерін қолдануды ескере отырып жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтің отын құрамдас бөлігі бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta P = \frac{Z_{\text{топ}}}{Q} * (Q_{\text{расч.п}}^{\text{норма}} - Q_{\text{расч.п}}^{\text{факт}}) \text{ пәтердің бір текше метрге теңге}$$

(бұдан әрі – теңге/м<sup>2</sup>),

мұндағы:

$\Delta P$  – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органның ведомствосымен келісу бойынша бекіткен жылытуға арналған жылу энергиясын тұтыну нормалары бойынша есептеу жүргізілетін , есепке алу аспаптары жоқ барлық тұтынушылар үшін айқындалатын тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар алаңының 1 м<sup>2</sup> үшін қайта есептеу сомасы;

Zотын – заңнамада белгіленген қағидалармен бекітілген жылу энергиясын өндіруге арналған тарифте ескерілген, үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушыларға ақы төлеуге ұсынылатын отын шығындары;

бірінші топтың тұтынушылары үшін (халық санатына жатпайтын жеке тұлғалар) – Zотын = Z өндірушінің отын \* 1,2;

бірінші топтың тұтынушылары үшін (есептеудің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, тозған, авариялық тұрғын үй ғимараттар, барак типтегі үйлерде тұратын жеке тұлғалар) – Zотын = Z өндірушінің отын;

тұрғын емес үй ғимараттар орналасқан екінші топтың тұтынушылары үшін (өзге тұтынушылар) -Zотын = Z өндірушінің отын \* 1,3;

Q – заңнамада белгіленген қағидалармен бекітілген жылу энергиясын өндіруге арналған тарифте ескерілген энергия өндіруші ұйымның коллекторларынан жіберілетін жылу энергиясының көлемі (Гкал);



Qесеп.к.норма – Үлгілік қағидаларға сәйкес есептеу жолмен айқындалған тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар алаңының 1 м<sup>2</sup> жылытуға есепті кезеңдегі жылу энергиясының есептік үлес шығысы (жылу энергиясын тұтыну нормасы) (Гкал/м<sup>2</sup>);

Qесеп.к.нақты – Үлгілік қағидаларға сәйкес есептеу жолмен айқындалған тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар алаңының 1 м<sup>2</sup> жылытуға есептік кезеңдегі жылу энергиясының есептік үлестік шығысы.

Субъектіде реттеліп көрсетілетін қызметтердің және реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметтің түрлері бойынша шығындарды, кірістер мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу болмаған жағдайда, қайта есептеу мынадай формула бойынша жылу энергиясына арналған тариф бойынша жүргізіледі:

$$\Delta P = T_{т.э} * (Q_{расч.п}^{норма} - Q_{расч.п}^{факт}) м^2), \text{ (теңге/м}^2\text{)},$$

мұндағы:

Tж.э. – осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеу әдістері ескерілген тарифті есептеу тетігін қолдануды ескере отырып, үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылу энергиясының тарифі (теңге/Гкал).

**Ескерту. 521-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

522. Тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар алаңының 1 м<sup>2</sup> жылытуға есептік кезеңдегі жылу энергиясының нақты шығысы (Qесеп.к.нақты) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_{есеп.к.нақты} = Q_{оп} есепнорма * (t_{орт.нақты} - t_{сорт.нақты}) / (t_{орт.есеп} - t_{ж.}) * p_{нақты}/пж \text{ (Гкал/м}^2\text{)},$$

мұндағы:

Qесеп.к.норма – Үлгілік қағидаларға сәйкес есептеу жолмен айқындалған (Гкал/м<sup>2</sup>), жылыту кезеңіндегі жылытуға жылу энергиясын тұтынудың есептік нормасы (Гкал/м<sup>2</sup>);

tсорт.нақты – есепті кезеңдегі сыртқы ауаның орташа өлшенген нақты температурасы (0С);

tіорт.нақты – есептік кезеңдегі сыртқы ауаның орташа өлшенген нақты температурасы кезінде тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар ішіндегі ауаның орташа өлшенген температурасы (0С);

$t_{\text{орт.есеп}}$  – осы Қағидаларға 13-тармаққа сәйкес есептелетін жылыту кезеңіндегі тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар шіндегі ауаның орташа өлшенген есептік температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ );

$t_{\text{ж}}$  – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Заңы 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес бекітілетін, мемлекеттік нормативтік құжаттарға (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) сәйкес айқындалатын жылыту кезеңі үшін сыртқы ауаның орташа есептік температурасы, ( $^{\circ}\text{C}$ );

$t_{\text{нақты}}$  – есептік кезеңдегі жылытуға жылу энергиясы тұтынатын тәуліктердің нақты саны;

$n_{\text{ж}}$  – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес айқындалатын жылыту кезеңіндегі тәуліктердің жалпы саны.

Қайта есептеу үшін жылыту кезеңінің басталуы мен аяқталуы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жылытуды жобалау үшін сыртқы ауаның есептік температурасы минус  $30^{\circ}\text{C}$  дейін аудандарда сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы  $8^{\circ}\text{C}$  және жылытуды жобалау үшін сыртқы ауаның есептік температурасы  $30^{\circ}\text{C}$  төмен аудандарда –  $10^{\circ}\text{C}$  кезінде қабылданады.

523. Есептік кезеңдегі сыртқы ауаның орташа өлшенген нақты температурасын ( $t_{\text{сорт.нақты}}$ ) және есептік кезеңдегі сыртқы ауаның нақты температурасы кезінде тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттар ішіндегі ауаның орташа өлшенген температурасын ( $t_{\text{орт.нақты}}$ ) есептеу үшін сыртқы ауаның нақты температурасы ескеріле отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер нысаны толтырылады, онда:

1-баған – есептік кезең айының күндері;

2-баған –  $t_{\text{снақты}}$  ("Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – РМК) деректері бойынша қабылданатын сыртқы ауаның нақты орташа тәуліктік температурасы;

3-баған –  $q$  мәнін есептеу (жылытуды жобалау үшін сыртқы ауаның нақты орташа тәуліктік температурасы кезінде жылытуға жылу ағыны шамасының сыртқы ауаның есептік температурасы кезінде жылу ағынының шығысына қатысы ( $t_{\text{ж}}$ ) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$q = (t_{\text{норм}} - t_{\text{снақты}}) / (t_{\text{норм}} - t_{\text{ж}}),$$

мұндағы:

$t_{\text{норм}}$  – тұрғын үй ғимараттардың ішіндегі есептік температура сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес үй-жайдың ішіндегі оңтайлы температура бойынша қабылданады;

$t_{ж}$  – жылытуды жобалау үшін (неғұрлым суық бес күнде 0,92 қамтамасыз етіп) сыртқы ауаның есептік температурасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданады;

4-баған –  $q_{0,8}$  мәнін есептеу, мұнда 0,8 көрсеткіш дәрежесі тұрғын үй ғимараттардағы жылыту құралдардың жылу беру коэффициентін ескереді;

5-баған –  $t_1$  мәнін есептеу – тұтынушының есепке алу торабындағы температуралық кесте бойынша айқындалған беруші құбыржолдағы желілік судың ағымдағы есептік температурасы:

6-баған –  $t_{інақты}$  мәнін есептеу (сыртқы ауаның нақты температурасы кезінде тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттардың ішіндегі ауаның нақты орташа тәуліктік температурасы) әр тәулік үшін мынадай түрде жүргізіледі:

сыртқы ауа температурасының тұруы кезеңінде беруші құбыржолдағы есептік температураға сәйкес келетін сыртқы ауаның температурасынан төмен болған кезде ( $t_{II}$ ), онда  $t_{інақты}$  мәні жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері үшін әр тәулікке мынадай формула бойынша есептеледі:

$$t_{інақты} = t_{снақты} + (t_{іном} - t_{снақты}) * (t_{II} - t_{снақты}) / (t_1 - t_{снақты}) (°C),$$

мұндағы:

$t_{II}$  –температуралық жылыту кестесін мәжбүрлі кеміту қолданылатын, ыстық сумен жабдықтауға пайдаланылатын беруші құбыржолдағы желілік судың температурасы,  $t_{II} = 95°C$ ;

сыртқы ауа температурасының тұруы кезеңінде беруші құбыржолдағы есептік температураға сәйкес келетін сыртқы ауаның температурасынан жоғары болған кезде ( $t_{II}$ ), онда  $t_{інақты}$  әр тәулікке мынадай формула бойынша есептеледі:

$$t_{інақты} = t_{снақты} + (t_{іном} - t_{снақты}) * (t_{II} - t_{снақты}) / (t_1 - t_{снақты}) (°C),$$

мұндағы:

$t_{II}$  –температуралық жылыту кестесіне мәжбүрлі кеміту қолданылатын, ыстық сумен жабдықтауға пайдаланылатын беруші құбыржолдағы желілік судың температурасы, жылумен жабдықтаудың жабық жүйелері үшін  $t_{II} = 70°C$ , жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері үшін  $t_{II} = 60°C$ ;

сыртқы ауа температурасының қалған кезеңдерінде оның орташа айлық нормаланатыннан жоғары болуына не оған тең болуына қарамастан  $t_{інақты}$  мәні әр тәулікке мынадай формула бойынша есептеледі:

$$t_{інақты} = t_{іорма} (°C),$$

**Ескерту. 523-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

524. Осы Қағидаларға 124-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп

көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу үшін деректерге сәйкес кестеде есептелген деректерді негізге ала отырып:

1) есепті кезеңдегі сыртқы ауаның орташа өлшенген нақты температурасы ( $t_{\text{орт.нақты}}$ ) мынадай формула бойынша:

$$t_{\text{н.факт}}^{\text{ср.факт}} = \frac{\sum t_{\text{н}}^{\text{факт}}}{n_{\text{факт}}}, (^\circ\text{C}),$$

2) есептік кезеңдегі іштегі ауаның орташа өлшенген нақты температурасы ( $t_{\text{орт.нақты}}$ ) мынадай формула бойынша:

$$t_{\text{в}}^{\text{ср.факт}} = \frac{\sum t_{\text{в}}^{\text{факт}}}{n_{\text{факт}}}, (^\circ\text{C}),$$

**Ескерту. 524-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

525. Жылыту кезеңінде тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттардың ішіндегі ауаның орташа өлшенген есептік температурасын есептеу үшін ( $t_{\text{орт.нақты}}$ ) осы Қағидаларға 125-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Көрсеткішті есептеу ( $t_{\text{орт.есеп}}$ ), Температуралық кесте ( $t_{1e}/t_{2e}$ ), ашық/жабық орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі" кестесі толтырылады, онда:

1-баған – есептеуге қажетті жылыту кезеңінің көрсеткіштері мен айлардың атауы;

2-баған –  $t_{\text{есеп}}$  (сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданатын жылыту кезеңінің айлары бойынша сыртқы ауаның есептік орташа айлық температурасы және есептік көрсеткіштер  $t_{ж}$ ,  $t_{1II}$ ,  $t_{1I}$ );

3-баған –  $q$  мәнін есептеу мынадай формула бойынша:

$$q = (t_{\text{норм}} - t_{\text{есеп}}) / (t_{\text{норм}} - t_{ж}),$$

мұндағы:

$t_{\text{норм}}$  – тұрғын үй ғимараттардың ішіндегі ауаның есептік температурасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданады;

$t_{ж}$  – жылытуды жобалау үшін сыртқы ауаның есептік температурасы (неғұрлым суық бес күн) Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданады;

4-баған –  $q_{0,8}$  мәнін есептеу;

5-баған –  $t_{1}$  мәнін есептеу (жылыту кестесі бойынша беруші құбыржолдағы желілік судың ағымдағы температурасы ( $t_{\text{есеп}}$ ));

6-баған – несеп.(жылыту кезеңінің айлары бойынша тәуліктің есептік саны, оның ұзақтығы Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданады);

7-баған – жылыту кезеңінің айлары бойынша (тесептіктің) (несептікке) көбейтіндісі , мұндағы

тесеп – жылыту кезеңінің айлары бойынша сыртқы ауаның орташа айлық есептік температурасы кезінде айқындалатын тұрғын және тұрғын емес үй ғимараттардың ішіндегі ішкі ауаның орташа айлық есептік температуралары (тесеп) мына формула бойынша айқындалады:

$$t_{\text{всеп}} = t_{\text{несеп}} + (t_{\text{норм}} - t_{\text{несеп}}) \times (t_{11} - t_{\text{несеп}}) / (t_1 - t_{\text{несеп}}) (^{\circ}\text{C}),$$

мұндағы:

$t_{\text{несеп}}$ . – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданатын жылыту кезеңі айлары бойынша сыртқы ауаның орташа айлық есептік температуралары;

$t_{\text{норм}}$  – тұрғын үй ғимараттары ішіндегі ауаның есептік температурасы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес қабылданады;

$t_{11}$  – жылумен жабдықтаудың жабық жүйелері үшін  $t_{11} = 70^{\circ}\text{C}$ , жылумен жабдықтаудың ашық жүйелері үшін  $t_{11} = 60^{\circ}\text{C}$  температуралық жылыту кестенің мәжбүрлі кесу қолданылатын, ыстық сумен жабдықтауда пайдаланылатын беруші құбыржолындағы желілік су температурасы;

$t_1$  – тұтынушының есепке алу торабында температуралық жылыту кестесі бойынша айқындалған, беруші құбыржолында желілік судың ағымдағы есептік температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ ).

526. осы Қағидаларға 125-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Көрсеткішті есептеу ( $t_{\text{орт.есеп}}$ ), Температуралық кесте ( $t_{1e}/t_{2e}$ ), ашық/жабық орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі" кестесінде есептелген деректерге сүйене отырып, жылыту кезеңіндегі ішкі ауаның орташа өлшенген есептік температурасы ( $t_{\text{орт.есеп}}$ ) мынадай формула бойынша анықталады:

$$t_{\text{в}}^{\text{ср.факт}} = \frac{\sum t_{\text{в}}^{\text{расч}} \cdot n_{\text{расч}}}{n_{\text{o}}}, (^{\circ}\text{C})$$

527. Қайта есептеу жылыту кезеңі үшін не күнтізбелік жыл үшін орындалады, қайта есептеу үшін осы Қағидаларға 126-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу нысаны толтырылады.

Ескерту. 527-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. Сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтару**

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

528. Заңның 26-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес субъект сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын тұтынушыларға тікелей не тұтынушының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке ақы төлеу кезінде тарифті төмендету жолымен қайта есептеуді жүргізеді.

Ескерту. 528-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

529. Өткен жылыту кезеңі ішінде жылумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде тарифті төмендету берілген шоттардағы төлем сомасын қайта есептеу шамасына төмендету жолымен жүргізіледі.

530. Субъект тұтынушылардың назарына коммуналдық қызметтерге ақы төлеу туралы төлем құжатындағы қаражатты тұтынушыларға аванс (сальдо) түрінде қайтару сомасы туралы ақпаратты оған ескертпемен қоса жеткізеді.

Авансқа (сальдоға) ескертпеде осы сома сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеудің нәтижесі болып табылатыны туралы ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. 530-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

531. Есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымынан кешіктірілмейтін мерзімде Табиғи монополия субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық немесе жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісі сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызмет құнын қайта есептеу бойынша, оның

қорытындысы бойынша уәкілетті органның ведомствосына немесе тиісті аумақтық органға тұтынушыларға қаражатты қайтару туралы ақпарат берілетін қайта есептеу нәтижелері бойынша, тұтынушыларға қаражатты қайтару туралы шешім қабылдайды.

Аумақтық орган субъектілер ұсынған құжаттарды қарау қорытындылары бойынша шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша қаражатты тұтынушыларға қайтару туралы ақпаратты жібереді және уәкілетті орган ведомствосының ресми сайтында орналастырады.

Уәкілетті органның ведомствосы өзінің ресми интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясын өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтару туралы жиынтық ақпаратты орналастырады.

**Ескерту. 531-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **11-тарау. Табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидалары**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

532. Субъект пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау субъект пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау тәртібін айқындайды.

533. Пайданың жол берілетін деңгейі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде қолданысқа енгізілген субъект активтерінің баланстық немесе қайта бағаланған құнын және осы Қағидаларда айқындалған әдіс бойынша есептелген пайда ставкасын және бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражат көлемін ескере отырып айқындалады.

### **2-параграф. Пайданың жол берілетін деңгейін айқындау қағидалары**

#### **1-бөлім. Пайданың жол берілетін деңгейін есептеу**

534. Пайданың жол берілетін деңгейі тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына мынадай формула бойынша анықталады:

$$ДУП_i = СП_i * РБЗА_i,$$

мұндағы:

ДУП- пайданың жол берілетін деңгейі, теңге.

і – тарифтің қолданылу кезеңінің жылы, жыл;

СПі – тартылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі;

РБЗАі – тартылған активтердің реттелетін базасы, теңге.

535. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша тартылған активтердің реттелетін базасы тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылында осы Қағидалардың сәйкес қағидалармен бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес ұзақ мерзімді активтерді пайдаланудан шығаруды және пайдалануға енгізуді ескере отырып есептеледі.

Өндірістік мақсаттағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтер олар консервациялауда немесе бір жылдан артық жөндеуде, техникалық қайта жабдықтауда (реконструкциялауда), жалдауда болған жағдайда және ұзақ мерзімді қолданыста болмаған өзге жағдайларда, қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасының құрамына кірмейді.

536. "Халықтық IPO" бағдарламасының шеңберінде акцияларын құнды қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асыратын субъектілерді қоспағанда, бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі Кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен үлестес заңды тұлғалардың тартылған активтерінің реттелетін базасы активтердің тартылған коэффициентіне активтердің нақты құнының туындысы ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$РБА = СА Кза,$$

мұндағы:

СА – активтердің нақты құны, теңге;

Кза – активтердің тартылу коэффициенті.

537. Активтердің тартылу коэффициенті олардың технологиялық қуаттылығына Субъектінің негізгі құралдарымен ұсынылатын реттеліп көрсетілетін (нормативтік ысыраптарды ескере отырып) қызметтердің нақты көлемінің (алдыңғы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін) арақатынасы ретінде айқындалады.

538. Активтердің нақты құны конкурстық негізінде таңдалған тәуелсіз бағалаушылармен оларды қайта бағалау нәтижесінде алынған Субъектілердің негізгі құралдарының қалдық құнының негізінде айқындалады.

539. "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде акцияларын құнды қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асырған Субъектілер үшін, сондай-ақ осы Қағидаларының 536-тармағында көрсетілмеген, негізгі құралдары сенімгерлік басқаруға, мүліктік жалдауға, лизинг бойынша немесе басқа мәмілелер нәтижесінде алынған Субъектілер үшін:

1) тартылған активтердің реттелетін базасы иелігінде болған және (немесе) пайдаланған кезеңдегі (жыл сайынғы) нақты есептелген амортизациялық



аударымдарды қоспағанда, нақты өндірілген (жыл сайынғы) инвестицияларды, негізгі құралдардың бастапқы құнының өсіруіне әкелген иелігінде болған және (немесе) пайдаланған кезеңдегі жөндеу және жұмыстардың басқа түрлерін ескере отырып, Субъектілердің негізгі құралдардың сатып алу (сатып алудың басқа тәсілдері) құнын негізінде айқындалады;

2) акциялардың бақылау пакеті мемлекеттің, сондай-ақ олармен үлестес заңды тұлғалардың иелігіндегі мемлекеттік кәсіпорындардан, акционерлік қоғамдардан, сондай-ақ олармен үлестес заңды тұлғалардан тартылған активтердің реттелетін базасы осы Қағидаларының 536, 537 және 538-тармақтарына сәйкес айқындалады.

540. Пайда мөлшерлемесінің есебі осы Қағидаларға сәйкес табиғи монополиялар салаларының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

## **2-бөлім. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін Субъектілердің, және энергетикалық сектор Субъектілерінің пайда мөлшерлемесін есептеу**

541. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынатын субъектілер үшін, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті осы Қағидалардың 601-тармағының 4) тармақшасының негізінде оның мерзімі өткенге дейін өзгертуді жүзеге асыратын субъектілер үшін пайда мөлшерлемесі елу пайыздан аспайтын мөлшерде қабылданады.

Қаржыландыру көздері инвестиция көлемдерінен асып түскен кезде инвестицияларды қаржыландыру көздері ретінде амортизациялық аударымдар мен қарыз қаражатының пайдаланылуы ескеріле отырып, пайда инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін қажет деңгейге дейін төмендеу жағына қарай түзетіледі.

Егер сумен жабдықтау және (немесе) су бұру көрсетілетін қызметтеріне тарифтің жоспарлы деңгейі қосылған құн салығынсыз бір текше метр үшін екі жүз теңгеден асып түссе, пайда мөлшерлемесі тарифті бекітуге өтінім беру күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде қабылданады.

**Ескерту. 541-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

542. Пайда мөлшерлемесі мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін энергетика секторы Субъектілері үшін капиталдың орташа өлшенген құны (бұдан әрі – КООҚ) әдісінің көмегімен мынадай формула бойынша анықталады:

тауарлық газды сақтау, жалғастырушы магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау;

## ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Үшінші абзац жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыстарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі;

электр энергиясын беру жөніндегі;

электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі;

электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі.

542-1. Инвестициялық бағдарламада ескерілген негізгі құралдардың қалдық құны 30%-дан аз болған жағдайда, уәкілетті орган инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған қосымша қаржыландыру негізгі құралдарын тозған құнның 0,5%-на дейінгі коэффициентке көбейту жолымен есептейді.

Ескерту. Қағидалар 542-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

543. КОӨҚ мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ӨҚ (КОӨҚ)} = ((1 - g) * re) + (g * rd),$$

мұндағы:

$g$  – леверидж қаржыландырудың жалпы құрылымында субъектінің қарыз және меншікті капиталының ара қатынасын сипаттайтын шама, яғни негізгі құралдарға жүргізілген соңғы қайта бағалауды ескере отырып барлық капиталдың (меншікті және қарыз капиталының сомасы) құрылымындағы нақты қарыз қаражатының үлесі болып табылады. Леверидж деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің меншікті капиталының теріс мәні болған кезде леверидждің деңгейі 1-ге тең шама ретінде алынады;

$re$  – меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі (%);

$rd$  – қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі (%).

Қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады

:

$$rd = rf + \text{ҚС},$$

мұндағы:

$rf$  – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып айқындалатын тәуекелсіз мөлшерлеме;

ҚС – субъекті шығарған және егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алған болса, айналымның сол мерзіміне мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты айналымда болатын борыштық міндеттемелерге сыйлықақы негізінде айқындалатын, субъекті бойынша тәуекел үшін борыштық сыйлықақы. Басқа жағдайда ол ұқсас қызмет түрімен айналысатын және Қазақстан Республикасының аумағында осындай кредиттік рейтингі бар басқа субъектілердің борыштық сыйақыларын ескере отырып айқындалады.

Меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_e = r_f + r_a,$$

мұндағы:

$r_a$  – меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы. Меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы тұтастай алғанда Қазақстан Республикасының қор нарығы бойынша тәуекел үшін сыйлықақы негізінде айқындалады және мынадай формула бойынша салалық бета-коэффициентке түзетіледі:

$$r_a = b * (15,7 \% - r_f),$$

мұндағы:

$b$  – энергетика секторының салалық бета-коэффициенті. Энергетика секторы ұйымының іске қосылған активтеріне пайда мөлшерлемесін есептеу үшін салалық бета-коэффициент, олар үшін салалық бета-коэффициент 1,3 деңгейінде қабылданған "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде акцияларын бағалы қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асырған субъектілерді қоспағанда, 0,89 деңгейінде қабылданды.

Акционерлік капиталға сыйақының құны қарыз қаражатына сыйақы құнынан кем емес шама болып табылады.

**Ескерту. 543-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-параграф. Газды магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтерді ұсынатын Субъектілердің тартылған активтерінің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу**

544. Салық салынғаннан кейінгі пайда мөлшерлемесі капиталдың негізделген және тиімді құрылымының негізінде есептеледі және капиталдың әртүрлі түрлерінің орташа өлшенген құны ретінде мынадай формула (1) бойынша анықталады:

$$WACC = r_d * (1-t) * (ZK/K) + r_e * (CK/K) + r_p * (PK/K),$$

мұндағы:

$r_d$  – ұзақ мерзімді қарыз капиталының құны;

$r_e$  – меншікті капиталдың құны;

$r_p$  – артықшылық берілген капиталдың құны;

$ZK$  – ұзақ мерзімді қарыз капиталы;

PK – төленген артықшылық берілген акциялар;

СК – төленген қарапайым акциялар;

K – жалпы капитал ЗК + PK + СК сомасы ретінде анықталады;

t – салық салу мөлшерлемесі (корпоративтік табыс салығы).

545. Салық салынғанға дейінгі пайда мөлшерлемесі  $(1-t)$  бөлінген салық салынғаннан кейінгі пайда мөлшерлемесі ретінде анықталады.

546. Капитал құрылымын анықтау кезінде газ тасымалдау ұйымының, оның бас компаниясының және ұқсас компаниялардың "прокси тобының" капиталының құрылымдары қарастырылады.

547. Газ тасымалдау ұйымы капиталының қолда бар құрылымы мынадай шарттар болған кезде пайдаланылады:

1) капиталдың осы құрылымы экономикалық негізделген болып табылады және газ тасымалдау ұйымының қызметтерін тұтынушыларының мүдделеріне қысым жасамайды;

2) газ тасымалдау ұйымы бас компаниядан тәуелсіз сырттан қарыз алуды жүзеге асырады.

548. Газ тасымалдау ұйымының қаржыландырылуы бас компаниямен оның тартылған қарыз қаражатының есебінен жүзеге асырылған жағдайда, бұл ретте бас компания капиталының құрылымы газ тасымалдау ұйымы капиталының құрылымынан елеулі айрықша болған кезде, бас компания капиталының құрылымын қолданған мақсатты болады.

549. Жекелеген жағдайларда, газ тасымалдау ұйымы мен оның бас компаниясы капиталының құрылымдары экономикалық негізделмеген болып табылса, ұқсас компанияның немесе газ тасымалдау ұйымының немесе оның бас компаниясының қызметіне неғұрлым сай келетін компаниялардың "прокси тобының" капитал құрылымын қолдану орынды. Бұл жағдайда, салыстыру үшін Қазақстанда да, шетелде де қызметін жүзеге асыратын компаниялар қабылданады.

550. Пайда мөлшерлемесін есептеу үшін осы Қағидаларының 547-тармағына сәйкес газ тасымалдау ұйымының немесе осы Қағидаларының 548-тармағына сәйкес оның бас компаниясының капитал құрылымы пайдаланған кезде, қарыз капиталының құны дисконттарды немесе сыйлықақыларды, қарыз капиталын тарту немесе қайта қаржыландыру бойынша шығындарды есепке ала отырып, есепті кезеңнің аяғындағы қарыз капиталының орташа өлшенген нақты құны ретінде анықталады.

551. Осы Қағидаларының 549-тармағына сәйкес капитал құрылымын анықтаған жағдайда, қарыз капиталының құны газ тасымалдау ұйымының кредиттік рейтингісінің немесе ұқсас компанияның немесе осындай компаниялардың "прокси тобының" қарыз капиталы құнының негізінде анықталады.

552. Егер қарыз капиталы шетел валютасында тартылған жағдайда, қарыз капиталының құнын болжамды бағам айырмасына түзету қажет. Қарыз капиталының осы түзетілген құны формула бойынша есептеледі.

$$r_{D \text{ (теңге)}} = (1 + r_{D \text{ (доллар)}}) * (1 + i_{\text{Қазақстан}}) / (1 + i_{\text{АҚШ}}) - 1,$$

мұндағы:

$r_{D \text{ (теңге)}}$  – қарыз капиталының теңгелік эквивалентіндегі құны;

$r_{D \text{ (доллар)}}$  – қарыз капиталының долларлық эквивалентіндегі құны;

$i_{\text{Қазақстан}}$  және  $i_{\text{АҚШ}}$  – тиісінше Қазақстан мен АҚШ-ғы инфляцияның болжамды деңгейі.

553. Артықшылық берілген акциялардың құны газ тасымалдау ұйымы деректерінің негізінде есепті кезеңдегі орташа өлшенген мәні ретінде анықталады.

554. Газ тасымалдау ұйымы үшін меншікті капиталдың құнын анықтау дисконтталған ақша ағындарының қос сатылы үлгісінің негізінде жүзеге асырылады.

555. Меншікті капиталдың құнын бағалаудың осы үлгісі компания акциясының бағасы инвесторлар талап ететін табыс деңгейіне сәйкес дисконтталған осы акцияға барлық болжамды келешектегі табыстардың ағымдағы құнының болуына негізделген. Акцияға келешектегі табыстар өсудің тұрақты қарқынымен сипатталатын орташа мерзімді кезеңдегі өсудің (өсудің орташа мерзімді қарқыны) негізінде болжанады.

556. Инвесторлармен талап етілетін табыстылық деңгейі меншікті капиталдың құнын көрсетеді.

557. Газ тасымалдау ұйымы үшін осы нұсқаулықты қолдану мақсаттарында меншікті капиталдың құнын анықтауға салыстырмалы таратушы құбырлары компанияларының прокси тобын анықтау қажет.

558. Компанияларды прокси тобына таңдау мынадай өлшемдердің негізінде жүзеге асырылады:

1) таңдалған компания акциялары қор биржасындағы ашық айналымда болатын акционерлік қоғам болып табылады;

2) компания газ құбыры көлігінің тәуекелдерін көрсететін және растау ретінде әртараптандырылған газ саласын талдау үшін әртүрлі талдау есептерінің инвестициялық көріністеріне қосылған ретінде инвесторлармен қаралады.

559. Прокси тобының меншікті капиталының құны прокси тобына кіретін компаниялардың меншікті капиталы құндарының орташа мәні ретінде анықталады және формула бойынша анықталады.

$$r_E = \frac{\sum_{i=1}^n r_E^i}{n},$$

мұндағы:

$r_E$  – прокси тобы үшін меншікті капиталдың орташа құны;

$r_i$  – компаниясының меншікті капиталының құны;

$n$  – прокси тобындағы компаниялардың саны.

560. Егер таңдалған компания өз қызметін АҚШ-тан тыс жерлерде жүзеге асырған жағдайда, осы компания үшін меншікті капиталдың алынған құны бірыңғай көрсеткіштерге келтіру үшін осы елдің елдік және бағам тәуекелдеріне түзетіледі.

561. Әрбір компания үшін меншікті капиталдың құны бұл дивидендтерді тоқсан сайын төлеуге және дивидендтердің күтілетін өсу қарқынына түзетілген келесі жылдағы акциялар бойынша табыстылық сомасы. Меншікті капиталдың құны мына формула бойынша есептеледі.

$$r_E^i = Y_i^1 + g_i,$$

мұндағы:

$Y_i^1$  –  $i$ -компаниясының акциялары бойынша келесі жылдағы табыстылық;

$g_i$  –  $i$ -компаниясының күтілетін өсу қарқыны.

562. Дивидендтерді тоқсан сайын төлеуге түзетілген келесі жылдағы компанияның акциялары бойынша табыстылығы мына формула бойынша анықталады.

$$Y_i^1 = Y_0^i * (1 + 0,5g_i),$$

мұндағы:

$Y_0^i$  –  $i$  компаниясының акциялары бойынша ағымдағы табыстылығы.

563. Компанияның акциялары бойынша ағымдағы табыстылығы ағымдағы дивидендтердің акция бағасына қатынасы ретінде және мына формула бойынша анықталады.

$$Y_i^0 = \frac{D_i^0}{P_i},$$

мұндағы:

$P_i$  –  $i$  компаниясына арналған өтінім беру күнінің алдындағы екі кезекті тоқсандағы акцияның орташа ағымдағы бағасы;

$D_i^0$  – есепті кезеңде акцияға төленген дивидендтер.

564.  $i$ -компаниясы дивидендтерінің күтілетін өсу қарқыны үлес салмақтары жылдардағы тиісті кезеңдердің ұзақтығымен анықталатын орташа мерзімді және тұрақты өсу қарқындарының орташа өлшенген мәні ретінде есептеледі және мына формула бойынша анықталады. Өсу қарқындарын пайдаланудың жалпы шегінің ұзақтығы 20 жылды құрайды.

$$g_i = g_0^i * КП/П + g_{ti} * УП/П,$$

мұндағы:

$g_0$  –  $i$ -компаниясы үшін акцияға есептелген дивидендтердің орташа мерзімді өсу қарқыны;

$g_{ti}$  –  $i$ -компаниясы үшін акцияға есептелген дивидендтердің тұрақты өсу қарқыны;

КП – өсудің орташа мерзімді қарқындарын (жылдарын) пайдалану шегі;

УП – өсудің тұрақты қарқынын (жылдарын) пайдалану шегі;

П – жалпы шек (жылдар) (КП+УП) сомасы ретінде анықталады.

565. Компаниялар дивидендтерінің орташа мерзімді өсу қарқындарын жалпы танылған талдау компаниялары (бес жылдық кезеңге) ұсынады. Талдау компаниясының жалпы танымалдылығы оның деректерін басқа елдердегі газ тасымалдау ұйымдарын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың пайдалану жиілігімен анықталады.

566. Өсудің тұрақты қарқыны өсудің орташа мерзімді қарқынының кезеңінен кейінгі кезеңге болжанады және компания өсуінің ішкі резервтік көздері болып табылатын екі құрамдауышпен анықталады және мына формула бойынша есептеледі.

$$g_{ti} = V_i R_i + V_i S_i,$$

Теңдеудің бірінші құрамдауышы компания өсуінің негізгі көзі болып табылады және өсудің тұрақты қарқынының ажырамас құрамдауышы болып табылады.

мұндағы:

$V_i$  – акциялар бойынша бөлінбеген болжамды табыстар үлесі;

$R_i$  – акцияға есептегендегі компанияның теңгерімді құнына табыстылықтың болжанатын деңгейі.

Теңдеудің екінші құрамдауышы, егер компания қосымша акциялар эмиссиясын шығаруды болжамаса, есептеу кезінде түсіріледі.

мұндағы:

$V_i$  – меншікті капиталдың болжамды өсу үлесі;

$S_i$  – болжанатын жыл сайынғы эмиссияны (қарапайым акциялар көлемінің өсу қарқынын) есепке ала отырып, қарапайым акциялардың болжанған өсу пайызы.

567. Прокси тобының меншікті капиталының құны Қазақстан Республикасының елдік тәуекелін көрсететін меншікті капитал құнына келтіріледі тиіс және ол мына формула бойынша есептеледі.

$$r_E \text{ (доллар)} = r_E + \text{елдік тәуекелге сыйлықақы},$$

мұндағы:

$r_E$  (доллар) – Қазақстан Республикасының елдік тәуекелін долларлық эквивалентте көрсететін меншікті капиталдың құны.

568. Елдік тәуекел үшін сыйлықақы елдің дефолты тәуекеліне негізделеді және долларда шығарылған Қазақстан Республикасының облигациялары бойынша

табыстылығы мен қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициентіне көбейтілетін АҚШ 10-жылдық қазынашылық облигациялары бойынша табыстылықтың арасындағы айырма ретінде есептеледі.

569. Егер Қазақстан Республикасының облигациялары бойынша өтеудің қалған мерзімі 5 жылдан кем болған жағдайда, онда табыстылықты есептеу үшін Қазақстан рейтингісіне жақындалған рейтингісі бар елдердің облигациялары бойынша табыстылық алынады.

570. Долларлық қатынаста көрсетілген меншікті капиталдың құны ұлттық валюта бағамының болжамды өзгерісіне қарай түзетіледі. Бұл түзету (10) формула бойынша есептеледі.

$$r E (\text{теңге}) = (1 + r E (\text{доллар})) * (1 + i \text{Қазақстан}) / (1 + i \text{АҚШ}) - 1,$$

мұндағы:

$r E (\text{теңге})$  – меншікті капиталдың теңгелік эквиваленттегі құны;

$i \text{Қазақстан}$  және  $i \text{АҚШ}$  – тиісінше Қазақстан мен АҚШ-тағы инфляцияның болжамды деңгейі.

571. Ұлттық валютада көрсетілген меншікті капиталдың алынған құны капиталдың орташа өлшенген құнын есептеу үшін пайдаланылады, яғни пайда ставкалары мынадай формула бойынша есептеледі:

$$r E = r E \{ \text{теңге} \},$$

572. Пайда мөлшерлемесін есептеу үшін осы Қағидаларының 565, 566 және 567-тармақтарында санамаланған ақпарат пайдаланылады.

573. Қарыз капиталының құнын есептеу үшін ақпарат мына төмендегілерді:

1) қарыздардың атауын, оларды тарту күні мен өтеу күнін;

2) қарыздар бойынша проценттік мөлшерлемесін;

3) қарыздардың жалпы сомасын;

4) дисконттың немесе қарызды орналастыруды ұйымдастырушылар комиссиясының жалпы сомасын;

5) шығару бойынша шығындардың жалпы сомасын;

6) қарыздар бойынша таза түсімдерді;

7) қарыз капиталының құнын: проценттік мөлшерлеме мен таза түсімдердің негізінде есептелетін өтеуге дейінгі табыстылықты қамтиды.

574. Артықшылық берілген капиталдың құнын есептеу үшін ақпарат мына төмендегілерді:

1) артықшылық берілген акциялар эмиссияның атауы мен күнін;

2) егер кері сатып алуға жатса, сатып алу құнын;

3) егер айырбасталатын болса, айырбастау шарттарын;

4) дивидендтер бойынша мөлшерлемесін;

5) артықшылық берілген акциялар эмиссияның атаулы сомасын;



6) дисконттың немесе қарызды орналастыруды ұйымдастырушылар комиссиясының жалпы сомасын;

7) шығару бойынша шығындардың жалпы сомасын;

8) тартылған қаржының құнын – шығарылған акцияның бірлігіне таза тартылған қаражатқа бөлінген дивидендтер бойынша жыл сайынғы мөлшерлемесін қамтиды.

575. Меншікті капиталдың құнын есептеу үшін ақпарат мына төмендегілерді:

1) прокси тобына кіретін компаниялардың тізімін, осы компаниялары бизнесінің сипаттамасы мен таратушы құбыр көлігінің осы компаниялардың жалпы қызметіндегі үлесін;

2) прокси тобына таңдалған компаниялардың бір акциясына есептегендегі акциялар бағаларын, табыстылық, дивидендтер мен теңгерімді құнының деңгейін;

3) жалпы танылған талдау компаниясымен бағаланған прокси тобына кіретін компаниялардың орташа мерзімді өсу қарқынын;

4) АҚШ 10-жылдық қазынашылық облигациялары бойынша табыстылық деңгейін;

5) АҚШ долларында шығарылған Қазақстанның немесе Қазақстанның рейтингісіне жақындаған рейтингісі бар елдердің мемлекеттік облигациялары бойынша табыстылық деңгейін;

6) Қазақстан Республикасындағы және АҚШ-тағы инфляцияның болжамды деңгейін;

7) пайдаланатын ақпарат пен есептеу компоненттерінің көздерін қамтиды. Есептеуде ресми, дәйекті және қаржылық және өзге де ұйымдар кеңінен қолданылатын ақпарат пайдаланылады.

**5-бөлім. Мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектілердің іске қосылған активтерінің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу**

576. Мұнай өткізу ұйымының реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құны ретінде айқындалады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$СП_{ЗА} = \frac{[СК * СП_{СК}] + [ЗК * СП_{ЗК}]}{СК + ЗК},$$

мұндағы:

СП ЗА – іске қосылған активтерге пайда мөлшерлемесі;

СК – меншік капитал, теңге;

СП СК – меншік капиталдың құны;

ЗК – қарыз капиталы, теңге;

СП ЗК – қарыз капиталының құны.

577. Меншік капиталдың құны тәуекелсіз мөлшерлемені, Қазақстанның елдік тәуекелі үшін сыйлықты, құбыр секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықты және мұнай құбыры ұйымына тән ерекшелікті тәуекел үшін сыйлықтарды мына формула бойынша жинақтаумен анықталады:

$$\text{СП СК} = r_{fl} + r_c + r_a + r_s,$$

мұндағы:

$r_{fl}$  – кірістіліктің тәуекелсіз мөлшерлемесі;

$r_c$  – елдік тәуекел үшін сыйлық;

$r_a$  – мұнай құбыры секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлық;

$r_s$  – мұнай құбыры ұйымына тән ерекшелікті тәуекел үшін сыйлық.

578. Мұнай құбыры ұйымы меншік капиталының құнын есептеу кезінде табыстылықтың тәуекелсіз мөлшерлемесі ( $r_{fl}$ ) мұнай құбыры ұйымы тарифті бекітуге өтінім берген күнге немесе уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне АҚШ-тың федералдық резерв жүйесі деректерінің негізінде анықталатын АҚШ Қазынашылығы жиырма жылдық облигацияларының ағымдағы табыстылығына тең қабылданады.

579. Мұнай құбыры ұйымының елдік тәуекел үшін сыйлығын ( $r_c$ ) анықтау Moody's, Fitch және Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттіктері берген және мұнай құбыры ұйымы тарифті бекітуге өтінім берген күнге немесе уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне қолданыстағы Қазақстан Республикасының егемен борышы рейтингісін пайдаланып дефолт-спреданы есептеуді көздейтін рейтингтік әдіске негізделген.

Елдік тәуекел үшін сыйлығы мына формула бойынша есептеледі:

$$r_c = d_s \times k_v,$$

мұндағы:

$d_s$  – облигациялар бойынша дефолт-спред;

$k_v$  – қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициенті;

Базистік тармақтардағы дефолт-спред (1 базистік тармағы = 0,01%) Moody's, Fitch және Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстан Республикасына берген, олардың консервативтігінің бірі бойынша қабылданатын және осы Қағидаларының 127-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне кредит рейтингі негізінде анықталады.

Мұнай құбыры ұйымының іске қосылған активтеріне пайда мөлшерлемесін есептеуге арналған қор нарығы тұрақсыздығының орташа коэффициенті жаһандық қор нарығы бойынша есеп негізінде анықталған және осы Қағидаларының 128-қосымшаға сәйкес 1,5 деңгейде қабылданған.

580. Құбыр секторына арналған акциялар бойынша тәуекел үшін сыйлықақы ( $r_a$ ) тұтас алғанда АҚШ қор нарығы бойынша тәуекел үшін ұзақ мерзімді сыйлықақы негізінде осы Қағидаларының 129-қосымшаға сәйкес анықталады және салалық бета-коэффициентте мына формула бойынша түзетіледі:

$$r_a = b (r_m - r_{f2}),$$

мұндағы:

$r_m$  – 1926-2001 жылдар кезеңінде тұтастай алғанда АҚШ-тың қор нарығы бойынша орташа арифметикалық жалпынарықтық табыстылығы;

$r_{f2}$  – 1926-2001 жылдар кезеңінде АҚШ-тың жиырма жылдық мемлекеттік облигацияларының орташа арифметикалық табыстылығы;

$b$  – мұнай құбыры секторының салалық бета-коэффициенті.

Мұнай құбыры ұйымының іске қосылған активтеріне пайда мөлшерлемесін есептеуге арналған салалық бета-коэффициент осы Қағидаларының 130-қосымшаға сәйкес 0,88 деңгейде алынған.

581. Мұнай құбыры ұйымына тән ерекшелікті тәуекел үшін сыйлықақы ( $r_s$ ) салалық бета-коэффициентпен және елдік тәуекел үшін сыйлықақымен жабылмайтын мұнай құбыры ұйымына инвестициялармен байланысты қосымша тәуекелдерді бейнелейді. Ерекшелікті тәуекел үшін сыйлықақы мәні оларды бағалауға байланысты 0-ден 10%-ға дейін диапазонда болады.

Мұнай құбыры ұйымының ерекшелікті тәуекел үшін сыйлықақының мөлшерін айқындаушы негізгі факторлар:

- 1) мұнай тасымалдауға арналған тарифтердің ағымдағы деңгейі;
- 2) елеулі тапсырысшыларға/клиенттерге тәуелділік;
- 3) бизнестің даму келешегі;
- 4) тартылған активтердің жай-күйі;

5) бизнестің қаржылық жай-күйі және күрделі шығындарды қаржыландыру бойынша мүмкіндік болып табылады.

Мұнай құбыры ұйымы үшін тән ерекшелікті тәуекелдерді объективті бағалау үшін осы Қағидаларының 131-қосымшаға сәйкес алгоритм пайдаланылады, ол ерекшелікті тәуекелдердің негізгі факторларын ескереді.

Мұнай құбыры ұйымының ерекшелікті тәуекелдерін бағалауды құзыретті орган жүргізеді.

582. Мұнай құбыры ұйымының бүкіл капиталына қатысты бүкіл қарыз капиталының үлес салмағы елу проценттен кем болатын қарыз капиталының құны мына формула бойынша анықталады:

$$СП_{ЗК} = \frac{\sum_1^n \text{кредитов}_i * \text{ставка}_i}{\sum_1^n \text{кредитов}_i},$$

мұндағы:

СП ЗК – қарыз капиталға пайда мөлшерлемесі;

кредит  $i$  – мұнай құбыры ұйымының айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттерін қоспағанда, мұнай құбыры ұйымы тарифті бекітуге өтінім берген күнге не уәкілетті органның ведомствосы мұнай құбыры ұйымының тарифін қайта қарау туралы шешім қабылдау күніне алынған қаржы ресурстары бойынша міндеттемелері;

мөлшерлеме  $i$  – тиісті кредит бойынша сыйақының жылдық проценттік мөлшерлемесі.

583. Бүкіл капиталға қатысты қарыз капиталының үлес салмағы елу пайыз және одан астамды құрайтын мұнай құбыры ұйымының қарыз капиталының құны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ПМ_{\text{қк}} = \frac{\sum_1^n i \text{ кредиттер} \times (\text{ҰББМ} - iEa + i \text{ мөлшерлемесі})}{\sum_1^n i \text{ кредиттер}}$$

мұндағы:

ПМ ҚК– қарыз капиталға пайда мөлшерлемесі;

$i$  кредиттер – айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттерді қоспағанда, мұнай құбыры ұйымының тарифті бекітуге өтінім берген күніне немесе уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне алынған қаржы ресурстары бойынша мұнай құбыры ұйымының міндеттемелері;

ҰББМ – мұнай құбыры ұйымының тарифті бекітуге өтінім берген күніне немесе уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі;

$iEa$  – мұнай құбыры ұйымының тарифті бекітуге өтінім берген күніне немесе уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті бекіту туралы шешім қабылдау күніне кредит алынған валюталы елдің бірінші деңгейдегі банкінің (орталық банк) қайта қаржыландыру мөлшерлемесі;

$i$  мөлшерлемесі – тиісті кредит бойынша сыйақының жылдық пайыздық мөлшерлемесі.

**Ескерту. 583-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**6-бөлім. Магистральдық теміржол желісі саласындағы және бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсынатын субъектілердің пайда мөлшерлемесінің есебі**

584. Магистральдық теміржол желісінің және бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсынатын субъектілердің пайда мөлшерлемесі пайданың (салық салынғаннан кейінгі таза табыс) жол берілетін деңгейін есептеу үшін қолданылады.

585. Магистральдық теміржол желісі және кірме жолдар көрсетілетін қызметтерін ұсынатын субъектілер үшін пайда мөлшерлемесі КОӨҚ әдісінің көмегімен есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ӨК (КОӨК)} = ((1 - g) \times r \times e) + (g \times r \times d),$$

мұндағы:

$g$  – леверидж қаржыландырудың жалпы құрылымында субъектінің қарыз және меншікті капиталының ара қатынасын сипаттайтын шама, яғни негізгі құралдарға жүргізілген соңғы қайта бағалауды ескере отырып барлық капиталдың (меншікті және қарыз капиталының сомасы) құрылымындағы нақты қарызға алынған қаражаттың үлесі болып табылады. Леверидж деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің меншікті капиталының теріс мәні болған кезде леверидждің деңгейі 1-ге тең шама ретінде алынады;

$r \times e$  – меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі (%);

$r \times d$  – қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі (%).

Қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады :

$$r \times d = r \times f + \text{ҚС},$$

мұндағы:

$r \times f$  – тәуекелсіз мөлшерлеме Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейіне тең болып алынады;

ҚС – субъекті шығарған және егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алған болса, айналымның сол мерзіміне мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты айналымда болатын борыштық міндеттемелерге сыйлықақы негізінде айқындалатын, субъекті бойынша тәуекел үшін борыштық сыйлықақы. Басқа жағдайда ол ұқсас қызмет түрімен айналысатын және Қазақстан Республикасының аумағында осындай кредиттік рейтингі бар басқа субъектілердің борыштық сыйлықақыларын ескере отырып айқындалады. Меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r \times e = r \times f + r \times a,$$

мұндағы:

$r \times a$  – меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақы. Меншікті капиталға тәуекел үшін сыйлықақыны уәкілетті органның ведомствосы белгілеген тәртіппен айқындайды. Акционерлік капиталға сыйақының құны қарыз қаражатына сыйақы құнынан кем емес шама болып табылады.

Ескерту. 585-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 7-бөлім. Теңіз порттарының реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсететін Субъектілердің пайда мөлшерлемесін есептеу

586. Теңіз порттарының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (жұмыстың) бірлігіне тарифтер кіріс бөлігінің есебі мынадай формула бойынша анықталады:

$$D_i = A_i * r * k_i \text{ поп}/Q_i$$

мұндағы:

$D_i$  – қызметтердің (жұмыстың) бірлігіне  $i$ -тарифтің кіріс бөлігі;

$A_i$  –  $i$ -қызметке (жұмысқа) жатқызылған тартылған активтердің реттелетін базасы;

$r$  – тартылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі;

$k_i \text{ поп}$  – нақты қызмет түріне түзету коэффициенті;

$Q_i$  –  $i$ -қызметтің (жұмыстың) есептік (жоспарланатын) көлемі.

Көрсетілетін қызметке тарифтің шамасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_i = Z_i + D_i + \text{НП}_i,$$

мұндағы:

$\text{НП}_i$  – пайдаға салық деңгейі, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{НП}_i = D_i \cdot 100 : (100 - H) - D_i,$$

мұндағы:

$H$  – пайдаға салық мөлшерлемесі %.

587. Тартылған активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесі капитал бағасы ретінде айқындалады және орташа арифметикалық өлшенген формула бойынша есептеледі:

$$r = r_e W_e + r_d * W_d,$$

мұндағы:

$r_e$  – өз қаражаты есебінен қаржыландыру құны %-бен немесе меншікті капиталдың бағасы;

$W_e$  – өз қаражатының үлес салмағы;

$r_d$  – өз қаражатының есебінен қаржыландыру құны %-бен немесе қарыз капиталдың бағасы;

$W_d$  – қарыз қаражатының үлес салмағы.

588. Меншікті капиталдың ( $r_e$ ) бағасы үш бөліктен тұрады:

$r_{In}$  – негізгі қорлардың тозу тәуекелін көрсететін құрамдас;

$r_f$  – капиталды тәуекелсіз салуға арналған кірістілік көрсеткіші (Қазақстанда инвестициялаудың ең төменгі тәуекел нысаны болып саналатын тәуекелсіз мөлшерлеме);

$R_P$  – тәуекел үшін сыйлықақы.

589. Негізгі қорлардың тозу тәуекелі ( $rln$ ) мынадай өрнектің көмегімен бағаланады:

$$rln = \left( \frac{I Z_k Z_{суб}}{M} \right)$$

мұндағы:

$I$  – і-көрсетілетін қызметіне (жұмысына) негізгі құралдарды қалпына келтіру үшін инвестицияларға қажеттілік, амортизациялық аударымдармен жабылмайтын өткізілген тозу);

$Z_k$  – субъектінің инвестициялық жоспарына сәйкес, реттеу кезеңіне і-көрсетілетін қызметіне (жұмысына) негізгі құралдарды қалпына келтіруге бағытталатын қарыз қаражатының көлемі;

$Z_{суб}$  – субъектінің инвестициялық жоспарына сәйкес, жоспарланған кезеңге і-көрсетілетін қызметіне (жұмысына) негізгі құралдарды қалпына келтіруге арналған мемлекеттік субсидиялардың жылдық орташа көлемі;

$M$  – меншікті капитал құны;

$C_{ui}$  – негізгі құралдардың бастапқы және қалдық құнының айырмасы ретінде і-көрсетілетін қызметіне (жұмысына) негізгі құралдардың і-тобының жинақталған тозуы;

$t_i$  – негізгі құралдардың і-тобы қызметінің нормативтік мерзімі. Мұндағы  $t_{ni}$  әрбір топтың ішінде орташа өлшенген шамалар ретінде айқындалған.

Тәуекелсіз мөлшерлеме ( $r_f$ ) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейіне тең қабылданады.

**Ескерту. 589-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

590. Тәуекел үшін ( $RP$ ) сыйлықақы өндірістік-технологиялық ( $r_{tex}$ ), операциялық ( $r_{op}$ ) және қаржылық ( $r_{fin}$ ) тәуекелдерден тұрады.

Теңіз портының өндірістік құзыреттілігіне байланысты емес себептер бойынша болған технологиялық авариялардан кірістің ысырабын жабу үшін өндірістік-технологиялық ( $r_{tex}$ ) тәуекел көзделген кірістің, негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорлардың ысырабына алып келуі мүмкін саланың тәуекелдерге ұшырағыштық дәрежесін көрсетеді.

Осы көрсеткішті есептеу меншікті капиталдың тиісті ысыраптары мен шамасы жөніндегі ақпараттың негізінде мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$r_{\text{mex}} = \frac{Z_a}{C_e},$$

мұндағы:

$Z_a$  – орташа есеппен бір жыл ішіндегі авариялар мен зілзалалардың зардаптарын жоюға арналған шығындар.

591. Авариялар саны бойынша деректер болмаған және авариялар болатындығын анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайда, негізгі құралдардың тозу дәрежесі бойынша технологиялық тәуекелдерді бағалау үшін амортизациялық аударымдардың үлестерін саралау шәкілі пайдалану ұсынылады:

Негізгі құралдардың тозу дәрежесіне қарай технологиялық тәуекелдерді айқындау шәкілі:

	Тозу дәрежесі %			
	30%-ға дейін	30-40%	40-50%	50%-дан жоғары
Амортизациялық аударымдардың жылдық нормасынан өндірістік-технологиялық тәуекелінің мәні ( $r_{\text{mex}}$ )	0,3	0,5	0,75	1

592. Жұмыс көлемінің төмендеуінен болған кіріс ысырабын жабу үшін операциялық тәуекел ( $r_{op}$ ) мынадай формула бойынша анықталады (жұмыс көлемі ұлғайған жағдайда, бұл тәуекел қолданылмайды):

$$r_{op} = \frac{0.5 * (V - Z_{\text{пер}})}{C_e} * \frac{\Delta V}{V},$$

мұндағы:

$V$  – есепті кезеңде осы көрсетілетін қызметтен (жұмыстан) түскен түсім (кіріс),

$Z_{\text{пер}}$  – есепті кезеңдегі ауыспалы шығындар (көрсетілетін қызметтердің көлеміне байланысты) немесе і-көрсетілетін қызметке (жұмысқа) болжанып отырған мән,

$V$  – і-көрсетілетін қызметтен (жұмыстан) болжанып отырған жылдағы кірістің өзгеруі.

593. Ұйымның қаржы ресурстары ысырабының болуы мүмкіндігіне байланысты қаржылық тәуекел ( $r_{\text{fin}}$ ) мынадай формула бойынша анықталады:

$$\Delta l_{\pi} = 0.5 * \frac{\Delta V}{V} * \frac{V - Z_{\text{пер}}}{\pi_{\text{баз}}},$$



мұндағы:

H – пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі,

$\pi_{\text{баз}}$

– есепті кезеңдегі ұйымның жалпы пайдасы,

$\Delta l_{\pi}$

– і-қызметті (жұмысты) көрсетуден пайданың түсу деңгейі.

Қаржылық тәуекелдің мәні тәуекелдің көптеген түрлері үшін қабылданғандай 0-ден 5%-ға дейінгі шекте шектелген.

Қарыз капиталының бағасы (rd) банк несиелерінің бірлігі бағасының (rdk) және ұйым қаражатының көзі ретінде облигациялық қарыз бағасының (rdo) сомасы болып табылады (кәсіпорында облигациялар болмаған жағдайда, облигациялық қарыздың бағасы есептелмейді), ол мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$r_{dk} = P_1 * (1 - H),$$
$$r_{dk} = \frac{\pi_{\text{баз}} * (1 * H) * \Delta l_{\pi}}{C_e},$$
$$r_{do} = \left[ \frac{C_H * p_2 + \frac{C_H - C_P}{t}}{\frac{C_H - C_P}{2}} \right] * (1 * H),$$

мұндағы:

rdk – банк несиелері бірлігінің бағасы;

rdo – ұйым қаражатының көзі ретінде облигациялық қарыздың бағасы;

P1 – банкке төленетін пайыз;

H – пайдаға салық мөлшерлемесі,

P2 – пайыз мөлшерлемесі;

C<sub>H</sub> – қарыздың шамасы (көрсетулі құн);

C<sub>P</sub> – облигацияларды өткізу бағасы;

t – қарыз мерзімі (жыл саны).

594. Көрсетілетін қызметтің бірлігіне тарифтің шығыс және кіріс бөліктерінің жиынтығы ұйымның көрсетілетін қызметтерінің тарифін айқындайды.

**8-бөлім. Тарифтері реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын ескере отырып 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілген табиғи монополиялар субъектілері пайдасының жол берілетін деңгейін және пайда мөлшерлемесін есептеудің ерекшеліктері**

595. Тарифі реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын ескере отырып 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілген табиғи монополиялар субъектілері пайдасының жол берілетін деңгейінің ең үлкен мөлшері пайданың жол берілетін деңгейінен кемінде жетпіс процент мөлшерінде бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға қажет қаражатты және пайданың жол берілетін деңгейінен отыз процент мөлшерінде қаражатты қамтиды.

Пайданың жол берілетін деңгейін есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$P = P1 + P2$$

мұндағы:

P – пайданың жол берілетін деңгейі, теңге;

P1 – Субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын іске асыруға жіберілетін пайда бөлігі, теңге;

P2 – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын ескере отырып есептелетін пайданың бөлігі, теңге.

596. Субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын іске асыруға жіберілетін пайданың бөлігі мынадай формула бойынша анықталады:

$$P1 = OCA * CP * 70 \%,$$

мұндағы:

P1 – Субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын іске асыруға жіберілетін пайданың бөлігі, теңге;

OCA – Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуге тікелей тартылған активтерін бағалау құны, теңге;

CP – пайда мөлшерлемесі, %.

597. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын ескере отырып есептелетін пайда мынадай формула бойынша анықталады:

$$P2 = OCA * CP * 30 \% * B,$$

мұндағы:

P2 – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын ескере отырып есептелетін пайданың бөлігі, теңге;

OCA – Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін көрсетуге тікелей тартылған активтердің бағалау құны, теңге;

CP – пайда мөлшерлемесі, %;

B – уәкілетті органның ведомствосы Заңның 8-бабының б) тармақшасына сәйкес бекіткен табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында белгіленген қағидалармен есептелетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын сақтаудың қорытынды коэффициенті.

598. Субъектінің пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құнын есептеу формуласы бойынша анықталады:

$$WACC = R_e * E / (D + E) + R_d * D / (D + E) * (100 \% - T),$$

мұндағы:

WACC – пайда мөлшерлемесі;

$R_e$  – меншікті капиталдың құны;

$E$  – жиынтық салынған капиталдағы меншікті капиталдың шамасы;

$D$  – жиынтық салынған капиталдағы қарыз капиталының (қарыз) шамасы;

$R_d$  – қарыз капиталын тарту құны;

$T$  – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі (%).

599. Меншікті капиталдың құны мына формула бойынша анықталады:

$$R_e = R_f + ERP * \beta_e$$

мұндағы:

$R_e$  – меншікті капиталдың құны;

$R_f$  – кірістіліктің тәуекелсіз мөлшерлемесі;

ERP – капиталға инвестициялау тәуекелі үшін сыйлықақы;

$\beta_e$  – акционерлік (меншікті) капиталдың бета-коэффициенті.

600. Меншікті капитал құнынан жоғары алынған құнды ұлттық валютаға ауыстыру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Z = (1 + R_e) * \frac{1 + \text{Infkz}}{1 + \text{Inffc}} - 1,$$

мұндағы:

$Z$  – меншікті капиталдың алынған құнын ұлттық валютаға ауыстыру;

$R_e$  – жоғарыда сипатталған есептеулер шеңберінде алынған меншікті капиталдың құны;

Infkz – инфляцияның ұлттық валютаға ұзақ мерзімді болжамды деңгейі;

Inffc – инфляцияның шетелдік валютаға ұзақ мерзімді болжамды деңгейі.

Талданатын компания үшін акционерлік (меншікті) капиталдың бета-коэффициентін есептеу үшін мына формуланы пайдалану қажет:

$$\beta_e = \beta_a * 1 + (1 - T) * \frac{D}{E},$$

мұндағы:

$\beta_e$  – талданатын компания акционерлік (меншікті) капиталының бета-коэффициенті

;

$\beta_a$  – тиісті сала үшін бета-коэффициент (салық жүктемесін есептеместен);

$T$  – Қазақстанда қолданылатын корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі;

– қаржылық есептілікке сәйкес талданатын компанияның қарыз және меншікті капиталының ағымдағы арақатынасы.

## **12-тарау. Уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту қағидалары**

### **1-параграф. Уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгертудің негіздері мен шарттары**

#### **1- бөлім. Жалпы ережелер**

601. Тарифті өзгерту уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша жылына екі реттен асырмай және субъектінің бастамасы бойынша жылына бір реттен асырмай жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгертуге:

1) стратегиялық тауарлар түрінің және құнының және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған тарифтердің (бағалардың) өзгеруі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайдың жариялануы;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мөлшерлемелерінің өзгеруі;

4) мемлекеттік бағдарламаларды және (немесе) ұлттық жобаларды, сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаның өзгеруі;

5) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**б) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

б) газдың және (немесе) оны тасымалдау бағасының өзгеруіне байланысты жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі және сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезінде атом-энергетикалық кешен пайдаланатын, өзі өндіретін электр энергиясының және судың өзіндік құнының өзгеруі;

7) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталмауы;

8) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның ақпараты негізінде электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынатын субъект қызметінің "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

9) субъектілер қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізбеу;

10) Заңның 5-бабы 1-тармағының 10), 12) және 13) тармақшаларында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъекттерін қоспағанда, субъекттер реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті жергілікті атқарушы органдардан, Заңның 5-бабы 1-тармағының 10), 12) және 13) тармақшаларында көзделген мемлекеттік мүлікті, оның ішінде басқа энергия беруші ұйымдардың электр желілерін басқару, мүлікті өтеусіз пайдалануға алған кезде оны балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес;

11) статистика деректері бойынша өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жылда қалыптасқан бір жұмыскерге жұмсалатын орташа айлық номиналды жалақының өзгеруі;

12) "Қызылорда - Жезқазған - Қарағанды - Теміртау - Астана" бағыты бойынша магистральдық газ құбырын субъектіге мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру негіз болып табылады.

Қағидалардың осы тармағының 10) тармақшасында көзделген негізде, оның ішінде субъектілері басқа энергия беруші ұйымдардан реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға алған жағдайда, оның қолданылу мерзімі өткенге дейін бекітілген тарифтік сметаға өзгерісті уәкілетті орган тиісті жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы деңгейінен аспайтын, деңгейде жүзеге асырады.

**Ескерту. 601-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

## **2-бөлім. Өтінімді қарау, өзгертілген тарифті бекіту және қолданысқа енгізу**

602. Тариф оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерген жағдайда, осы Қағидалардың 601-тармағының 4), 5), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген негіздерді қоспағанда, шығындардың тиісті бабы өзгереді.

Бұл ретте электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алу-сату бағасының айырмасына байланысты алынған алдыңғы аяқталған кезең (жыл) үшін нақты шығыстар немесе кірістер пайда болған жағдайда, уәкілетті органның

ведомствосы және оның аумақтық органы электр энергиясын беру, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру салаларындағы субъектілері үшін, тариф осы Қағидалардың 601-тармағының негізінде өзгерген кезде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы бойынша шығыстарды қоспағанда, тарифтің шығындық бөлігін негізсіз алынған немесе толық алынбаған кіріс сомасына өзгертеді.

Тариф қолданылу мерзімі өткенге дейін оны өзгерген кезде осы Қағидалардың 601-тармағының 9) тармақшасына сәйкес бекітілген тарифтік сметадан осы Қағидаларда айқындалған инвестициялық шығындар (пайда, амортизациялық аударымдар, негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі шығындар) алып тасталады.

Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 601-тармағының 5) тармақшасында көзделген себеп бойынша:

1) бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есептің;

2) тұтынушының растайтын құжаттармен қоса, тұтынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің жоспарланатын ұлғаюы туралы ақпараттың негізінде оның қолданылу мерзімі өткенге дейін тарифті өзгертуге бастамашылық жасайды.

Осы Қағидалардың 601-тармағының 5), 10) және 12) тармақшаларында көзделген себептер бойынша тариф оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерген жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 604-тармағына сәйкес ұсынылған есептер мен материалдарға талдау жүргізеді.

601-тармақтың 5) тармақшасының негізінде өтінішпен ұсынылған есептеулер мен материалдарды талдаудың нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы шартты-ауыспалы шығындар мен көрсетілетін қызметтердің көлемін түзетеді немесе егер мұндай өзгеріс бекітілген тарифтің жоғарылауына әкеп соқтырса, субъектінің тарифті өзгертуге өтінішін қараусыз қалдырады.

Уәкілетті органның ведомствосы ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді және ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілері үшін Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес субъектінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуі үшін осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес есептелген шартты-ауыспалы шығындарды, көрсетілетін қызметтердің көлемін және пайданы (қарыз қаражатын қаржыландыруды және қарыз ресурстарын өтеуді жабуға (облигациялық қарыздың толық құнын өтеу күніне дейін қаражатты резервтеу) және/немесе өзгерістерді инвестициялық бағдарлама сомасының өсуі жағына қарай), рұқсат етілген деңгейінен аспайтын пайданы түзетеді.

**Ескерту. 602-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

603. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту үшін Субъекті уәкілетті органның ведомствосына негіздейтін материалдармен (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың,

шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі) қоса өтінім ұсынады.

604. Тарифті өзгертуге берілген өтінімге:

1) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) осы Қағидаларға сәйкес Тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесіне, Тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу қағидаларына сәйкес тарифтік сметаның жобасы қоса беріледі. Бұл ретте, стратегиялық тауарлардың құны ұлғайған жағдайда тарифтік сметада стратегиялық тауарларды пайдалануды және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға арналған тарифтердің (бағалардың) өзгеруін қамтитын шығындардың баптары ғана түзетіледі;

3) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту қажет екенін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Стратегиялық тауарлардың құны және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын стратегиялық тауарларды тасымалдауға тарифтер (бағалар) өзгерген жағдайда, тарифті бекітуге берілетін өтінімге конкурстық құжаттама, тауарларды сатып алу бойынша конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің есептемелері, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептемелері, стратегиялық тауар шығыстарының нормалары қоса беріледі.

Уәкілетті орган ведомствосының тарифтің қолданылу мерзімі өткенге дейін оны өзгерту туралы өтінімді қарау мерзімі:

1) осы Қағидалардың 601-тармағының 1), 2), 3) және 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда оның ұсынылған күнінен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімді;

2) осы Қағидалардың 601-тармағының 4), 5), 6) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда оның ұсынылған күнінен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімді;

3) осы Қағидалардың 601-тармағының 12) тармақшасында көзделген жағдайда оның ұсынылған күнінен бастап тоқсан жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды.

Тариф уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша өзгерген жағдайда субъект тиісті ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде экономикалық негізделген есептемелер мен материалдарды (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелерін, баланстық және қалдық құнын, қызмет ету мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесін) ұсынады.

Ескерту. 604-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 27.06.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

605. Егер өтінімді қараған кезде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны мерзімді, бірақ кемінде бес жұмыс күнін белгілей отырып, жазбаша түрде сұратуға құқылы.

Бұл ретте өтінімді қарау Субъектіні бұл жөнінде хабардар ете отырып, қажетті ақпарат алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларының 601-тармағының 7) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде тарифті және тарифтік сметаны өзгертуге бастамашылық жасайды және осы Қағидалардың 2-қосымшаның 3-бөлігіне сәйкес тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін ескере отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес тарифтің мөлшері айқындалады.

606. Осы Қағидаларының 601-тармағының 4), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда тариф бекітілетін кезде уәкілетті органның ведомствосы ол бекітілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жария тыңдаулар өткізеді.

607. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтің және тарифтік сметаның жобасына талдау жүргізу арқылы Субъекті ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептеулерді қоса бере отырып қарайды.

Уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің тарифтің және тарифтік сметаның жобасын талдау қорытындысы бойынша оның қолданылу мерзімін көрсете отырып тарифті бекіту немесе оны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тарифті бекіту туралы шешім уәкілетті орган ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

608. Осы Қағидаларының 601-тармағына сәйкес өзгертілген тарифті қолданысқа енгізу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен күннен бастап жүзеге асырылады.

609. Субъекті осы Қағидаларының 601-тармағында көзделген жағдайларда, тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушыларға тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін көрсететін ақпаратты ұсына отырып, бұл жөнінде мынадай тәсілдердің бірімен хабарлайды:

тұтынушының атына хат;

төлем құжаттарында;

Субъектінің өзінің немесе уәкілетті органның интернет-ресурсында;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында.



610. Субъектінің ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің төмендеуі мынадай:

Субъекті ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы;

уәкілетті органның ведомствосы бекіткен Субъектінің тарифтік сметасында көзделген нақты шығындардың қысқаруы;

Субъекті Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын, реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет түрлерінен елеулі кірістерді алу;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тиісінше өзгеруі;

инвестициялық бағдарламаның соманың азаю жағына қарай өзгеруі жағдайларында жүзеге асырылады.

Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге төмендетілетін тарифтің мөлшерін Субъекті реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін қажет шығындардың құнынан төмен емес белгілейді және Субъектінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескереді.

611. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтердің төмендеуі:

1) инвестициялық бағдарламаларды және (немесе) инвестициялық жобаны орындалмау;

2) сапасын төмендету, сондай-ақ ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің санын шектеу;

3) тұтынушылардың құқықтарына қысым жасау үшін негіз болып табылмайды.

612. Решение Субъектінің ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендету туралы шешімі Субъектінің бірінші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен кемінде бір жыл тарифтің қолданылу мерзімін белгілей отырып бекітіледі.

613. Субъекті тарифтерді төмендету туралы шешім қабылдау кезінде мұндай шешім қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосын қабылданған шешім және тарифтерді төмендету шарттары туралы хабардар етеді.

Тарифті төмендету туралы шешіммен Субъекті уәкілетті органның ведомствосына есеп-қисаптарды және тарифті төмендету мүмкіндігін растайтын негіздеуші құжаттарды ұсынады.

614. Тарифтерді төмендету туралы Субъектінің шешімі кәкілетті органның ведомствосымен келісу күнінен кейінгі айдың 1-күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

615. Субъекті уәкілетті органның ведомствосына тарифтерді төмендету туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, тарифтерді төмендету туралы шешім келесі күнтізбелік тоқсанның екінші айының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

616. Субъекті тарифтерді төмендету туралы ақпаратты тұтынушының назарына ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізеді.

**3-параграф. Осы Қағидаларының 601-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайда, тарифті өзгерту қағидаларының ерекшеліктері**

617. Электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін Субъекті қызметінің "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабының 6-тармағының талаптарына сәйкес келуін айқындау қағидасын энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган айқындайды.

618. Энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган уәкілетті органың ведомствосына электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін Субъектілердің "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабының 6-тармағының талаптарына сәйкес келмейтіні туралы ақпарат береді.

619. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес осы Қағидаларының 611-тармағында көзделген ақпаратты алған кезден бастап тоқсан жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту туралы шешім қабылдайды.

620. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті өзгерткен кезде мыналарды:

тауарларды өндіруге және көрсетілетін қызметтерге арналған шығындардағы және кезең шығыстарындағы амортизациялық аударымдарды;

сыйақы төлеуге арналған шығыстарды (олар болған жағдайда);

мүлік және көлік салықтарын өтеуге арналған шығыстарды;

негізгі борышты төлеуді (олар болған жағдайда);

пайданы;

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі шығындарды алып тастайды.

621. Осы Қағидалардың 613-тармағында көзделген шығындарды қоспағанда, субъектіге электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті бекіту туралы шешім осы Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тарифтік сметаны бекітумен уәкілетті органның ведомствосы басшының бұйрығымен ресімделеді.

622. Уәкілетті органның ведомствосы бұйрықты тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей субъектіге табыс етеді.

623. Субъекті электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметке тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді.

**13-тарау. Тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесі, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу қағидалары**

**1-параграф. Жалпы ережелер**

624. Осы тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесі, субъект ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу қағидалары тарифте ескерілетін шығындар тізбесін, тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу тәртібін айқындайды.

625. Тарифтердің және тарифтік сметалардың жобаларын қалыптастыру осы Қағидалардың 9-тарауына сәйкес Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес, уәкілетті органмен келісілген субъект әзірлейтін және бекітетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесінің негізінде жүзеге асырылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаны қалыптастыру кезінде шығындар осы тарауға, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы, табиғи монополиялар туралы заңнамасына және Салық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 625-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 27.06.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

626. Заңның 20-бабының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес тарифті қалыптастыру кезінде жоспарланатын шығыстардың баптары реттеліп көрсетілетін қызметке жоспарланатын шығындардың негізінде жасалады және оны субъект негіздеуші құжаттарды ұсына отырып растайды.

Заңның 20-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тарифті қалыптастыру кезінде жоспарланатын шығыстардың баптары өтінім беру алдындағы төрт тоқсан үшін шығындар туралы нақты деректердің негізінде түзетулерді ескере отырып, өтінім беру жылының алдындағы жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметке нақты шығындардың негізінде жасалады және оны субъект негіздеуші құжаттарды ұсына отырып растайды.

Тарифтің қолданылу кезеңінің (бес және одан көп жыл) бірінші жылына жоспарланатын шығыстар баптары өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақтыланған деректердің негізінде түзетулерді ескере отырып, өтінім беру жылының алдындағы жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге нақты шығындардың негізінде жасалады және субъект негіздеуші құжаттарды ұсына отырып растайды. Тарифтің қолданылу кезеңінің (бес және одан көп жыл) кейінгі жылдарына жоспарланатын шығындар баптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қағидалармен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, бірінші (базалық) жыл көрсеткіштерінің және тарифтің болжамдық индексінің

(субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерді басқа субъектілерден сатып алған жағдайда) негізінде жасалады.

Тарифтік сметаның жобасында инвестициялық бағдарламаның немесе субъектінің бекітілген бағдарламасының жобасында көзделген параметрлер (көрсеткіштер) ескеріледі.

626-1. Теміржол көлігі саласында магистральдық теміржол желісін екі және одан да көп жүк тасымалдаушылардың пайдалануы жағдайында тарифтік сметаға тарифтің қолданылу кезеңіне, Ұлттық инфрақұрылым операторының маневрлік жұмыс қызметтеріне жоспарланған шығыстар енгізіледі.

**Ескерту. Қағидалар 626-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 16.11.2020 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Тарифте есепке алынатын шығындар тізбесі және тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу қағидалары**

627. Субъектінің тарифіне есепке алынатын шығындарды реттеу экономикалық негізділігін ескере отырып, тарифте есепке алынатын шығындардың түрлері мен мөлшерлерін шектеу арқылы жүзеге асырылады.

628. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстары:

- 1) материалдық шығыстарды;
- 2) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстарын;
- 3) амортизацияны;

4) негізгі қаражаттың ұлғаюына әкеп соқпайтын жөндеуге жұмсалатын шығыстарды;

5) реттеліп көрсетілетін қызметке тікелей жататын өзге де өндірістік шығыстарды қамтиды.

629. Тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарына:

- 1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;
- 2) міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға арналған шығыстар;
- 3) амортизация;
- 4) өзге де әкімшілік шығыстар;

5) субъектінің инвестициялық жобасын іске асыру үшін қарыз қаражаты үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар кіреді.

630. Тарифтің шығын бөлігі өндірістік шығыстары тарифтің шығын бөлігінде былайша қамтылады:

1) тарифтің шығын бөлігінде қамтылатын материалдық шығыстар тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған өнімнің (көрсетілетін қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, энергия (бұдан әрі – материалдық ресурстар)

қажеттіліктерінің және Заңның 23-бабында белгіленген қағидалармен тарифті бекітуге өтінім бергенге дейін күніне жүргізілген сатып алулардың нақты нәтижелері бойынша айқындалған материалдық ресурстар бағаларының нақты, бірақ олардың есептеулерінен аспайтын көрсеткіштерге сүйене отырып айқындалады.

Тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптар деңгейімен байланысты шығыстар.

2) тарифті қалыптастыру кезінде өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар субъект персоналының нақты, бірақ нормативтік санынан, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыдан аспайтын шығыстарды немесе субъект персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына және субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) берілетін бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес орташа айлық жалақысына сүйене отырып қамтиды.

Қуаты аз табиғи монополиялар субъектілері үшін өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін ең төменгі жалақының екі еселенген мөлшерінен төмен емес деңгейде айқындалады.

Жаңа объектілер, қуаттар енгізілген және инвестициялық бағдарламада көзделген өзге де іс-шаралар іске асырылған жағдайда, тарифті қалыптастыру кезінде жаңа объектілерге өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар өндірістік персоналдың нормативтік саны негізге алына отырып, айқындалады.

Бұл ретте персонал санының, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның қажеттілігін есептеу және техникалық ысыраптарды есептеу тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізіледі.

Субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерді екі және одан да көп өңірлерде (облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) көрсеткен және бірыңғай тариф бекітілген жағдайда, орташа айлық жалақы мөлшері өтінім берудің алдындағы жылғы статистика деректері бойынша өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес орташа айлық жалақының орташа өлшемді көрсеткіші деңгейінде немесе субъект персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына және өтінім берудің алдындағы бір жылдағы немесе төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) орташа айлық жалақысына сүйене отырып енгізіледі:

$$W_{cp} = \frac{(W_{p1} \cdot P_{p1}) + (W_{p2} \cdot P_{p2}) + \dots}{P_{p1} + P_{p2} + \dots}, \text{ мұнда:}$$

$W_{cp}$ -экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақының орташа өлшемді көрсеткіші;

$W_{p1}, W_{p2}, \dots$  - өтінім берудің алдындағы бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша І өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы;

$P_{p1}, P_{p2}, \dots$  - өтінім берудің алдындағы  $i$  - өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы субъектінің нақты іске қосылған саны.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалған өндірістік персоналдың жалақысы Экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) өндірістік персоналдың орташа айлық жалақысынан асып кеткен кезде, өтінім берудің алдындағы бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы және (немесе) осы Қағидаларда айқындалған орташа айлық жалақының орташа өлшенген көрсеткішінен жоғары статистика деректері бойынша қалыптасқан Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалатын өндірістік персоналдың жалақысы есепке алынады.

Субъектінің қолданыстағы тарифтік сметасында экологиялық апат және радиациялық тәуекел аймақтарында тұрғаны үшін қосымша төлемдер болмаған жағдайда орташа айлық жалақыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті қосымша төлемдер қолданылады.

Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің өндірістік персоналының Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (инфляция) көрсеткіштері ескеріле отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалған жалақысы жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін жалақының ең төмен мөлшерінің екі еселенген деңгейінен асып кеткен кезде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (

инфляция) көрсеткіштері ескеріле отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалатын, өндірістік персоналдың жалақысы есеп алынады.

3) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) субъектінің негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін және бағыттайтын жөндеуге қаражаты мұндай жұмыстың қажеттілігі туралы растаушы құжаттардың негізінде тарифтің шығындық бөлігіне енгізіледі;

5) реттеліп көрсетілетін қызметке тікелей жататын басқа өндірістік шығындар салалық ерекшелікті ескере отырып, растаушы құжаттардың негізінде тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

**Ескерту. 630-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

631. Кезең шығыстары тарифтің шығындық бөлігінде былайша есепке алынады:

1) әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар субъект персоналының нақты санына, бірақ нормативтік санынан аспайтын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыға немесе субъект персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты санына және субъект қызмет көрсететін өңірде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) төлемақы, өтінім берудің алдындағы қалыптасқан бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес айқындалады.

Субъект реттеліп көрсетілетін қызметтерді екі және одан да көп өңірлерде (облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) көрсеткен және бірыңғай тариф бекітілген жағдайда, орташа айлық жалақы мөлшері реттеліп көрсетілетін қызметтер көрсетілетін өңірлердегі (облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы) орташа айлық жалақының орташа өлшемді көрсеткіші деңгейінде, өтінім берудің алдындағы бір жыл немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсан үшін жылғы статистика деректері бойынша экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес қосылады:

$$W_{ср} = \frac{(W_{p1}+P_{p1})+(W_{p2}+P_{p2})+\dots}{P_{p1}+P_{p2}+\dots}, \text{ мұнда:}$$

**Wcp** - экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақының орташа өлшенген көрсеткіші;

$W_{p1}, W_{p2}, \dots$  - өтінім берудің алдындағы бір жылдағы немесе жылдың басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша I өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы;

$P_{p1}, P_{p2}, \dots$  - өтінім берудің алдындағы  $i$  - өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) бір жыл немесе жылдың басынан қалыптасқан төртінші тоқсан үшін субъектінің нақты іске қосылған саны.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалған әкімшілік персоналдың жалақысы субъект қалыптасқан экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес қызметтер көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) әкімшілік персоналдың орташа айлық жалақысынан асып кеткен кезде бір жылдағы немесе жыл басынан бастап қалыптасқан төртінші тоқсандағы статистика деректері бойынша, өтінім берудің алдындағы және (немесе) осы Қағидаларда айқындалған орташа айлық жалақының орташа өлшенген көрсеткішінен жоғары Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалатын әкімшілік персоналдың жалақысы (инфляция) ескеріледі;

Субъектінің қолданыстағы тарифтік сметасында экологиялық апат және радиациялық тәуекел аймақтарында тұрғаны үшін қосымша төлемдер болмаған жағдайда орташа айлық жалақыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті қосымша төлемдер қолданылады.

2) кезең шығыстарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасы бойынша белгіленген мөлшерлемелерге сәйкес айқындалады:

3) негізгі құралдардың және өндірістік емес сипаттағы материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) өзге де әкімшілік шығыстар салалық ерекшеліктерді ескере отырып, растайтын құжаттардың негізінде тарифтің шығындық бөлігіне енгізіледі.

Өзге де әкімшілік шығыстар консалтингтік, маркетингтік көрсетілетін қызметтердің және мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарының шығыстарын және бөгде ұйымдар жүзеге асыратын салалық ерекшеліктерге байланысты басқа да көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ іссапар шығыстарын және әкімшілік персоналдың



байланысқа, мерзімдік баспасөзге, қызметтік автокөлікті ұстауға, ақпараттық, консультациялық көрсетілетін қызметтерге арналған шығыстарын қамтиды.

Табиғатты қорғауға арналған шығыстар, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемақы өзге де шығыстарға қосылады және мөлшерлемелер мен алымдар мөлшерін ескере отырып айқындалады.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыруға арналған шығыстар мұндай қажеттілікті растайтын құжаттарды ұсынған кезде кезең шығыстарында ескеріледі.

Өндірістегі өнертапқыштыққа және өнертабыстыққа байланысты шығыстар реттеліп көрсетілетін қызметтердің шеңберінде экономикалық негізделген материалдар болған кезде кезең шығыстарына қосылады.

4-1) инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін өз қаражатынан және жеңілдікті кредиттеуден тартылған сыйақылар мен негізгі борышты төлеуге арналған шығыстар тарифті есептеу кезінде ескеріледі.

5) субъектінің инвестициялық жобасын іске асыру үшін қарыз қаражаттары үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар субъект банкпен жасалған шартты ұсынған кезде кезең шығыстарына (негізгі борышты және пайыздарды өтеу графигін қоса бере отырып) қосылады және былайша анықталады:

инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар тарифті есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2,5 еселік базалық мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген сома шегінде ескеріледі.

инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар тарифті есептеу кезінде Лондон банкаралық нарығының төрт еселік мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген сома шегінде ескеріледі.

Шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштерінің және Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштерінің негізінде шетелдік валютаға теңге бағамының болжамды өзгеруі ескеріле отырып, тарифтің шығындық бөлігінің кезең шығыстарында ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі мен Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі субъектінің тарифін және тарифтік сметаларын бекіту жөнінде шешім қабылданған күніне қолданылады.

**Ескерту. 631-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.03.2021 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен**

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.06.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

632. Тікжелілік (біркелкі) есептеу әдісі бойынша есептелген негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары тарифтің шығындық бөлігіне қосылады.

Уәкілетті органның ведомствосы сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы қызметтерді көрсететін субъектілерді қоспағанда, амортизациялық аударымдарды өсіруді субъект негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізгеннен және (немесе) олар реконструкцияланғаннан (жаңғыртылғаннан) кейін тарифтің шығын бөлігіне кезең-кезеңмен қосады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде тартылған активтерден түсетін амортизациялық аударымдар реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге күрделі қаржы салымдармен, инвестициялық жобаларды іске асырумен және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтарумен байланысты мақсаттарға бағытталады.

633. Уәкілетті органның ведомствосы сондай немесе ұқсас қызмет түрімен айналысатын субъектілердің жалақыларына жұмсалатын шығындарды салыстырып талдау негізінде, сондай-ақ субъект көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемі қысқарған жағдайда тарифтерге қосылатын әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығыстарын төмендету немесе көтеруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифті және тарифтік сметаларды бекіткен жағдайда, тарифтерге уәкілетті органның ведомствосы кезең шығыстарын тарифтерге осы Тізбенің және Қағидаларының 626-тармағында көзделген қағидаларда тарифтердің өзгертуінің алдындағы кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляцияны) ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған шығыстар шегінде енгізеді.

Уәкілетті органның ведомствосы тарифті қалыптастыру кезінде субъектілердің қызметінің тиімділігі төмендеген (ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызмет бірлігінің өзіндік құнының артуы, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің азаюы, кредиторлық және дебиторлық берешектердің ұлғаюы) кезде кезең шығыстары сомасын өзгертудің орындылығын айқындайды

Сот шешімімен күші жойылған өтемдік тарифті қолдануға байланысты субъект табысты толық алмаған жағдайда, алынбаған кіріс сомасы тарифтің кезекті өзгеруі кезінде, оның ішінде бекітілген тарифтің қолданылу кезеңінде ескеріледі.

**3-параграф. Тарифте есепке алынбайтын шығындардың тізбесі**

634. Субъектілердің тарифтерін қалыптастыру және бекіту кезінде тарифтің шығындық бөлігінде мынадай шығыстар:

нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптарға, тауарлық-материалдық құндылықтардың және қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне, басқа да өндірістік емес шығыстар мен ысыраптар;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылмайтын не субъектінің теңгерімінде болып табылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана маршруты бойынша магистральдық газ құбырын пайдаланғаны үшін төлемдерді қоспағанда, аталған маршрут бойынша магистральдық газ құбырын салуға байланысты тартылатын инвестициялар үшін төлемдерді және мүлік бойынша салық міндеттемелерін қамтитын, жалға, сенімгерлікпен басқаруға немесе мүліктік жалға, лизинг бойынша алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдалану үшін жалдау төлемақы шығыстары;

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17, 18 және 18-1-баптарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдалануға алынған негізгі құралдарды күтіп-ұстау мен жөндеуді қоспағанда, субъектінің теңгерімінде жоқ негізгі құралдарды күтіп-ұстауға және жөндеуге, сондай-ақ Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана маршруты бойынша магистральдық газ құбырын күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығыстар . Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардан сенімгерлік басқару шарты бойынша алынған газ тарту желілерін күтіп-ұстауға және жөндеуге арналған шығындар тарифке кезең кезеңмен оның қолданылу кезеңінің әрбір жылына қосылады. Күтіп-ұстау мен жөндеуге арналған шығындарды қосу кезеңдерін уәкілетті органның ведомствосы айқындайды. Жергілікті атқарушы органдардан сенімгерлік басқаруға алынған электр энергиясын беру желілерін күтіп-ұстауға (пайдалануға) және жөндеуге арналған шығындар тарифтік сметаның шығындары сомасынан Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көзделген инфляция деңгейінен аспауға тиіс;

бекітілген тарифтік сметада көзделген жөндеуге арналған шығыстардан Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштерінің деңгейінен (инфляция) аспайтын,

ластаушы заттардың нормативтен тыс тастандысы шығарындылар (төгінді) үшін төлемдер;

сот шығасылары;

сенімсіз берешек;

шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыз айыбы мен санкциялардың басқа да түрлері;

табысты жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;  
ұрлықтан келген залалдар;

негізгі құралдардың, материалдардың, реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын ақаудан болған ысыраптар;

қызмет көрсететін өндірістер мен шаруашылықтарды (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтер құнын төлеу) ұстау жөніндегі;

құзыретті органмен келісілген технологиялық қажеттіліктен басқа денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындарына, кәсіптік-техникалық училищелер объектілерін ұстауға;

сауықтыру лагерлерін, мәдени және спорт объектілерін, тұрғын үй ғимараттардың қорын ұстауға;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорт іс-шараларын (демалыс кештерін, спектакльдер мен концерттер өткізу) өткізуге;

кәсіпорындардың қызметкерлеріне тұрғын үй ғимараттардың жағдайларын жақсартуға, бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығын жүргізуге берілген несиелерді (процентсыздарын қоса алғанда) өтеуге;

бақшалық серіктестіктерді абаттандыру (оның ішінде жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру) жөніндегі;

дәрістер, көрмелер, пікірсайыстар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардағы мүшелік жарналарға;

өндірістік мақсаттарға пайдаланылатын өнімдерді қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамалар бойынша, жарнамалық, плакаттық және баспаханалық өнімдер шығару бойынша;

субъектінің персоналы үшін пәтерлер, тұрғын үй ғимараттары мен құрылыстар, жатақханадан және қонақ үйлерден орындар сатып алуға, жалдауға және ұстауға (өндірістік шығыстарға қосылатын ретеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін технологиялық қажет өндірістік персонал үшін теміржол разъездеріндегі қызметтік тұрғын үй ғимараттарды ұстауға арналған шығыстарды қоспағанда);

қаланы абаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды және осы тәріздес басқа да жұмыстарды орындауға;

білім беру ұйымдарында оқитын жұмыскерлердің демалыстарына ақы төлеуге;

жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы беруге және сыйақының басқа да нысандарына;

кәсіби ауруларды оналту еміне байланысты шығындардан басқа, субъект қаражатының есебінен жұмыскерлерге және олардың балаларына емделуге, демалуға, саяхатқа шығуға жолдамаларға ақы төлеу жөніндегі;

өз жұмыскерлеріне медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емхана қызметтеріне ақы төлеуге;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындармен өз жұмыскерлерінің пайдасына жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар);

жұмыскерлерге, оның ішінде бала тәрбиелейтін әйелдерге қосымша берілетін демалыстарға (еңбек заңнамасында көзделгеннен тыс) ақы төлеу, жұмыскердің отбасы мүшелеріне демалыс өткізетін жеріне және қайтар жолына жолақы төлеуге, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төлеу бойынша;

демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге;

заңнамада көзделгеннен басқа субъектінің жұмыскерлеріне (жұмыскерлерге тамақты тегін немесе төмендетілген бағамен беру, сауықтыру топтарына, секцияларда, клубтарда шұғылдануға арналған абонементтерге, протез салуға ақы төлеу) жеңілдіктер;

мерейтойлық күндерге немесе жұмыскерлерге ынталандыру түрінде берілетін (автокөлік, пәтерлер, ұзақ уақыт пайдаланылатын заттар мен басқа да тауарлар, сондай-ақ жұмыскерлердің жеке шоттарының проценттік мөлшерлемелерін арттыру) сыйлықтарды сатып алуға;

мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, шипажайлардағы және сауықтыру лагерлеріндегі балалар тамақтарының құнын өтеуге;

тұтынушылардан коммуналдық төлемдерді қабылдау жөніндегі банкілік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне арналған;

ұжымдық шартта айқындалған мақсаттар үшін кәсіподақтар аударымдарына;

тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертапқыштық пен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді жасауға және сынауға (реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынған кезде қолданылатын жұмыстарды қоспағанда), көрмелер, байқаулар, конкурстар мен басқа да іс-шаралар ұйымдастыруға, авторлық сыйақылар төлеуге және басқа байланысты;

өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуға қатысы жоқ және тарифтердің өсуіне алып келетін шығыстар есепке алынбайды.

**Ескерту. 634-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.04.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

635. Сыйлықақыға және жұмыстың қорытындысы бойынша жалақыға берілетін басқа да сыйақы түрлеріне, ұжымдық шарттың талаптарын орындауға арналған шығыстар субъект тарифінің шығындық бөлігіне енгізілмейді және мынадай көздер:

- 1) реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметтен алынған кіріс;
- 2) әкімшілік және өндірістік персоналдың еңбегіне ақы төлеу шығыстарын үнемдеу;

3) анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергия аудитінің немесе экспресс-энергия аудитінің қорытындысы бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету немесе ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін субъектіге байланысты емес себептер немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша қысқартуға байланысты шығындарды үнемдеу нәтижесінде пайда болған, іс-шаралар орындалған жағдайда бекітілген инвестициялық бағдарламада және бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігі есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 635-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.10.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

636. Шығыстарға бағытталған, тарифтің шығындық бөлігінде ескерілмеген субсидияларды қоспағанда, субъектіге мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тарифтің шығындық бөлігін азайтуда ескеріледі.

#### **4-параграф. Тарифте есепке алынбайтын пайданы шектеу**

637. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті есептеу кезінде пайданың жол берілетін деңгейін осы Қағидалардың 11-тарауына сай субъект пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын тартылған активтердің реттелетін базасының шамасына пайда мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде айқындайды.

Тарифке қосылатын пайда деңгейі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі субъекттердің тарифтеріне қосылатын пайданы қоспағанда, инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты ескере отырып шектеледі.

Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі субъекттердің тарифіне қосылатын пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыруға және Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес субъектінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті қаражат ескеріле отырып шектеледі.

Инвестицияларды субъектілер меншікті және (немесе) қарыз қаражат есебінен жүзеге асырады. Меншікті қаражат көзі пайда (таза кіріс) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Қарыз қаражатын қайтару пайда (таза кіріс) және (немесе) амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 637-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 14-тарау. Тарифті индексстеу қағидалары

### 1-параграф. Индексстеу әдісін қолдана отырып қуаттылығы аз табиғи монополия субъектінің тарифті бекіту қағидалары

Ескерту. 1-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

638. Индексстеу әдісін қолданылатын қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі бекітілген тарифті уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын деңгейден асырмайтын деңгейде индексстеу жолымен жыл сайын белгілейді.

Уақытша өтемдік тарифті бекіткен жағдайда, қуаттылығы аз табиғи монополия субъекті тарифті оның қолданылу кезеңі өткеннен кейін уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын индексстеу деңгейінен асырмай жоғарлатады.

Бұл ретте, қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі өзгерткен реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф, тарифтік смета, тиісінше, реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф және тарифтік смета болып табылады.

Ескерту. 638-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

639. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі тариф өзгергенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде Заңның 15-бабының 13-тармағына сәйкес жария тыңдаулар өткізеді.

Жария тыңдауларды өткізудің күні және орны туралы ақпаратты және (немесе) онлайн-трансляцияға сілтемені қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі оларды өткізгенге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады, ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына интернет-ресурсында немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру үшін береді.

Ескерту. 639-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

640. Тарифті индексстеу туралы шешім осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифтік сметаны қоса бере отырып және тарифтердің өзгеру себептерін көрсете отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес уәкілетті органның ведомствосы айқындайтын индексстеу деңгейінен аспайтын шамаға тарифтерді өзгерту туралы Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектінің ішкі бұйрығымен ресімделеді.

Ескерту. 640-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

641. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосын тарифтің өзгеруі туралы оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тарифті, бекітілген тарифтік сметаны өзгертудің себептерін қамтитын ақпаратты ұсына отырып хабардар етеді.

Ескерту. 641-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

642. Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі өзгертілген тариф күшіне енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тарифті, бекітілген тарифтік сметаны өзгертудің себептерін қамтитын ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы тұтынушыларды бұл туралы хабардар етеді, ол болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосына оның интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыру үшін ұсынады.

Ескерту. 642-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 30.09.2024 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

643. Индекстеу әдісімен тарифті есептеу және оның тарифті индекстеу деңгейін айқындау осы Қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес Табиғи монополиялар салаларының тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігіне сәйкес жүзеге асырылады.

## **15- тарау. Магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін есептеудің және оларды жыл сайынғы түзетудің тетігі**

### **1-параграф. Тарифтің ең төменгі деңгейін айқындау**

644. Жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге ең төмен индекс түрінде айқындалған тарифтің ең төмен деңгейін уәкілетті органның ведомствосы мынадай формула бойынша айқындайды:

$I_{\min} = ((Шt - At) + Шt \text{ қауіпсіздік} + Шt \text{ қарыз}) - Ш\text{шартты-тұрақты } t) / Kt$ , мұндағы:

$I_{\min}$  – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге ең төмен индекс түрінде айқындалған тарифтің ең төмен деңгейі;



Шт – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынумен байланысты, t жылға бекітілген тарифте ескерілген субъект шығыстарының сомасы, теңге;

At – t жылға бекітілген тарифте ескерілген амортизациялық аударымдар, теңге;

Шт қауіпсіздік – инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, субъектінің пайдасы қаржыландыру көзі болып табылатын, t жылға бекітілген тарифте ескерілген субъект шығындары, теңге;

Шт қарыз – инвестициялық жобаларға бағытталған, қарыз қаражатты тартумен іске асырылатын, субъектінің пайдасы қаржыландыру көзі болып табылатын, t жылға бекітілген тарифте ескерілген субъект шығындары, теңге;

Ш шартты-тұрақты t – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынумен байланысты, t жылға бекітілген тарифте ескерілген субъектінің шартты-тұрақты шығыстарының сомасы, теңге;

Kt – магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынумен түсетін, t жылға бекітілген тарифте ескерілген кірістің болжамды сомасы, теңге.

**Ескерту. 644-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Тарифтің ең жоғар деңгейін айқындау**

645. Жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге ең жоғары индекс түрінде айқындалған тарифтің ең жоғары деңгейін уәкілетті органның ведомствосы мынадай формула бойынша айқындайды:

$I_{max} = (Шт + ПЖДt - K_{мақсатқа\ сай\ пайдаланб.t-НБішкіт} + Ш\ шартты-тұрақты\ t) / Kt$ , мұндағы:

$I_{max}$  – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге ең жоғары индекс түрінде айқындалған тарифтің ең жоғары деңгейі;

Шт – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынумен байланысты, t жылға бекітілген тарифте ескерілген субъект шығыстарының сомасы, теңге;

ПЖДт – осы Қағидалардың 11-тарауына сәйкес Субъект пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау қағидаларына сай айқындалған магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынуға пайданың жол берілетін деңгейі;

Kt – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынадан түсетін, t жылға бекітілген тарифте ескерілген кірістің болжамды сомасы, теңге;

НБішкіт – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және тасудың арақашықтығына қарай, магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынадан түстін, тарифті бекітудің жоспарланған кезеңіне негізгі борыш, теңге;

Кмақсатқа сай пайдаланб.т – магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге ең жоғары индексті қолданудан түсетін және осы Қағидалардың 651-2-тармағына сәйкес айқындалған мақсатқа сай пайдаланбауға бағытталған нақты кірістер сомасы.

Ш шартты-тұрақты t – жекелеген бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері бойынша және магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін ұсынумен байланысты тасудың арақашықтығына қарай, t жылға бекітілген тарифте ескерілген, осы Қағидалардың 644-тармағына сәйкес тарифтің ең төменгі деңгейін есептеу кезінде қабылданатын субъектінің шартты-тұрақты шығыстарының сомасы, теңге.

**Ескерту. 645-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 19.02.2024 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**16-тарау. Магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін қолдану қағидалары**

**1-параграф. Магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін қолдану қағидалары**

**1-бөлім. Уәкілетті орган ведомствосының магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін бекітуі (түзетуі)**

646. Магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін қолданудың мақсаты:

- 1) теміржол көлігімен жүктерді тасуды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 2) бұрын теміржол көлігімен жүзеге асырылмаған жаңа жүк ағындарын тарту;
- 3) теміржол көлігімен тасу көлемінің өсуін ынталандыру;

4) қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің технологиялық циклінде тікелей пайдаланылатын жаңа активтерді құруға, энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыру мен тариф құрамында ескерілмеген реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі берешекті өтеу үшін кірістер алу болып табылады.

**Ескерту. 646-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

647. Магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін қолдану осы Қағидаларға сәйкес заңдылық, орындылық, тең құқықтылық, тұрақтылық, жеделдік және жариялылық қағидаларын сақтаумен жүзеге асырылады.

648. Субъект магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған өтініммен бір мезгілде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерінің жобасын ұсынады.

648-1. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне бекітілген баға шектерін өзгерту үшін субъект магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін өзгерту туралы өтінішпен уәкілетті органның ведомствосына күнтізбелік жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде жүгінеді.

**Ескерту. Қағидалар 648-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

649. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерге баға шектері осы Қағидаларының 15-қосымшаға сәйкес Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін айқындау тетігіне сәйкес есептеледі.

650. Уәкілетті органның ведомствосы магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерінің жобасына талдау жүргізу арқылы субъект ұсынған қоса берілетін негіздеуші құжаттармен және есептеулермен қарайды.

651. Уәкілетті органның ведомствосы магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері жобаларын қараудың қорытындылары бойынша магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін бекіту туралы немесе магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін бекітуден (түзетуден) бас тарту туралы шешім қабылдайды.

**Ескерту. 651-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

651-1. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индексті өзгертуді уәкілетті органның ведомствосы субъектінің бастамасы бойынша магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне бекітілген тарифтің қолданылу кезеңінде бір реттен асырмай немесе уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша жылына бір реттен асырмай, осы Қағидалардың 134-1-қосымшасына сәйкес 1 және 2-нысан бойынша, негіздеуші материалдар мен есептемелерді (шарттардың және төлем тапсырмаларының көшірмелері, теңгерімдік және қалдық құны, қызмет ету мерзімі, жылдық амортизациясы көрсетілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілік тізбесін, түгендеу карточкасын, сондай-ақ өзге де құжаттарды) қоса бере отырып жүргізеді.

Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индекстерді өзгерту қажет болған жағдайда субъект тиісті талапты алған күнінен бастап бір ай мерзімде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге индекстер шамасын өзгерту туралы өтініш береді.

Субъектінің бастамасы бойынша магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индекстерді өзгерту қажет болған жағдайда, субъект уәкілетті органның ведомствосына магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге индекстер шамасын өзгерту туралы өтініш береді.

Уәкілетті органның ведомствосы магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индекстер шамасын өзгерту туралы субъектінің өтінішін қараудың қорытындысы бойынша магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индекстерді бекіту туралы немесе магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге индекстер шамасын бекітуден бас тарту туралы шешімді оны ұсынған күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзімде қабылдайды. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индекстерді бекіту туралы шешім уәкілетті орган белгілеген мерзімде күшіне енеді.

Уәкілетті орган ведомствосының магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге индекстерді бекіту туралы шешімі уәкілетті органның ведомствосы басшысының бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствосы субъектіге оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жібереді.

**Ескерту. Қағидалар 651-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

651-2. Субъект осы Қағидалардың 42-тармағына сәйкес, жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі жылғы 1 мамырдан кешіктірмей, уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 134-1-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге ең жоғары индексті қолданудан түскен кірістердің нақты деңгейінің мақсатқа сай пайдаланылуы туралы есепті нақты шығындарды растайтын негіздемелік материалдарды және есептемелерді қоса бере отырып ұсынады.

Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге ең жоғары индексті қолданудан түсетін кірістердің нақты деңгейін мақсатқа сай пайдаланбаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифке ең жоғары индексті магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде қолданудан түсетін кірістің нақты деңгейін мақсатқа сай пайдаланбау сомасына төмендету туралы шешім қабылдайды.

Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифке ең жоғары индексті төмендету магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне ең жоғары индексті баға шектері шеңберінде тарифтерге қолданудан түскен нақты кірісті мақсатқа сай пайдалану туралы субъектінің есебін қарау аяқталған айдан кейінгі екінші айдың бірінші күні жүзеге асырылады.

Субъект магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге ең жоғары индексті төмендету туралы ақпаратты ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізді.

Уәкілетті орган ведомствосының магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге ең жоғары индексті төмендету туралы шешімі уәкілетті орган ведомствосының бұйрығы түрінде ресімделеді. Қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде орналастырылады.

**Ескерту. Қағидалар 651-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

652. Уәкілетті органның ведомствосы егер:

баға шектерін белгілеу осы Қағидалардың 655-тармағының негізінде магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге бекітілген ең жоғары индекстің шеңберінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тариф деңгейін өзгерту жағдайларын қоспағанда, субъектінің көлемдері мен кірістерінің төмендеуіне апарып соқса;

тұтынушылар үшін кемсітушілік жағдайлар жасаса;

субъект осы Қағидалардың 651-1-тармағында көзделген растайтын материалдар мен есептемелерді ұсынбаса, магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтерге баға шектерін бекітуден бас тартады

**Ескерту. 652-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

653. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектерін бекіту (түзету) туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен ресімделеді және шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастырылады.

## **2-бөлім. Баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендету өлшемшарттары**

654. Субъект магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер деңгейін төмендету туралы шешімді мынадай өлшемшарттардың бірі орындалған кезде қабылдайды:

1) тарифті төмендетудің мәлімделген кезеңінің алдындағы жылдың тиісті кезеңіндегі нақты тасымалдау көлемімен салыстырғанда тарифті төмендетудің мәлімделген кезеңінде тасымалдау көлемін бес пайызға және одан астам ұлғайту;

2) көліктің балама бәсекелестік түрлеріне жүк айналымын (вагон айналымын) қайта бағдарлауды болдырмау;

3) магистральдық теміржол желісінің тиелуін оңтайландыруды ескере отырып, тасымалдаудың балама бағыттарына жүк айналымын (вагон айналымын) қайта бағдарлау;

4) бір жыл ішінде осындай тауарға сұраныстың маусымдық өсу кезеңімен салыстырғанда тасымалданатын тауарға сұраныстың маусымдық төмендеуі кезеңінде жеке бағыт бойынша тасымалдау көлемінің ұлғаюы;

5) тұтынушының тауарын өткізудің сыртқы немесе ішкі нарықтарындағы конъюнктураның нашарлауы, конъюнктураның нашарлауы тарифтің қолданылу кезеңінің ағымдағы жылының алдындағы үш жыл ішінде ұқсас кезеңдерде айқындалған тауардың орташа бағасына қатысты тарифтің қолданылу кезеңінің ағымдағы жылын кемінде үш айы кезеңінде тасымалданатын тауар бағасының жиырма пайызға және одан да көп төмендеуін білдіреді.

## **3-бөлім. Баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер деңгейін арттыру өлшемшарттары**

655. Субъект осы Қағидалардың 646-тармағының 4) тармақшасын іске асыру мақсатында және мынадай:

тұтынушы тауарларын өткізудің сыртқы немесе ішкі нарықтарындағы конъюнктураны жақсарту;

қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің технологиялық циклінде тікелей пайдаланылатын жаңа активтерді құруға, энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыруға және тариф құрамында ескерілмеген реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі берешекті өтеу үшін кірістер алу өлшемшарттарының бірі орындалған жағдайда, магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифке ең жоғары индексті қолдану туралы шешім қабылдайды.

Конъюнктураны жақсарту құны тауардың тауар биржаларының, жетекші халықаралық тәуелсіз баға агенттіктерінің биржалық баға белгіленімдерінің деректері немесе тарифтің қолданылу кезеңінің ағымдағы жылының алдындағы бес жылы ішінде ұқсас кезеңдерге айқындалған тауардың орташа бағасына қатысты тарифтің қолданыстағы кезеңінің ағымдағы жылының кем дегенде алты айындағы кезеңіне мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның статистикалық анықтамалықтарында жарияланатын деректер бойынша айқындалатын тасымалданатын тауар бағасының артуын білдіреді.

**Ескерту. 655-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**4-бөлім. Баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту жөніндегі шешімді қабылдау қағидалары мен мерзімдері**

656. Магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің ең төменгі деңгейі шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендету жөніндегі шешімді тұтынушының өтінімі бойынша субъект қабылдайды.

Тұтынушының магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтің ең төменгі деңгейі шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін төмендетуге өтінімі субъектіге осы Қағидаларға 132-қосымшаның 1-тармағына сәйкес құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып беріледі.

Тұтынушының өтінімін қарау нәтижелері бойынша субъект өтінім берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде:

1) теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендету туралы шешім;

2) теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендетуден бас тарту туралы дәлелді қорытынды шығарады.

**Ескерту. 656-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

657. Субъект "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі № 314 Жарлығына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі - комиссия) ұсынымы бойынша магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге бекітілген индекс шеңберінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің ең төменгі немесе (және) ең жоғары деңгейін қолданады.

Магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерге бекітілген индекс шеңберінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің ең төменгі немесе (және) ең жоғары деңгейін қолдану туралы мәселені комиссияның қарауына шығару үшін субъект салалық бағалауды, сондай-ақ тиісті саланың дамуына экономикалық әсерді қамтитын тиісті салалық уәкілетті органның оң қорытындысын алуы қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 657-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

658. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін баға шектері шеңберінде өзгерту туралы шешім осы Қағидалардың 133-қосымшасына сәйкес нысан бойынша субъект басшысының немесе оның міндеттерін атқарушы тұлғаның бұйрығы түрінде қабылданады.

Магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтің ең төменгі деңгейі шеңберінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендетуден бас тартылған кезде өтініш берушіге еркін нысанда теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендетуден бас тарту туралы дәлелді қорытынды жіберіледі.

**Ескерту. 658-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

659. Субъектінің магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін баға шектері шеңберінде өзгерту туралы бұйрығы ол



шығарылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде субъектінің интернет-ресурсында жарияланады.

**Ескерту. 659-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

660. Субъектінің баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту туралы, сондай-ақ баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту туралы бұрын қабылданған шешімнің күшін жою туралы шешімі Субъектінің басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң күшіне енеді.

661. Субъект магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін баға шектері шеңберінде өзгерту туралы шешім қабылдаған кезде, осындай шешім күшіне енгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей:

уәкілетті органның ведомствосын қабылданған шешім және магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту шарттары туралы хабардар етеді;

тұтынушыға тарифтің ең төменгі деңгейі шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендетуге өтінімді қараудың нәтижелерін жібереді.

**Ескерту. 661-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

662. Субъектінің баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгерту немесе бұрын қабылданған шешімнің күшін жою туралы шешімі қабылданғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде Субъектінің интернет-ресурсында жарияланады.

663. Субъектінің магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту туралы шешімінің күші мынадай жағдайларда:

1) мұндай шешімнің қолданылу мерзімі өткен;

2) уәкілетті орган ведомствосының бұйрығы күшіне енген сәттен бастап уәкілетті органның ведомствосы магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жаңа тарифтерді бекіткен кезде тоқтатылады.

664. Өтінім берілген кезең ішінде тұтынушы осы Қағидалардың 654-тармағының 1) және 4) тармақшаларында белгіленген өлшемдер бойынша магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендетуге өтінім шарттарын орындамаған жағдайда, субъектінің мұндай Қызметтерге тарифтер деңгейін төмендету туралы шешімі ол күшіне енген күннен бастап күшін жояды.

665. Субъект қолданыстағы активтерді кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің технологиялық циклінде тікелей пайдаланылатын жаңа активтерді құруға, энергия үнемдеуді қамтамасыз етуге және энергия тиімділігін арттыру мен тариф құрамында ескерілмеген реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі берешекті қайтарған жағдайда, осы шешімнің қолданылу мерзімі өткенге дейін магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне баға шектері шеңберінде тарифтер деңгейін арттыру туралы шешімнің күшін жояды (қайта қарайды).

**Ескерту. 665-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

666. Осы Қағидаларға 132-қосымшада көрсетілген құжаттар мен ақпаратты ұсынбау немесе толық көлемде ұсынбау, сондай-ақ тұтынушының Субъект алдында көрсетілген магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері үшін берешегінің болуы тұтынушының өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

667. Тұтынушы мынадай жағдайларды қоспағанда, ол бойынша тұтынушы мұндай өтінімде көрсетілген уақыт кезеңі өткенге дейін тарифтер деңгейін төмендетуден бас тарту туралы тиісті дәлелді қорытынды алған магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендету туралы өлшемелері бойынша өтініммен жүгінбейді:

1) жүк айналымының (вагон айналымының) мәлімделген кезеңінде ұлғаю;

2) осы Қағидаларының 654-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген өлшемшартқа сәйкес тұтынушының магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендету туралы өтінімін ұсыну.

668. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтің ең төменгі деңгейі шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін төмендету бойынша шешімнің қолданылуын ұзарту үшін тұтынушы немесе субъектінің тиісті бөлімшесі шешімнің қолданылуы аяқталғанға дейін осы Қағидаларда көзделген магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің деңгейін төмендету бойынша өлшемшарттардың сақталуын растайтын құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып субъектіге өтінім береді.

**Ескерту. 668-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

669. Субъектінің баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін өзгерту жөніндегі шешімінің

қолданылуын ұзартуды бекітілген тарифтің қолданылу кезеңінен аспайтын кезеңге Субъект жүзеге асырады.

670. Субъект баға шектері шеңберінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасында айқындалған кемсітушілік шарттарда жеке қағидалармен төмендетуге немесе жоғарылатуға жол бермейді.

671. Магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер деңгейін баға шектері шеңберінде өзгерту белгілі бір бағыттар, жүктердің түрлері, жылжымалы құрамның типтері (контейнерлер, контрейлерлер және өзге көлік бірліктері (құралдары)) бойынша және тасудың арақашықтығына қарай жүзеге асырылады.

**Ескерту. 671-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.11.2023 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **17-тарау. Тарифтің болжамды индексін есептеу және қолдану қағидалары**

### **1-параграф. Тарифтің болжамды индексін есептеу қағидалары**

672. Уәкілетті органның ведомствосы аэронавигацияның, әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтерін, кәбілді арнаны мүліктік жалдауға (жалға) немесе пайдалануға беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді қоспағанда, "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағында көрсетілген табиғи монополиялар салалары бойынша жеке бес жылдық кезеңге арналған тарифтердің болжамды индекстерін айқындайды.

673. Табиғи монополиялар салалары бойынша тарифтердің болжамды индекстерін есептеуді уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін және Тарифтердің болжамды өзгеруінің мынадай параметрлерге әсерін ескере отырып, Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің ұсыныстарын негізге ала отырып жүргізеді:

Негізгі тараптар	Түйінді параметрлер
Мемлекет	Инфляцияға және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштерге әсері Ірі тұтынушылардан салықтардың түсуіне әсері Қызмет көрсету сапасына және тұтынушылардың қанағаттану дәрежесіне әсері
Табиғи монополиялар	Қаржылық аспектілер Инвестициялар Көрсетілетін қызметтің сапасына сапа және сенімділік көрсеткіштерін орындаудың әсері
Салалар (тұтынушылар)	Рентабельділік

	Бәсекеге қабілеттілік және нарықтың үлесі Өнімнің бағасы
Тұтынушылар	Көрсетілетін қызметтердің сапасы Көрсетілетін қызметтердің қол жетімділігі

Табиғи монополиялар салаларындағы коммуналдық қызметтер үшін тарифтердің болжамды индекстерін есептеуді уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидаларға 140 қосымшаға сәйкес жүргізілген тарифтердің өзгеруінен инфляцияға жол берілетін үлесті есептеу жолымен жүргізеді.

674. Болжамды индекстердің жүргізілген есептеулерінің нұсқалары кейін инфляцияның жылдық деңгейіне әсерін бағалау үшін Тарифтік саясат жөніндегі кеңестің қарауына және уәкілетті мемлекеттік органға жіберіледі.

Бес жылдық кезеңге арналған тарифтердің болжамды индекстерін уәкілетті органның ведомствосы тарифтік саясат жөніндегі кеңестің және уәкілетті органның қарау нәтижелері бойынша айқындайды.

675. Тарифтердің болжамды индекстері бес жылдық кезеңнің бірінші күнтізбелік жылы басталғанға дейін екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның бес жылдық кезеңге арналған бұйрығымен бекітіледі.

Келесі жылдары жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін екі ай бұрын уәкілетті орган ведомствосының бұйрығымен осы Қағидаларының 674 және 675-тармақтарына сәйкес есептелген бес жылдық кезеңнің соңғы жылына арналған тарифтердің болжамды индекстері бекітіледі.

676. Бес жыл кезең ішінде тарифтердің болжамды индекстерін уәкілетті органның ведомствосы тиісті күнтізбелік жыл басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей түзетуі мүмкін. Бұл ретте осы Қағидаларының 674 және 675-тармақтарына сәйкес тарифтердің болжамды индекстерінің есептемесі жүргізіледі.

## **2-параграф. Тарифтің болжамды индексін қолдану қағидалары**

677. Тарифтердің болжамды индекстері табиғи монополиялар салалары бойынша тарифтің жол берілетін деңгейін айқындайтын көрсеткіш болып табылады. Уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді бекіткен кезде тарифтердің болжамды индекстерінің асып кетуіне жол берілмейді.

678. Табиғи монополиялар салалары бойынша бес жылдық кезеңге арналған болжамды индекстер мынадай формулаға сәйкес субъектілердің тарифтерін бекіту кезінде қолданылады:

$$\left( \frac{T_{\text{бек}}}{T_{\text{д}}} - 1 \right) * 100\% \leq I,$$

мұндағы:



1	дар, барлығы, оның ішінде								
1.1	Шикізат және материалдар								
1.2	Сатып алынатын бұйымдар								
1.3	Жанаржағармай материалдары								
1.4	Отын								
1.5	Энергия								
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде								
2.1	Өндірістік персоналдың жалақысы								
2.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар								
	МӘМС								
3	Амортизация								
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде								

4.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу							
5	Өзге де шығындар (таратып жазу)							
II	Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде							
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы : оның ішінде:							
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы							
6.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар							
	МӘМС							
6.3	Салықтар							
6.4	Өзге де шығыстар (таратып жазу)							

7	Сыйак ылар төлеу шығыст ары								
III	Көрсеті летін қызмет терді ұсынуғ а арналға н барлық шығын								
IV	Кіріс (А РБ* ПМ)								
V	Қолдан ысқа енгізілг е н активте рдің реттеле т і н базасы (АРБ)								
VI	Барлық кіріс								
VII	Ұсыны латын қызмет тердің көлемі	Заттай көрсетк іштерм ен							
VIII	Нормат ивтік техника лық ысырап тар	%							
		Заттай көрсетк іштерм ен							
IX	Тариф (к осым ша құн салығы нсыз)	Теңге/ ұсыныл атын қызмет тердің бірлігін е							



	Анықтама ретінде:	
8	Персоналдың тізім бойынша орташа саны,	адам
	оның ішінде:	
8.1	Өндірістік	
8.2	Әкімшілік	
9	Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде	теңге
9.1	Өндірістік персоналдың	
9.2	Әкімшілік персоналдың	
10	Күрделі жөндеу	мың теңге
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)	
12	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу, барлығы, оның ішінде	
12.1	Жөндеуге арналған материалдар	
12.2	Жалақы	
12.3	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС	

Ескертпе:

\* шығындар қажет болған жағдайда кеңейтіледі немесе толықтырылады;

АРБ – тартылған активтердің реттелетін базасы (теңге);

ПМ – пайда мөлшерлемесі (%);

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Табиғи монополия субъектісінің басшысы:

Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі қолы

Күні 20 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

2-нысан

(өңірлік электр желілік компанияны қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің атауы )

реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы арналған тарифтік смета

Р/с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Қолданыстағы тарифтік сметада қабылданы	Алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері	Алдыңғы аяқталған 4 тоқсанның нақты көрсеткіштері	Субъектінің тарифтік сметасының жобасы
I	Тауарларды өндіруге және қызметтер	Мың теңге				

	ұсынуға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде					
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде					
1.1	Шикізат және материалдар					
1.2	Сатып алынатын бұйымдар					
1.3	Жанар-жағармай материалдары					
1.4	Отын					
1.5	Энергия					
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде					
2.1	Өндірістік персоналдың жалақысы					
2.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар					
	МӘМС					
3	Амортизация					
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде					
4.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу					
5	Өзге де шығындар ( таратып жазу)					
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде					
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:					
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы					
6.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар					
	МӘМС					
6.3	Салықтар					
6.4	Өзге де шығыстар ( таратып жазу)					

7	Сыйақы төлеу шығыстары					
III	Қызметтер ұсынуға арналған барлық шығын					
IV	Кіріс (АРБ*ПМ)					
V	Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ)					
VI	Барлық кіріс					
VII	Көрсетілетін қызметтердің тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	Заттай көрсеткіш термен				
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%				
		Заттай көрсеткіш термен				
IX	Тарифі (қосымша құн салығынсыз)	Теңге/ ұсынылатын қызметтердің бірлігіне				
	Анықтама ретінде:					
8	Персоналдың тізім бойынша орташа саны,					адам
	Оның ішінде:					
8.1	Өндірістік					
8.2	Әкімшілік					
9	Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде					теңге
9.1	Өндірістік персоналдың					
9.2	Әкімшілік персоналдың					
10	Күрделі жөндеу					мың теңге
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)					
12	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу, барлығы, оның ішінде					
12.1	Жөндеуге арналған материалдар					
12.2	Жалақы					
12.3	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС					

Ескертпе:

\* шығындар қажет болған жағдайда кеңейтіледі немесе толықтырылады;

АРБ – тартылған активтердің реттелетін базасы (теңге);

ПМ – пайда мөлшерлемесі (%);



1.2	бұйымдар							
1.3	Жанар-жағарма й материалдары							
1.4	Отын							
1.5	Энергия							
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде							
2.1	Өндірістік персоналдың жалақысы							
2.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар							
	МӘМС							
3	Амортизация							
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде							
4.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу							
	Өзге де шығын							

5	дар (таратып жазу)								
II	Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде								
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы : оның ішінде:								
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы								
6.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС								
6.3	Салыктар								
6.4	Өзгеше шығыстар (таратып жазу)								
7	Сыйақылар төлеу шығыстары								
III	Қызметтер ұсынуға арналған								

	барлық шығын								
IV	Кіріс (АРБ* ПМ)								
V	Қолдан ысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ)								
VI	Барлық кіріс								
VII	Ұсынылатын қызметтердің көлемі	Заттай көрсеткіштермен							
VIII	Нормативтік	%							
	техникалық ысыраптар	Заттай көрсеткіштермен							
IX	Тариф (косылған құн салығынсыз)	Теңге/ ұсынылатын қызметтердің бірлігіне							
		Анықтама ретінде:							
8	Персоналдың тізім бойынша орташа саны,							адам	
		оның ішінде:							
8.1	Өндірістік								
8.2	Әкімшілік								
9	Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде							теңге	
9.1	Өндірістік персоналдың								
9.2	Әкімшілік персоналдың								
10	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу							мың теңге	
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)								
12	Шаруашылық тәсілмен орындалатын ағымдағы (жоспарлы-алдын ала) жөндеу, барлығы, оның ішінде								
12.1	Жөндеуге арналған материалдар								
12.2	Жалақы								

Ескертпе:

